

А 2010  
23958к

С. Кенесбаев  
Т. Жанузаков

**Р**усско-  
**К**азахский

СЛОВАРЬ

лингвистических  
терминов



АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ



Издательство «НАУКА» Казахской ССР  
Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы

С. КЕНЕСБАЕВ, Т. ЖАНУЗАКОВ

РУССКО-КАЗАХСКИЙ  
СЛОВАРЬ  
ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ  
ТЕРМИНОВ

*Издание второе, исправленное  
и дополненное*

АЛМА-АТА · 1966

І. КЕҢЕСБАЕВ, Т. ЖАНҰЗАҚОВ

ТҮЛ БІЛІМІ  
ТЕРМИНДЕРІНІҢ  
ОРЫСША-ҚАЗАҚША  
СӨЗДІГІ

*Толықтырылып, өңделіп, екінші рет  
басылуы*

А Л М А Т Ы • 1 9 6 6

*Сөздікке 3000-ға жуық тіл білімінің терминдері енді. Олардың этимологиясы көрсетіліп, қажетті ретте индоевропа тілдеріндегі терминдермен салыстырылды.*

*Сөздіктің бірінші басылуымен салыстырғанда бұл сөздікке көптеген жаңа терминдер енгізілді. Сөздікке енген терминдердің бәрі қысқаша, ықшам түсіндіріліп, тиісті жерге орыс, қазақ индоевропа тілдерінде мысал берілді, Сөздік тіл мамандарына арналып отыр.*

---

*Данный словарь содержит около 3000 лингвистических терминов. В нем дается этимология некоторых терминов, а также приводятся сравнительные термины индоевропейских языков. По сравнению с первым изданием словарь значительно пополнен: в него вошло много новых терминов и словосочетаний, в нем сжато дается их толкование. Словарь снабжен большим количеством примеров из русского, казахского и частично индоевропейских языков, предназначен для широких кругов филологов (научных работников, преподавателей, студентов, аспирантов).*

Ответственный редактор  
проф. М. Б. БАЛАҚАЕВ

## А Л Ф Ы С Ө З

Советтік дәуірдегі кеңінен байыған, кемеліне кеп жетілген қазақ тілі лексикасының үлкен бір саласы — терминология. Осы ғылыми терминдердің бір арнасы — тіл білімі терминдері.

Ұлы Октябрьден кейін туған қазақ тіл білімінің терминдерін екі топқа бөлуге болады: бірі — қазақ тілі негізінде жасалған терминдер (мысалы, *зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, одағай, жалғау, жұрнақ, дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, септік* т. б.), екіншісі — интернационалдық тұлғадағы сөздер (мысалы, *грамматика, фонетика, морфология, синтаксис, аббревиатура, ассонанс, аллитерация, гипотаксис*, т. б.). Тіл білімі терминдері үздіксіз өсіп, жаңа атаулармен толысып келеді.

Оқушыларға ұсынылып отырған бұл сөздік 1956 ж. шыққан қысқаша қазақша-орысша лингвистикалық терминдер сөздігінің негізінде қайта өңделіп, толықтырылып басылып отыр.

Сөздіктің құрылысы мен материалдарды беру, түсіндіру тәсілінде, терминдердің шығу төркінін көрсетіп отыру жөнінде айтарлықтай ерекшелік бар.

Сөздікке жоғарғы оқу орындарында оқытылып жүрген «Тіл біліміне кіріспе» оқулығындағы, мектеп оқушыларына арналған қазақ тілі грамматикаларындағы, сондай-ақ, жалпы тіл білімінде кеңінен қолда-

нылып жүрген терминдер енді. Әсіресе грамматика, фонетика, лексикология, лексикография, лингвостилистика жөніндегі терминдер мен лингвистиканың соңғы даму кезеңдеріндегі жаңа терминдер біршама қамтылды. Мысалы, *алломорфа, аллофон, глоссема, глоссематика, знак, иерархия, коммутация, констелляция, метасемия, мутация, сегмент, семиотика, семиология, сигматизм, синтез, структурализм* т. б.

Лингвистиканың басқа ғылым салаларымен (соның ішінде философия, әдебиеттану ғылымдарымен) тығыз байланысын көрсететін ортақ терминдер де ұмыт қалған жоқ.

Әдебиет пен тіл біліміне ортақ ондай лингвостилистикалық терминдердің мағынасын түсіндіре отырып, керекті жерлерінде ақын-жазушылар шығармаларынан мысалдар беріп отырдық. Мысалы, *аллитерация, аллегория, амплификация, анаклиза, анаколүф, анастрофа, анафора, ангитеза, апосиопеза, асиндетон, ассонанс, афоризм, гипердиалектика, гипербола, метатеза, метафора, метафраза, неологизм, парономазия, поговорка, пословица, стилистика, стиль, строфа* т. б. Бұл терминдерге берілген түсініктің көлемі мен аумағы барлық жерде бірдей бола бермейді. Түсінігі жеңіл, мағынасы белгілеріне қысқаша анықтама берілсе, кейбір түсінігі қиын терминдерге анықтама кеңірек берілді. Мысалы: **Амплификация** *амплификация*.

1. Стилистикада сөздерді күшейте, әсірелей айту мақсатында ұқсас, бірыңғай анықтауыштарды қатар қолдану. Мыс.: орыс тілінде: *он храбрый, отважный человек*. Қазақ тілінде: *Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп, Қоздырып, делебені әсерлетіп. Шырқатып, шығандатып, шымырлатып, Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп* (Әсет).

2. Сөйлегенде қажетсіз, басы артық сөздерді орынсыз қайталау.

**Аллитерация** *аллитерация*. Поэзия мен прозада болатын сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың қиысуы.

Қазақ тілі лексикасында да, интернационалдық лексикада да баламасы жоқ кейбір терминдерді орыс тілі тұлғасында алуды дұрыс көрдік: *Мәселен, наречие* (ірі диалект мағынасында), *говор* (ұсақ диалект мағынасында), *род* т. б.



Тіл білімі терминдерінің жарыса қолданып жүргендерінің ішінен бірін таңдап алуды бұрынғы сөздікте де мақұл көріп едік. Сол тәсілді бұл ретте де қолдандық. Мыс.: «*возвратный залог*» мағынасында «*өзіндік етіс*» демей, «*өздік етіс*» деп, «*сравнительная степень*» мағынасында «*таңдаулы шырай*», «*күшейтпелі шырай*» демей, «*салыстырмалы шырай*» деп алуды жөн көрдік. Бір ұғымды білдіретін бірнеше синоним терминдердің жарыса қолданылатын бірнеше адәкватты тұлғалары алынды. Мыс.: «*ерін үндестігі*» деп те, «*лабиаль сингармонизмі*» деп те, «*лабиальдық аттракция*» деп те алдық. Сол сияқты «*дополнение*» мағынасында «*толықтауыш*» деп те, «*объект*» деп те бердік. Бұлай беруіміздегі негізгі себеп: белгілі бір маңызды ұғымның жалпы лингвистикалық еңбектерде әр қилы айтылып жүрген терминдерін оқушыларымыздың ескере отырғанын мақұл көрдік.

Сөздікке енген терминдерге дерлік қысқаша, тұжырымды (қажетіне қарай кең көлемді) мысалдарға сай түсінік беріліп отырды.

Орыс тіліндегі терминдерді аударуда, яки оларға сәйкес балама беруде жалпы терминологиялық принципті басшылыққа алдық. Сөздіктің бұл баспасында да терминдерді бұрынғыдай алфавит тәртібімен бердік. Оқушы керекті сөзін оңай-ақ табар деген оймен «*вспомогательный глагол*», «*глагол вспомогательный*», «*побочное значение*», «*значение побочное*» деп, он екі саққа жүгіртуді қолайсыз көрдік.

Лингвистикалық терминдердің дені индоевропа тілдеріне байланысты пайда болуын ескеріп, оларды көбіне ана тіліміздегі атау сөздермен қысқаша да болса салғастыра беріп отырдық. Сөздікті пайдаланушы жұртшылығымыздың лингвистикалық мұраны жан-жақты игеруіне мұның да себеі болар дедік.

Сөздікке 3000-ға жуық термин енді. Әрине тіл туралы терминдердің барлығы дерлік қамтылды дей алмаймыз. Лингвистикалық терминдер тіл ғылымының дамуымен сыбайлас дамып, жетіліп отырмақ. Тіл білімінің едәуір терминдері структурализм және математикалық лингвистикамен ұштасып жатыр. Бұл саладан кейбір орныққан терминдерді ғана алдық.

Сөздіктің қазақша баламасын оңай табу үшін кітаптың соңынан терминдердің қазақша-орысша ата-

лу көрсеткішін бердік. Оның қазақша бөліміндегілердің біразы табиғаты жағынан интернационалдық терминдер болғанмен тілімізге сіңіп, берік қалыптасып кеткен себепті ана тілі термині боп есептелетіні көпке аян. Сөздіктің бұл басылуында да кемшілік жоқ дей алмаймыз: терминдерді бір ізге түсіру, қазақша аудару, балама табу немесе оларға берілген түсініктерде т. б. олқылық болуы мүмкін.

Ол жөніндегі пікір, ұсыныстарыңызды мына адреске жолдауларыңызды сұраймыз: *Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28, Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты.*

*Кұрастырушылар.*

## А

**АББРЕВИАТУРА** *аббревиатура* [анг. abbreviation, лат. brevis — «қысқа»]. 1. Екі не одан да көп сөздерден қысқартылған атау сөздер; мыс.: СССР, МТС, колхоз, ҚазССР (Қазақтың Советтік Социалистік республикасы), ҚазМИ (Қазақтың мемлекеттік медициналық институты); 2. Жазуда кей сөздерді шартты түрде қысқарту; мыс.: т. б. (тағы басқа).

**АБЗАЦ** *абзац (азат жол)*. [нем. Absatz — «шегініс»]. 1. Жаңа жолдан бастап жазуда оңға қарай жасалған сәл шегініс, азат жол; 2. Бір азат жолмен екінші азат жолға дейінгі текст бөлігі.

**АБЛАТИВ** *аблатив* [анг. ablative, нем. ablativ, фр. ablatif, лат. ablativus]. Орыс тіліндегі ілік септікке ұқсас алыстық, мекендік мағынаны білдіретін, кейбір тілдердегі (латын тіліндегі) септік жалғаудың бір түрі. Римдер оны ертеректе «алтыншы септік» деп атаған. Ол тілде грек тіліне тән бес септік жалғауынан басқа, осы алтыншы жалғау болған. Латын тіліндегі аблатив — көмектес және жатыс септіктердің орнына жүретін күрделі септік. Оның мағынасын орыс тіліндегі родительный падеж білдіреді.

**АБЛАУТ** *аблаут* [фр. ablaut, нем. ablaut]. Апофонияны немесе фонетикалық алмасуды білдіретін кейбір тілдердегі термин. Мысалы: binden, band, gebunden. Тарихи тұрғыдан қарағанда, аблаут дауысты дыбыстардың алмасуына тән болғанмен, қазіргі кезде ол грамматикалық құбылысқа тән.

**АБРЕВИАЦИЯ** *абрeвиация* [анг. abbreviation, нем. abkürzung, фр. abbreviation, ит. abbreviazione]. қ. аббревиатура.

**АБСОЛЮТНАЯ КОНСТРУКЦИЯ** *абсолюттік конструкция* [Construction absoluc]. Сөйлемнің басқа мүшелерімен ешбір грамматикалық байланысы жоқ конструкциялар. Мәселен, француз тілінде, *eux gerus, tout s'endort*. Көне славян және ескі орыс тіліндегі **дательный самостоятельный** септік дегенді салыстыруға болады.

**АБСТРАКТНАЯ ЛЕКСИКА** *абстракты (жалпылама) лексика* [лат. abstractio — «дерексіз»]. Лексикалық категорияның барлық түріне ортақ қолданылатын, құрылысы жағынан өзгергіш келетін, стильдік категорияға тән заттардың жалпылау ұғымды білдіретін аттары; мыс.: *ат, ағаш, ақ, су, жер, көк, қызыл, адам, сөз, жат* т. б.

**АБСТРАКТНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВ** *сөздердің жалпылық мағынасы*. Тіліміздегі сөздердің қолданылу дәрежесі бірдей емес. Ат, ағаш, тау, тас, көк сөздері белгілі мағынаға ие болғандықтан, толық мәнді сөздер деп аталады. Бірақ та ол сөздер жалпы ұғымды білдіреді, конкретті, деректі заттардың атауы емес. Мәселен, *ағаш* сөзінен жалпы ағашты яки ағаштың өзін елестетеміз. Алайда ол *тас, су, шөп* деген ұғымдармен байланыспай, жалпы ағаш атаулыны қамтиды.

**АБХАЗСКИЙ ЯЗЫК** *абхаз тілі*. Абхаз АССР халқының тілі. Абхаз жазуы грузин графикасына негізделген. Бұл тілде 70 мың адам сөйлейді, ұқсастығы жағынан арғы тегі иберий-кавказ семьялы тілдерге жатады.

**АВАРСКИЙ ЯЗЫК** *авар тілі*. Дағыстандағы кеңінен тараған тілдің бірі. Бұл тіл — дағыстан тілдерінің бір тарауына жатады. Авар тілінде 220 мың адам сөйлейді.

**АГГЛЮТИНАТИВНЫЕ (или АГГЛЮТИНИРУЮЩИЕ) ЯЗЫКИ** *агглютинативті (жалғамалы) тілдер*. Түбір сөздің соңынан немесе алдынан түрлі қосымша-

лар жалғану арқылы грамматикалық формалар түрленетін тілдер; мыс.: *түркі, монғол, финно-угор, венгер, полинезий тілдері*.

**АГГЛЮТИНАЦИЯ** *агглютинация* [анг. agglutination, нем. agglutination, фр. agglutination < лат. agglutinare — «тізбектелу», «қосылу»]. Түбір сөзге, көбіне, соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құрылыс (негізінде жалғамалы тілге тән ерекшелік).

**АГГЛЮТИНИРУЮЩИЕ ЯЗЫКИ** *жалғамалы тілдер*. қ. агглютинативные языки.

**АДАПТАЦИЯ ЗВУКОВ** *адаптация* (дыбыс алмауы) [лат. adaptatio]. қ. аблаут.

**АДВЕРБИАЛ** *үстеу* [анг. adverb, нем. adverbial, франц. adverbe, лат. adverbialis]. қ. наречие.

**АДВЕРБИАЛИЗАЦИЯ** *адвербиализация*. Басқа сөз таптарының үстеуге айналуы.

**АДВЕРБИАЛЬНЫЙ** *адвербиалды*.

**АДЖУВАНТО** *аджуванто*. Халықаралық жасама тіл.

**АДСТРАТ** *адстрат*. қ. субстрат.

**АДЪЕКТИВ** *сын есім* [нем. adjektiv, фр. adjectif < лат. adjectum — «қосу», «үстемелеу»]. қ. прилагательное.

**АДЪЕКТИВАЦИЯ** *адъективация*. Белгілі бір сөздің сын есім категориясына айналуы.

**АДЪЕКТИВНОЕ СКАЗУЕМОЕ** *адъективті баяндауыш*.

**АДЪЕКТИВНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *адъективті сөйлем*.

**АДЪЕКТИВНОЕ СОЧЕТАНИЕ** *адъективті тіркес*.

**АДЫГЕЙСКИЙ ЯЗЫК** *адыгей тілі*. Адыгей тілі екі жазу тілінен тұрады. Адыгей жазба тілі және кабардин жазба тілі. Адыгей және кабардин тілдерінде 300 мың адам сөйлейді, оның 90 мыңы адыгейлер.

**АДЭКВАТНОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *сәйкес мағына.*

**АЗБУКА** *әліппе* 1. Белгілі бір жазуға тән, жүйелі тәртіпке келтірілген әріптердің жиынтығы, алфавит; 2. Бастауыш мектептің бірінші класс оқушыларына арналған ірі жазулы алғашқы оқулық.

**АЗЕРБАЙДЖАНСКИЙ ЯЗЫК** *азербайжан тілі.* Азербайжан ССР тұрғындарының тілі. Олардың жалпы саны 2929 мың адам. Өзінің төркіні және морфологиялық құрылысына қарай түркі тілдерінің оғуз-сельджук тобына жатады.

**АКАДЕМИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** *академиялық сөздік.* Белгілі бір тілдегі сөздерді толық қамтып, олардың негізгі мағыналарын анықтап, цитаталармен дәлелдеп, кеңінен сипаттайтын түсіндірме сөздік.

**АКАНЬЕ** *аканье.* «О дыбысының орнына «а» дыбысын айтудағы кейбір тілдердегі ерекшеліктер; мыс.: *вада* (вода), *старана* (сторона).

**АККОМОДАЦИЯ** *аккомодация* [анг. accomodation, нем. anpassung, фр. accommodation, лат. accomodatio — «бейімделу»]. Бір дыбыстың екінші дыбысқа игеріле өзгеруіндегі бейімділік.

**АККУЗАТИВ** *аккузатив* (табыс септік) [анг. accusative, нем. Akkusativ, фр. accusatif, лат. (casus) accusativus]. қ. винительный падеж.

**АКРОФОНИЯ** *акрофония* [анг. acrophony, нем. akrophonie, фр. acrophonie]. Акрофониялық жазу принципі.

**АКТИВНЫЕ ОРГАНЫ** *актив мүшелер.* Тіл, ерін, артқы таңдай, кішкене тіл сияқты дыбыс жасауға қатысушы, жылжымалы мүшелер.

**АКТИВНЫЙ СЛОВАРЬ** *актив сөздік.* Актив сөздікке күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздер жатады; мыс.: *шаруа, колхоз, мал, ет, мата, газет, журнал, коммунизм, бар, кел, жоқ, бүгін, тың, ракета, космос, бес, қызыл* т. б.

**АКУСТИКА** *акустика* [анг. acoustic, нем. akustisch, фр. acoustique < гр. akustikos — «естілу»]. 1. Физика-

ның дыбысты зерттейтін бөлімі; 2. Дыбыстардың естілуі.

**АКУСТИЧЕСКИЙ ЭФФЕКТ** *акустикалық мүкістік*. Дыбыстардың айтылуда бұзылып естілуі; мыс.: латеральдық «л»-дің бірде, «р», бірде «d» болып мүкіс естілуі.

**АКЦЕНТ** *акцент* [анг. accent, нем. akzent, лат. accentus — «екпін»]. 1. Басқа тілде сөйлегенде болатын дыбыс (үн) ерекшелігі; 2. Екпін.

**АКЦЕНТОЛОГИЯ** *акцентология*. Фонетиканың екпін жүйесін зерттейтін саласы. қ. акцентуация.

**АКЦЕНТ СЛОГОВОЙ** *буын акценті*. Буын ішіндегі дыбыстың я екпіннің ерекшелігі.

**АКЦЕНТУАЦИЯ** *акценттеу* [анг. accentuation, нем. akzentuierung, фр. accentuation, лат. accentus — «екпін»]. 1. Тілдің дауыс екпіні, яғни сөйлем мен сөйлемнің, сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудағы белгілі бір тілдегі екпін жүйесі; 2. Екпін белгісі.

**АЛЛАТИВ** *аллатив* [анг. allative, нем. allativus, фр. allatif]. Түркі, финно-угор тілдеріндегі бағытты білдіретін септік.

**АЛЛЕГОРИЯ** *аллегория* [гр. allegoria — «пернелеу»]. Астарлап, пернелеп немесе екінші бір нәрсені мезгей айтылатын сөз бен сөз тіркестері. Әдебиетте аллегория — тропаның бір түрі болып саналады. Аллегория әсіресе халық ауыз әдебиетінде кеңінен орын алған; мыс.: *түлкі — қулық, айлакерлікті, арыстан — өктемдік, күштілікті, қарлығаш — достықты меңзейді*.

**АЛЛИТЕРАЦИЯ** *аллитерация* [анг. alliteration, нем. alliteration, фр. alliteration, лат. ad + litera — «әріп»]. Поэзия мен прозада болатын сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың қиысуы; мыс.: *Мен мен едім, мен едім. Мен нарында жүргенде Еңіреп жүрген ер едім.* (Махамбет).

**АЛЛОМОРФА** *алломорфа*. Морфеманың альтернанттары, варианттары. Аллофондардың фонемаға қатыстығы тәрізді алломорфтар морфемаларға қатысты.

Мәселен, орыс тіліндегі *друг — друж, друз*, немесе ағылшын тіліндегі: *z — s — iz* зат есімнің көптік жалғау көрсеткіштері.

**АЛЛОФОН** *аллофон*. Фонемалар варианты. Бұл термин жөнінде Батыс Европа тіл ғалымдары ұсынған әр түрлі анықтама бар (Э. Хэмп. Словарь американской лингвистической терм. М., 1964).

**АЛТАЙСКИЙ ЯЗЫК** *алтай тілі*. Таулы-алтай автономиялы облысындағы алтай халқының әдеби тілі. Бұл тілде 45 мың адам сөйлейді. Алтай тілі түркі тілдерінің шығыс тармағына тән қырғыз тіліне жақын. Алтай тілі бірнеше диалектіден құралып, оңтүстік және солтүстік топқа бөлінеді. Мысалы: *Алтай диалекті, теленгит диалекті, телеут диалекті* т. б.

**АЛТАЙСКИЕ ЯЗЫКИ** *алтай тілдері*. Түркі, моңғол, тунгус-манчжур және басқа тілдердің жиынтық аттары. Бұл тілдердің генетикалық бірлігі әлі толық дәлелденіп болған жоқ.

**АЛФАВИТ** *алфавит* [грек алфавитінің алғашқы әрпі: alpha және beta]. 1. Жүйелі орын тәртібімен тізілген, белгілі бір жазба тілдегі әріптердің жиынтығы; 2. Әріптердің қабылданған тізілу тәртібі.

**АЛФАВИТНАЯ СИСТЕМА** *алфавиттік жүйе*. Белгілі бір тілдегі алфавиттің жиынтығы, тәртібі.

**АЛФАВИТНОЕ ПИСЬМО** *алфавиттік жазу*. Тілдегі дыбыстарды әріппен таңбалауға бейімделген жазу.

**АЛФАВИТНЫЙ ПОРЯДОК** *алфавит реті*. Әріптерді белгілі бір ретті тәртіппен көрсету жүйесі.

**АЛФАВИТ ФОНЕТИЧЕСКИЙ** *фонетикалық алфавит*. Фонема мен дыбыс арасындағы ұқсастық пен ерекшеліктерді графика арқылы дәл көрсететін академиялық жазу жүйесі.

**АЛЬВЕОЛА** *альвеола* [лат. alveolus — «қуыс, шұңқыр»]. Алғы таңдай мен үстіңгі күрек тіс аралығы.

**АЛЬВЕОЛЯРНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *альвеол дауыссыздар*. Айтуда тіл ұшының жоғарғы тістер альвеолына тиюі арқылы айтылатын дауыссыздар; мыс.: ағылшын тіліндегі «*d*», «*t*».



**АЛЬВЕОЛЯРНЫЙ ЗВУК** *альвеол дыбысы*. Алғы таңдай мен үстіңгі күрек тіс аралығындағы дыбыстар; мыс.: ағылшын тіліндегі «d», «t».

**АЛЬТЕРНАЦИЯ** *альтернация* [ит. *alternanza*, фр. *alternance, alternatio*]. Түрлі формада тұрған түбір сөздегі, яки қосымшадағы дыбыстардың алмасуы; мыс.: орыс тілінде *к — ч; стук — стучать; е — о; несу — носишь, быть — буду, друг — дружба; қазақ тілінде: п — у; тап — тауып, шап — шауып.*

**АЛЬТЕРНИРУЮЩИЙ** *альтернацияланушы* [лат. *alternare* — «алмасу»]. Алмасуға бейім, алмасушы (дыбыс туралы).

**АЛЬФА** *альфа* [фр. *alpha*, гр. *alpha*]. Грек алфавитіндегі бірінші әріптің аты.

**АМБУШЮР** *амбушюр*. [фр. *embouchure*]. Дыбысты айту кезіндегі ауаның ауыз қуысынан, мұрыннан яки еріннің қатысуы арқылы шығуын байқайтын аспап.

**АМОРФИЗМ** *аморфизм* [гр. *a + morph* — «түр, форма»]. Ешбір өзгеріске түспейтін тұлғасыздық.

**АМОРФНОЕ СОСТОЯНИЕ СЛÓВ** *сөздің аморфты күйі*. Септік жалғауды, жақтық, шақтық, сандық көрсеткіштерді білдірмейтін, формальды қасиеттері көрінбейтін, грамматикалық қатыстары демеулер мен сөз тәртіптері арқылы ғана білінетін тілдердің түбір тұлғадағы қалпы; мыс.: *қытай тілі*.

**АМОРФНЫЕ** (изолирующие) **ЯЗЫКИ** *аморфты тілдер*. Жалғау, жұрнақ жалғанбайтын тілдер; мыс.: *қытай, япон тілдері*.

**АМОРФНЫЙ** *тұлғасыз* [гр. *amorphos* — «тұлғасыз»]. Өзгеріске түспейтін, өзгеру формасы жоқ.

**АМПЛИФИКАЦИЯ** *амплификация* [лат. *amplificatio* — «көбею, ұлғаю»]. 1. Стилистикада сөздерді күшейте, әсірелей айту мақсатында ұқсас, бірыңғай анықтауыштарды қатар қолдану; мыс.: *Он храбрый, отважный человек. Қазақ тілінде: Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп, Қоздырып делебені әсерлетіп. Шырқатып шығандатып, шымырлатып, Шапшытып, шү-*

*мектетін, нөсерлетін* (Әсет); 2) Сөйлегенде қажетсіз, басы артық сөздерді орынсыз қайталау.

**АМРЕДИТА** *амредита*. Стилистикада кездесетін (сөз қолдану тәсілінде) қайталама қос сөздер.

**АМФИБОЛИЯ** *амфиболия* [гр. *amphibolia* — «екі ұштылық»]. Сөздің екі ұштылығы, екі мәнді етіп айтудағы стилистикалық әдіс.

**АНАКЛАЗА** *анаклаза* [гр. *anaklasis*]. Грек-латын өлең құрылыстарын антик теоретиктер осы терминмен атаған. Бұл — созыңқы буындағы өлеңдерді қысқа екі буынға бейімдеу тәсілі.

**АНАКОЛУФ** *анаколуф* [гр. *anakoluthon* — «ретсіздік»]. Әдеттегі дағдылы сөз тіркестерін бұзып, синтаксистік байланысты, қиысуды қым-қиғаш теріс қолданудағы стилистикалық фигура.

**АНАЛИЗ КИМОГРАММ** *кимограмм анализи*. Жеке дыбыстардың графикалық метод бойынша жазылуына сәйкес иректерін бөлшектеп, бөліп көрсетуге негізделген амал.

**АНАЛИТИЧЕСКИЕ ЯЗЫКІИ** *аналитикалық тілдер* [анг. *analytic languages*, нем. *analytische Sprachen*, гр. *analytikos* — «анализге қатысты»]. Сөйлемдегі сөздердің өз ара қатынасы, сөздердің тұлғалары арқылы емес, шылау сөздер, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, интонация арқылы айтылатын (синтетикалық тілдерге қарама-қарсы) тілдер; мыс.: *қытай, вьетнам тілдері*.

**АНАЛИТИЧЕСКИЙ СПОСОБ** *аналитикалық тәсіл*. Сөйлемдегі сөздердің аналитикалық амалдар арқылы байланысуы; негізгі етістіктер мен есімдерге көмекші сөздердің қосылуы арқылы немесе синтаксистік формалар арқылы жаңа сөз жасалуы; мыс.: *аса бер, ала кет, ала сал, оқи түс, қара көк, сұр ала т. б.*

**АНАЛИТИЧЕСКИЙ СТРОЙ ЯЗЫҚОВ** *тілдердің аналитикалық құрылысы*. Сөйлемдегі сөздердің ешбір өзгеріске түспей (синтетикалық тілдердегідей емес), сөздердің тәртібі, интонация, көмекші сөздер арқылы байланысуын көрсететін тілдер.

**АНАЛОГИЯ ұқсастық** [гр. *analogia* — «ұқсас»]. Сөз бен сөз арасындағы ұқсастық. Ж. Марузо сөздігінде аналогия (ұқсастық) жөнінде бірнеше терминдер берілген. *Формальная аналогия* (формальдық ұқсастық) — бір типтес сөздер мен функциясы біркелкі сөздер арасындағы ұқсастық; *смысловая аналогия* (мағыналық ұқсастық) және *грамматическая аналогия* (грамматикалық ұқсастық) — сөздердің мағынасы мен формасы (тұлғасы) жағынан өз ара ұқсастық; *морфологиялық ұқсастық* пен *лексикалық ұқсастықты* ажырату шегі де айтылады.

**АНАПОДОТОН** *анаподотон* [гр. *an* — *apodoton*]. Анаколуфтың бір түрі. Айтатын ой толық аяқталмаған олқы сөйлем.

**АНАПТИКСИС** *анаптиксис* [анг. *anaptyxis*, нем. *entfaltung*, фр. *anaptyxe*, гр. *ana* — *ptyxis* — «даму»]. Бөгде дыбыстың сөз арасына қосылып айтылуы. Мәселен, грек тіліндегі «*drachme*» сөзінің латын тілінде «*drachma*» болып айтылуы тәрізді құбылыс. Артикуляцияны жеңілдету себепті кейде оны **э ф о н и к а л ы қ** деп те атайды.

**АНАРТРИЯ** *анартрия* [гр. *an* — *arthria* — «қабілетсіздік»]. Орталық нерв жүйелерінің зақымдануына байланысты тілдегі дыбыстарды айта алмаушылық. қ. дисартрия.

**АНАСТРОФА** *анастрофа* [гр. *ana* — *strophe* — «ауысу»]. Сөйлем мүшелерінің әдетті орын тәртібін бұзып, керісінше ауыстырып қолданудағы стилистикалық фигура. Бұл термин фонетикада дыбыстардың метатезасын көрсетуге де қолданылады.

**АНАФОРА** *анафора* [анг. *anaphore*, нем. *anapher*, фр. *anapher*, < гр. *ana* — *phore* — «биіктеу», «жоғары шығу»]. Өлеңде не прозада жеке немесе топ сөздерді, немесе ұқсас дыбыстарды, ұқсас синтаксистік конструкцияларды өлең шумағының бас жолдарында, қара сөз ішінде күшейту мағынасында қайталап қолданылатын стилистикалық фигура; мыс.: лексикалық анафора: *Нефтіні* білгің келе ме? *Нефті* жердің бұлағы, *Нефті* жердің құнары (Жароков).

**АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК** *ағылшын тілі*. Индоевропа семьялы тілдердің ішіндегі герман тілдері тобының батыс тармағына жататын англосаксон деген атаумен VIII ғасырдан белгілі тіл. Әуелде датчан, кейіннен француз тілдерінің тигізген күшті әсерінің негізінде англосаксон тілінен барып ағылшын тілі жасалған. Ағылшын тілін бірнеше дәуірге бөліп қарау бар. Көне ағылшын тілі (450—1066 ж. ж.), орта ағылшын тілі (1066—1500 ж. ж.), жаңа ағылшын тілі (1500 жылдан қазіргі біздің дәуірімізге дейін).

**АНТИКЛИМАКС** *антиклимакс*. Поэтикалық тілдің көтеріңкі, биік ырғақтан төмендеп, бәсеңдеу дәрежесіне ауысу күйі.

**АНТИФРАЗИС** *антифразис*. Ойлап тұрған пікірді ашық айтпай, керісінше мысқылдап, шенеп сөйлеу тәсілі.

**АННОМИНАЦИЯ** қ. паронимазия.

**АНОМАЛИЯ РЕЧИ** [гр. *anomalía* — «бірдей еместік», «заңсыздық»]. Сөздің жалпы тіл заңдылығынан, ережеден, нормадан ауытқушылығы, ауыспалылығы.

**АНТИТЕЗА** *антитеза* [анг. *antithesis*, нем. *antithese*, фр. *antithese* < гр. *antithesis* — «қарама-қайшы»]. Көркем шығарманың, әсіресе поэзияның мәнерлілігін арттыру мақсатында, қарама-қарсы, қайшы, алшақ жатқан ұғымдарды бір-біріне қарсы қою арқылы айтылатын әдебиеттегі стилистикалық фигура. Мысалы: *Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға, Қара шашын көтеріп екі шынтақ О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда. Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш, Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда* (Абай).

**АНТОНИМ** *антоним* [анг. *antonym*, нем. *antonym*, фр. *antonym*, < гр. *anti* — «қарсы», *onoma* — «ат», «есім»]. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер; мыс.: *қатты — жұмсақ, арзан — қымбат, жоғары — төмен, жақсы — жаман, үлкен — кіші, кәрі — жас* т. б.

**АНТОНОМАСИЯ** *антономасия* [анг. *antonomasia*, нем. *antonomase*, фр. *antonomase*, ит. *antonomasia* < гр.

*antonomasia* — «ауыстырып атау»]. Жалпы есім орнына жалқы есім, жалқы есім орнына жалпы есіммен атау; мыс.: орыс тілінде *богач* деген жалпы есімнің орнына *крес* деп атау. Қазақ тілінде *сараң*, *дүниеқор адам* орнына *қарынбай*, *қарабай*; *уайымшыл*, *қайғышыл* орнына *асанқайғы* деп атау.

**АНТРОПОФОНИКА** *антропофоника* [гр. *antropos* — «адам»]. Тілдегі дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық жағы. Мұны физиологиялық фонетика деп те атайды.

**АНТРОПОНИМИКА** *антропонимика* [нем. *anthroponymie*, ит. *antroponimia*, < гр. *antropos* — «кісі» + *onoma* «ат», «есім»]. Адам есімдерін зерттейтін ономастиканың бір саласы.

**АНУСВАРА** *анусвара*. Дауыстылардың мұрын жолдыға айналуын белгілеген Санскрит термині.

**АОРИСТ** *аорист* [анг. *aorist*, нем. *aorist*, фр. *aoriste*, ит. *aoristo*, гр. *aoristos*]. Кейбір тілдердегі: грек, ескі славян тілдеріндегі өткен шақтық форма. Көне грек тілінде аорист үшеу: сигматикалық, екінші аорист және түбір аорист. Индоевропа тілдеріндегі аористер жасалу жүйесіне қарай, қарқынсыз яки сигматикалық аорист болып бөлініп, түбірге «s» жұрнағы жалғануы арқылы ерекшеленеді. Ал күшті және түбір аорист деп аталатындардың да түбіріне тікелей қосымша жалғанады. Семит тіліндегі *а о р и с т е р* деп приставка, жұрнақтар әсерімен жіктелетін етістік формаларын айтады. Олар төртке бөлінеді: толық, қысқа, аффективті, ваваорист.

**АПЕЛЛЯТИВ** *апеллятив* [анг. *Appellativen*, нем. *Appellativum gattungsname*, фр. *appellatif*]. Жалқы есім орнына жалпы есімді айтуда қолданған грамматиктердің дәстүрлі термині. Рим грамматиктерінің грек тіліндегі *onoma prosegorikon* деген терминді өз тілдерінде *nomen appellativum* деп аударуына байланысты айтылып кеткен.

**АПИКАЛЬНЫЕ** (корональные) **СОГЛАСНЫЕ** *апикальды дауыссыздар* [лат. *apex (apicis)* — «ұш»]. Тіл ұшының үстіңгі тіске жақындап, альвеолға тиюі

арқылы жасалатын дауыссыздар; мыс.: ағылшын тіліндегі «*th*», «*d*» дыбыстары.

**АПОКОПА** *апoкoпa* [анг. аросоре, нем. арокоре, фр. аросоре, < гр. арокоре — «түсу, үзілу»]. Сөз соңындағы бір я бірнеше дыбыстардың немесе буындардың түсіп қалуы; мыс.: орыс тілінде *молвил-дің мол* болып айтылу; француз тілінде *photo (graphie) velo (cipe)*, латын тілінде *huncce, hunc*.

**АПОСИОПЕЗА** *aпocиoпeзa*. Сөйлеп тұрған сөзді түгел айтып болмау, кенет үзіліс жасау.

**АПОСТРОФ** *aпoстрoф* [анг. apostrophe, нем. apostrophe, ит. apostrofo, < гр. apostrophos — «кері қайрылған»]. Сөз ішінде түсіп қалатын әріптер орнына қолданылған үтір сияқты (,), қосымша белгі; мыс.: *сгезд, объявление — с'езд, об'явление*.

**АПОФЕГМА** *aпoфeгмa* [гр. arophthegma — «нақыл»]. қ. афоризм.

**АППАРАТ ДЫХАТЕЛЬНЫЙ** *дем алу аппараты*. Дыбыс жасауға жанама қатысы бар мүшелердің бірі. Іштен шыққан ауа сөйлеу тілдің аппараттары арқылы ғана сөз дыбыстарын жасай алады. Сөйлеу мүшелері дем алу каналдары төңірегіне орналасқан. Өкпеден шыққан ауа бронхадан дем алатын тамаққа (трахейге), көмейге, одан мұрын қуысына немесе ауыз қуысына барады. Осындай айналыс нәтижесінде дыбыстар шығады.

**АРАБИЗМ** *арабизм*. Араб тіліне тән белгілі бір тілдегі сөздер мен сөз тіркестері.

**АРАБИСТ** *арабист*. Араб тілінің маманы.

**АРГО** *аргo* [нем. Sondersprache, Rotwelsch, анг. cant, slang, ит. gergo, фр. argot — «жаргон»]. Жалпы сөйлеу тілден өзінің сөйлеу нормасы арқылы ерекшеленген белгілі бір әлеуметтік топтың шартты тілі, жаргон сөзі.

**АРГОТИЗМ** *аргoтизм*. Арго мағынасындағы сөздер.

**АРТИКЛЬ** *aртикль* [англ. article, нем. artikel, фр. article, ит. articolo, < гр. articulus — «мүше»]. Кейбір тілдерде: мыс.: неміс, француз, ағылшын тілде-

рінде зат есімдердің кейбір грамматикалық мағыналарын білдіретін демеулік шылау. Артиклдер сілтеу (указательный), белгілі артикль (определенный), *белгісіздік артикль* (неопределенный) боп бөлінеді. Қолдану ретіне қарай, артиклдерді былайша ажырату бар: *препозитивный член* (венг. *a* веке, англ. *the war*) және *постпозитивный член* (орыс. диал. *изба та*).

**Артикуляционная база** *артикуляциялық база* [анг. *basis of articulation*, нем. *artikulation basis*, фр. *base d'articulation*, ит. *base d'articulazione*]. Белгілі бір тілге тән сөйлеу мүшелерінің қимылы мен бағыты.

**Артикуляция** *артикуляция* [анг. *articulation*, нем. *articulation*, фр. *articulation*, ит. *articolazione* <лат. *articulatio, articulare* — «айтылу»]. Тіл дыбыстарын айтудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.

**Артикуляция звука** *дыбыс артикуляциясы*. Сөйлеу аппаратының нәтижесінде дыбыстардың жасалуы.

**Артикуляция округло-губная** *еріндік артикуляция*. Еріндік дыбыстарды айтудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.

**Артикуляция растянуто-губная** *езулік артикуляция*. Езу дыбыстарын айтудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.

**Архаизм** *архаизм* [анг. *archaism*, нем. *archaismus*, фр. *archaisme*, ит. *arcaismo*, <гр. *archaios* — «ескі, көне»]. Қазіргі кездегі жалпы халықтық әдеби тілден шығып қалған, ескірген сөздер мен сөз тіркестері, грамматикалық формалар. Жазушылар өз шығармаларында белгілі бір жағдайды сипаттауда яки кейіпкердің сөзін беруде архаизмді қолданады. Архаизм мен историзм (көне сөз бен көнерген сөздер) өз ара байланысты. Сондықтан да оларды ажырату әрдайым қиынға соғады. Архаизм әдетте күнделікті тұрмыста қолданылатын діни ұғым мен ескі әдет-ғұрыптарды көрсететін сөздер болып келеді; мыс.: *зікір, жаназа, сәуір, шидем, сәукеле, күндік* т. б.

Историзмге өткендегі дәуірге тән, сол кездегі өмір ағысын ғана көрсете алатын, қазіргі кезде қолданылмайтын, қолданылса да сирек кездесетін сөздер жатады; мыс.: *би, қазы, патша, молда, кіреуке, ауылнай, жүз басы, болыс* т. б.

**АРХЕОГРАФИЯ** *археография* [гр. *archois* — «ескі», «көне» + *grapho* — «жазу»]. Ескі жазу ескерткіштерін өңдеп, зерттеп, баспаға басу.

**АРХИФОНЕМА** *архифонема* [анг. *archiphoneme*, нем. *archiphonem*, фр. *archiphoneme*, ит. *archifonema* < гр. *arche* — «әуелгі», «бастапқы»]. Фонологтар бұл атау арқылы жұп фонемаларға ортақ, тән қасиеттерді, олар арасындағы байланыс пен ортақ қатыстықты айтады; мыс.: орыстың «б», «п» фонемаларындағы релеванттық қасиеттер; еріндік, жабысыңқылық.

**АСИНДЕТОН** *асиндетон* [анг. *asyndeton*, нем. *asyndeton*, фр. *asyndete*, ит. *asindeto* < гр. *asyndeton* — «байланыссыз»]. Жалғаулықтар жалғанбаған кезде сөздердің мағынасын күшейту үшін қолданылатын стилистикалық фигура, жалғаулықсыздық. Мәселен, орыс тілінде: *сказано — сделано*.

**АСПЕКТЫ ЗВУКОВОЙ РЕЧИ** *дыбыс тілінің аспекті*. Лингвистикалық, физикалық, физиологиялық аспектер.

**АСПИРАТА** *аспират* [анг. *aspirate*, нем. *aspiration*, фр. *aspirée*, ит. *aspirata* < лат. *aspiratio* — «демдік»]. Көмейден шығатын дауыссыз дыбыстар; мыс.: «*h*». Орыс тіл білімі терминологиясында *придыхание* және *придыхательные звуки* (аспираты) яғни *көмей* (немесе *фарингальды*) *аспираттар* деп *h* араласқан дыбыстар және *аспирацияланған «р», «т», «к»* дыбыстарын айтады.

**АСПИРИРОВАННЫЕ ПРИЛОЖЕННЫЕ ЧЛЕНЫ** *қосарланған айқындауыш мүшелер*. Өзінің анықтайтын сөзімен қат-қабат айтылатын, оның мағыналық мазмұнын дәлдеп тұратын сөздер. Қазіргі қазақ тіліндегі қосарланған айқындауыш мүшелер, негізінде, орыс тілінен енген сөздер боп келеді; мыс.: *телефон-автомат; инженер-технолог*.



**АСПИРИРОВАННЫЙ ГЛАСНЫЙ ЗВУК** қосарланған дауысты дыбыс. қ. дифтонг.

**АССИБИЛЯЦИЯ** *ассибилляция* [анг. *assibilation*, нем. *assibilation*, фр. *assibilation*, ит. *assibilazione*]. Дауыссыз дыбыстардың жіңішкеріп тіл ұшымен айтылуына негізделген дыбыстар. Орыс тілінде *свистящие согласные* (лат. *sibilans*) деп аталады. Латын сөзі *serat*, («с» бұл арада «к» болып айтылады), француз тілінде *cire* («с» бұл арада «s» болып айтылады) формасында өзгеріп ауысқан. Осындағы *cire* сөзінің басқы әрпі «с» (к) айтылуда «s» болғандықтан ассибиляцияға жатады.

**АССИМИЛЯЦИЯ** *ассимиляция* [анг. *assimilation*, нем. *Assimilation* *angleichung*, фр. *assimilation* < лат. *assimilatio* — «үндестік», «ұқсастық»]. Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалы яғни дауыссыздардың үндесуі. Қазақ тілінде ассиляция: а) толық түрде ұшырайды, яғни бір дыбыс екінші дыбысты өзіне ұқсатып, толық еліктіреді; мыс.: *қаз-са, кез-се* (айтылуда қасса, кессе); б) жартылай түрде ұшырайды, яғни бір дыбыс екінші дыбысты дәл өзіндей етіп ұқсатпай, бір жақты ұқсатады; мыс.: *қаз-ға*. Көршілес келген дыбыстардың бұрынғысы соңғысын, соңғысы бұрынғысын еліктіре ықпал етуіне қарай, қазақ тіліндегі ассиляция ілгерілі ықпал және кейінді ықпал болып екіге бөлінеді.

**АССОНАНС** *ассонанс* [анг. *assonance*, нем. *assonanz*, ит. *assonanza*, фр. *assonance* < лат. *assonare* — «үйлесу»]. Поэзия мен прозада қайталанып келетін бірыңғай дауысты дыбыстар. Ассонанстың аллитерациядан негізгі айырмашылығы — сөздің басында да, ортасында да келе береді. Мысалы: Ата, анаға көз қуаныш, Алдына алған еркесі (Абай). Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Еңку-еңку жер шалмай (Махамбет) т. т.

**АСТЕЙЗМ** *астеизм*. Мадақтауды жазғыру, кінә қою мағынасында, кінәлауды мақтау мағынасында айтатын стилистикалық фигура.

**АТОНИЧЕСКИЙ** *екпінсіздік* [анг. *atonic*, нем. *Un-*

betont, tieftonig, фр. atone < гр. tonos — «екпін»]. Дыбыстың, сөздің, буынның тоникалық екпіннен яки тоннан айрылған түрі.

**АТРИБУТ** *атрибут* [анг. attriwute, нем. attribut, фр. attribut, < лат. attributum — «қасиет», «тәнділік»]. Бұл термин орыс тілінде **о п р е д е л е н и е** деп аталатын — сөйлемнің анықтауыш мүшесі. Француз тілінде атрибут күрделі баяндауыштың есім тұлғасы деген ұғымда қолданылса, ағылшын, неміс тілдерінде (эпитет) анықтауыш мүше мағынасында қолданылады. қ. определение.

**АТОМИЗМ** *атомизм*. Зерттеудің негізгі объекті — тілдің жекелеген құбылыстары, индукция әдісі, тілдің өмір сүруінің негізгі формасы — индивидуумдік (дара) тіл деп санайтын младограмматиктер термині. Тілге «атомистикалық» тұрғыдан қарау, оның өн бойындағы әр түрлі және күрделі системалы байланыстарды байқап білуге кедергі жасайды. Структуралистік лингвистика ағымының өкілдері оны қатаң сынап, айыптайды.

**АУДИЦИЯ** *аудиция* [лат. audientia — «тыңдау»]. Сөйлеу мүшелерінің нәтижесінде тіл дыбыстарының естілу процесі.

**АФАЗИЯ** *афазия* [анг. aphasia, нем. aphasie, фр. arphasie, < гр. aphasia — «мылқаулану»]. Бастағы мидың кейбір жерінің зақымдануына байланысты аурудың сөз дыбыстарын ажырата алмауы, сөздің бұзылуы.

**АФЕРЕЗИС** *аферезис* [гр. aph — airesis]. Фонемалардың сөз басында түсіп қалу жағдайы; мыс.: ағылшын тілінде *Jam > J'm*.

**АФОРИЗМ** *афоризм* [гр. aphorismos — «анықтауыш», «шектелу»]. Мағыналы, өткір, нақыл сөз. Қай халықтың болмасын мақалдары нақыл сөзге жатады. Қазақ көркем әдебиетінде де алуан түрлі нақыл сөздер бар; мыс.: *Еңбек етсең — ерінбей, Тояды қарның — тіленбей* (Абай). *Бігер істің қасына, Жақсы келер басына*.

**АФФИКС** *аффикс* (қосымша). [анг. affix, нем. affix, фр. affixe, лат. affixus — «жалғанған», «қосылған»]. Өз алдына жеке қолданылмай, түбір сөздерге қосы-

лып, сол сөздің мәнін, мағынасын және функциясын өзгертетін — грамматикалық форма. Сөздің алды-артында және ортасында келуіне қарай: *инфикс*, *префикс*, *суффикс* болып үш салаға бөлінеді. Қазақ тіліндегі *қосымша* бұл терминнің эквиваленті (баламасы) бола алады. Қосымша: *жалғау*, *жұрнақ* болып екіге бөлінеді.

**АФФИКС МНОЖЕСТВЕННОСТИ** *көптік жалғау*. қ. множественное число.

**АФФИКСЫ НЕПРОДУКТИВНЫЕ** *өнімсіз қосымшалар*. Қазіргі кезде сөз жасауға, сөз түрлендіруге тікелей қатысы жоқ құнарсыз көне қосымшалар.

**АФФИКСЫ ПРОДУКТИВНЫЕ** *өнімді қосымшалар*. Сөз жасауда, сөз өзгертуде я түрлентуде қолданылатын құнарлы қосымшалар.

**АФФРИКАТА** *аффриката* [лат. *affricata*, нем. *affrikata*, фр. *affriquée* <лат. *affricata* — жұғысқан>]. Жабысыңқы (шұғыл) және ызың (сүзілмелі) дауыссыз дыбыстардың элементтерінен құралған дыбыстар; мыс.: орыс тіліндегі тіл алды аффрикаттар *ц* (*т + с*), *ч* (*т + ш*), неміс тіліндегі *pf* (*Pferd*).

**АФФИКС СКАЗУЕМОСТИ** *баяндауыштық аффикс* (жалғау). Сөздің баяндауыштық қызметін айқындап, баяндауышты бастауышпен қиыстыратын тұлға, жіктік жалғаулары. Жіктік жалғаулары баяндауыш болатын етістікке де, есімдерге де жалғанады. Олар: I жақ жекеше тұлғада *-мын*, *-мін*, *-сың*, *-сің*, *-ды*, *-ді*; II жақ көпше түрде *-мыз*, *-міз*; *сыз*, *-сіз* және *дікі*, *-нікі*.

## Б

**БАЛҚАНИЗМ** *балканизм*. Белгілі бір тілдегі балкан тілінің элементі.

**БАЛТИЙСКИЕ ЯЗЫКИ** *балтық тілдері*. Генеологиялық классификация бойынша, Индоевропа семьялы тілдер тобына жатады. Бұл тілдің құрамына Литвия ССР-дағы литвия, Латвия ССР-дағы латыш және ертедегі пруссия тілдері енеді. Грамматикалық құры-

лысы, сөздік құрамы жағынан славян тілдеріне өте жақын. 1) Литвия тілі — Литвия ССР-ның мемлекеттік тілі (орт. Вильнюс), литвия тілінде үш миллиондай халық сөйлейді. 2) Латыш тілі — Латвия ССР-ның мемлекеттік тілі (орт. Рига). Бұл тілде бір миллион адам сөйлейді. 3) Ертедегі Прусс тілі — XVII ғ. қолданудан қалған (өлі) тіл.

**БАНТУ ЯЗЫҚИ** *банту тілдері*. Орталық және Оңтүстік Африканың негізгі тұрғындары (Конго республикасын, Танганьиканы, Солтүстік және Оңтүстік Родезия, Мозамбик, Анголаны қоса есептегенде) сөйлейтін тілдер тобы.

**БАШҚИРСКИЙ ЯЗЫК** *башқұрт тілі*. Генеологиялық классификация бойынша, түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ-булғар тобына жататын, татар тіліне жақын, Башқұрт АССР-дағы башқұрттар тілі. Бұл тілде 983 мың адам сөйлейді (орт. Уфа).

**БЕГЛЫЕ ЗВУКИ** *түсіп қалғыш (жәрдек) дыбыстар*. Сөздің бір тұлғасында қолданылып, екінші бір тұлғада қолданылмай түсіп қалатын жәрдек дыбыстар; мыс.: орыс тілінде *лоб — лба; отец — отца* т. б. Оны *беглые гласные, беглые буквы* деп те айта береді.

**БЕЗЛИЧНЫЕ ГЛАГОЛЫ** *жақсыз етістіктер* [анг. *verbs impersonnels*, нем. *impersonal*, фр. *impersonel* — «жақсыз»]. Бұл термин бойынша, Индоевропа тілдерінде тек үшінші жақта айтылатын етістіктерді айтады, өйткені ондай етістіктен болған баяндауыштың бастауышы белгісіз болады. Қазақ тілінде, белгілі жақта айтылмайтын дара етістіктер жақсыз сөйлем құрай алады.

**БЕЗЛИЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жақсыз сөйлем*. Бастауышы жоқ, бастауышы іс-әрекеттің кімге, неге қатысты екенін айта алмайтын сөйлемдер; мыс.: *сөйлегім келмейді, ыстық күн* т. б.

**БЕЗУДАРНЫЕ ГЛАСНЫЕ** *екпінсіз дауыстылар*. Айтылуында екпін түспейтін дауыстылар.

**БЕЗУДАРНЫЙ** *екпінсіз* [фр. *inaccentue*, нем. *Schwachtonig*, англ. *untressed* — «екпінсіз»]. Екпін түспейтін буын.

**БЕЗУДАРНЫЙ СЛОГ** *екпінсіз буын.* Екпін түспейтін, ешқандай екпін болмайтын буын.

**БЕЛОРУССКИЙ ЯЗЫК** *белорусс тілі.* Генеологиялық таблица бойынша, Индоевропа семьялы тілдердің ішіндегі славян тілдері тобына жатады. Белорус ССР-ның мемлекеттік тілі. Бұл тілде 9 миллион адам сөйлейді (орт. Минск).

**БЕСПИСЬМЕННЫЕ ЯЗЫКИ** *жазуы жоқ тілдер.* Ана тілінде жазу таңбасы, графикасы, жазба әдебиеті жоқ тіл.

**БЕССОЮЗНАЯ СВЯЗЬ** *жалғаулықсыз байланыс.* Басқа тілдердегі тәрізді қазақ тілінде де ешбір жалғаулықсыз, демеусіз байланысып, құрмаласатын сөйлемдер бар. Олардың құрамындағы компонент сөйлемдер бір-бірімен мағына жағынан да, интонация арқылы да байланыса береді; мыс.: *мен айттым; ол сұрады. Күндер өтті, мерзім жетті, жаз болды.*

**БЕССОЮЗНОЕ СЛОЖНОПОДЧИНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жалғаулықсыз сабақтас құрмалас сөйлем.* Орыс тіліндегі сабақтас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулықтар (союзы) арқылы құрмаласып тұрады; мыс.: *он знает, что Арсен придет сегодня вечером.* Қазақ тіліндегі сабақтас құрмалас шартты рай тұлғасы есімше, көсемшелер арқылы құралады да, көсемше баяндауыш демеумен не жалғаулықпен тіркеспейді; мыс.: *комсомолдар тегіс жиналып, жалпы жиналыс басталды.*

**БЕССОЮЗНОЕ СЛОЖНОСОЧИНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем.* Қазақ тіліндегі жалғаулықтардың барлығы бірдей сөйлемдерді құрмаластыруға жұмсала бермейді. Сондай-ақ, олардың басым көбі жай сөйлем құрамындағы мен жалғаулығы жай сөйлемді құрмаластырмайды. Осы сияқты кейбір жалғаулықтар мен жалғаулық қызметіндегі сөздер салалас құрмаласта қолданылғанмен олардың арасын байланыстырмайды.

**БЕССУБЪЕКТИВНЫЙ** *субъектісіз (жақсыз).*

**БЕССУБЪЕКТИВНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *субъектісіз сөйлем (жақсыз сөйлем).*

**БЕСФОРМЕННЫЙ** *тұлғасыз*. Өз құрылысында белгілі грамматикалық категориялар көрсеткішін білдірмеушілік.

**БИЛАБИАЛЬНЫЙ** *қос ерінді* [лат. *bi* — «қос», «екі» + *bis* — «екі» + *labialis* — «ерінді»]. Екі еріннің бір-біріне нық тиюінен (қосылуынан) жасалатын дауыссыз дыбыстар; мыс.: *б, п, м*.

**БИАБИАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *қос ерінді дауыссыздар*. қ. *билабиальный*.

**БИЛИНГВИЗМ** *билингвизм* [лат. *bilinguis* — «екі тілді»]. Екі тілдің бірдей бір мемлекетке қызмет етуі, екі тілділік.

**БИЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ** *билингвистикалық*. Екі тілділік.

**БИНАРНЫЙ** *бинарлық* [анг. *binary*, нем. *binär*, фр. *бинайге*, лат. *binarius* — «жұп», «егіз»]. Екі элемент, екі бөлім, екі шақ, екі видті (түр) көрсететін ұғым; мыс.: *винарлық ритм*.

**БИРЕМА** *бирема* (екі құрамды сөз).

**БИРМАНСКИЙ ЯЗЫК** *бирма тілі*. Қытай-тибет семьясына жататын тіл. Бұл тілде 10 миллионға жуық адам сөйлейді, бес диалекті бар (орт. Рангун).

**БОКОВОЙ ЛАТЕРАЛЬНЫЙ** *бүйір латерал* (дыбыс) [анг. *lateral*, нем. *laterale*, < лат. *lateralis* < *latus* — «бүйір»]. Фонациялық ауа тілдің екі жағын ала шығу арқылы жасалатын бүйір дыбыс; мыс.: «л».

**БОЛГАРСКИЙ ЯЗЫК** *болгар тілі*. Славян тілінің оңтүстік тобына жататын болгар халық республикасының мемлекеттік тілі. Бұл тілде 5 миллионнан артық адам сөйлейді (орт. София).

**БРАХИЛОГИЯ** *брахилогия* [гр. *brachys* — «қысқа»]. Өте қысқа сөйлемдерді қолданудағы стилистикалық тәсіл.

**БРАХЛИС** *брахлис*. Индия жазуы.

**БУДУЩЕЕ ВРЕМЯ** *келер шақ* [анг. *future*, нем. *futurum*, фр. *futur*, < лат. *futurum* — «келер шақ»].

Істің, әрекеттің, қимылдың осы шақта, дәл қазір істелмей, келешекте, болашақ уақытта істелетінін білдіретін етістіктің шақ түрі. Істің ілгеріде болу-болмауына, уақыттың алыс-жақындығына қарай, қазақ тілінде, келер шақ үш түрге бөлінеді: 1) шекті (болжалды) келер шақ, 2) шексіз (болжалсыз) келер шақ, 3) мақсатты (қалаулы) келер шақ.

**БУДУЩЕЕ НЕОПРЕДЕЛЁННОЕ** *шексіз* (болжалсыз) *келер шақ*. Етістік түбіріне көсемшенің «а» жұрнағы, одан соң жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалатын етістіктің келер шақ категориясының бір түрі. Мысалы: *Сен колхозда тұрасың, Мен колхозда тұрамын. Малға қарармын, Ертең ауылға барармын.*

**БУДУЩЕЕ ОПРЕДЕЛЁННОЕ** *шекті* (болжалды) *келер шақ*. Істің істелетін я істелмейтінін кесіп, болжай айтатын етістіктің келер шақ категориясының түрі; мыс.: *барғалы отырмын, ол кітап жазғалы отыр.*

**БУКВА** *әріп* [анг. letter, нем. buchstabe, фр. lettre]. Адам ойын сөз арқылы қағаз бетіне түсірудегі алфавиттік графикалық таңба. Әріптер: бас әріп, кіші әріп болып бөлінеді. Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп бар.

**БУКВЕННОЕ ПИСЬМО** *әріптік жазу*. Тілдегі кейбір фонемалардың қатысымен жазылатын жазу. Оны кейде *алфавитное письмо* деп те атайды.

**БУРЯТСКИЙ ЯЗЫК** *бурят тілі*. Алтай яки туран-монғол семьялы тілдер тобына жататын, монғол тілімен туыстас, Бурят-монғол АССР халқының тілі.

**БУСТРОФЕДОН** *бустрофедон* [фр. boustrophedon < гр. bouc + strophe — «айналыс»]. Жазуды оңнан солға және солдан оңға қарай жазу тәсілі.

**БЫТОВОЙ КОНТЕКСТ** *дағдылы контекст*. Сөйлеу процесіндегі мекендік, мезгілдік, себептік т. б. жағдаят.

## В

**ВАРВАРИЗМ** *варваризм*. Белгілі бір тілге басқа тілдерден енген, сол тілдің нормасына бейім құрылған сөйлемшелер мен сөздер.

**ВАРИАНТ ФОНЕМ** *фонемалар варианты*. Сөз, мағына жасауға қатысы жоқ, айтылуда басқа фонемалармен бірдей айтылатын фонемалар. Мұны аллафон деп те атайды.

**ВАРИАЦИЯ** *вариация* [лат. *variato* — «өзгеру»]. Белгілі бір фонеманың дыбысталуында я айтылуында аз да болса отенок я өзгешелік болу жағдайы; мыс.: *эти* сөзіндегі *э* — келте; *это, э!* дегендердегі, *э* ашық.

**ВВЕДЕНИЕ В ЯЗЫКОЗНАНИЕ** *тіл біліміне кіріспе*. 1. Белгілі бір пән атауы; 2. Тіл білімі туралы ғылыммен қысқаша таныстыратын кіріспе бөлім.

**ВВОДНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *қыстырма сөйлем*. Сөйлеушінің өз пікірін анықтай түсу үшін қолданылатын сөйлем.

**ВВОДНЫЕ СЛОВА** *қыстырма сөз*. Сөйлеушінің айтатын пікірін я сөзін анықтау үшін қолданылатын, сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, белгілі сөйлем мүшесі болмай, олардан оқшау тұратын сөздермен сөйлемшелер; мыс.: осының бәрін ол, *эрине*, жалғыз істей алмайды (С. Мұқанов). Қазақстан, *эсіресе*, социалистік бесжылдықтардың ішінде бүтіндей өзгерді («С. Қ.»). *Меніңше*, бұл өте мықты адам (Ғ. Мұстафин).

**ВЕЖЛИВАЯ ФОРМА** *сыпайы түр*. 1. Сөйлеушінің екінші бір субъектіге сыпайы түрде сөйлеуі; 2. Жіктік жалғауының анайыға қарсы түрі; мыс.: *біз барамыз, сіз барасыз*.

**ВЕЛЯРИЗАЦИЯ** *веляризация* [анг. *velarisation*, нем. *velarisierung*, фр. *vélarisation*, < лат. *velaris* — «таңдай арты»]. Тіл артының артқы жұмсақ таңдайға көтерілуіне байланысты болатын ерекше қосымша артикуляция; мыс.: орыс тілінде *мел* сөзіндегі *л*, *мель* сөзіне қарағанда қатаң естіледі.

**ВЕЛЯРНЫЕ ФОНЕМЫ** *веляр фонемалар*. қ. велярный согласный звук.

**ВЕЛЯРНЫЙ ЗВУК** *веляр дыбысы*. Тіл арты дауыссыз дыбыстар: *к, қ, ң, х, ғ*.



**ВЕЛЯРНЫЙ СОГЛАСНЫЙ ЗВУК** *веляр дауыссыз дыбыс*. Тіл артының артқы таңдайға тиюі арқылы жасалатын дауыссыздар; мыс.: *қ, г, х, ғ, ң*.

**ВЕЩЕСТВЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *заттық мағына*. Заттың құбылыстық ақиқаттық мағынасын білдіретін сөз, сөйлем.

**ВЗАИМНАЯ АССИМИЛЯЦИЯ** *тоғыспалы ассимиляция*. Сөз ішіндегі шектес келген екі дыбыстың тоғысып, бір-біріне әсер етіп, екі жағы да өзгеріп басқа дыбысқа айналып кетуіне байланысты болатын үндестік; мыс.: *Аманқұл* (айтылуы Аманғұл), *Жанқұл* (айтылуы Жаңғұл), *Досжан* (айтылуы Дошжан).

**ВЗАИМНОЕ ВЛИЯНИЕ ЗВУКОВ** *дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсері*. қ. комбинаторное изменение.

**ВЗАИМНЫЙ ЗАЛОГ** *ортақ етіс*. Істің, қимылдың бір субъект тарапынан істелмей, бірнеше субъектіге тән, ортақ екендігін білдіретін етістіктің категориясы; мыс.: *Оспандар Сырдария каналын қазысты*. Олар өз ара *сөйлесті* т. т.

**ВЗРЫВНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *шұғыл (үзілмелі) дауыссыздар*. Екі еріннің нық жабысып, ауаның шұғыл шығуынан жасалатын дыбыстар; мыс.: *б, п, д, т, к, г, ч, қ*. Орыс тілінде *смычные, затворные, мгновенные* деп те аталады.

**ВЗРЫВНЫЕ ГЛУХИЕ** *шұғыл (үзілмелі) қатаңдар*. Бұл дыбыстар жасалуы жағынан, негізінен шұғыл (үзілмелілер) дыбыстарға бейім келеді; мыс.: *п, т, к, ф*.

**ВЗРЫВНЫЕ ЗВОНКИЕ** *шұғыл (үзілмелі) ұяңдар*; мыс.: *б, в, г, д*.

**ВИБРАНТ** *вибрант*. Фонациялық ауаның өте қарқынды шығуында пайда болатын, дірілдеп шығатын дауыссыз дыбыс; мыс.: «р».

**ВИБРАЦИЯ ГОЛОСОВЫХ СВЯЗОК** *дауыс шымылдығының дірілі*. Дауыс шымылдығының керіліп тұруына байланысты діріл болып, үн шығады. Сөйтіп дауыстылар дауыс шымылдығының дірілі нәтижесінде жасалады.

**ВИБРАЦИОННАЯ ФОНЕМА** *вибрациялы* (діріл) *фонема*. Тіл ұшының альвеолға нық тип, фонациялық ауаның өте қарқынды болуына байланысты дірілдеп шығатын фонема; мысалы: «р» фонемасы сөз ортасында да, сөз аяғында да, жеке айтылғанда да дірілдеп шығады.

**ВИД түр** [анг. aspect, нем. Aktion, Aspekt, фр. aspect]. Кейбір тілдердегі (славян тілінде) етістік қимылындағы әр түрлі ағымды көрсететін грамматикалық категория. Семитологияда етістік породалары деп аталады. Орыс тіліндегі вид түрлері: *длительный вид* (созылық түр), *многoкратный вид* (дүркінді түр), *совершенный вид* (аяқталған түр), *несовершенный вид* (аяқталмаған түр). Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, етістік түрлері (вид) туралы қалыптасып, орнықтаған әр түрлі пікірлер бар.

**ВИДЫ ГЛАГОЛОВ** *етістік түрлері*. қ. вид.

**ВИДЫ ПРЕДЛОЖЕНИЙ** *сөйлем түрлері*. Грамматиканың саласы синтаксисте сөйлемнің өз ара таптастырылуына қарай бөлінген сөйлем түрлері (хабарлы, сұраулы, лепті, болымды, болымсыз сөйлемдер).

**ВИДЫ СЛОВА** *сөз түрлері*. Тілдегі сөздердің мағынасы мен тұлғасына қарай жіктеліп; *түбір сөз*, *туынды сөз*, *біріккен сөз* деген салаларға бөлінуі.

**ВИДЫ СЛОВСОЧЕТАНИЙ** *сөз тіркестерінің түрлері*. Қазақ тіліндегі сөз тіркестері құрамы жағынан әр түрлі болып келеді. Олар қазақ тіл білімінде *тізбекті тіркес*, *түйдекті тіркес*, *тұрақты тіркестер* және *еркін тіркестер* деген топтарға бөлінеді. Тұрақты сөз тіркестері: *идиомалық түйдектер* және *фразалық түйдектер* болып екі салаға бөлінеді.

**ВИДЫ СОГЛАСОВАНИЯ** *қиысу түрлері*. Қазақ тіліндегі қиысу Индоевропа системалы тілдердегі қиысу жүйесінен мүлдем ерекше. Қазақ тіліндегі қиысу, негізінен, бастауыштар мен баяндауыштар арасында: *жақтық және көптік (қиысу) түрлерінде* қиысады.

**ВИДЫ УПРАВЛЕНИЯ** *меңгеру түрлері*. Қазақ ті-

ліндегі меңгеру категориясы: дара меңгеру және ортақ меңгеру болып екі салаға бөлінеді.

**ВИНИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *табыс септік* [анг. accusative, нем. Akkusativ, фр. accusativ < лат. accusativus]. Сөйлемде негізінен тура толықтауыш қызметін атқарып, кімді, нені? деген сұраққа жауап беретін, төртінші септік.

**ВИНИТЕЛЬНЫЙ ПРИГЛАГОЛЬНЫЙ** *етістікті табыс септік*. Етістіктен болған табыс септікті сөздер.

**ВИНИТЕЛЬНЫЙ ПРЯМОГО ДОПОЛНЕНИЯ** *тура толықтауышты табыс септік*. Табыс септіктің сұрауына тікелей жауап беретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі. Оның грамматикалық тұлғасы *-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н*.

**ВНЕСЕНИЕ** *бейтарап сөздер* [анг. parenthesis, нем. Parenthesis, Zwischensatz, фр. Parenthèse < гр. par-enthesis]. Құрмалас я жай сөйлем құрамындағы сөздермен синтаксистік байланыса алмайтын сөздер мен сөз тіркестері.

**ВНУТРЕННИЕ ЗАКОНЫ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКА** *тіл дамуының ішкі заңдары*. Белгілі бір тілдегі сөздік құрам мен грамматикалық құрылыстың, дыбыс құрамы мен дыбыстық процестердің және сөз мағыналары мен сөйлемшелердің базистік өзгеріске жатпайтын өзгеру формаларының әр тарапты заңдылығы.

**ВНУТРЕННЯЯ СИНТАГМА** *ішкі синтагма*. Екі элементтен біріккен сөздердің кейбір типтері; мыс.: *бүгін, биыл, бесжылдық, колхоз, совхоз, паровоз, парход*.

**ВНУТРЕННЯЯ ФЛЕКСИЯ** (флексия основы) *ішкі флексия*. Негіздегі дауысты дыбыстың өзгеруіне байланысты сөздің грамматикалық формаларының берілу әдісі, яғни сөз өзгертудің негізгі тәсілі; мыс.: нем. *брудер* (bruder — братъ) — мн. ч. *брюдер* (Brüder — братья), англ. *гуз* (goos — гусь) — множ. ч. *гуз* (geese — гуси), *фут* (foot — нога, ср. фут-бол) мн. ч. *фит* (feet — ноги). Араб тілімен салыстырғанда неміс, ағылшын тілдерінде флексия кем ұшырайды.

**ВОЗВРАТНЫЕ ГЛАГОЛЫ** *өздік етістік* [анг. verb reflexiv, нем. verbum reflexive]. Орыс тіліндегі «ся», «сь» қосымшалары жалғанған етістіктер; мыс.: *умы-ваться, вернется, вернись, я купаюсь*.

**ВОЗВРАТНОЕ МЕСТОИМЕНИЕ** *өздік есімдік* [анг. pronoun reflexiv, фр. pronom réfléchi]. Өз сөзінің тәуелдену, септелу түрінде я дара түрінде келіп, субъектіге тікелей қатыстықты, соған тәндікті білдіріп, сөйлемнің бастауыш, баяндауыш қызметін атқаратын есімдік түрі.

**ВОЗВРАТНЫЙ ЗАЛОГ** *өздік етіс*. Іс-әрекетті субъектінің тікелей өзі істейтіндікті білдіретін, грамматикалық көрсеткіштері *ын-ін* жұрнақтары боп саналатын етіс категориясы, етістіктің бір түрі. Орыс тілінде етістіктің *-ся (сь)* қосымшалары арқылы жасалды; мыс.: *обниматься, радоваться, мыться*. Қазақ тілінде *жуынды, киінді* т. б.

**ВОЗВЫШЕННОСТЬ ТОНА** *үн көтеріңкілігі*. Үн көтеріңкілігі яки дауыс ырғағы діріл мөлшеріне байланысты. Секундта діріл қаншалықты көп болса, дыбыс сол ғұрлым күшейеді. Ал діріл мөлшері азайса, дыбыс ырғағы да азаяды.

**ВОКАБУЛА** *вокабула* [лат. vocabulum — «сөз»]. Арнай жаттауға бейімделген, талғап алынған, ана тіліне аударылған шет тіл сөздері.

**ВОКАБУЛАРИЙ** *вокабуларий* [нов. лат. vocabularium — «сөздік»]. Оқулықтар мен хрестоматияларда берілетін қысқаша сөздік.

**ВОКАЛИЗАЦИЯ** *вокализация* [анг. vocalization, нем. vokalisation, фр. vocalisation, < лат. vocalis — «дауысты»]. Дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбысқа ауысуы. Мысалы: Украин тіліндегі *-в* дыбысының *у* дыбысына, серб тіліндегі *-л* дыбысының *о* дыбысына ауысуы.

**ВОКАЛИЗМ** *вокализм* [анг. vocalism, нем. vokalismus, фр. vocalisme, лат. vocalis — «дауысты»]. Дауыстылардың өзіне тән қасиеті мен артықшылығы.

**ВОЛАПЮК** *волапюк* [анг. world — «дүние» +

Speech — «сөз»]. 1880 ж. Иог. Шлейгер жасап, қолданудан қалған, халықаралық жасанды тіл.

**ВОПРОСИТЕЛЬНАЯ ИНТОНАЦИЯ** *сұраулық интонация*. Түсінік, жауап тілей айтудағы дауыс мәнері, үн ырғағы.

**ВОПРОСИТЕЛЬНАЯ ЧАСТИЦА** *сұраулық демеулік*. Баяндауыш қызметіндегі айтылған сөздерден кейін, кейде күрделі баяндауыштардың арасында тұрып сұраулық мағынаны білдіретін: *ма (ме, па), не (ба, бе)* демеуліктері.

**ВОПРОСИТЕЛЬНОЕ МЕСТОИМЕНИЕ** *сұраулық есімдігі*. Заттың атын не сынын, санын, ретін, амалын не мекенін білдіру үшін сол заттардың орнына айтылушы есімдіктер.

**ВОПРОСИТЕЛЬНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *сұраулы сөйлем*. Бір нәрсенің жайы туралы басқа бір адамнан жауап, түсінік күту ретінде сұрақ қойыла айтылатын жай сөйлемнің түрі; мыс.: *Мынау адамдар қайда барады?* (С. Мұқанов). *Сәуле Бөлекбастың ана жылғы саған арнап шығарған өлеңі қалай еді?* (Ә. Әбішев).

**ВОПРОСИТЕЛЬНЫЙ ЗНАК** *сұрау белгісі*. Сұраулы сөйлем соңынан қойылатын тыныс белгісі (?).

**ВОСКЛИЦАНИЕ** *леп* [анг. exclamation, нем. Exclamation, фр. exclamation]. Айтылған ойға, сөйлемге эмоция беріп, күшейтіп, ерекше ырғақпен айтылатын белгі.

**ВОСКЛИЦАТЕЛЬНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *лепті сөйлем*. Қуану, бұйыру, өкіну, үндеу сияқты адамның көңіл күйін білдіретін мағыналарда айтылатын жай сөйлемнің түрі; мыс.: *Қатарың кетті-ау алысқа-ай, Ұмтылыңыз қалыспай!* (Алтынсарин Б.). *Атқанда қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан! Арыстан еді-ау Исатай!* (Махамбет.)

**ВОСКЛИЦАТЕЛЬНЫЙ ЗНАК** *леп белгісі*. Лепті сөйлемдерден кейін қойылатын тыныс белгісі(!).

**ВОСХОДЯЩАЯ ИНТОНАЦИЯ** *көтеріңкі интонация*. Екпін түсетін сөзді айтқан кезде дауысты көтере айтатын үдемелі екпін.

ВОСХОДЯЩЕЕ УДАРЕНИЕ *үдемелі екпін*. Үннің бірте-бірте жоғарылауына байланысты болатын кетеріңкі екпін.

ВОСХОДЯЩИЙ ДИФТОНГ *ашық дифтонг*. Буын құрай алмайтын жарты (шала) дауыстыдан басталып, буын құрай алатын толық дауысты дыбысқа аяқталатын дифтонг.

ВРЕМЕНА ГЛАГОЛА *етістіктің шақтары*. қ. время.

ВРЕМЕНА ПРИЧАСТІЯ *есімшенің шақтары*. Қазақ тіліндегі есімшенің шақ түрлері: а) есімшенің өткен шақ түрі; мыс.: *құралған, енген, өндірілген, терген, берген*; б) осы шақ есімше; мыс.: *айтушы, тексеруші, келуші, үйренуші*; в) келер шақ есімше; мыс.: *баратын, өтетін, өсетін, оқитын, барар, айтар, көрінер, келер* т. б.

ВРЕМЯ *шақ* [фр. temps, англ. tens, time]. Іс-қимылдың өткен шақ, осы шақ, келер шаққа тән екендігін көрсететін етістіктің формасы. Қазақ тіліндегі етістік шақтары: өткен шақ (прошедшее время), осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время).

ВРЕМЯ ПРОШЕДШЕЕ ЗАКОНЧЕННОЕ *тиянақты өткен шақ*. қ. прошедшее время.

ВСПОМОГАТЕЛЬНЫЕ СЛОВА *көмекші сөздер* [англ. auxiliary verb, нем. Hilfswort, фр. auxiliare]. Өзіндік лексикалық мағынасы жоқ, басқа сөз таптарымен байланысты тұрып грамматикалық мағынаға ие болатын, көмекшілік, жәрдемші қызмет атқаратын сөздері олар: *іш, жан, қас, қой, әрі, соң, кет, бер, дейін, үшін, сайын, ғана, да, де, та, те, ақ* т. б.; мыс.: *Сен оларға айт: ақын тасыды де! Тасытқан социализм ғасыры де!* (Сәбит.) *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ барды, ертегіні термек үшін* (Абай).

ВСПОМОГАТЕЛЬНЫЙ ГЛАГОЛ *көмекші етістік* [англ. auxiliary verb, нем. Hilfsverbum, фр. verbe auxiliaire]. Жеке тұрғанда ешқандай мағына бермейтін және сөйлем мүшесі қызметін атқармайтын, тек етістіктермен тіркесіп қана көмекшілік қызмет атқаратын

етістік; мыс.: Дем алысы — үскірік, аяз бен қар. Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды (Абай).

**ВТОРОЕ ЛИЦО** *екінші жақ*. Заттың екінші бір субъектіге тән екендігін білдіретін жіктік және тәуелдік жалғауларының көрсеткіші; мыс.: *сен айттың; сенің, інің*.

**ВТОРОСТЕПЕННЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері*. Сөйлем ішінде бастауыш пен баяндауыштың төңірегіне топталып толықтап, пысықтап синтаксистік қызмет атқаратын сөйлемнің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелері.

**ВТОРОСТЕПЕННОЕ УДАРЕНИЕ** *қосымша екпін*. Сөзде негізгі екпіннен бөлек көмекші, қосымша екпін болады. Тіліміздегі негізгі екпін соңғы буынға түссе, көмекші екпін негізгі түбірдің соңғы буынына түседі. Кейде негізгі екпін қосымшада болады да, көмекші (қосымша) екпін негізгі түбірде болады; мыс.: *е-гін-ші-лер, е-гін-ші-ле-рі-міз, е-гін-ші-ле-рі-міз-де*.

**ВУЛЬГАРИЗМ** *вульгаризм* [анг. vulgar, фр. vulgare, лат. vulgaris — «анайы», «дөрекі»]. Әдеби тілде қолданылмайтын дөрекі сөздер мен сөйлемшелер. Жеке кейіпкердің мәдениетсіздік бейнесін, тұрпайылығын көрсету мақсатымен ондай дөрекі сөздерді жазушылар әдейі қолданады. Алайда дөрекі сөздерді шамадан тыс қолдану әдеби тілді шұбарлап бұзады дегенді А. М. Горький қатты ескерткен.

**ВЫДЫХАТЕЛЬНОЕ (ЭКСПИРАТОРНОЕ, ДИНАМИЧЕСКОЕ) УДАРЕНИЕ** *лебізді* (экспираторлық, динамикалық) *екпін*. Фокациялық ауаның күшті қарқынымен байланысты екпін. Мұны лингвистикалық әдебиеттерде *динамикалық немесе экспираторлық екпін* деп те атайды. Экспираторлық екпін теориясын жақтаушылардың пікірі қате екендігі аян болды. Сондықтан бұл күнде экспираторлық немесе экспирациялық екпін деген термин қолданылмайды.

**ВЫКИДКИ** қ. диарея.

**ВЫПАДЕНИЕ ЗВУКОВ** *дыбыстардың түсіп қалуы* [анг. disappearance, нем. Schwund, фр. chute]. Сөз ара-

сында қатар келген дауыстылардың тәуелденгенде бірінің түсіп қалуы; мыс.: *ауыз — аузы, мойын — мойны, қауыз — қаузы, дауыс — даусы*. Бұны лингвистикалық әдебиеттерде *апокопа, синкопа, аферезис* деп те атайды.

**ВЫПАДЕНИЕ СОГЛАСНЫХ** *дауыссыздардың түсіп қалуы*. Сөз басындағы фонемалардың түсіп қалуы; мыс.: ағылшын тіліндегі бастапқы дауыстыдан кейінгі дауыссыздың түсіп қалуы. Кейде тұтас фонемалардың түсіп қалуынан сөз қысқаруы болады; көне латын тілінде соңғы «s» әрпінің түсіп қалуы.

**ВЫРАЖЕНИЕ АФФЕКТИВНОЕ** *аффе́ктивті сөйлемше*. Эмоционалды сөйлемше.

**ВЫРАЗИТЕЛЬНАЯ РЕЧЬ** *мәнерлі сөз*. Дауыс ырғағын толық сақтай отырып, нақыштап көркем тілмен сөйлеу өнері.

**ВЫРАЗИТЕЛЬНОЕ ЧТЕНИЕ** *мәнерлі оқу*. Интонацияны толық сақтап, дауыстап, ырғақ мәнермен оқудағы шеберлік.

**ВЫСОТА ЗВУКОВ** *дыбыстардың жуан-жіңішкелігі*. Дыбыстарды айту кезіндегі дауыстың қарқын дәрежесі.

**ВЭНЬЯНЬ** *вяньянь*. Ертедегі қытайдың классикалық әдеби тілі.

## Г

**ГАЛЛИЦИЗМ** *галлицизм* [фр. gallicisme, лат. galli — галлы]. Белгілі бір халық тіліне француз тілінен енген сөздер мен сөз тізбектері; француз тілінің үлгісімен құрылған орамдар.

**ГАММА** *гамма* [гр. gamma — «үшінші әріп»]. Грек алфавитінің үшінші әрпінің аты.

**ГАПЛОГРАФИЯ** *гаплография* [гр. haploos — «қарапайым», graphem — «жазу»]. Графикалық таңбалардың қайталанып айтылу орнына, бір-ақ рет айтылудағы процесс; мыс.: француз тілінде *philologie* орнына *philologie* деу.



**ГАПЛОЛОГИЯ** *гаплогология* [гр. haploos — «жай»]. Сөздердегі айтылуы бірдей біркелкі дыбыстардың түсіп қалуындағы ерекше диссимиляциялық жай. Гаплогология сөйлеу тілде ғана кездесіп қоймайды, ол әдеби тілдерде де кездеседі; мыс.: *минерало-логия* орнына халықаралық терминде *менералогия* боп қолданылса, орыс тілінде *витамино-носный*, *знамено-носец* сөздері *витаминосный*, *знаменосец* түрлерінде қолданылады.

**ГАРМОНИЯ** (благозвучие) *гармония* [анг. Harmony, нем. Harmonie, Wohlklang, фр. Harmonie, < гр. *garmonia* — «байланыс, үндестік»]. Екпін жүйесінде яки буында, паузада әсіресе дыбыстарда болатын үндестік, дыбыс үндесі. Қазақ тіліндегі үндестіктерді: буын үндестігі (сингармонизм), дыбыс үндестігі (ассимиляция) деп саралайды.

**ГАРМОНИЯ ГЛАСНЫХ** (сингармонизм) *дауыс үндестігі* [анг. Vowel harmony, vocalic harmony, нем. Vokal harmonie, Harmonisie rung, фр. Harmonie vocalique]. Дауысты дыбыстарға байланысты үндесу. Бұл буын үндестігі деп те аталады; мыс.: *өрік + тер + дің*, *қарақат + тар + дың* т. б.

**ГАРМОНИЯ СОГЛАСНЫХ** *дауыссыздар үндестігі* [анг. Consonant-harmonie, нем. Konsonanten-Harmonisierung, фр. harmonie consonantique]. Дауыссыздардың бір-біріне тигізген ықпалы, яғни дауыссыздардың үндесуі. Бұны дыбыс үндестігі деп те атайды.

**ГАРМОНИЯ ЗВУКОВ** *дыбыстар үндестігі*. Артикуляция жағынан жуық, ұқсас дыбыстардың сөз ішінде я сөз арасында ішінара жанасып, қиысып келуі.

**ГЕБРАИЗМ** *гебраизм* [гр. hebraios — «еврей»]. Ертедегі еврей тіліне тән сөздер мен сөз тіркестері.

**ГЕБРАИСТИКА** *гебраистика* [гр. hebraios]. Ертедегі еврей тілі мен жазуы, тарихы мен мәдениеті туралы ғылым.

**ГЕНЕОЛОГИЧЕСКАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ЯЗЫКОВ** *тілдердің генеологиялық классификациясы*. Дүние жүзіндегі тілдердің тектестігіне, ұқсастығына қарай топқа бөлінуі; мыс.: *Индоевропа тілдері*, *түркі тілдері*, *қытай-тибет тілдері*, *Индонезия тілдері* т. т.

**ГЕНЕЗИС** (языкá) *генезис* [гр. genesis — «шығу, даму»]. Тілдің шығу, пайда болуы.

**ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ТЕОРИЯ** *генетикалық теория*. Тілдің, тіл фактілерінің шығу тарихын қарастыратын теория.

**ГЕНЕТИЧЕСКОЕ РОДСТВО ЯЗЫКОВ** *тілдердің генетикалық туыстығы*. Тілдің шығу, даму жағынан туыстығы, тектестігі.

**ГЕНИТИВ** *генитив* [анг. Genitive, нем. Genetiv, фр. Génitif < гр. genos]. Орыс тіліндегі родительный падеж, қазақ тіліндегі ілік септік деген терминдердің жалпы тіл біліміндегі атауы.

**ГЕРМАНИЗМ** *германизм*. Неміс тілінен енген, неміс тілінің нормасына сәйкес жасалған, белгілі бір тілде қолданылған, алайда ол тілге жат сөздер мен сөз тізбектері.

**ГЕРМАНИСТ** *германист*. Герман тілінің маманы.

**ГЕРМАНИСТИКА** *германистика*. Герман тілі мен әдебиеті туралы ғылым.

**ГЕРМЕНЕВТИКА** *герменевтика* [гр. hermeneutike, гр. hermeneia]. Ескі әдеби шығармалардың текстін түсіндірудің өнері мен тәсілі.

**ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ** *герменевтикалық филология*. Ескі текстермен жазылған филология ғылымы.

**ГЕРУНДИЙ** *герундий* [анг. gerund, лат. gerundium]. Орыс тілі мен басқа тілдердің көбінде кездеспейтін тек ағылшын тіліне тән, мағынасы мен қызметі жағынан зат есімге де, етістікке де жуық іс-әрекетті, қимылды білдіретін етістіктің түрі. Герундий көне ағылшын тіліндегі етістіктен — *ing* яки *ung* қосымшалары арқылы жасалған зат есімдер. Ағылшын тілінде түбір етістікке — *ing* қосымшасы жалғану арқылы герундий жасала береді; мыс.: *smoke* — *smoking*, *write* — *writing*.

**ГИАТУС** *гиатус* [лат. hiatus] қ. зияние.

**ГИБРИДНЫЕ ЯЗЫКИ** *дүбара тілдер*. Өз ара өзге-

ріске түскен, элементтері басқа тілден ауысқан сөздер. Орыс тіліндегі автобусный деген сөздің түбірі «*auto*» — грек тілінен, қосымша «*bus*» — латын тілінен «*n*» жұрнағы мен «*ый*» жалғауы орыс тілінен, бейхабар сөзіндегі «*бей*» парсы, «*хабар*» араб сөзі т. б.

**ГИЕРОГЛИФ** қ. иероглифы.

**ГИНГВАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *гингвал дауыссыздар*. Тілдің үстіңгі күрек тіс етіне тиюі арқылы жасалатын дыбыстар. Бұл дыбыстарды *альвеоляр депте* атайды.

**ГИПЕРБОЛА** *гипербола* (әсірелеу) [анг. *hyperbole*, нем. *Hyperbel*, фр. *hyperbole*, < гр. *hyperbole* — «үлкейту», «әсірелеу»]. Белгілі бір ұғымды немесе құбылысты өте асырып, шамадан тыс үлкейтіп көрсететін стилистикалық фигура. Әсірелеу жай сөзде де, поэзияда да көп кездеседі; мыс.: *Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен. Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен, Атқанда қардай боратқан Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан* (Махамбет). *Шынымен Қоблан шүү деді, Құбылып бурыл гүледі. Аманбайдың ақ тікен Аса қарғып жөнелді, Қарсы келген қабақтан Қарғып асып жөнелді. Зәңгір-зәңгір таулардан секіріп асып жөнелді* («Қобланды жыры»).

**ГИПЕРДИАЛЕКТИЗМ** *гипердиалектизм*. Сөйлемде диалектіні шамадан тыс қолдану.

**ГИПЕРКАТАЛЕКТИКА** *гиперкаталектика* [анг. *hypercatalectic*, нем. *hyperkatalektisch*, фр. *hypercatalectique*]. Өлең тармағындағы каталектикаға (қысқа тармаққа) қарама-қарсы құбылыс. Мұнда өлеңнің тармақтарының буын саны асып, көбейіп кетеді.

**ГИПЕРТРОФИЯ ИНОСТРАННЫХ СЛОВ** *шет тілдер гипертрофиясы*. Шет тілден енген сөздердің белгілі шамадан артық қолданылуы.

**ГИПЕРТЕЗА** *гипертеза*. Бір буындағы дыбыстардың екінші буынға алмасып түсуі. Мұны кейде *метатеза* деп те атайды; мыс.: *temperare* деген латын сөзі француз тіліне ауысқанда *tremper* болып өзгерген.

**ГИПЕРУРБАНИЗМ** *гиперурбанизм* [анг. *hyperurbanism*, нем. *Hyperurbanismus*, фр. *hyperurbanisme*]. Дұ-

рыс сөйлеумен бірге қала сөзіне еліктеп, артық, әсірелеп сөйлеу.

**ГИПОТАКСИС** (подчинение) *гипотаксис* (бағыну) [анг. hypostaxis, нем. Hypotaxe, Unterordnung, фр. hypotaxe < гр. hypo-taxis — «бағыну»]. Сөйлемдегі сөздердің яки сөйлемдердің бір-біріне бағына тіркесуі.

**ГИПОСТАЗИС** *гипостазис* [анг. Hypostasis, нем. Hypostase, Hypostasierung, фр. hypostase < гр. hypo-stasis]. Бір грамматикалық категория орнына екінші категорияны ауыстырып қоюда қолданған дәстүрлі грамматиканың термині.

**ГЛАВНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *басыңқы сөйлем*. Құрамында бағыныңқы сөйлемді өзіне бағындырып тұратын сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақты бөлімі.

**ГЛАВНОЕ УДАРЕНИЕ** *негізгі екпін*. Сөздің арнаулы буынына басым түсетін екпін.

**ГЛАВНЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *сөйлемнің тұрлаулы мүшелері*. Сөйлемдегі ойға тірек, негіз болып, қимылдың не сапаның иесі болатын, не ойды тиянақтап тұратын синтаксистік (бастауыш, баяндауыш) мүшелер.

**ГЛАГОЛ** *етістік* [анг. Verb, нем. Das Verb, Zeitwort, фр. verbe, лат. verbum, гр. rhema]. Жақтық, шақтық жағынан өзгеріп, заттың іс, қимыл-күйін білдіретін сөз табы. Қазақ тіліндегі етістіктер: түбір, туынды және күрделі етістіктер болып бөлінеді. Лексикалық, семантикалық сапасына қарай: сабақты және салт етістік болып жіктеледі. Осымен бірге етістіктің рай, етіс категориялары бар.

**ГЛАГОЛИЦА** *глаголица*. Кириллицаны салыстырғанда, әріп таңбалары өзгешелеу ескі ескерткіштерде сақталған славян әліппесінің бір түрі.

**ГЛАГОЛ НЕПЕРЕХОДНЫЙ** *салт етістік*. Мағынасы табыс септеуге сабақтаспай, заттың күйін білдіретін етістік; мыс.: *кел, жүр, бар, айт, жаз, секір, жүгір*.

**ГЛАГОЛ ПЕРЕХОДНЫЙ** *сабақты етістік*. Мағынасы табыс септеудегі тура толықтауышқа сабақталып тұратын етістіктер; мыс.: *оқы* (кітапты оқы), *ал* (алманы ал), *жаз* (хатты жаз), *тақ* (гүлді тақ).

**ГЛАГОЛ ПРОИЗВОДНЫЙ** *туынды етістік*. Мағынасы жағынан күрделенген ұғымды білдіретін, тұлғасы жағынан түбірге, қосымшаға талданушы етістіктер; мыс.: *жаздыр, алдыр, айқайла, сөйле, молай, биле*.

**ГЛАГОЛ ПРОСТОЙ** *дара етістік*. Тұлғасы жағынан түбірге, жұрнаққа талданбай, болатын істі, қимылды, әрекетті білдіретін түбір тұлғалы етістік; мыс.: *ал, кел, бер, сал, ат*.

**ГЛАГОЛ СЛОЖНЫЙ** *күрделі етістік*. Белгілі бір ұғымға ие болып, лексикалық мағынаны білдіретін, сөйлемнің бір ғана мүшесі боп қызмет атқаратын бірнеше етістіктердің я есім сөздермен етістіктің тіркесі; мыс.: *барып кел, бара бер, шауып келе жатыр, келе алмай қалды, өлең айтты, хат жазды, сәлем жолдады, ер жетті* т. б.

**ГЛАГОЛ ТРАНЗИТИВНЫЙ** *транзитивті етістік; сабақты етістік*.

**ГЛАГОЛЬНЫЕ ОБРАЗОВАНИЯ** *етістіктің түрленуі* (жасалуы). Қазақ тіліндегі етістіктер, негізінен, екі түрлі жолмен жасалады. Олар: синтетикалық және аналитикалық тәсілдер. Етістік жасаудағы өнімдірегі синтетикалық тәсіл.

**ГЛАГОЛЬНЫЕ ОКОНЧАНИЯ** *етістіктің жалғаулары*. Етістіктің жалғаулары, негізінде, жіктік жалғауы:

Жекеше түрі I ж. <i>мын</i> ,	Сыпайы түрі I ж. <i>мыз</i> ,
II ж. <i>сың</i> ,	II ж. <i>сыз</i> ,
III ж. <i>ды</i> .	III ж. <i>ды</i> .

**ГЛАГОЛЬНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *етістікті сөйлем*. Баяндаушы етістіктен болған сөйлемдер.

**ГЛАГОЛЬНЫЕ СКАЗУЕМЫЕ** *етістік баяндауыш*. Қазақ тіліндегі баяндауыштар дара және күрделі болады. Негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер тіркес келіп, күрделі баяндауыш қызметін атқарады. Мұндай күрделі баяндауыштар істің, қимылдың аяқталуын я аяқталмауын, қимылдың даму кезеңін, қимылдың дүркіндігін аңғартады; мыс.: *оқушылар класқа кіріп жатыр, балалар мектепке кіріп келе жатыр еді; ол жүгіріп келеді* т. т.

**ГЛАГОЛЬНЫЕ СЛОВА** *етістік сөздер*. Іс-қимылды, әрекетті білдіретін сөздер.

**ГЛАГОЛЬНЫЕ ФОРМЫ** *етістік формалары*. Етістіктің жасалу жағдайына, бастапқы құрылысына қарап бөлінуі.

**ГЛАГОЛЫ АНАЛИТИЧЕСКОГО (СПОСОБА) ТИПА** *аналитикалық типті етістіктер*. Негізгі етістіктер мен есімдерге көмекші етістіктердің тіркесіп, селбесуі арқылы жасалатын тәсіл; мыс.: *келсе игі еді, жүрсе екен, айтса еді, барып келер, таң ату* т. б.

**ГЛАГОЛЫ СИНТЕТИЧЕСКОГО (СПОСОБА) ТИПА** *синтетикалық типті етістіктер*. Түбір тұлғалы етістіктерге мағыналы формалардың қосылуы, жалғануы арқылы етістік жасаудағы тәсіл; мыс.: *киіндірді ки* — түбір, *н* — өздік етіс жұрнағы, *-дір* өзгелік етіс жұрнағы, *-ді* өткен шақ жұрнағы, т. б.

**ГЛАЙД** *глайд* [фр. glide]. Аралық дыбыстарды белгілеу үшін қолданылатын ағылшын тіл біліміне тән атау. Орыс тілі терминологиясында «глайд» екі мағынаға ие: 1) артикуляцияның бір дыбыстан екінші дыбысқа ауысу кезіндегі жылжымалы дыбыстарды белгілеу үшін; 2) дифтонгтардың буынға бөлінбейтіндерін белгілеу үшін айтылады.

**ГЛАСНЫЕ АФФИКСАЛЬНЫЕ** *аффикстегі дауыстылар*. Қосымшадағы дауысты дыбыстар.

**ГЛАСНЫЕ ВЕРХНЕГО ПОДЪЕМА** *көтеріңкі (қысаң) дауыстылар*; мыс.: *ы, і, и*.

**ГЛАСНЫЕ ЗАДНЕГО РЯДА** *тіл арты (жуан) дауыстылар*; мыс.: *а, ы, о, ұ, (у)*.

**ГЛАСНЫЕ ЗАКРЫТЫЕ** *келте дауыстылар*; мыс.: *и, й, у*.

**ГЛАСНЫЕ ЗВУКИ** *дауысты дыбыс* [анг. Vowel, нем. Vokal, фр. Voyelle, лат. Vocals]. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты шығатын, анығырақ айтқанда, дыбыстау мүшелерінің бірөңкей толық қимылынан және фонациялық ауаның еркін, кедергісіз шығуынан пайда болатын сөйлеу тілдегі дыбыстар; мыс.: *а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү (у)*. Қазақ тілі

дауыстылары: жуан, жіңішке, ашық, қысаң, еріндік, езулік болып бөлінеді. Ашық дауыстылар: *a, e, (ə), o, ө*; қысаң дауыстылар: *ы, i (u), ұ (ү)*; жуан дауыстылар: *a, ы (u), o, ұ, (y)*; жіңішке дауыстылар: *e, i, (u), ө, ү*.

**ГЛАСНЫЕ КОРНЕВЫЕ** түбірдегі дауыстылар.

**ГЛАСНЫЕ НАЗАЛИЗОВАННЫЕ** мұрын жолды үнділер. Ауаның мұрын арқылы шығуына байланысты жасалатын дыбыстар; мыс.: *м, н, ң*.

**ГЛАСНЫЕ НЕЛАБИАЛИЗОВАННЫЕ** ерін қатысыз дауыстылар. Ерін дөңгеленбей, созылмай айтылатын дауыстылар; мыс.: *a, ə, ы, i*.

**ГЛАСНЫЕ НЕОГУБЛЕННЫЕ** қ. гласные нелабиализованные.

**ГЛАСНЫЕ НИЖНЕГО ПОДЪЕМА** төменгі (ашық) дауыстылар. Ауыздың мол ашылуынан (тіл мен иектің төмен түсуінен) пайда болатын дыбыстар; мыс.: «*a*», «*ə*».

**ГЛАСНЫЕ НОСОВЫЕ** қ. гласные назализованные.

**ГЛАСНЫЕ ОГУБЛЕННЫЕ** ерінді дауыстылар. Еріннің дөңгелене үйірілуі арқылы жасалатын дыбыстар; мыс.: *o, ө, ұ, ү*.

**ГЛАСНЫЕ ПЕРЕДНЕГО РЯДА** тіл алды (жіңішке) дауыстылар. Тілдің таңдайдың алғы шеніне жуықтап келіп айтылуынан пайда болатын дыбыстар; мыс.: *ə, e, i, ө, ү*.

**ГЛАСНЫЕ СМЕШАННОГО РЯДА** тіл қатысы жағынан әредік дауыстылар; мыс.: орыс тіліндегі «*ы*» дыбысы.

**ГЛАСНЫЕ СРЕДНЕГО ПОДЪЕМА** иек қатысы жағынан әредік дауыстылар; мыс.: *ə, o, ы*.

**ГЛАСНЫЕ СРЕДНЕНЕБНЫЕ** таңдай ортасы дауыстылары; мыс.: «*й*».

**ГЛАСНЫЕ (ОТКРЫТЫЕ) ШИРОКИЕ** ашық дауыстылар. қ. открытые гласные.

**ГЛОССА** глосса [фр. *glose*, < гр. *glossa* — «ескірген, көнерген»]. Көбіне ескі қол жазбаның тұсына тү-

сініксіз жеке сөздер жөнінен берілген аударма яки түсінік.

**ГЛОССАРИЙ** *глоссарий* [лат. glossarium]. Сирек ұшырайтын және көне сөздер туралы жазылған түсіндірме сөздік.

**ГЛОССЕМА** *глоссема* [анг. glosseme, нем. glossem, фр. glosseme]. Мағынасы, мәні бар нәрсенің бәрі глоссема деп аталады. Глоссема термині: а) форма, б) конструкция, в) нульдік элементтерді қамтиды.

**ГЛОССЕМАТИКА** *глоссематика*. Л. Ельмслев ұсынған термин. Глоссематика Де Соссюр ілімін қуаттамайды. Л. Ельмслевтің глоссематикасы тілдің логистикалық теориясымен жанасады. Глоссематика әр тілдің құрылысын негізгі бес жікке бөледі.

**ГЛОТТОГОНИЯ** *глоттогония* [ $\lt$  гр. glotta — «тіл» + gonos — «шығу»]. Тілдің пайда болуы туралы ғылым, лингвистика.

**ГЛУХИЕ ЗВУКИ** *қатаң дыбыстар*; *п, т, к, ф, с, ш, қ, ч, ц, х, һ.*

**ГЛУХИЕ СОГЛАСНЫЕ ЗВУКИ** *қатаң дауыссыздар*. Бұл дыбыстарды айтқанда дауыс қатысы, дауыс шымылдығының вибрациясы болмайды; мыс.: *п, т, к, с, ш, қ, ч, ф, ч, ц, х, һ.*

**ГНЕЗДО** ұя. 1. Түбірлес сөздердің тобы; 2. Кейбір түсіндірме сөздіктің жасалу тәсілі; мыс.: *В. И. Даль сөздігі ұямен берілген.*

**ГОВОР** *говор* [анг. language, нем. Sprache, Mundart, фр. Parler]. Жергілікті диалектінің белгілі бір аудан, ауыл көлемінде кездесетін түрі.

**ГОВОРНАЯ ЛЕКСИКА** қ. диалектная лексика.

**ГОЛОСОВАЯ ЩЕЛЬ, ГЛОТТИС** *дауыс түтігі* [анг. glottis, нем. stimmritze, фр. glotte]. Дыбыс шығаруға қатысы бар дауыс шымылдығының аралығы.

**ГОЛОСОВОЙ АППАРАТ** *дыбыстау аппараты*. Бұл дыбыстау мүшелері: тыныс мүшелері, тамақ және қуыс мүшелері болып үшке бөлінеді. Олардың атқаратын қызметі әр түрлі.



**ГОЛОСОВОЙ ЗВУК ұяң дыбыс** [анг. voiced, нем. *tönand*, *stimmhaft*, фр. *voise*]. Дауыс қатысымен айтылатын дыбыстар яғни ұяң дыбыстар.

**ГОЛОСОВЫЕ СВЯЗКИ дауыс шымылдығы** [анг. *vocal cords*, нем. *Stimmbänder*, *Stimmlippen*, фр. *Cordes vocales*] Жұтқыншақтың ішкі жағында болатын, ауаға тосқауыл жасап, бірде керіліп, бірде жиырылып дыбыс жасауға қатысты мүше. Дауыс шымылдығы: жалған дауыс шымылдығы, нағыз дауыс шымылдығы болып екіге бөлінеді.

**ГОРТАННАЯ КАПСУЛА көмей капсуласы.** Экспериментальды фонетикада қолданылатын аспап.

**ГОРТАННАЯ СМЫЧКА көмей шұғылы** [фр. *glottal cath*]. қ. гортанный взрыв.

**ГОРТАННЫЕ ЗВУКИ көмей дыбыстары.** 1. Көмейде жасалатын (семит тілдеріне тән) дауыссыз дыбыстар; мыс.: «*h*» дыбысы; 2. Тіл арты дауыссыздар: *г, к, х* (бұл термин ХХ ғасырдың басына дейінгі грамматикалық еңбектерде кеңінен қолданған). Қатаң дауыссыздар тәрізді ұяң дауыссыздар да айтылу ретіне қарай: а) еріндік: *б, п, ф, в, м*; ә) көмейліктер: *г (д), к, х* боп екі топқа бөлінген.

**ГОРТАННЫЙ ВЗРЫВ көмей шұғылы.** Көмейлік шұғыл дауыссыздар тобына жататын сөз дыбыстары. Бұл кейбір тілдерде ерекше фонема болып есептеледі. Мысалы, араб тілінде гамза деп аталса, басқа тілдер жүйесінде (неміс тілінде) көмей шұғылына кейбір дауысты дыбыстар да жатады. Көмейлік шұғылдар әсіресе грузин тіліне тән.

**ГОРТАНЬ көмей.** Тілдегі дыбыстарды жасауға қатысы бар пассив мүшелердің бірі.

**ГОРТАННЫЙ ЗВУК көмейлік дыбыс.** Көмейдің қатысуымен айтылатын дыбыс (*h*), көмейлік дыбыстар кавказ, семито-хамет тілдерінде басым кездеседі.

**ГРАММАТИКА грамматика** [анг. *grammar*, нем. *Grammatik*, фр. *Grammaire*, ит. *grammatica* < гр. *grammatike*]. Белгілі бір тілдегі сөздердің өзгерілуі,

сөйлемде тіркесуі туралы ережелердің жиынтығын баяндайтын ғылым. Морфология (сөз формаларын зерттейді), синтаксистен (сөйлемдегі сөз тіркестерін зерттейді) тұрады. Грамматиканың түрлері: дескриптивтік яки синхроникалық грамматика, нормативті грамматика, тарихи яки диахроникалық грамматика, салыстырмалы грамматика, жалпы грамматика, мектеп грамматикасы т. б.

**ГРАММАТИКА ИСТОРИЧЕСКАЯ** (или диахроническая) *тарихи грамматика*. Тілдің дамуын, баюын, өсуін тарихи тұрғыдан зерттейтін грамматика.

**ГРАММАТИКА НАУЧНАЯ** *ғылыми грамматика*. Тіл біліміндегі қажетті мәселелерді толық қамтып, ғылыми тұрғыда жазылған грамматика.

**ГРАММАТИКА НОРМАТИВНАЯ** *нормативті грамматика*. Нормасы дұрыс деп танылған, теоретиктер негізін салған тілдің күйін анықтайтын грамматика.

**ГРАММАТИКА СИНХРОНИЧЕСКАЯ** (или дескриптивная) *синхрониялық* (яки дескриптивтік) *грамматика*. Тіл дамуын белгілі бір дәуірге тән қарайтын, соны сипаттау мен шектелетін грамматика.

**ГРАММАТИКА СРАВНИТЕЛЬНАЯ** *салыстырмалы грамматика*. Екі немесе бірнеше тілдерді салыстыра зерттейтін грамматика.

**ГРАММАТИКА ШКОЛЬНАЯ** *мектеп грамматикасы*. Орта және орталау мектеп программаларына негізделіп жазылған грамматика.

**ГРАММАТИСТ** *грамматист*. Грамматика маманы.

**ГРАММАТИЧЕСКАЯ АНАЛОГИЯ** *грамматикалық ұқсастық*. Бір сөздің екінші бір сөз тұлғасы мен мағынасында ұқсас келуі, балау.

**ГРАММАТИЧЕСКАЯ ОШИБКА** *грамматикалық қате*. Сөзді я сөйлемді жазғанда морфологиялық немесе синтаксистік қателер жіберіп, дұрыс жазбаушылық.

**ГРАММАТИЧЕСКАЯ ФОРМА** *грамматикалық форма*. Бір ғана ұғымды я мағынаны білдіріп, сөйлемдегі сөздердің басқа сөзге қатыстығын аңғартушы қосымша.

**ГРАММАТИЧЕСКИЕ ЗАКОНЫ** *грамматикалық заңдар*. Сөздердің, сөз тіркестерінің өзгеруі, түрленуі, олардың категориялары туралы ережелер.

**ГРАММАТИЧЕСКИЕ КАТЕГОРИИ** *грамматикалық категориялар* [анг. grammatical categories, нем. grammatische Kategorien, фр. categories grammaticales]. Сөздердің өзгеруі, тіркесуін көрсететін морфологиялық, синтаксистік белгілері бар грамматикалық жалпы ұғымдар; грамматикалық категорияларды сипаттаушы әр сөз табының жиынтығы; мыс.: *етістіктің етіс, рай, шақ категориялары бар*.

**ГРАММАТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ** *грамматикалық талдау*. Сөздер мен сөйлемдерді морфологиялық, синтаксистік жағынан талдау.

**ГРАММАТИЧЕСКИЙ РОД** *грамматикалық род*. Тіл тарихында сөз формасы мен мағынасының өзгеруі салдарынан кеп, септік жалғаулары және қиысу арқылы бір сөзді екінші сөзден ажырататын сөздердің түрі; мыс.: *орыс тілінде үш түрлі род бар*.

**ГРАММАТИЧЕСКИЙ СТРОЙ ЯЗЫКА** *тілдің грамматикалық құрылысы*. Тілдің негізі, оның айрықша мәні; тілдің негізгі сөздік қорынан да баяу өзгерістік категориясы.

**ГРАММАТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *грамматикалық мағына*. Контекстегі сөздердің өз ара қатысын көрсететін, негізгі лексикалық мағынамен біте қайнасып, қосарланып келетін және ұғымдарды бір-бірімен байланыстырып, оны толық түсінуге дәнекер болатын жанама, қосымша мағына. Сөздердің зат есім, сан есім, етістік екенін, жекеше, көпше, тәуелді, септеулі, жіктеулі түрлерде тұрғанынан, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш екенінен грамматикалық мағыналары барын көреміз.

**ГРАММАТИЧЕСКОЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ** *грамматикалық бастауыш*. Сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше.

**ГРАММАТИЧЕСКОЕ ПРАВИЛО** *грамматикалық ереже*. Белгілі бір тілге тән атауларға тұжырымды түрде берілген ғылыми анықтама.

**ГРАФЕМА** *графема*. Дыбыстың жазылу таңбасы.

**ГРАФИКА** *графика* [гр. graphike]. 1. Сөз дыбыстарының жазба, баспа түрдегі әріптік кескіні, бейнесі; 2. Тіл білімінің тірі тілді жазу мен таңбалау, бейнелеу техникасы, жазу жүйелері мәселелерін зерттейтін саласы.

**ГРАФИЧЕСКАЯ УНИФИКАЦИЯ АЛФАВИТА** *алфавитті графикалық унификациялау*. Әріптердің кескінін біркелкі ізге түсіру.

**ГРАФИЧЕСКОЕ ПИСЬМО** қ. идеографическое письмо.

**ГРЕЦИЗМ** *грецизм*. Грек тілінен басқа тілге ауысқан сөздер.

**ГРУЗИНСКИЙ ЯЗЫК** *грузин тілі*. Иберий-кавказ тілдері семьясының картвель, яки иберийск тобына жататын Грузин ССР-ның мемлекеттік тілі.

**ГУБНАЯ ГАРМОНИЯ ГЛАСНЫХ** *дауыстылардың ерін үндестігі*. Кейбір тілдердегі бас буындағы ерін дауыстыларынан кейін тағы да ерін дауыстыларының келуі; мыс.: қырғыз тілінде *тоолор, төөлер*.

**ГУБНО-ГУБНОЙ (ИЛИ БИЛАБИАЛЬНЫЙ)** *қос ерінді* [анг. bilabial нем. bilabiaI, фр. bilabiale, лат. be + labialis — «еріндік»]. Екі еріннің бір-біріне нық жабысып айтылу арқылы жасалатын (қос ерінді) дыбыстар.

**ГУБНО-ЗУБНЫЕ (ИЛИ ЛАБИОДЕНТАЛЬНЫЕ)** **ЗВУКИ** тіс пен ерін дауыссыздары [анг. labio — dental, нем. Labiodental, фр. labiodentale]. қ. лабиодентальные звуки.

**ГУБНЫЕ (или ЛАБИАЛЬНЫЕ) ЗВУКИ** ерін дыбыстары. қ. лабиальные звуки.

**ГУБНОЙ ПРИБОР** ерін приборы. Сөйлеудегі ерін қатысын зерттейтін экспериментальдық фонетикада қолданылатын аспап.

**ГУБНЫЕ ГЛАСНЫЕ** ерін дауыстылары. Айтылуда еріннің алға қарай дөңгелене сүйірленуі арқылы жасалатын дауыстылар; мыс.: *о, ө, у, ү*.

**ГУТТУРАЛИЗАЦИЯ** *гуттурализация* [анг. gutturalization, нем. Gutturalisierung, фр. gutturafisation]. Тіл артының артқы тандай шымылдығына көтерілуі арқылы дыбыстың көмейден шығуы.

## Д

**ДАВНОПРОШЕДШЕЕ ВРЕМЯ** бұрынғы өткен шақ [нем. Plusquamperfektum]. Есімшенің өткен шақ түріне жіктік жалғауларының жалғануы арқылы жасалатын, істің сөйлеу, істеу уақытынан бұрын болғанын көрсететін етістіктің өткен шағының ерекше бір түрі; мыс.: *айтқанмын, алғанмын, барғанмын* т. б.

**ДАГЕСТАНСКИЕ ЯЗЫКИ** *дағыстан тілдері*. Иберий-кавказ тілдері семьясының тобына жататын дағыстан халқының тілі.

**ДАТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *барыс септік* [анг. Dative, нем. Dativ, фр. datif, лат. dativus]. Қимыл-істің белгілі бір затқа бағытталғандығын, мақсатын көрсетуші септік. Сөйлемде толықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады.

**ДВИЖЕНИЕ ОРГАНОВ РЕЧИ** *сөйлеу мүшелерінің қимылы*. қ. темп речи.

**ДВОЕТОЧИЕ** *қос нүкте*. Төл сөздің алдындағы автор сөзінен кейін, жалпылауыш сөздерден т. б. кейін қойылатын тыныс белгісі (:); мыс.: *Жөнін айтқан Анатолий Кондратьевичтен, күйеудің осында екенін білген жұрт: — Мұнысы қай пәлдену? деп ажуалаған соң, Байжан көпке амандасты* (С. Мұқанов).

**ДВОЙНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** қатар дауыссыздар [анг. double consonant, нем. Doppelkonsonant, фр. consonne double]. Артикуляция жағынан ерекшелеу тәрізді көрінетін, эмфатикалық айтылуында рең бар сөз арасындағы қатар дауыссыздар.

**ДВОЙСТВЕННОЕ ЧИСЛО** екілік сан [анг. dual, нем. Dual, Dualis, фр. duel, < гр. dyikon genos, лат. dualis duo — «екі»]. Екілік форма. Екі зат я ұғым туралы сөз болғанда, олардың бірігуі туралы айтылғанда қолданылатын кейбір тілдердегі септеу, жіктеу сияқты грамматикалық форманың бірі. Кейде грамматикалық екілік сан атауынан, екілік табиғат терминін бөлек қарау бар. Екілік табиғат деп екі заттың бір-бірімен табиғи байланыстылығын, жұптылығын білдіретін санды айтады; мыс.: *екі көз, екі қол* т. б.

**ДВУГЛАСНЫЕ ЗВУКИ** қ. дифтонги.

**ДВУЗНАЧИМОСТЬ (СЛОВА)** сөздің екі мағыналылығы. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.

**ДВУСЛОЖНЫЙ, ДИССИЛАБ** екі буынды [нем. zweibilbig, dissyllable, фр. dissyllabe]. Екі буыннан бірігіп жасалған сөз.

**ДВУСОСТАВНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** екі құрамды сөйлем. Бұл сөйлем құрамында: жалаң, жайылма сөйлем және құрмалас сөйлем мен жай сөйлемдер болады.

**ДВУХФОКУСНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** екі фокусты дауыссыздар. Фонациялық ауаның ауыз қуысындағы мүшелердің екі жерінен кедергіге ұшырауы арқылы жасалатын дауыссыз; мыс.: «ш».

**ДВУЯЗЫЧИЕ** екі тілдік. [анг. bilingualism, нем. Zweisprachigkeit, фр. bilinguisme]. Екі тілмен бірдей еркін сөйлеушілік.

**ДВУЯЗЫЧНЫЙ СЛОВАРЬ** екі тілді сөздік. Белгілі бір халықтың әдеби тіліндегі негізгі сөздер түгел қамтылып, ол екі тілдегі сөздердің баламасын беретін сөздік; мыс.: *орысша-қазақша сөздік, орысша-немісше сөздік* т. б.

**ДЕВАНАГАРИ** *деванагари*. Қазіргі Солтүстік Индия тілдерінің жазу шрифтінің негізі саналатын буындық жазу. Ескі Индияның брахми буындық алфавитінен шыққан.

**ДЕЕПРИЧАСТИЕ** *көсемше*. Сөйлемде пысықтаушы мүше қызметін атқарып, істің қимыл, амал, мезгілін білдіретін етістіктің түрі. Қазақ тіліндегі көсемшелер: үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, мақсатты көсемше болып бөлінеді.

**ДЕЕПРИЧАСТНОЕ СОЧЕТАНИЕ** *көсемшелі тіркес*. Белгілі бір сөйлем тіркесіндегі баяндауыштардың көсемшеден болуы; мыс.: «Солтүстікке кондопогодан өтіп, Петрозаводскийге таянып тұрғаны анау!» (Мұқанов).

**ДЕЗАССИМИЛЯЦИЯ** *дезассимиляция*. Ассимиляция заңының бұзылуы.

**ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛОГ** *жай етіс* [анг. Aktiv voice, нем. Aktiv, фр. actif]. Субъектінің қимылын білдіретін, табыс септікті керек ететін етістіктің формасы.

**ДЕЛАБИАЛИЗАЦИЯ** *делабиализация*. Дыбыстардың ерін артикуляциясымен айтылмауындағы өзгеріс. Мәселен, орыс диалектінде екпінсіз *у* дыбысының делабиализациялануы кездеседі; *мужики*, *кузнецы* орнына *мыжики*, *кознецы* деп айту бар.

**ДЕМОТИЧЕСКОЕ ПИСЬМО** *демотикалық* (халықтық) *жазу* [гр. demotikos — «халықтық»]. Иероглиф және иератикалық жазулары негізінде жазылған ертедегі Египет халқының жазу үлгісі.

**ДЕНТАЛЬНЫЕ ФОНЕМЫ** *тіс фонемалары* [лат. dentalis < dens (dentis) — «тіс»]. Тіл ұшының күрек тіске жуықтауы арқылы жасалатын дауыссыздар; мыс.: *т, д, с, з*.

**ДЕРИВАТ** *дериват*. Ерте кездегі негізгі нұсқадан пайда болған туынды мағына мен туынды тұлға.

**ДЕРИВАЦИЯ** *деривация* [анг. derivation, нем. Ableitung, фр. derivation, < лат. derivatus]. Сөз тудыру, сөз жасау процесі. Деривация түбір сөзге қосымша жалғау арқылы жасалады; орыс тіл білімі терминін-

де бұны а ф ф и к с а ц и я (входной, призывной, ср. вход, призыв) және д е з а ф ф и к а ц и я (вход, призыв ср. входит, призывать) деп атайды.

**ДЕРИВАТИВНОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *дериватты мағына*. Бастапқы мағынаға қосылған туынды мағына.

**ДЕСКРИПТИВНАЯ** (или синхроническая) **ГРАММАТИКА** *дескриптивтік* (немесе синхроникалық) *грамматика*. Тілдің белгілі бір қалыптағы күйін, тұрған қалпын суреттеумен шектелетін грамматика.

**ДЕСКРИПТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА** *дескриптивтік лингвистика*. Тілді сипаттау түрде зерттеуге арнай жасалған методикасы бар жаңа бағыт. Бұл әсіресе АҚШ-та кеңінен тараған.

**ДЕТЕРМИНАТИВЫ** *детерминатив*. Идеография жазуына ұқсас, идеограмма, иероглифтердің мағыналық айырмашылықтарын көрсететін қосымша белгілер.

**ДЕФИС** *дефис* [лат. *divisip* — «бөлу»]. Тасымал белгісіне, қос сөздер арасына және реттік сан есімдерден соң қойылатын кішкене сызықша (-).

**ДЕФОРМАЦИЯ** *деформация* [лат. *deformatio* — «форманың өзгеруі»]. Бастапқы, негізгі тұлғаның өзгеріп кетуі.

**ДЕШИФРИРОВАТЬ, ДЕШИФРОВАТЬ** *дешифровка жасау* [фр. *dechiffrer* — «шифровкаалау»]. Шартты таңбамен (шифрмен) жазылған белгісіз, жұмбақ жазуларды ажыратып оқу; мыс.: *иероглиф, сына жазу, тастағы ескі жазулар* т. б.

**ДЕШИФРОВКА** *дешифровка*. Шифрлы жазуды жай жазуға айналдыру.

**ДЗЕКАНЬЕ** *дзеканье*. Белгілі бір тілде аффрикат *дз* менен сөйлеу ерекшелігі.

**ДИАГРАФ** или **ДИАГРАММА** *диаграф* [анг. *degraph*, нем. *Digraph*, фр. *digramme*]. Айтылудағы жалаң бір дыбыс орнына жазуда екі дыбыс қолданушылық; мыс.: орыс тіліндегі *счастье* сөзінің *сч*, *жжет* сөзінің *жж* дыбыстары; француз тіліндегі *cherescher* сөзінің *ch* дыбысы.



**ДИАКРИТИЧЕСКИЕ ЗНАКИ** *диакритикалық таңба* [анг. Diacritical sign, нем. diakritisches Zeichen, фр. diacritique Signe, < гр. diakritikos — «ажырататын»]. Дыбыстарды бір-бірінен ажырату үшін әріптердің астынан я үстінен, ортасынан қойылатын шартты белгілер; мыс.: ұ, Ғ, і, ө.

**ДИАЛЕКТ** *диалект* [анг. dialect, нем. Dialekt, Mundart, фр. dialecte < гр. dialektos]. Өзіне тән өзгешелігі бар, бір облысқа, ауданға тән жергілікті тіл ерекшеліктері, говор.

**ДИАЛЕКТИЗМ** *диалектизм*. Белгілі бір аудан, облыс көлемінде қолданылатын, басқа аудан, облыс адамдарына түсініксіз говорға тән, әдеби тілге енген сөздер мен сөз тіркестері. Диалектизмді көркем әдебиетте шамадан тыс қолдану әдеби тілді шұбарлайды. Көркем шығарманың авторы диалектизмді тар шеңберде ғана кейіпкер тілінің ерекшелігін бұлжытпай көрсету мақсатында қолданылады; мыс.: Ғабдол Сылановтың «Жанар тау», Х. Есенжановтың «Ақ жайық» романдарында диалектизм бар.

**ДИАЛЕКТНАЯ ЛЕКСИКА** *диалектілік лексика*. Белгілі бір диалектіге тән сөздер мен сөз тіркестері.

**ДИАЛЕКТОГРАФИЯ** *диалектография* [гр. dialektos + grapho — «жазам»]. Белгілі бір тілдің говорларын, диалектілерін картаға түсіру, сипаттап жазу.

**ДИАЛЕКТОЛОГ** *диалектолог*. Диалект пен говорларды зерттеуші ғалым, диалектология маманы.

**ДИАЛЕКТОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА** *диалектологиялық карта*. Белгілі диалектілердің территориялық ерекшеліктерін көрсететін карта.

**ДИАЛЕКТОЛОГИЧЕСКИЙ АТЛАС** *диалектологиялық атлас*. Белгілі бір жүйеге келген диалектологиялық карталардың жиынтығы.

**ДИАЛЕКТОЛОГИЯ** *диалектология* [гр. dialektos + logos — «оқу», «зерттеу»]. Тіл білімінің диалектілер мен говорларды зерттейтін саласы.

**ДИАЛОГ** *диалог* [гр. dialogos]. Екі немесе бірнеше кісінің өз ара сөйлесудегі төл сөзі. Екі адамның кезек сөйлесуін көрсетіп жазатын әдеби көркем шығарманың ерекше түрі де диалог деп аталады; мыс.: А. С. Пушкиннің «Кітап сатушы мен ақынның әңгімесі» атты шығармасындағы кейіпкер сөздері.

**ДИАТЕЗА** *diatesa* [анг. diathesis, нем. Diathesis, фр. diathese < гр. diatheses — «ыңғайласу», «орнала-су»]. Субъектің етістік арқылы көрсетілген қимыл әрекетке қатысу жайы. Ертеректе бұл термин қазіргі біз қолданып жүрген етіс (залог) орнына қолданылған.

**ДИАХРОНИЯ** *диахрония* [анг. diachrony, нем. Diachronie, фр. diachronie < гр. dia — «арқылы» + chronos — «уақыт»]. Тіл құбылыстары дамуының тарихи бағыты. Тілді бұл планда зерттеу диахроникалық немесе эволюциялық тіл білімін тудырады.

**ДИВЕРГЕНТЫ** *дивергент* [лат. divergens (divergentis) — «ажырау», «тарау»]. Сөз ішіндегі орнына қарай айтылатын белгілі бір сөз дыбысының, фонеманың сыңарлары; мыс.: орыс тілінде «о» дыбысы екпінсіз буында кейде «а» болып айтылады. (во́ды — водо́).

**ДИВЕРГЕНЦИЯ** *дивергенция* [лат. divergere — «таралу», «ажырауды байқау»]. Тілдің дамуы сатысында фонетикалық шарттарға сәйкес, бір фонеманың түрліше айтылуы.

**ДИЗЪЮНКЦИЯ** *дизъюнкция* [< лат. disjunctic]. Сөйлемдерді я сөздерді мағына жағынан ажырату.

**ДИКТАНТ** *диктант*. Оқушылардың жазу сауатын тексеру үшін жазатын жат жазу. Диктанттың бірнеше түрі бар: көрме диктант, терме диктант, бақылау диктант, ескерме диктант, тексеру диктанты, тақырып диктанты.

**ДИКТОФОН** *диктофон* [лат. dictare — «қайталау» + phone — «дауыс ету»]. Сөйлеген сөзді айналма пластинкаға жазатын және оны қайта айтып беретін аспап.

**ДИКЦИЯ** *дикция* [dictio — «айту»]. Сөйлеуде я айтудағы дыбыстар мен сөздердің айтылу мәнері.

**ДИЛОГИЯ** *дилогия* [гр. di(s) — «екі» + logos — «сөз»]. Мағынаның екі ұштылығы.

**ДИНАМИЧЕСКОЕ УДАРЕНИЕ** *динамикалық* (лепті) *екпін* [фр. accent dynamique]. Фонациялық ауаның қарқынына байланысты шығатын хроматикалық, музыкалық екпіннен, тоннан ерекше күшті екпін. Орыс тіл білімінде бұны *экспираторное ударение* деп те атайды. Динамикалық екпінге ие тілдер: орыс, украин, белорус, армян, өзбек, қазақ, грузин т. б.

**ДИСАРТРИЯ** *дисартрия* [фр. dysarthrie, < гр. dys — arthria]. Кейбір орталық нервтердің зақымдануына байланысты артикуляцияның қиындауы.

**ДИСГАРМОНИЯ** *дисгармония* [< лат. гр. dis — «приставка», гр. harmonia — «үндестік»]. Үндесудің бұзылуы, үндеспеушілік.

**ДИССИЛЯБ** *диссиляб* [анг. dissyllable, фр. dissyllable, dissylabique]. Екі сөзден құралған сөз.

**ДИССИМИЛЯЦИЯ** *диссимиляция* [анг. dissimilation, нем. Dissimilation, Entähnlichung, фр. dissimilation < dissimilis — «ұқсас емес»]. Сөз ішіндегі ұқсас дыбыстардың өзге дыбысқа айналып кетуін көрсететін ассимиляцияға қарама-қарсы процесс, фонетикалық құбылыс; мыс.: *Орыс сөзі февраль — февральдан, верблюд — велблюд* сөзінен өзгерген. Мұндай өзгеріс қазақ тілінде де кездеседі; мыс.: *мұның орнына бұның, тарелка орнына талеңке, коридор орнына коллитор деу*. Диссимиляция *м/б, р/л*.

**ДИТТО** *дитто* [фр. ditto, < гр. dittos — «екі»]. Кейбір біріккен сөздердің компоненті (диттография, диттология тәрізді сөздерді жасайтын компонент).

**ДИФТОНГ** *дифтонг* [анг. diphthong, фр. diphtongue < гр. di(s) — «екі» + phtongos — «дауыс», «дыбыс»]. Екі дауысты дыбыстың элементінен құралған дыбыс; мыс.: *и + а -я, и + у -ю*.

**ДИФТОНГИЗАЦИЯ** *дифтонгизация*. Дауысты дыбыстардың дифтонгке айналуы.

**ДИФТОНГОИДЫ** *дифтонгоидтер*. Екінші бір дауыстының элементі қосылып айтылатын дифтонгке таяу дыбыс; мыс.: о, <sup>у</sup>о: орыс тілінде <sup>у</sup>Оля, қазақ тілінде: он — <sup>у</sup>он, бу, — буу, жи — жый.

**ДИФФЕРЕНЦИЯ ЗВУКОВ** *дыбыстар дифференциясы*. Тілдің даму процесінде дыбыстардың айқындалып, саралануы.

**ДИФФУЗНЫЕ ЗВУКИ** *диффуз дыбыстар* [лат. diffusio — «қосынды»]. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, белгілі бір тілдің көне дәуірінде көбірек кездесетін бірнеше элементтерден тұратын, артикуляциясы анық емес, қосынды бір дыбыс.

**ДИЭРЕЗА** *диэреза* [анг. diaeresis, нем. Diaeresis, фр. diérese < гр. diairesis — «бөлу, жік»]. Қатар келген дауысты дыбыстарды екіге бөлу; мыс.: *Ауст — а + ист.*

**ДЛИТЕЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *созылыңқы* (ызың) *дауыссыздар* [анг. Continuant, нем. Dauerlaut, фр. Consonnes duratives]. Бұл дыбыстарды айтуда дыбыстау мүшелерінің жуысып кетуінен фонациялық ауаның шұғыл шықпай, сүзіліп, ызыңмен шығуынан пайда болатын дыбыстар; мыс.: *ф, в, с, ш, ж, з, т, б.*

**ДОЛГИЕ ГЛАСНЫЕ** *созылыңқы дауыстылар*. Әрбір созылыңқы дауысты дыбыстың екі түрлі фонеманы беруі; мыс.: *ойрат тіліндегі а — қысқа айтылуы; аа созылыңқы айтылуы; у — уу, ө — өө, ы — ыы т. б.*

**ДОЛГИЕ СОГЛАСНЫЕ** *созымды дауыссыздар*. Бір түрлі дыбыстың екі рет айтылуы; мыс.: *фин тіліндегі дауыссыздар.*

**ДОПОЛНЕНИЕ** *толықтауыш* [анг. Extension, complement, object; нем. Ergänzung, ergänzendes, фр. Complément]. Атау, ілік септіктен басқа септіктегі сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі. Толықтауыш: *тура толықтауыш, жанама толықтауыш* болып бөлінеді.

**ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *толықтауыш бағыныңқылы сөйлем* [анг. Completive clause, нем. Ergänzungssatz, фр. Proposition complétive]. *Heriari*

сөйлемді толықтырып тұратын, онсыз негізгі сөйлемдегі ой аяқталмайтын бағыныңқы сөйлем; мыс.: орыс тілінде: «я вам говорю, что он придет».

**ДОРСАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *дорсаль дауыссыз дыбыстар* [анг. dorsal, нем. dorsale, фр. dorsale < лат. dorsalis — «артқы»]. Тіл ортасының таңдай мен үстіңгі тіске тиюі арқылы айтылатын дыбыстар: мыс.: *т, д дыбыстары*.

**ДРАВИДСКИЕ ЯЗЫКИ** *дравит тілдері*. Оңтүстік Индияның Цейлон аралында тараған тілдер тобы.

**ДРЕВНИЕ ЯЗЫКИ** *көне тілдер*. Тарихы ерте заманнан бар тілдер; мыс.: *латын тілі, ертедегі болгар, хазар, оғуз тілдері*.

**ДРОЖАЩИЙ СОГЛАСНЫЙ** *діріл дауыссыз*. Тіл ұшының альвеолға тип, фонациялық ауаның өте қарқынды шығуынан пайда болатын діріл дыбыс. Мұны вибрант яки вибрациялық фонема деп те атайды; мыс.: *р дыбысы*.

**ДУБЛЕТ** *дублет* [анг. doublet, alternative, нем. Doppelform, Dublette, фр. doublet — «қабатты»]. Бір сөздің екінші бір синонимдік сыңары; мыс.: *әйел — жамағат, зайып; көрші-қоңсы; жігер-қайрат*.

## Е

**ЕДИНСТВЕННОЕ ЧИСЛО** *жекеше* [анг. Singular, нем. Singular Einzahl, фр. Singulier]. Көптік категория тәрізді грамматикалық көрсеткіші жоқ жеке сөздерге тән категория.

**ЕДИНСТВО ЯЗЫКОТВОРЧЕСКОГО ПРОЦЕССА** *тіл жасау процесінің тұтастығы*. Бұл атау тіл туралы «жаңа ілімде» ұшырайды. Марр және оның «шәкірттері» барлық тілдерге тән заңдылық дегенді идеалистерше түсініп, тілдің халықтық, ұлттық қасиетін жоққа шығармақ болды.

**ЕДИННЫЙ ЯЗЫК** *бір тұтас тіл*. Марксизм бойынша, бір тұтас тіл — әрдайым қоғамға бірдей, қоғам мүшелеріне ортақ жалпы халықтық тіл. Бір тұтас тілдің

қажеттігі туралы В. И. Ленин былай деген: «Тіл адам қатынасының аса маңызды құралы; тіл бірлігі және оның кедергісіз дамуы қазіргі замандағы нағыз және кең сауда айналымының, халықтың барлық жеке таптарға еркін және кең түрде жіктелуінің аса маңызды шарттарының бірі болып табылады».

## Ж

**ЖАРГОН** *жаргон* [анг. jargon, lingo, нем. Sonderprache, фр. jargon]. Шағын ғана әлеуметтік тапқа қызмет ететін, өзіне тән грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры жоқ, жалпы халыққа түсініксіз жасанды тіл. Бұны а р г о деп те атайды.

**ЖАРГОНЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ** *профессиональдық жаргондар*. Шағын топтың (ұры, бұзықтар) тіліндегі арголар.

**ЖЕЛАТЕЛЬНАЯ ФОРМА ГЛАГОЛА** *етістіктің қалау рай түрі*. қ. желательное наклонение.

**ЖЕЛАТЕЛЬНОЕ НАКЛОНЕНИЕ** *қалау рай*. Бір істі істеуге субъектінің ынта-ықыласы ауғандығын және іс-оқиғаның болуын, екінші біреудің тілейтінін білдіретін етістіктің түрі; мыс.: *оқығым келді, барса игі еді, алса игі еді*.

**ЖЕНСКИЙ РОД** [анг. feminine gender, нем. Weibliche genus, фр. féminin genre]. қ. род.

**ЖЕСТИКУЛЯЦИЯ** *ымдау*. Сөйлегенде басты изеу, шайқау, қол сермеу т. б.

**ЖЕСТОВ ЯЗЫК** *ым тілі*. Сөйлеу тілінің яки дыбысты тілдің орнына қолданылатын қимыл, белгілі мақаулар тілі. Адам баласының дамуына, қазіргі замандағы прогреске жетуге жәрдемдескен — дыбысты тіл, дыбысты тілдің адамзат тарихындағы ролі зор.

**ЖИВАЯ НАРОДНАЯ РЕЧЬ** *халықтың тірі тілі*. Қазіргі кезде қолдануда бар, күнделікті тұрмыста жұмсалатын халықтың сөйлеу тілі.

**ЖИВОЙ СУФФИКС** *тірі жұрнақ* [анг. living suffix, нем. lebend suffix, фр. vivant suffixe]. Негізгі түбірре

қосылып, туынды сөз жасауға қабылеті бар құнарлы қосымша.

**ЖОКАНЬЕ** *жоканье*. «И» дыбысының орнына «ж» дыбысын қолдану, «ж» мен сөйлеу.

### 3

**ЗАВИСИМЫЙ** *бағыныңқы* [анг. dependent, нем. abhanging, фр. dependant]. Мағынасы мен мазмұны басыңқы сөйлемге бағыныңқы сөйлемдер туралы айтылатын атау.

**ЗАГЛАВНАЯ БУКВА** *бас әріп*. Таңбалануы басқа әріптерден ерекше әріп.

**ЗАДНЕНЁВНЫЕ** (или велярные) **ЗВҰКИ** *таңдай арты дыбыстары* [анг. Velar, нем. Velar, фр. Velaire < лат. Velaris — «таңдай арты»]. Артикуляцияның жұмсақ таңдай, таңдай шымылдығы немесе қатты таңдайда болуы арқылы жасалатын дыбыстар.

**ЗАДНЕЯЗЫЧНЫЕ** (или гуттуральные) **ЗВҰКИ** *тіл арты дауыссыздар* [анг. guttural, нем. guttural, фр. gutturale, лат. guttur]. Тіл артының жұмсақ таңдайға я таңдай шымылдығына тиюі арқылы жасалатын дыбыстар; мыс.: *қ, ғ, х, һ*.

**ЗАЗУБНЫЙ** (или постдентальный) **ЗВҰК** *тіс арты дыбысы* [анг. post — dental, нем. Post dental, фр. Post-dental]. Тіл алдының жоғарғы тістің арт жағына тиюі арқылы жасалатын дыбыс; мыс.: *ағылшын тілінде th*, орыс тіл білімі терминінде бұл атау *з а з у б н ы й* деп аталады.

**ЗАИМСТВОВАНИЕ** *кірме* [анг. loan — word, borrowing import, нем. Entlehnung, фр. emprunt]. Белгілі бір тілге басқа тілдерден ауысқан сөздер мен сөйлемдер, қосымшалар мен дыбыстар. Басқа тілдерден ауысқан кірмелер: фонетикалық (phonétique), жазу арқылы кітаби (visuel) яки грамматикалық (graphique) болады.

**ЗАЙМСТВОВАНИЕ ЛЕКСИЧЕСКОЕ** *лексикалық кірме.* Белгілі бір тілдің сөздік қорына басқа тілден ауысқан сөздер (лексикалық ауысу).

**ЗАЙМСТВОВАННЫЕ ЗВУКИ** *кірме дыбыстар.* Белгілі бір тілге басқа тілден енген дыбыстар.

**ЗАЙМСТВОВАННЫЕ СЛОВА** *кірме сөздер.* қ. заимствование лексическое.

**ЗАКОН ГАРМОНИИ ГЛАСНЫХ** *дауыстылардың үндестік заңы.* қ. сингармонизм.

**ЗАКОН ЗВУКОВ** *дыбыс заңдары.* қ. фонетический закон.

**ЗАКОНОМЕРНОЕ ЧЕРЕДОВАНИЕ ЗВУКОВ** *дыбыстардың заңды алмасуы.* Кейбір ұқсас дыбыстар арасында болатын өзгерістер мен ауысулар; мыс.: «к»-нің «г»-ге; «қ»-ның «ғ»-ға ауысуы. *Әйнек — әйнегі; аяқ — аяғы; саусақ — саусағы.*

**ЗАКОН РАЗВИТИЯ ЯЗЫКА** *тіл дамуының заңы.* Тіл дамуының негізі қоғамның дамуымен байланысты. Дамып, өсіп отырған қоғамға қызмет ете отырып тіл дами береді. Қоғам тарихын білмейінше, тілдің даму тарихын біліп, түсінуге болмайды. Қоғамнан тыс тіл жоқ. Сондықтан тілді, оның даму заңын қоғам тарихымен, халық тарихымен тығыз байланыста зерттейді.

**ЗАКОНЫ ЯЗЫКА** *тіл заңдары.* Тіл заңдары деген ұғымға: тілдің ішкі даму заңы, грамматикалық құрылыс пен сөздік қордың алуан түрлі формаларының өзгеру заңдылығы, дыбыстардың өзгеру заңдары т. б. жатады.

**ЗАКРЫТЫЕ ГЛАСНЫЕ ЗВУКИ** *келте дауыстылар* [анг. close, нем. geschlossen, фр. son ferme]. Тіл мен иектің жоғары көтерілуіне сай; ауыз қуысының тар ашылып барып жасалуынан, тембірдің өзгеруіне сәйкес пайда болатын дыбыстар; мыс.: француз тіліндегі *éleve* сөзіндегі бірінші «е» — келте, екінші «е» — ашық; болып есептеледі. Қазақ тіліндегі *ә* — ашық, *е* — келте, *э* — келте.



**ЗАКРЫТЫЙ СЛОГ** тұйық буын [анг. close syllable, нем. gedeckte, geschlossene Silbe, фр. Syllabe fermée]. 1. Дауыстыдан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін буын; мыс.: *ал, ер, от*; 2. Бітеу буын. Дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін буын; мыс.: *жас, бал, жар, құт*.

**ЗАЛОГ** *etis* [анг. Voice, нем. Diathesis, фр. Voik, < гр. diathesis, лат. genus]. Субъектіге немесе объектіге байланысты істің қарым-қатысын білдіріп, семантикалық және формальдық тұрғыдан құбылатын етістік категориясы. Қазақ тіліндегі етіс түрлері: жай етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

**ЗАМКНУТЫЙ ГЛАСНЫЙ** бітеу дауысты (дыбыс) [анг. blocked, checked, нем. gedecktervocal; фр. voyelbe entravee]. Дауыстыға бітетін ашық буындағы дауыстыларға қарама-қарсы, дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын бітеу буындағы дауыстылар; мыс.: француз тіліндегі *дор — тір*.

**ЗАМЫКАНИЕ** *матасу*. Анықтауыш пен анықталатын сөз арасындағы байланыс, изафеттік құрылыс.

**ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКИЕ ЯЗЫКИ** *батыс европа тілдері*. Бұған неміс, француз, итальян т. б. тілдер жатады.

**ЗАПАДНОФИНСКИЕ ЯЗЫКИ** *батыс фин тілдері*. Бұған фин, карел, эстон т. б. тілдер енеді.

**ЗАПЯТАЯ үтір**. Сөйлем тіркесіндегі синтаксистік топтарды, бірыңғай мүшелер арасын бөліп тұратын тыныс белгісі.

**ЗАТВОРНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *жабысыңқы* (шұғыл) *дауыссыздар* [анг. closing plosive, нем. plosiv, фр. fermant, plosive]. Бұл — тіл білімінде сирек қолданылатын термин. С м ы ч н ы е (жабысыңқы) деген атауға тең, пара-пар атау. Ф. де Соссюр бұны «з а т в о р н ы е з в у к и» деп атайды.

**ЗВАТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *атау септік* [анг. Vocative, нем. Vokativ, фр. Vocatif < лат. Vocativus, гр. Kletike

ptosis]. Шақыру, атау формасын білдіретін септік. Сол себептен де ертедегі грамматистер атау септікті септік құрамына енгізбей, атау, шақыру формасы ретінде есептеген. Қазіргі тіл мамандары оның атау септік деп аталмай, атау формасы деп аталуын дұрыс санайды.

**ЗВОНКИЕ** (звуки) ұяң дыбыстар [анг. Voiced, нем. stimmhaft, tönnnd, Sonorlaut, фр. Sonore < лат. Sonorus — «үнді»]. Салдырдан гөрі үннің басым шығуы арқылы я дауыс түтігінде дірілдің ұяңдап шығуы арқылы жасалатын дыбыстар. Дауыссыздардың ұяңдығы — фонетикалық жағынан түрліше боп, бірнеше типке бөлінеді. Олар: **полнозвонкие** (толық ұяңдар); мыс.: орыс, украин басқа да славян тілдеріндегі ұяң дыбыстар; **полузвонкие** (шала ұяңдар); мыс.: неміс тілінің оңтүстік диалектісінде және Советтер Одағындағы азербайжан тіліндегі дауыссыздар; **звонкие придыхательные** (көмей ұяңдары); мыс.: француз, ағылшын тілдеріндегі bh, dh, gh дауыссыздары.

**ЗВУК дыбыс** [анг. Sound; нем. laut, klang, ton, фр. Son]. Фонологтардың пікірлері бойынша, бұл атау дыбыс тілінің барлық элементтерін көрсетеді. Сөйлеу мүшелерінің қатысымен айтылып, естуге болатын ең кішкентай бөлшек дыбыс делінеді. Дыбыстар ерін қатысына қарай, жасалу орнына қарай, жасалу жолына, дауыс қатысына қарай бірнеше жікке бөлінеді. **Звук билабиальный** (қос ерінді дыбыс), **звуки альвеолярные** (альвеоляр дыбыс), **звуки боковые** (бүйір дыбыстар), **звуки гласные** (дауысты дыбыстар), **звуки губные** (ерін дыбыстары), **звуки взрывные** (шұғыл дыбыстар), **звуки глухие** (қатаң дыбыстар), **звуки лабиализованные** (ерінді дауыстылар), **звуки звонкие** (ұяң дыбыстар), **звуки согласные** (дауыссыз дыбыстар) т. б.

**ЗВУКОВАЯ РЕЧЬ**, қ. звуковой язык.

**ЗВУКОВАЯ СИСТЕМА дыбыс жүйесі.** Белгілі бір тілдегі дыбыстардың (дауысты, дауыссыз) жүйесі.

**ЗВУКОВОЕ ПИСЬМО** *дыбыстық жазу*. Идеография жазуы мен буындық жазулардағыдай тұтас бір ұғымды, сөйлемді таңбамен білдірмей, тұтас ойды, ұғымды жеке дыбыс арқылы таңбалап білдіретін жазу.

**ЗВУКОВОЙ ПРОЦЕСС** *дыбыстық процесс* [фр. Procédé phonique]. Дыбыстарды қолдану жөніндегі ерекшеліктерге негізделген процесс. Мәселен, дыбысқа еліктеу, еліктеу гармониясы, аллитерация, рифма т. т.

**ЗВУКОВОЙ (слуховой) ЯЗЫК** *дыбыс тілі* [анг. auditory language, нем. Gehörssprache, фр. language auditif]. Үш тіліне қарама-қарсы сөйлеу тілі. Дыбысты тіл адамзат қоғамының нағыз қатынас құралы және ең алғашқы тілі.

**ЗВУКОВЫЕ ЗАКОНЫ** *дыбыс заңдары*. Белгілі бір тілдегі я диалектідегі фонетикалық өзгерістердің шартын білдіретін ережелер.

**ЗВУКОВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ** *дыбыс өзгерістері* [анг. phonetic change, Sound change; нем. laut wandel, lautwechsel, фр. affection, changement Phonétique]. Тілдің даму процесінде дыбыстарда болатын түрлі өзгерістер туралы айтылатын кең ұғымдағы термин. Орыс тіл білімінде дыбыстық өзгерістер деп тарихи, синхроникалық өзгерістер де айтылады (позициялық және комбинацияланған вариациялар). Дыбыстар өзгеруінің тіл-тілде басты екі түрлі өзгеру жолдары бар. Бірі — комбинаторлық өзгеріс, мұны қазақша игерулі я бағынулы өзгеріс, екіншісін — спонтандық өзгеріс, мұны қазақша игерусіз, бағынышсыз өзгеріс десе де болады.

**ЗВУКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ** *дыбыстық ерекшеліктер*. Тіл-тілдің өзіне тән дыбыстық өзгешеліктері. Дыбыстық ерекшеліктер — туыстас, тегі бір тілдер тобында да болатын құбылыс. Қазақ тілі вокализмінің өзге түркі тілдері вокализмінен өзгешеліктері де, ұқсастық жақтары да бар. Қырғыз, түркмен, алтай т. б. тілдерде дауысты дыбыстың түрліше (қысқа, созылық) айтылуы мағынаға байланысты болса, қазақ тілі вокализмінде бұндай құбылыс байқалмайды. Мәселен, түркмен тілінде *ат* — мінетін жылқы мағынасында,

*аат* — *а* : *т* — *кісінің есімі*, *мал* — қазақ ұғымындағы мағынамен бірдей болса, *маал* — *уақыт*, *мезгіл* мағынасында айтылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде еріндік өзгерістер де сирек ұшырайды. Ал қырғыз тілінде *а* фонемасы *е*, *о*, *ө* фонемаларына ауысып отырады. Осы тәрізді өзгешеліктер консонантизмнен де байқалады; мыс.: қазақ тіліндегі диакритикалық таңбалы дауыстылар: *Ғ, Қ, Ө, Ң, Ұ, Т. б.*

**ЗВУКОВЫЕ ПЕРЕХОДЫ** *дыбыс ауысуы*. Бір дыбыстың екінші дыбысқа айналуы, алмасуы.

**ЗВУКОПОДРАЖАНИЕ** қ. ономотопея.

**ЗВУКОПОДРАЖАТЕЛЬНЫЕ СЛОВА** *дыбыстық еліктеуіш сөздер*. Әр түрлі дыбыстарға, не құбылыстарға еліктеуден пайда болған сөздер; мыс.: *жарқ-жүрқ, жалт-жұлт, тарс-тұрс, дүңк-дүңк, шарт-шұрт* т. б.

**ЗВУКОСОЧЕТАНИЯ** *дыбыс тіркестері*. Қандай сөз болмасын дара дыбыстан тұрмайды, бірнеше дыбыстардың тіркесінен құралады. Жеке дара тұрып өз алдына дербес мағына беретін фонемалар тілде сирек кездеседі. Ал дыбыстар тіркесінсіз сөз құралмайды.

**ЗИЯНИЕ** *шендесу*. Сөз аралығында бірнеше дауыстылардың қатар келуі. Жалпы тіл білімінде бұл терминді *х и а т у с* деп те атайды.

**ЗНАК** *белгі* [анг. Sign, нем. Zeichen, фр. Singne]. Бұл сөз әдетте адам ойын білдіретін процестерді көрсету, бағдарлау үшін қолданылады. Бұл жерде: сұрау белгісі, леп белгісі, грамматикалық белгі, диакрикалық белгі, жуандық белгі (ъ), жіңішкелік белгі (ь) мәнінде айтамыз.

**ЗНАКИ ПРЕПИНАНИЯ** қ. пунктуация.

**ЗНАЧАЩИЕ ЧАСТИ СЛОВА** *сөздің мәнді бөлшектері* [анг. notiahal, нем. inhalts — «мәнді»]. Қатыстықты ғана көрсететін грамматикалық мүшелермен салыстырғанда деректі ұғымды, мәнді білдіретін сөздер. Бұл терминді морфема деп те атайды.

**ЗНАЧЕНИЕ** *мағына* [анг. Sens, meaning, нем. Sinn, Bedeutung, фр. Sens]. Адамның ойлауына әсер еткен

заттардың сәулесі, бейнесі шындық көріністің мазмұны. Сөздердің негізгі және ауыспалы мағынасы, деректі және абстракт мағыналары болады. «Мағына» деген термин өте кең ұғымды қамтиды.

**ЗУБНО-ГУБНОЙ** [анг. dentilabial, нем. Dentilabial, фр. dentilabiale]. қ. губно-зубной.

**ЗУБНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *тіс дауыссыздары* [анг. dental, нем. Dental, Zahnlaut, фр. dentale]. Тіл ұшының тіске тиюі арқылы жасалатын дыбыстар. Орыс тіл білімі терминологиясында *зубные* (тіс дыбыстары) деп, *з а з у б н ы е* — *тіс арты дауыссыздарын* айтады. Бұлар ағылшын, түркмен, араб, бирман тілдеріндегі тіс аралықты дыбыстардан ерекше. Неміс тіліндегі *гингвальдар* (*d — t*), ағылшын тіліндегі *альвеоляр* дыбыстар (*d, t*).

## И

**ИБЕРИЙСКО-КАВКАЗСКАЯ СЕМЬЯ ЯЗЫКОВ** *тілдердің иберия-кавказдық семьясы*. Бұған жататын тілдер, негізінен, төрт топқа бөлінеді. 1) Картвел яки иберия тобы. Бұл топқа енетіндер: грузин тілі, зан тілі, сван тілі; 2) Абхаз-адыгей тобы. Бұған: Абхаз, адыгей, убых тілдері; 3) Бацбий-кистиндік тобы. Бұған: бацбий, кистин тілдері енеді; 4) Дағыстан тобы. Бұған: авар, даргин, лак, лезгин тілдері.

**ИДЕОГРАММА** *идеограмма* [анг. ideogram, нем. ideogramm, Begriffszeichen, фр. ideogramme, < гр. idea — ұғым + gramma — «жазу»]. Жеке дыбыстарды емес, тұтас бір ұғымды білдіретін жазу белгісі; мыс.: «3» *цифры* «ү», «ш» *дыбыстарын білдіріп тұрған жоқ, белгілі бір сан ұғымын көрсетіп тұр*. Идеограмма сурет түрінде я иероглиф түрінде, шартты белгілер нұсқасында да бола береді.

**ИДЕОГРАФИЗМ** *идеографизм*. Белгілі бір ұғымды идеограмма белгісімен білдіретін жазу түрі.

**ИДЕОГРАФИЧЕСКОЕ ПИСЬМО** *идеографиялық жазу* [нем. Bilderschrift, Begriffsschrift, фр. écriture, ideographique < гр. idea — «ұғым» + grapho — «жа-

зам»]. Тұтас сөзді яки ұғымды идеограмма деп аталатын белгі арқылы білдіретін жазу. Ондай жазулар: қытай жазуы, египет жазуы, сына жазу т. б.

**ИДЕОГРА́ФИЯ** *идеография*. Идеограмма жазуы; мыс.: *қытай, египет жазулары*.

**ИДИО́МА** *идиома* [анг. idiom, нем. idiotismus, фр. idiotisme < гр. idioma — «ерекше сөйлем»]. Сөздердің тікелей мағынасынан бөлек ұғым тудыратын, көбіне басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін тұрақты сөз тіркестері; мыс.: *көз салмау, мұртын балта шаппау, тіс жарып ештеме айтпау, аза бойы қаза болу* т. б.

**ИДИОМАТИ́ЗМ** *идиоматизм*. Идиомалық тіркестер.

**ИДИОМА́ТИКА** *идиоматика*. 1. Идиомалар туралы ілім; 2. Белгілі бір тілдегі идиомалардың жиынтығы.

**ИДИОМАТИ́ЧЕСКОЕ ВЫРАЖЕ́НИЕ** *идиоматикалық сөйлемше*.

**ИДИОМАТИ́ЧЕСКОЕ СОЧЕТА́НИЕ** *идиоматикалық тіркес*. Сөздердің берік байланысты болып, бөтен мағынаны білдірмейтін тиянақты тіркесі; мыс.: *жерден жеті қоян тапқандай* (ілезде), *қой аузынан шөп алмайтын* (жуас) т. т.

**И́ДО** *идо* [эсперанто тілінде ido — «ұрпақ» деген сөз]. Жасанды тіл. Эсперантоның өңделген түрі.

**ИЕРА́РХИЯ** *иерархия* [фр. Hierarchie, Hierarki, гр. hierarchia]. Бір нәрсенің екінші бір затқа бағынышты, тәуелділігін, төменнен жоғарыға ауысуды білдіретін құбылыс. Бұл терминді Луи Ельмслев кластардың класы деген мағынада қолданған.

**ИЕРО́ГЛИФ** *иероглиф* [гр. hieroglyphoi — «қасиетті жазу»]. Ерте заманнан тарихта белгілі, тұтас ұғымды білдіретін суретті яғни идеографиялық жазу. О баста иероглиф атауы «қасиетті жазу, тасқа жазылған жазу» деген ұғымды білдіріп келсе, қазіргі кезде иероглиф деген сөз идеографиялық жазуды білдіреді.

**ИЗАФЕ́Т** *изафет*. Синтаксистік байланыстың бір түрі; тәуелдік жалғауындағы матасулы құрылыс.

**ИЗМЕНЕНИЕ ЗНАЧЕНИЯ, СЕМАНТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ** *мағына өзгеруі, семантикалық даму* [анг. Semantic change; нем. Bedeutungswandel, фр. changement Semantique]. Сөздердің әр түрлі грамматикалық қатысқа түсуі арқылы, жалпы ұғымның жалқы ұғымға да ауысуы арқылы сөз мағыналарының тарылуы, кеңейіп, ұлғаюы.

**ИЗОБРАЗИТЕЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ЯЗЫКА** *тілдің бейнелі тәсілдері* [анг. figurative speech, нем. Bildersprache, фр. figure language]. Бейнелі, мәнерлі сөздерді қолданудың, оларды айтудың тәсілі.

**ИЗОГЛОССА** *изоглосса* [анг. isoglottic, нем. isoglosse, фр. isoglosse < гр. isos — «тең бірдей», гр. glossa — «тіл, сөз»]. Тіл ерекшеліктері ортақ жерлерді географиялық картада арнап көрсететін сызықтар.

**ИЗОЛИРУЮЩИЕ (корневые) ЯЗЫКИ** *түбір тілдер* [анг. isolating, radical languages, нем. isolierende Sprachen, < фр. wurzel Sprachen — «түбір тілдер»]. Жұрнақ, жалғау жалғанбайтын, бөліп жаруға көнбейтін тілдер. Грамматикалық қатысы сөз тіркесі, көмекші сөздермен беріледі; мыс.: *қытай, вьетнам, япон тілдері*.

**ИЗОЛЯЦИЯ** *изоляция*. Грамматикалық қарым-қатынастардың интонация, сөздер тәртібі, шылау сөздер арқылы берілуі.

**ИЗЪЯВИТЕЛЬНОЕ НАКЛОНЕНИЕ** (индикатив) *ашық рай* [анг. Indicative, нем. indikativ, mood, фр. indicatif < гр. indicativus]. Ис-қимылдың осы шақ, өткен шақ, келер шақта істелетінін көрсететін етістік түрі.

**ИКАНИЕ** *икание*. «И» мен сөйлеу. Орыс тілінде «е, я» дыбыстарының орнына «и» дыбысын келтіріп сөйлеу; мыс.: *висна, кипиток* (весна, кипяток).

**ИЛЛИТЕРАТ** *иллитерат* [лат. illiteratus]. Әріппен таңбалауға болмайтын, түшкіру, ысқыру, күрсіну арқылы шығатын дыбыстар.

**ИМЕНИТЕЛЬНЫЙ ПАДЁЖ** *атау септік* [анг. nominative, нем. Nominativ, фр. nominatif, < лат. nominati-

vus]. Кім? не? деген сұрауға жауап беріп өзгерусіз тұратын, сөйлемнің бастауышы қызметінде жұмсалатын есім формаларына тән септік.

**ИМЕННАЯ ОСНОВА** *есім түріндегі негіз*. Есім сөздер қалпындағы негіз.

**ИМЕННАЯ ЧАСТЬ СОСТАВНОГО СКАЗУЕМОГО (ПРЕДИКАТИВ)** *предикатив* [анг. predicate, Prädikat, фр. attribut]. Атрибут термині француз тілінде «быть» (болу) етістігіне тіркесетін күрделі етістік сөзді көрсету үшін қолданылады. Логикалық, грамматикалық, психологиялық предикаттар деп аталатындар баяндауыштың түрі болып саналады. Ағылшын тіліндегі «предикат» деп француз тіліндегі «attribut» терминін айтады.

**ИМЕННОЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ** *есім бастауыш*. Зат есім, сын есім, сан есім мағынасында қолданушы сөздерден жасалған бастауыштар.

**ИМЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *есім сөйлем* [анг. nominal sentence, нем. Nominalsatz, фр. Phrase nominale]. Тек есім сөздерден құралған сөйлемдер. Сөйлеушінің ойы есім баяндауыш арқылы айтылатын сөйлем.

**ИМЕННОЕ СКАЗУЕМОЕ** *есім баяндауыш*. Есім сөздерден болып жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалатын баяндауыштар.

**ИМЕННОЕ СОСТАВНОЕ СКАЗУЕМОЕ** *күрделі есімді баяндауыш*. Күрделі есім сөздерден жасалған баяндауыштар.

**ИМПЕРАТИВ** *императив* [анг. imperative, нем. imperativ, фр. impératif, < лат. imperativus — «бұйрық»]. Бұйыру, талап ету мағынасында қолданылатын рай, бұйрық рай. Кейбір Индоевропа тілдерінде: императив настоящего времени (анг. impératif present) және императив будущего времени (анг. impératif futur) деген терминдер арқылы бұйрық, талаптық, мезгіл, мерзімді ажырата білу үшін жұмсалады.

**ИМПЕРФЕКТ** *имперфект* [анг. imperfect, нем. imperfekt, imperfektum, фр. imparfait, = лат. imperfect —



«аяқталмаған шақ»]. Индоевропа тілдеріндегі етістіктің өткен шақта болғанын көрсететін шақ формасы, етістіктің өткен шақ түрі.

**ИМПЛОЗИВНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *импловив дауыссыздар* [анг. *implosion, plosion*, нем. *implosion*, фр. *implosion*, < лат. *implosivus* — «жабысыңқы»]. Дыбыстау мүшелерінің біріне-бірі жабысып, нық тиюі арқылы жасалатын дыбыс: мыс.: *м, н, ң*. Әдетте импловив дыбыстар дауыссыз дыбыстардың ерекше бір түрі ретінде қаралмай, шұғыл дауыссыздардың үшінші бір түрі боп саналады.

**ИМЯ** *есім* [анг. *noun*, нем. *Nomen*, фр. *nom*, < лат. *nomina* — «ат, есім»]. 1. Заттың санын, сапасын, сынын, атын көрсететін грамматикалық сөз таптарының жинақ аты; (зат есім, сын есім, сан есім); 2. Әдетте зат есімнің синонимі ретінде де қолданыла беретін атау.

**ИМЯ ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** қ. прилагательное.

**ИМЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНОЕ** қ. существительное.

**ИМЯ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** қ. числительное.

**ИНВЕРСИЯ** *инверсия* [анг. *inversion*, нем. *inversion*, *umkehrung*, фр. *inversion*, < лат. *inversio* — «ауысу», «орын алмасу»]. Сөйлем мүшелерінің, сөздердің әдеттегі орын тәртібін бұзып, ауыстырып қолданудағы стилистикалық фигура. Бастауыш — баяндауыштан соң, анықтауыш — анықталғыш сөзден соң келеді; мыс.: *Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой, Өкінді жолың, бекінді, Әуре болма, оны қой* (Абай). (*жұртқа ұлып, жолың өкінді орнына ұлып жұртқа, өкінді жолың деп қолдану*). *Өлең сөздің патшасы сөз сарасы Қиыннан қиыстырар ер данасы* (Абай), (*патшасы өлең сөздің деп те айтуға болады*).

**ИНДОГЕРМАНСКИЙ** *индогермандық* [анг. *indogermanic*, нем. *indogermanisch*, фр. *indo-germanique*]. Немістер осы семьяға жататын екі тілді — шығыс (индия тілі), батыс (герман тілі) тілдерін бір атаумен индогерман («*indogermanisch*») тілі деп атайды.

**ИНДОЕВРОПЕЙСКАЯ СЕМЬЯ ЯЗЫКОВ** *тілдердің индоевропалық семьясы.* Біріне-бірі ұқсас, тегі бір, лексика-грамматикалық, фонетикалық негізі бір, туыстас тілдер. Бұл тілдер тобына жататындар: Славян, балтық тілдері (литва, латыш), герман тілдері (неміс, ағылшын, скандинав т. б.), роман тілдері (француз, испан, итальян, румын т. б.), индоиран тілдері: Индиядағы хинди дравид т. б., тілдерінен басқа армян, албан, грек өлі хетт, тохар тілдері. Салыстырмалы тіл білімі бойынша жазылған, кейбір орыс ғалымдарының еңбектерінде бұл термин индоевропалық ата тіл (индоевропейский праязык) а р и о е в р о п е й с к и й деп те аталған. Батыс еуропа тіл білімінде и н д о е в р о п е й с к и й (анг. indo-european, нем. indo-europäisch, фр. indo-europien) термині кеңінен таралған.

**ИНКАПСУЛИРУЮЩИЕ ЯЗЫКИ** *инкапсуляциялық тілдер* [анг. incapsulating languages, нем. einverleibende Sprachen, фр. langues encapsulantes]. Тілдерді тектестігіне, туыстығына қарай таптастырғанда көп құрамды (инкорпорациялық) тілдер деп аталатын тілге (И. Либер тарапынан) берілген атау.

**ИНКОРПОРИРУЮЩИЕ ЯЗЫКИ** *инкорпорациялық тілдер* [анг. agglomerating languages, нем. einverleibende, polysynthetische Sprachen, < гр. in «в» + corpus — «дене» осыдан инкорпорация — «денеге ену»]. Сөйлемге енетін сөздердің бір тұтас болатындығы. Полисинтетикалық (көп құрамды) тілдер деп аталатын тілдерге В. Фон-Гумбольд тарапынан қойылған екінші атау. Бұл тілді а г г л о м е р и р у ю щ и е, и н к а п с у л и р у ю щ и е, г о л о ф р а с т и ч е с к и е, п о л и с и н т е т и ч е с к и е я з ы к и деп те атай береді.

**ИНОЯЗЫЧНЫЕ СЛОВА** *кірме сөздер.* Шет тілден ауысқан сөздермен сөз тіркестері. қ. заимствование.

**ИНСПИРАЦИЯ** (вдыхание) *инспирация* [анг. inspiration, нем. Einatmung, фр. inspiration]. Сөйлегенде ауаны ішке тарту.

**ИНСТРУМЕНТАЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *көмектес септік* [анг. instrumental, нем. instrumentalis, фр. instrumental, < лат. instrumentals]. Тіл білімінде бұл септіктің:

творительный, инструментальный, орудийный падеж деген синоним атаулары бар.

**ИНТЕНСИВНОСТЬ** *интенсивтік* [анг. intensity, нем. intensitat, Druck, фр. intensite, < лат. intensio — «қарқынды»]. Бірде солғын, әлсіз, бірде күшті, қарқынды түрде дыбыстау нәтижесінде интонацияны құбылту тәсілдерінің бірі. Интенсивтік — дауыссыздарға тән келеді... Алайда дауыстыларды айтқанда екпіннің басқа түрінде, күшті екпінде де болады.

**ИНТЕРВЕРСИЯ** *интерверсия* [фр. interverson, ит. intervensione]. Көбіне метатеза туралы айтылатын атау.

**ИНТЕРВОКАЛЬНАЯ ПОЗИЦИЯ** *интервокальдық позиция*. Екі дауысты дыбыстың ортасындағы позиция.

**ИНТЕРВОКАЛЬНЫЕ** (согласные) *интервокальдық дауыссыздар* [анг. intervocalie, нем. intervokalisch, фр. intervocalique, < лат. inter — «аралық» + vocalis — «дауысты»]. Екі дауысты дыбыс арасында келетін, кейде өзгеріске түсетін дауыссыздар; мыс.: *латын тілінен француз тіліне ауысқанда интервокаль «р» дауыссызы «v»-ға ауысқан: ripat > rive.*

**ИНТЕРДЕНТАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *тіс аралықты дауыссыздар* [анг. interdental, нем. interdentalis, фр. interdental]. Ағылшын тіліндегі *th(thin)* және орыс, қазақ тілдеріндегі «с, з» тәрізді дыбыстар. Орыс тілінде тіс дыбыстарын дентальные фонемы деп атап, межзубные, гингивальные, альвеолярные, церебральные деген терминдерден оқшау санайды.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ ЛЕКСИКА** *интернационалдық лексика*. Жер жүзі халықтарының бәрі білетін, бәріне ортақ сөздер: мыс.: *коммунизм, пролетариат, интернационал, автомат* т. б.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ** *интернационалдық терминдер*. Халықаралық терминдер; мыс.: *грамматика, философия, морфология, драма* т. б.

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯ** *интерполяция* [ $\langle$  лат. *interpola-tio*  $\langle$  *interpolare* — «жаңарту»]. Белгілі бір текстті көшіріп жазу үстінде, көшіруші тарапынан қосылған сөз бен сөйлемдер.

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯ** *интерпретация* [лат. *interpreta-tio* — «түсіндіру»]. Бір нәрсеге түсінік беру, мағынасын ашу.

**ИНТЕРПУНКЦИЯ** *интерпункция* [*interpunctio* — «сөзді тыныс белгісімен бөлу»]. 1. Тыныс белгілерін қою; 2. Тыныс белгілері.

**ИНТОНАЦИЯ** *интонация* [анг. *intonation*, нем. *intonation*, *betonung*, фр. *intonation*,  $\langle$  лат. *intonare* — «қатты айту»]. Дауыс ырғағы; сөйлемді, сөз тіркесін немесе жеке сөзді айтудағы дауыс мәнері. Дауыс ырғағына байланысты: сұраулық, лептік, хабарлы, көтеріңкі интонациялар болады.

**ИНФИКС** *инфикс* [анг. *infix*, нем. *infix*, фр. *infixe*,  $\langle$  лат. *infixus*]. Түбір сөз аралығына қойылатын қосымша.

**ИНФИНИТИВ** *инфинитив* [анг. *infinitive*, нем. *infinitiv*, фр. *infinitif*]. Етістіктің тұйық рай формасы. Орыс тілінде инфинитив етістен басқа видті (тұрпат) көрсетеді; мыс.: *создать, создаться, создавать, создаваться* (совершенный и несовершенный вид). Қазақ тілінде «у» жұрнағы арқылы беріледі де (*айту, бару, келу*) шақтық, жақтық ұғымды көрсетпей, тек қимыл әрекетінің жалаң өзін көрсетеді.

**ИРАНИСТ** *иранист*. Иран халықтарының тілдері, әдебиет, мәдениет тарихының маманы.

**ИРРАЦИОНАЛЬНЫЕ ГЛАСНЫЕ** *иррациональ дауыстылар*. Өте қысқа, келте айтылатын дауыстылар.

**ИСКУССТВЕННЫЙ ЯЗЫК** *жасанды тілдер* [анг. *artificial language*, нем. *Künstliche Sprache*, фр. *langua artificielle*]. Жеке адамдар тыңнан ойлап шығарған, белгілі бір топтар ғана түсіне алатын жаргон, эсперанто, волапюк, идо, окциденталь тәрізді тілдер; мыс.: *эсперанто* — *халықаралық жасанды тіл*. Бұл тілді XIX

ғасырдың 70 жылдарында Варшава дәрігері Заменгоф шығарған.

**ИСТОРИЧЕСКАЯ (ДИАХРОНИЧЕСКАЯ) ГРАММАТИКА.** қ. грамматика историческая.

**ИСТОРИЧЕСКАЯ ДИАЛЕКТОЛОГИЯ** *тарихи диалектология.* Тарихи фактілерге негізделген, өткен уақытта болған диалекттер.

**ИСТОРИЧЕСКАЯ ФОНЕТИКА** *тарихи фонетика* [фр. historique phonétique, нем. historisch Phonetik]. Тіл дыбыстарының әр дәуірде келіп шығу, даму жолдары мен оның себептерін тексеретін фонетика.

**ИТЕРАТИВНЫЕ ГЛАГОЛЫ** *қайталама етістіктер.* Бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалатын етістіктер; мыс.: *айта-айта, жүгіре-жүгіре, сөйлей-сөйлей, күле-күле* т. б.

## Й

**ЙОТ** *йот.* Қазіргі кезде әріптік белгісі жоқ, тек латын тілінде ғана қолданылатын «j» әрпінің аты.

**ЙОТАЦИЯ** *иотация.* Дауысты дыбыс алдында «i» дыбысының айтылу ерекшелігі.

## К

**КАВКАЗСКИЕ ЯЗЫКИ** *кавказ тілдері.* Туыстығы әбден анықталмаған үш тілдің жиынтық аты: Картвелдік (грузин, сван т. б.), абхаз-адыгейлік (абхаз, кабардин т. б.), вейнахтық (чечен, ингуш, т. б.) және дағыстандық (лак, даргин т. б.) тілдер жатады.

**КАВЫЧКИ** *тырнақша.* Шартты я мысқылды түрде айтылатын сөздерді, цитаталар мен төл сөздерді, басқа сөздерден бөліп көрсететін, тыныс белгісі.

**КАЗАНСКАЯ ШКОЛА** (в языкознании) (тіл біліміндегі) *Қазан школасы.* XIX ғ. аяғында Россияда қалыптасқан лингвистикалық школа. Бұның негізін салушы И. А. Бодуэн де Куртене болды. Тіл біліміндегі бұл школа тілдің психиялық жағына және оның фонетикалық аспектіне көп назар аударған. Оның

өкілдері экспериментальдық фонетика мен фонология пионерлерінің бірі болып саналады.

**КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК** *қазақ тілі*. Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, 4244 мың адам сөйлейтін, Қазақ ССР-ның мемлекеттік тілі.

**КАКОЛОГИЯ** *какология* [фр. *Cacologia*, гр. *Kakos* — «нашар», «жаман» + *logos* — «сөз»]. Сөздің мағынасы мен формасын бұзып, теріс сөйлеуді көрсететін атау. Бұл термин *какэ м ф а т о н* терминінің синонимі ретінде де қолданыла береді.

**КАКУМИНАЛЬНЫЙ ЗВУК** *какуминалды дыбыс* [анг. *Cacuminal*, нем. *Kakuminal*, фр. *sacuminal*, лат. *sacumen*]. Тіл ұшының таңдайға жақындап жуысуы арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс; мыс.: орыс тіліндегі «р» дыбысы. Бұны лингвистикада *ц е р е б р а л ь д ы* деп те атайды.

**КАКОФОНИЯ** *какофония* [гр. *Kakorhoia* — «жағымсыз естілу»]. Құлаққа жағымсыз дыбыстар тіркесі.

**КАЛЛИГРАФ** *каллиграф* [гр. *Kalligraphia* — «көркем жазу»]. Өте әдемі көркем жазу, көркем жазушы адам.

**КАЛЬКА** *калька* [анг. *Calque*, нем. *Abklatsch*, фр. *Calque*]. Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын екінші бір тілге сөзбе-сөз аудару, ауыстыру, көшіру; мыс.: *междо-метие* — латын тілінің *inter — jectio* сөзінің калькасы, *есімдік* — орыс тілінің *местоимение* сөзінің калькасы.

**КАЛЬКІРОВАТЬ** *калькалау*. Басқа тілдің үлгісімен сөз жасау.

**КАРАИМСКИЙ ЯЗЫК** *қараим тілі*. Түркі тілдерінің қыпшақ тобының қыпшақ-половец тарауына жататын, Литва ССР-ның Вильнюс аймағында, Тракай, Паневежис қалаларында; Украин ССР-ның, Луцк, Галич қалалары төңірегінде және Қырымда Евпатория маңында тұратын — 5, 9 мың адам сөйлейтін тіл. Қазіргі қараим тілі негізінен екі диалектіден тұрады.

**КАРАКАЛПАКСКИЙ ЯЗЫК** *қарақалпақ тілі*. Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, 173 мың адам

сөйлейтін Қарақалпақ АССР-ның мемлекеттік тілі. Қарақалпақ сөйлеу тілінде екі диалекті бар. Солтүстік-Шығыс диалекті және Оңтүстік-Батыс диалекті.

**КАРДИНАЛЬНЫЕ ГЛАСНЫЕ** *дауыстылар* [анг. Cardinal vowels, нем. Grundvokale, фр. voyelles cardinales]. Тіл мен еріннің жағдайына байланысты айтылатын, ерекше акустикалық қасиеті бар дауыстылар. Халықаралық фонетикалық алфавитте, дауыстыларды айтқанда тілдің қимылдау шегін көрсететін төрт дауысты дыбысты *кардиналды* деп біледі; олар: *i, a, o, u*.

**КАРТАВЫЙ ЗВУК** *мүкіс дыбыс* [анг. burring, нем. schnarren, фр. grosseyement]. Ауаның тіл мен таңдай шымылдығының арасынан қарқынды шығуы арқылы дірілдеп шығып, дұрыс айтылмайтын дыбыс; мыс.: «р».

**КАТАХРЕЗА** *катахреза* [анг. Catachresis, нем. Katchrese, фр. Catachrese < гр. Kata + chresis]. Дәстүрлі риторика тілінде қолданылатын тәсіл. Сөздің ақиқат мәнінен әсірелеп, асырып сөйлеушілік; мыс.: орыс тілінде «*Над бездонным провалом в вечность, задыхаясь, летит рысак*» (А. Блок).

**КАТЕГОРИЯ** *категория* [гр. Kategoria]. Сөз бен құбылыстың жалпы белгісін, тобын, жігін т. б. білдіретін ғылыми атау. Лингвистикада: категория вида, категория времени, категория гласных, категория лица, категория падежа деген атау бар.

**КАУЗАТИВ** *каузатив* [анг. Causativ, нем. Kausativum, фр. Causatif]. Орыс тіл білімінде бұны понудительный залог, яки каузативные глаголы (өзгелік етіс) деп атайды. Француз тілінде каузатив мағынасы «faire» деген етістік арқылы беріледі; мыс.: *faire rire*; кейбір индоевропа тілдерінде каузатив жасау үшін ерекше элементтер қосылып айтылады.

**КАЧЕСТВЕННАЯ РЕДУКЦИЯ** *сапалық редукция*. Редукцияланған дыбыстың бастапқы қалпынан айрылуы; мыс.: «нет воды» дегендегі «воды» сөзіндегі «о» дыбысының «а»-ға айналып кетуі.

**КАЧЕСТВЕННОЕ НАРЕЧИЕ** *сапалық үстеу*. Сапалық үстеулер, негізінен, қимылдың әр алуан сапасын, сынын, бейнесін білдіріп, қайтіп?, қалай?, қалайша?, кімше?, неше? сияқты сұрауларға жауап береді. Қазақ тіл білімінде бұны сын (я бейне) үстеулер деп те атап жүр. Сапалық үстеулерге мыналар жатады; мыс.: *бірдей, ойша, көзімше, стахановша, жатпай-тұрмай, айта келе* т. б. Орыс тіліндегі **качественное наречие** (сапалық үстеу) формасы жағынан сын есімге ұқсас келеді де, -о, -е, -ски тәрізді қосымшаларға аяқталады; мыс.: *бойко, быстро, дико, блестяще, дружески* т. б.

**КАЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ** *сапалық анықтауыш*. Сын есім, сан есім, зат есім, есімдік, есімшелерден болған, анықтайтын сөздерімен қабыса байланысатын анықтауыштар; мыс.: *ақ, көк, қара, сары, жасыл, шұбар, қоңыр; қысқа, тар, үлкен, биік, аласа; жақсы, жаман, тәуір; ауыр, жеңіл, қатты, тығыз* т. б.

**КАЧЕСТВЕННОЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** *сапалық сын есім*. Қосымша жалғанбай тұрып-ақ, лексикалық мағынасы жағынан заттың сапасын я сипатын, түрін я түсін, көлемін білдіретін сын есімнің түрі; мыс.: *сары, ақ, сұр, қызыл, қара; жақсы, жаман, нашар; үлкен, зор, кіші, жеңіл* т. б.

**КВАНТИТАТИВНОЕ УДАРЕНИЕ** *мөлшер екпін* [анг. quantitative accent, нем. Quantität Akzent, фр. quantité accent <нем. Quantum — «мөлшер»]. Лебізді, үнді екпіндермен бірге кейде тілде болатын екпін. Бұл екпін түскен дауысты дыбыс созылыңқы келеді. Мөлшер екпін аздап болса да тілімізде бар құбылыс.

**КИМОГРАММА** *кимограмма* [гр. Кума — «толқын» + gramma — «жазу»]. қ. анализ кимограмм.

**КИМОГРАФ** *кимограф* [гр. Кума — «толқын», grapho — «жазам»]. Экспериментальды фонетикада дыбыстарды түрлі ирек сызыққа түсіретін аспап.

**КИНЕТИЧЕСКАЯ РЕЧЬ** *кинетикалық тіл*. Үммен сөйлеу, үм тілі.



**КИРГИЗСКИЙ ЯЗЫК** *қырғыз тілі*. Түркі тілдерінің қыпшақ-қырғыз тобына жататын, 968 мың адам сөйлейтін Қырғыз ССР-ның мемлекеттік тілі.

**КИРИЛ(Л)ИЦА** *кирилица*. Славян алфавитінің жүйесіне тән ескі славян әліпнесі. Болгардың ағайынды Кирилл және Мефоди деген адамдары жасаған алфавит.

**КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК** *қытай тілі*. Қытай-тибет семьялы тілдердің Қытай-сиам бұтағына жататын, жеті жүз миллионға жуық адам сөйлейтін Қытай Халық Республикасының мемлекеттік тілі.

**КИТАЙСТИКА** қ. синология.

**КЛАССИЧЕСКАЯ ГРАММАТИКА** *классикалық грамматика*. Ертедегі грек, латын грамматикалары.

**КЛАССОВЫЕ ДИАЛЕКТЫ** *таптық диалектілер*. Таптық я әлеуметтік диалектілер территориялық диалектілерден өзгеше. Әлеуметтік диалекті туралы айтқанда қоғамдық таптардың, белгілі бір мамандық кәсіпке ие адамның басқа адамдардан тілінің ерекшелігі ескеріледі. Қандайда болмасын белгілі бір мамандықтағы кісілер тілінің (етікші, ағаш ұстасы, тасшы, теміржолшы, сатушы т. б.), ой еңбегі адамдары тілінің (дәрігер, агроном, математик, филолог) ерекшелігі болады.

**КЛИНООБРАЗНЫЕ ПИСЬМЕНА** *сына тәріздес жазулар*. Ерте заманға тән жазба үлгісі.

**КЛИНОПИСЬ** *сына жазу* [анг. Cuneiform, нем. Keilschrift, фр. écriture cunéiforme]. Ассирия семиттерімен көрші елдердің шумер халқынан қабылдаған идеографияға негізделген буындық жазуы. Бұл жазу — тіке сызықша болып, бір жағы жалпақтау, екінші жағы үшкірлеу сынаға ұқсас келгендіктен сына жазу аталған.

**КНИЖНИЙ ЯЗЫК** *кітаби тіл*. Бұл көбінесе жазу тіліндегі, жазу дәстүріндегі ерекшеліктерді қамтиды. Қазіргі кітаби лексика жазба тілмен тікелей байланысты, ұқсас келетін, лексикалық, стильдік айырмашылығы бар шағын сөздер. Октябрь революциясына

дейінгі кітаби тілдің сипаты мүлдем өзгеше болатын. Олар араб-парсы, татар лексикасымен араласқан, жалпы халыққа түсініксіз шұбарланған сөздер болып келетін.

**КНИЖНАЯ ЛЕКСИКА** кітаби лексика. Көбіне жазба әдебиетте кездесетін лексикалық ерекшеліктер; мыс.: *рухани, ресми, құттықтау, қабылдау*.

**КОАРТИКУЛЯЦИЯ** коартикуляция. Дыбыс артикуляциясының бірдейлігі.

**КОЙНЭ** койнэ [фр. Koiné]. Бірнеше диалектілерде сөйлеушілерге ортақ тіл.

**КОЛИЧЕСТВЕННАЯ РЕДУКЦИЯ** сандық редукция. Екпінсіз буындағы дауысты дыбыстың негізгі дыбыстық қасиетін сақтап отырса да, өзінің созылыққылығы мен күші жағынан әлсірей өзгерілуі; мыс.: орыс тілінің «бурав», «буровой» сөздеріндегі «у» дыбысы «бур» дегендегі «у» дыбысынан әлсіз айтылады.

**КОЛИЧЕСТВЕННЫЕ ЧИСЛИТЕЛЬНЫЕ** есептік сан есім. Заттың санын білдіретін сан есімдер; мыс.: *бір, екі, үш, төрт, бес* т. б.

**КОМБИНАТОРНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ** комбинаторлық өзгерістер [фр. Combinatoire, нем. Kombinatorischer, англ. Heteronomous]. Бір дыбыстың екінші дыбысқа игеріліп, тәуелді болып тұруы. Дыбыстар өзгеруінің бұл түрін қазақ тілінде игерулі өзгерістер деп те атайды; мыс.: *мектеп — мектебі; ерін — ерні; көңіл — көңлі; колхоз — колхозға, мектеп — мектепке* т. б. Осындағы *ы* дыбысы *і* дыбысының ықпалымен «*n*» дыбысы ұяндап *б* дыбысына айналып тұр. *Ы* немесе *і* дыбысының түсіп қалуы — өзі тектес дыбыстың сөз соңынан жалғануына немесе тәуелденуге байланысты. *Колхозға, қызметке* деген сөздердің қосымшасы түбір соңындағы ұяң, қатаңға байланысты жалғанып, өзінен бұрынғы буындармен үйлеседі.

**КОМБИНАЦИЯ ЗВУКОВ** дыбыстар қисындасуы (бірігуі) [лат. Combinatio — «тіркес»]. Бірнеше дыбыстардың қатарласқан тізбегі, тіркесі.

**КОМИ ЯЗЫК** *коми тілі*. Угро-фин семьялы тілдер тобына жататын, 260 мыңға жуық адам сөйлейтін Коми АССР-ның мемлекеттік тілі (орт. Сыктывкар).

**КОММУНИКАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *сөйлемнің коммуникативтік функциясы* [лат. Communicatio — «қатынас», «байланыс»]. Сөйлемнің байланыстық, қатынастық қызметі.

**КОММУНИКАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ЯЗЫКА** *тілдің коммуникативтік функциясы*. Тілдің қатынас қызметі. Тіл адамдардың бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы.

**КОММУТАЦИЯ** *коммутация* [анг. Commutation, лат. Communatio — «өзгеріс, ауысуы»]. Парадигма мүшелерінің арасында болатын мутация. Ф. Соссюр, Л. Ельмслев қолданған бұл термин мутация, парадигма тәрізді атаулармен өз ара байланысты, мағыналас.

**КОМПАРАТИВИЗМ** *компаративизм* [лат. Comparativus — «салыстырмалы»]. Салыстыра зерттеу.

**КОМПАРАТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА** *компаративистикалық лингвистика*. Туыстас тілдерді салыстыра зерттеу; салыстырмалы тіл білімі.

**КОМПОНЕНТ** *компонент* [лат. Componens — «құраушы»]. Біріккен сөздердің сыңары.

**КОНВЕРГЕНТЫ** *конвергент* [лат. Convergens (convergentis — «ұқсайтын»)]. Тілдердің тарихи даму процесінде бір-біріне ұқсас, жуық келген дыбыстар, дыбыстар ұқсастығы.

**КОНКРЕТНЫЙ** *конкретті* [анг. Concrete, нем. Konkret, фр. Concret < лат. Concretus — «қатты, берік»]. Жалпылыққа, дерексіздікке қарама-қарсы, ақиқатты, деректілікті білдіретін ұғым.

**КОНКРЕТНОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *конкретті мағына*. Лексикалық, ақиқаттық мағынасы бар дербес мәнді сөздер; мыс.: *ат, ағаш, қала, қарау, жазу* т. б.

**КОНКРЕТНОЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ** *конкретті бастауыш*. Нақты, деректі, ұғымды мағынаны білдіруші есімдерден болатын бастауыш.

**КОНКРЕТНОЕ ПОНЯТИЕ** *конкретті ұғым*. Көзге көрініп, денеге сезілетін, нақтылық шындық заттардың ұғымы.

**КОНКРЕТНО-РЕЛЯЦИОННЫЕ ПРЕДЛОГИ** *конкретті реляциялық предлогтар*. Негізгі сөздің алдында тұратын шылаулар.

**КОНКРЕТНО-РЕЛЯЦИОННЫЕ СОЮЗЫ** *конкретті-реляциялық жалғаулықтар*. Сөздің алдынан келетін жалғаулықтар.

**КОНКРЕТНЫЕ ИМЕНА** *конкретті есімдер*. Заттық, сандық, сындық, мөлшерлік белгілердің нақты мағынасын көрсететін есімдер.

**КОНСОНАНС** *консонанс* [фр. Consonanse, лат. consonans — «үйлесімді»]. Құлаққа жағымды естілу.

**КОНСОНАНТ** *консонант* [лат. Consonans (consonantis)]. 1. Дауыссыз дыбыс; 2. Буын құрай алмайтын дыбыс.

**КОНСОНАНТИЗАЦИЯ** *консонантизация* [анг. Consonantization, нем. Konsonantisierung, фр. consonantification]. Дауысты (я шала дауысты) дыбыстың дауыссыз дыбысқа айналып кетуі.

**КОНСОНАНТИЗМ** *консонантизм*. Бір тілдегі дауыссыз дыбыстар жүйесі.

**КОНСОНАНТНОЕ ПИСЬМО** *консонант жазу*. Дауыссыз дыбыстардың негізінде жасалған жазу.

**КОНСТЕЛЛЯЦИЯ** *конstellляция* [анг. Constellation, нем. Konstellation < лат. constellatio — «нәрсенің орын-жайы», «жағдаяттардың ағымы»]. Бұл термин Л. Ельмслев еңбегінде «сөзді талдауда екі ұдай ауыспалылық мағына арасындағы функция» — деген ұғымда қолданылған.

**КОНСТРУКЦИЯ (ОБОРОТ)** *конструкция (орам)* [анг. Construction, нем. Konstruktion, Wort fügung, фр. construction, < лат. constructio]. Мәні мен үйлесімі, ритмі мен стилі жағынан сөйлемдегі сөздердің топқа бөлінуін көрсететін амал. Сөйлемдегі сөздердің грамматикалық байланысып, өз ара орналасуы. Конст-

рукциялар; синтаксистік конструкция, сөйлем конструкциясы, номинативті конструкция деп атала береді.

**КОНТАМИНАЦИЯ** *контаминация* [анг. Contamination, нем. Kontamination, фр. Contamination < лат. Contaminatio — «аралас»]. Екі сөйлемшенің не екі, үш сөздің бөлшектерінің бірігуінен, тоғысудың нәтижесінен жасалған жаңа сөз я сөйлемшелер; мыс.: *білек жүзіктен — білезік; қара ала құс я қара ала құш* сөздерінен — *қарлығаш* т. б.

**КОНТЕКСТ** *контекст* [лат. Contextus — «байланыс, қосылыс»]. Сөздің түрлі мәнін анық беретін, аяқталған тиянақты ойды білдіретін сөйлемдегі сөздер тобы.

**КОНЪЕКТУРА** *конъектура* [лат. Conjectura, — «болжал», «мезгеу пікір»]. Көне текстегі түсіп қалған сөздерді болжалмен қалпына келтіру.

**КОНЪЮГАЦИОННЫЕ КАТЕГОРИИ** *конъюгациялық категория*. Етістіктің жіктелу қасиеттері.

**КОНЪЮНКТИВ** *конъюнктив* [лат. Conjunctivus — «шартты рай»]. Етістіктің шартты рай түрі.

**КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫК** *корей тілі*. Генеологиялық классификация бойынша манчжур-тунгус семьялы тілдерге жататын, 25 миллион адам сөйлейтін, корей халқының ұлттық тілі. Морфологиялық типі жағынан агглютинативті тілге жатады. Корей жазуы біздің дәуіріміздің IV ғасырынан бар. Әуелгі кездерде корей тілінде қытай жазуларын пайдаланған. Тек XV ғасырдан бастап корей алфавиті жасалған.

**КОРЕЛЯТЫ** *кореляттар* [лат. Corelativus]. Сөздердің түрлі формаларында алмасушы дербес дыбыстар; мыс.: *орыс* тілінде «с — ш»; *писать* — *пишу*; қазақ тілінде *масқара* — *машқара*; *кітап* — *кітабы*.

**КОРЕНЬ** *түбір* [анг. root, нем. wurzel, фр. racine, ит. radice]. Ешбір қосымшасыз тұрып лексикалық мағына бере алатын сөздің бастапқы түрі. Жалпы тіл білімінде түбір туралы қыруар ғылыми пікірлер бар. Түбірлерді: предикативті я атрибутивті, немесе сигнификативті, немесе етістікті түбірлер, есімдікті түбірлер деп жікке бөлу кездеседі.

**КОРНЕВЫЕ ЯЗЫКИ** қ. аморфный язык.

**КОРОНАЛЬНЫЕ (СОГЛАСНЫЕ)** *корональ (дауыссыздар)* [анг. Coronal, нем. Koronale, фр. Coronale, ит. Coronale < лат. Coranalis]. Тіл ұшының қатысымен жасалатын дауыссыздар; мыс.: *т, д, н, л т. б.*

**КОРРЕЛЯЦИЯ (ЗВУКОВ)** *корреляция* [анг. Correlation, нем. Korrelation, фр. Correlation < лат. correlatio — «заттардың ара қатысы»]. Дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қарай бір-біріне ұқсас келуі; мыс.: *а — е, о — ө.*

**КОСВЕННАЯ РЕЧЬ** *бөгде сөз.* Сөйлеушінің басқа біреудің сөзін өз сөзімен айтып беруі.

**КОСВЕННОЕ ДОПОЛНЕНИЕ** *жанама толықтауыш.* Табыс септіктен басқа, септіктегі толықтауыш.

**КОСВЕННЫЙ ПАДЕЖ** *жанама септік* [анг. Oblique case, нем. Casus obliquus, abhängigier Kasus, фр. Cas oblique]. Атау септіктен басқа септіктер туралы айтылатын атау.

**КРАТКИЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫЕ** *толымсыз сын есімдер.* қ. краткие формы прилагательных.

**КРАТКИЕ ФОРМЫ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ** *сын есімнің толымсыз түрі.* Мысалы: орыс тілінде: *плох, ясен, хорош.*

**КРАТКИЙ ГЛАСНЫЙ** *ықшам (келте) дауысты.* Үнді дыбыстар құрамындағы «и».

**КРИПТОГРАММА** *криптограмма* [гр. Kryptos — «жасырын, бүркеншек», gramma — «жазу»]. Шартты белгімен жазылған құпия жазу.

**КРИПТОГРАФИЯ** *криптография* [гр. Kryptos — «жасырын, құпия», grafia — «жазам»]. Арналған адамға ғана түсінікті, шартты, құпия жазу тәсілі, құпия жазу.

**КРЫЛАТЫЕ СЛОВА** *қағида сөздер.* Кеңінен тарап, қолдануда қалыптасып кеткен нақыл, афоризм сөздер мен бейнелі, өткір сөздер.

**КСЕНОЛЕКСИКА** *ксенолексика* [гр. Xenos — «бөгдө, бөтөн» + lexikos, lexis — «сөз»]. Өзгө тилден ауысқан сөздөр мен сөйлөмшөлөр.

**КУМЫКСКИЙ ЯЗЫК** *кұмық тілі*. Туыстығы мен тектестігі жағынан түркі семьялы тілдер тобына жата-тын, қыпшақ-половец тармағының қарайым, қарашай-балқар, қырым татарлары тілдеріне жақын тіл. Бұл тілде 135 мың адам сөйлейді (Дағыстан АССР-да).

**КУРСИВ** *курсив* [лат. Cursiva litera — «қолжазбаға ұқсас»]. Қиғаштау келген типография шрифті.

## Л

**ЛАБИАЛИЗАЦИЯ** *лабиализация* [анг. labialization, нем. labialisierung, фр. labialisation < лат. labialis — «еріндік»]. Еріннің қатысуы арқылы жасалатын дыбыс.

**ЛАБИАЛИЗАЦИЯ ЗВУКОВ** *дыбыстардың лабиальдануы*. Дыбыстардың ерін қатысымен жасалуы, кейбір дыбыстарды айтқанда еріннің дөңгеленуі: мыс.: «у», «о» лабиализация жолымен жасалады.

**ЛАБИАЛИЗОВАННЫЕ ГЛАСНЫЕ** *лабиальданған дауыстылар* (ерін дауыстылары).

**ЛАБИАЛИЗОВАННЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *лабиальданған дауыссыздар*. Еріннің қысымымен жасалатын дауыссыздар; мыс.: «б», «п» еріндік дауыссыздар.

**ЛАБИАЛЬНАЯ АТТРАКЦИЯ** *лабиальдық аттракция* (ерін үндестігі). Қырғыз, алтай тілдерінде бас буындағы ерін дауыстысынан кейін тағы да ерін дауыстыларының қайталанып үндесуі; мыс.: *тооларға, сөөксүз балық*.

**ЛАБИАЛЬНЫЕ ГЛАСНЫЕ** қ. губные гласные.

**ЛАБИАЛЬНЫЕ ЗВУКИ** *лабиаль дыбыстары*. Еріннің қатысуы арқылы жасалатын дауысты, дауыссыз дыбыстар; мыс.: *дауыстылар: о, ө, у, ұ, ү; дауыссыздар: п, б, м*.

**ЛАБИАЛЬНЫЙ СИНГАРМОНИЗМ** *лабиаль сингармонизмі*. Ерін үндестігі. қ. лабиальная аттракция.

**ЛАБИОДЕНТАЛЬНЫЕ (ЗВУКИ)** *лабиодентал дыбыстар* [анг. labiodental, нем. labiodental, фр. labiodentale < labium + dens (dents) — «ерін», мен «тіс»]. Ерін мен тістің қатысуы арқылы жасалатын дауыссыз дыбыстар; мыс.: *ф, в*.

**ЛАКОНИЗМ** *лаканизм* [гр. lakonismos]. Көне Грециядағы Лакони деген жердің атынан шыққан. Бұл қала тұрғындары ұзақ, шұбалаңқы сөзден қашқан көрінеді. Пікірді түсінікті етіп, өте тұжырымды, қысқа сөйлеу.

**ЛАКОНИЧНАЯ РЕЧЬ** *жинақы сөз*. Қысқа, анық, тұжырымды сөз.

**ЛАПИДАРНЫЙ СТИЛЬ** *жинақы стиль* [лат. lapidarius — «тас»]. Тасқа жазылған ықшам ескерткішпен байланысты шыққан стиль.

**ЛАРИНГАЛЬНЫЙ (ЗВУК)** *ларингаль дыбыс* [анг. laryngeal, нем. laryngal, Kehllaut, фр. laryngal < гр. larynx — «көмей»]. Артикуляциясы көмей төңірегінде болатын гуттураль (тіл арты) типтес дыбыс.

**ЛАСКАТЕЛЬНЫЕ СУФФИКСЫ** *еркелету жұрнағы*. Еркелете, кішірейте айту мағынасында қолданылатын жұрнақтар; мыс.: орыс тілінде: *ок — дружок; ик — домик*; қазақ тілінде: *шақ — құлыншақ, қан — ботақан*. Еркелету жұрнақтары әсіресе жас балалар есіміне көбірек жалғанып айтылады; мыс.: орыс тілінде *Машенька, Ванечка, Надечка*; француз тілінде: *Margxuerite* есімінен — *Margot, Antoinette* есімінен — *Toinon*; қазақ тілінде: *Сәдуақасан — Сәкен, Шаймерденнен — Шакен; Әбдірахманнан — Әбіш; Мағрипадан — Мағаш* т. б.

**ЛАТЕРАЛЬНЫЙ ЗВУК** *дыбыс латералы* [лат. lateralis < latus (lateris) — «бүйір»]. қ. боковой звук.

**ЛАТЕРАЛЬНЫЕ СОНАНТЫ** *латераль сонанттар*. Ағылшын, француз, неміс тілдеріндегі «л» тәрізді үнді дыбыстар.



**ЛАТИНИЗМ** *латинизм*. Латын тілінен енген сөз бен сөз тіркестері.

**ЛАТИНИСТ** *латинист*. Латын тілінің маманы; латын алфавитін жақтаушы.

**ЛАТИНИЦА** *латиница*. Латын алфавиті мен жазуы.

**ЛАТЫШСКИЙ ЯЗЫК** *латыш тілі*. Индоевропа семьялы тілдер тобына жататын жарты миллион адам сөйлейтін Латвия ССР-ның тілі, орт. — Рига. Латыштардың жазбалары XVI ғ. (1586) белгілі.

**ЛЕЗГИНСКИЙ ЯЗЫК** *лезгин тілі*. Генеологиялық классификация бойынша Иберия-кавказ семьялы тілдер тобының дағыстан тілі тармағына жататын, 140 мың адам сөйлейтін лезгиндердің ұлттық тілі. Қазіргі кезде жазба тілі бар. Азербайжан ССР-ның Нидж және Варташен ауылдарында тұратын агуль, цахур, руртул тілдері де лезгин тіліне тән.

**ЛЕКСЕМА** *лексема* [гр. *lexis* — «сөз тізбегі»]. Тұтас бір кесек ұғымға не мағынаға ие сөз бен сөз тізбегі; мыс.: «*жол*» деген сөздің өз алдына лексема болғаны сияқты тіркес екі сөз «*темір жол*» да лексема болады.

**ЛЕКСИКА** *лексика* [гр. *lexikos* — «сөз»] < *lexis* — «сөз», «сөз тізбегі»]. Белгілі бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы.

**ЛЕКСИКОГРАФ** *лексикограф*. Сөздік жасауға төселген маман.

**ЛЕКСИКОГРАФИЯ** *лексикография* [анг. *lexicography*, нем. *lexikographie*, фр. *lexicographie*, ит. *lessicografia* < гр. *lexikon* — «сөздік»]. 1. Белгілі бір тілдегі сөздерді жинап, ғылыми тұрғыда өңдеп сөздік етіп шығару; 2. Сөздік жасаудың теориясы мен практикасы.

**ЛЕКСИКОЛОГ** *лексиколог*. Лексикология маманы.

**ЛЕКСИКОЛОГИЯ** *лексикология* [анг. *lexicology*, нем. *lexikologie*, фр. *lexicologie*, ит. *lessicologia* < гр. *logos* — «ұғым, ілім»]. Белгілі бір тілдің сөз байлығын, лексикасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

**ЛЕКСИКОН** *лексикон* [гр. lexikon]. Сөздік; алфавит тәртібімен тізбектелген сөздер.

**ЛЕКСИЧЕСКИЙ** *лексикалық* [анг. lexical, нем. lexikalisch, lexical]. Белгілі бір тілдің сөз байлығына, лексикасына қатысы барлық, соған тәндік.

**ЛЕКСИЧЕСКИЕ ЗАЙМСТВОВАНИЯ** *лексикалық ауысу*. Сөздердің бір тілден екінші тілге ауысуы. қ. заимствование лексическое.

**ЛЕКСИЧЕСКИЙ СОСТАВ ЯЗЫКА** *тілдің лексикалық құрамы*. қ. словарный состав языка.

**ЛЕКСИЧЕСКОЕ ГНЕЗДО** *лексикалық ұя*. Түбірлес сөздердің бір ұяда берілуі; мыс.: *бес, бесеу, бесінші, бестен* т. б.

**ЛЕКСИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *лексикалық мағына*. Сөздің заттық мағынасы.

**ЛИГАТУРА** *лигатура* [лат. ligare — «байластыру»]. Бір таңбаға тән қосылып тұтасқан типографиялық бірнеше әріп.

**ЛИНГВАЛЬНЫЕ ЗВУКИ** *езу дыбыстары*. Еріннің сүйірленбей, керісінше тартылуы арқылы түрлене айтылатын дыбыстар; мыс.: *а, ә, е, ы, і (и)*.

**ЛИНГВАЛЬНЫЙ СИНГАРМОНИЗМ** *лингваль сингармонизмі* (езу үндесдестігі). Қ. палатальная аттракция.

**ЛИНГВИСТ** *лингвист*. Тіл білімінің маманы.

**ЛИНГВИСТИКА** *лингвистика* [фр. linguistique < лат. lingua — «тіл»]. Тіл білімі, тіл туралы ғылым. Лингвистика: а) фонетика, б) семантика, в) лексикология, г) этимология, д) грамматика, е) орфография, ж) синтаксис болып бірнеше салаға бөлінеді.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ** *лингвистикалық география*. Тіл ғылымының жергілікті тіл ерекшеліктерінің шегін картография жолымен зерттейтін бөлімі.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ КАРТА МИРА** *дүние жүзінің лингвистикалық картасы*. Дүние жүзі халықтары-

ның тілдерінің территориялық шекарасын, ол халықтардың тұрған жерін белгілейтін карта.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ЛИТЕРАТУРА** *лингвистикалық әдебиет*. Тіл білімі бойынша жазылған әдебиет.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ СТИЛИСТИКА** қ. лингвостилистика.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ** *лингвистикалық терминология*. Тіл ғылымының терминдері.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ** *лингвистикалық талдау*. Сөздер мен сөйлемдерді фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктеріне қарай талдау.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЗВУКОВ РЕЧИ** *тіл дыбыстарының лингвистикалық аспекті*. Тіл дыбыстарының фонемалық жағынан пайда болуын тексеретін лингвистика аспекті.

**ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС** *лингвистикалық процесс*. Тілдің даму, өсу процесі.

**ЛИНГВОСТИЛИСТИКА** *лингвостилистика*. Әдебиет теориясы мен лингвистикалық көркем шығарма тілінің мәнерлік тәсілін, ерекшелік қасиетін зерттейтін саласы.

**ЛИТЕРА** *литера* [лат. Lit(t)era — «әріп»]. Металдан я ағаштан ойылған әріп.

**ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК** *әдеби тіл* [анг. literary language, нем. Literarische Sprache, фр. Littéraire language]. Халық тілінің негізінде қалыптасып белгілі жүйеге түскен, заңдылықтарға құрылған, айтылу, жазылу, жұмсалу нормалары бар, ойды айқын, тиянақты түрде бере алатын қоғамның барлық топтарына ортақ тіл. Ол мемлекет орындарының, ғылымның, көркем әдебиетінің, газет-журналдың, үгітші, насихатшылардың тілі.

**ЛИТОВСКИЙ ЯЗЫК** *литва тілі*. Индоевропа семьялы тілдердің батыс тобына жататын, Литва ССР-ның тілі.

**ЛИТОТА, ЛИТОТЕС** *литота* [анг. litotes, understatement, нем. Litotes, фр. Litote < гр. litotes — «қара-

пайымдық»]. Гиперболаға қарама-қарсы, үлкенді кішірейтіп айтатын мәнерлі сөз. Жазушы бұл арқылы үлкенді кішірейтіп, күштіні әлсіз етіп көрсетеді; мыс.: Етектейін еріннен, Екі елісі қалыпты. Қиған қамыс құлақтан, Бір тұтамы қалыпты. Жалбыраған жалынан Жалғыз қарысы қалыпты (Тарғын жырынан).

**ЛИЦО жақ** [анг. person, нем. Person, фр. personne, ит. persona — «жақ, жекелік»]. 1-жақ, 2-жақ, 3-жақ түрінде келетін грамматикалық категория.

**ЛИЧНОЕ МЕСТОИМЕНИЕ жіктеу есімдігі** [фр. pronom personnel, анг. pronoun personal]. Грамматикалық жақтық көрсеткіштің бірі болып, сол жақтық қатынасты көрсететін және жекеше, көпше болып келетін есімдік; мыс.: «мен», «біз», «сен», «сіз», «ол», «олар».

**ЛИЧНОЕ ОКОНЧАНИЕ жіктік жалғау** [анг. personal ending, нем. personalendung, фр. désinence personnelle]. Есімдер мен етістіктерге жалғанып жақтық ұғымды білдіретін жалғау.

**ЛИЧНОЕ ОКОНЧАНИЕ ГЛАГОЛОВ етістіктердің жіктік жалғауы.** қ. личное окончание.

**ЛИЧНО-ПРИТЯЖАТЕЛЬНОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ жіктеу есімдікті анықтауыш.**

**ЛИЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ жақты сөйлем.** Грамматикалық бастауышы бар сөйлем.

**ЛОГИЧЕСКАЯ ГРАММАТИКА логикалық грамматика.** Тіл тұлғаларын бөлек тексермей, логикалық фактілерді грамматикалық фактілермен араластыра тексеретін грамматика.

**ЛОГИЧЕСКАЯ КОНСТРУКЦИЯ логикалық конструкция.** Грамматикалық формаға бағынышсыз айтатын ойға байланысты конструкция.

**ЛОГИЧЕСКОЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ логикалық бастауыш.** қ. безличное подлежащее.

**ЛОГИЧЕСКОЕ УДАРЕНИЕ логикалық екпін.** Басқа сөзден ерекшеленіп, белгілі бір мағынаны аңғартушы ой екпіні.

**ЛОГОПЕДИЯ** *логопедия* [гр. *logos* — «сөз» + *paidein* — «түзету»]. Тілдегі сақаулық, кекештікті т. б. мүкістікті тексеретін және оларды түзетуді мақсат ететін ғылым.

**ЛОЖНАЯ ЭТИМОЛОГИЯ** *жалған этимология*. Өзге тілден келген сөздің морфологиялық құрылысын қате түсінудің нәтижесінен пайда болған мағына; мыс.: орыс тіліндегі «печенье» дегенді қазақ тілінде «*пішение*» деу. Бұл атаудың орыс тіл біліміндегі синонимі *народная этимология*.

**ЛОКАЛЬНЫЕ ПАДЕЖИ** *локаль септіктер* [лат. *localis* — «жатыс»]. Жатыс, шығыс септіктер.

## М

**МАКАРОНИЧЕСКИЙ СТИЛЬ** *макароникалық стиль* [ит. *Stile maccheronico*]. Сөзін шет тіл сөздерімен шұбарлап, шет тілдің ыңғайына қарай құрып сөйлейтін күлкілі әдеби стиль.

**МАЛАЙСКО-ПОЛИНЕЗИЙСКИЕ ЯЗЫКИ** *малайско-полинезий тілдері*. Бұл топқа жататындар: Тынық мұхиттың және Оңтүстік-Шығыс Азияның (индонезия) филиппиндегі тагал, гавай, маори тілдері, Мадагаскар аралындағы мальгаштың тілдері жатады.

**МАЛЕНЬКИЙ ЯЗЫЧОК** *кішкене тіл*. Артқы таңдаймен жалғасып жататын жылжымалы мүше. Ол бірде ауыз жолын, бірде мұрын жолын бөгеп тұрады да, осыған байланысты ауа бірде ауыздан шықса, бірде мұрыннан шығып тұрады.

**МАЛЫЕ БУКВЫ** *кіші әріптер*. Бас әріптердей емес таңбалануы жағынан кішкене болып келетін әріптер.

**МАРИЙСКИЕ ЯЗЫКИ** *мари тілдері*. Угро-фин семьялы тілдердің фин тобына жататын, Марий АССР-ның тілі.

**МАСДАР** *масдар*. Араб тіліндегі етістіктің тұйық рай формасы.

**МАТЕРИАЛЬНОЕ (ЛЕКСИЧЕСКОЕ) ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА** *сөздің лексикалық мағынасы*. Сөздің ешбір өзгеріссіз, қосымша жалғанбай тұрғандағы түбір қалпындағы заттық, ақиқат мағынасы.

**МАТРОНИМ** *матроним* [фр. *matrongme*]. Ана есімінен шыққан (жасалған) фамилия, қ. метронимический.

**МГНОВЕННЫЙ (СОГЛАСНЫЙ)** *шұғыл дауыссыздар* [анг. *momentary*, нем. *Momentan*; фр. *momentane*]. Дыбыстау мүшелерінің өз ара біріне-бірі нық жабысып, сонан соң, кенет, бірден кілт ажырап кетуінен барып фонациялық ауаның лық етіп үзіліп шығуы арқылы жасалатын дыбыстар; мыс.: *б, п, т, к, г, қ, д, ч, ц* бұл термин тіл білімінде; *взрывные согласные, эксплозивные согласные* деп те аталады.

**МЕЖДОМЕТИЕ** *одағай* [анг. *interjection*, нем. *interjektion*, Ausrut < лат. *interjectus*]. Заттың саны, сыны, күй-жайы я қимыл туралы ұғым бермейтін, сөйлемнің тұрлаулы я тұрлаусыз мүшесі бола алмайтын, демеулік, шылаулық қасиеті жоқ, тек адамның түрлі сезім дүниесінің күй-жайымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар сөздер.

**МЕЖДОМЕТНАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ЯЗЫКА** *тілдің шығуы жайында одағай теориясы*. Тіл еліктеуіш сөздер негізінде, адамдардың қатты дауыс шығару, айқайлауынан барып шыққан деуші марксизм іліміне жат, жалған теория.

**МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТЕРМИНЫ** *халықаралық терминдер*. Көптеген халықтарға мағынасы да, тұлғасы да ортақ атау сөздер; мыс.: *телефон, электрофикация, грамматика* т. б.

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЯЗЫК** *халықаралық тіл*. қ. эсперанто.

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФОНЕТИЧЕСКИЙ АЛФАВИТ** *халықаралық фонетикалық алфавит*. Тіл дыбыстарын дәл жазуға арналған алфавит.

**МЕЖЗУВНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *тіс аралықты дауыссыздар*. Астыңғы тіс пен үстіңгі тістің арасынан сызы-

лып шығатын дыбыстар; мыс.: с, з, қ. интерденталь-  
ные согласные.

**МЕЛОДИКА, МЕЛОДИЯ** *мелодика*. Дауыс ырғағы, үн көтеріңкілігі, сөйлемді я сөзді айтудағы дауыс мәнері.

**МЕРТВЫЕ ЯЗЫКИ** *өлі тілдер*. Қолданудан, қарым-қатынас құралы болудан мүлдем қалған, ізі жоқ я қазіргі кезде қатты өзгеріске түскен (латын тілі қазіргі кезде қолданылса да өлі тіл санатында) көне тілдер; мыс.: *галли тілі*.

**МЕРТВЫЙ СУФФИКС** *өлі жұрнақ*. Өзінің қосымшалық қасиетінен айрылған, өзге сөзге жалғанбайтын жұрнақтар.

**МЕСТНЫЙ ГОВОР** *жергілікті говор*. Бұл термин тіл білімінде *местное наречие*, *местный жаргон*, *патуа* деп те аталады. қ. *патуа*.

**МЕСТНЫЙ ПАДЕЖ, ЛОКАТИВ** *жатыс септік* [анг. *Locative*, нем. *Lokativ*, *Lokalis*, фр. *Locatif* < лат. *localis*]. Көлемдік, мекендік және мезгілдік мағынаны беріп, істің қайда болғандығын анықтап кімде? неде? қайда? деген сұрауларға жауап беретін септік. Местный падеж көне орыс тілінде болған. Қазір ол *предложный падеж* деп аталады.

**МЕСТОИМЕНИЕ** *есімдік* [анг. *pronoun*, нем. *Pronomen*, фр. *pronom*, итал. *pronome*]. Сан есімдердің орнына жұмсалатын, есімдер тобына жататын сөз табының бірі. Есімдіктер мағыналарына қарай мынадай топтарға бөлінеді: жіктеу есімдіктері (*мен, сен, ол*), сілтеу есімдіктері (*бұл, осы, ол сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, әні* т. б.), сұрау есімдіктері (*кім? не? неше? қай? қалай? қашан*), өздік есімдік (*өз*), белгісіздік есімдіктері (*бір, әр, әлде, біреу, кейбіреу, қайсыбір, әркім, әлдекім, әлденеше, әлдеқалай*), болымсыздық есімдіктері (*ешкім, ешбір, ештеме, ешқандай, ешқашан, ешқайсы*), жалпылау есімдіктер (*бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл* т. б.).

**МЕСТОИМЕННЫЕ АФФИКСЫ** *есімдік қосымшалары*. Есімдіктерден болған қосымшалар; мыс.: *әр-*

*кім, әрқалай, әрқашан, ешқандай, ешнәрсе* деген белгісіздік есімдіктеріндегі *әр, еш* элементтерін префикс деп қарауға болады.

**МЕСТОИМЕННЫЕ ИМЕНА** *есімдікті есімдер*. Есімдер орнына қолданылып, есімдік мағынасын білдіретін есімдіктердің түрлері.

**МЕСТОИМЕННЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ** *есімдік элементтері*. Есімдіктен пайда болған кейбір морфемалар; мыс.: *келем, анаң* дегендегі *м, ң* дыбыстары.

**МЕТАЛЕПСИС** *металепсис* [анг. *metalepsis*, нем. *Metalepsis*, фр. *metalepse* < гр. *meta-lepsis* — «ауыстыру»]. Сөз мағыналарын ауыстырып қолданудағы стилистикалық фигура; мыс.: «*түсіну*» орнына «*тыңдау*» деп айту.

**МЕТАСЕМИЯ** *метасемия* [фр. *metasemia*]. Сөз мағынасының өзгеруін көрсету мақсатында айтылатын атау.

**МЕТАТЕЗА** *метате́за* [анг. *metathesis*, нем. *Metthesis*; *Umstellung*, фр. *métathèse*, итал. *metatesi* < гр. *metathesis* — «алмастыру, ауыстыру»]. Сөз ішіндегі әріптердің орын ауыстыруы; мыс.: орыс тілінде «*галерка*» орнына «*тарелка*» деу; қазақ тілінде «*добра*» орнына «*добра*», «*қақпан*» орнына «*қаққан*» деу.

**МЕТАФОНИЯ** *метафония* [анг. *mutation*, нем. *Umlaut*, фр. *metaphonie*, итал. *metafonia*]. Түбірдегі дауыстылардың жіңішкеруі, «*а*» әрпінің «*ä*», «*о*» әрпінің «*ö*», «*и*» әрпінің «*ü*» әрпіне айналуы; мыс.: неміс тілінде *Hand* — рука, *Hände* — руки; *Stuhl* — стул, *Stühle* — стулья.

**МЕТАФОРА** *метафора* [анг. *metaphor*, нем. *Metapher*, *übertragung*, фр. *métaphore* < гр. *metaphora* — «ауысу»]. Сөздің ауыспалы, бейнелі мағынада қолдану тәсілі. Ақын, жазушылар түстері жағынан бір-біріне жақын, ұқсас заттарды бірінің орнына екіншісін ауыстырып қолданады, мыс.: *алатау ақ бас шалым көпті көрген* деген сөйлемдегі сөздердің бәрі — ауыспалы, ауыстыру мағынасында қолданылған.



**МЕТАФРАЗА** *метафраза* [гр. metaphrasis]. Белгілі бір әдеби тексттің мазмұнын басқа сөздермен дәл айтып берушілік.

**МЕТОД СРАВНИТЕЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ** В ЯЗЫКОЗНАНИИ *тіл біліміндегі салыстырмалы тарихи метод*. Туыстас, текстес тілдердің даму, өсуін тарихи тұрғыдан салыстыра тексеретін метод.

**МЕТОД СРАВНИТЕЛЬНО-ГЕНЕТИЧЕСКИЙ** *салыстырмалы генетикалық метод*. Тілдердің генезисін салыстыру тәсілімен зерттейтін метод.

**МЕТОНИМИЯ** *метонимия* [анг. metonymy, нем. Metonymie, фр. métonymie < гр. metonymia — «ауыстырып айту»]. Бір атаудың екінші бір заттың атаулық мағынасына ауыса айтылуы; мыс.: *ол екі кесе ішті. Абайды оқыдым, қаламы жүйрік* т. б.

**МЕТРОНИМИЧЕСКИЙ** *метронимикалық* [анг. metronymicon, нем. Metronymikon < гр. metrosonoma]. Ана есімінен жасалған есім, сол тәрізді әке атынан да патронимикалық есімдер жасалады.

**МИМИЧЕСКИЙ ЯЗЫК** *ым тілі*. Ойды бет-қимыл әрекетімен түсіндіру.

**МЛАДОГРАММАТИКИ** *младограмматиктер* [анг. young-neogrammarians; нем. junggrammatiker, фр. néogrammairiens]. Негізгі идеялары бойынша фонетикалық заңдардың абсолюттік шектілігін қуаттаушы, өткен ғасырдың аяғында болған, көбіне, неміс ғалымдарынан (Бручманы, Дельбрюк, Остгофор, Пауль) құралған лингвистикалық школа.

**МНОГОЗНАЧИМОСТЬ СЛОВА** *сөздің көп мағыналығы*. қ. полисемия.

**МНОГОКРАТНЫЙ ВИД** *дүркінді тұрпат*. Істің бірнеше рет қайталауын білдіретін етістіктің түрі.

**МНОГОСЛОЖНЫЙ** (или **ПОЛИСИЛЛАБИЧЕСКИЙ**) *көп буынды*. Бірнеше буыннан құралған сөз.

**МНОГОТЪЧИЕ** *көп нүкте*. Сөйлеушінің айтайын деген ойы толық аяқталмаған жағдайда қойылатын тыныс белгісі.

**МНОГОЯЗЫЧНОСТЬ** көп тілділік.

**МНОГОЯЗЫЧНЫЕ СЛОВАРИ** көп тілді сөздіктер. Бірнеше тілдің сөзі бір сөздікте берілген кітап.

**МНОЖЕСТВЕННОЕ ЧИСЛО** көптік тұлға (көпше) [анг. Plural, нем. plural, фр. pluriel]. Заттың я ұғымның көптігін білдіретін грамматикалық категория. Кейбір сөздер көптік жалғаулар арқылы көпше тұлғаны көрсетсе, кейбір сөздер тұрған қалпында-ақ көптік ұғымды білдіреді; мыс.: *шаш, көз, қол, шөп* т. б.

**МОДАЛЬНЫЕ СЛОВА** модаль сөздер [анг. Modal, нем. Modal, < лат. modus]. Сөйлеушінің айтайын деген ойға, ақиқат шындыққа қатысы, көзқарасы. Орыс, қазақ тілдерінде модаль сөздер бірдей емес. Орыс тілінде қыстырма сөйлем мүшесінің синтаксистік позициясында кездеседі. Қазақ тілінде қыстырма сөйлемде де, грамматикалық байланыс ретінде де, күрделі етістік құрамында да болады.

**МОЛДАВСКИЙ ЯЗЫК** молдаван тілі. Индоевропа семьялы тілдердің италия-роман тобына жататын, Молдаван ССР-ның мемлекеттік тілі. Орт. Кишинев.

**МОМЕНТ РЕКУРСИИ** рекурсия кезеңі. Дыбыстау мүшелерінің дыбысты шығару кезеңі.

**МОМЕНТ ЭКСКУРСИИ** экскурсия кезеңі. Дыбыстау мүшелерінің басқы қалпынан дыбыс жасауға ыңғайланған кезеңі.

**МОНГОЛИСТ** монголист. Монғол тілі мен әдебиетінің маманы.

**МОНГОЛЬСКИЕ ЯЗЫКИ** Монғол тілдері. Бурят-монғол, халка-монғол, харачин және қалмақ тілдері боп бір тілдік семья құрайтын Орта Азиялық тілдер тобы. Бұл тілдің тараған жерлері: Бурят-Монғол АССР, Монғол Халық Республикасы және қытайдағы Гансу облысы.

**МОНГОЛЬСКИЙ ЯЗЫК** монғол тілі. Бурят-монғол мен халка-монғол тілдерінің жалпы атауы.

**МОНОГРАММА** *монограмма* [лат. monogramma < гр. monos — «бір» + gramma — «әріп»]. Екі я одан да көп әріптердің ұласқан қосындысы.

**МОНОЛОГ** *монолог* [гр. monos — «бір» + logos — «сөз»]. Бір адамның, шығармадағы кейіпкердің біреуге не көпшілікке қарап, не өзі жөнінде ұзақ сөйлейтін сөзі.

**МОНОСЕМАНТИЗМ** *моносемантизм*. Бір мағыналық.

**МОНОСЕМИЯ** *моносемия*. Бір мағына.

**МОНОСИЛЛАБИЗМ** *моносиллабизм* [гр. monos — «бір» + syllabe — «буын»]. Кейбір тілдердегі сөздердің бір буындық сыпаты.

**МОНОСИЛЛАБИЧЕСКИЕ ЯЗЫКИ** *бір буынды тілдер*. Сөздері, көбіне, бір буыннан тұратын бұрынғы қытай әдеби тілі мен тибет тілі.

**МОНОФТОНГ** *монофтонг* [анг. monophthong, нем. Monophthong]. Қосынды элементсіз дара, жалаң дауыстылар; мыс.: *a, e, ы, i, ə, o, e, ұ, ү*.

**МОРДОВСКИЕ ЯЗЫКИ** *мордва тілі*. Угро-фин семьялы тілдер тобына жататын, бір миллион адам сөйлейтін Мордва АССР-ның тілі. Бұл тіл мари, венгер. коми-зырян, эстон, фин тілдерімен туыстас, тегі бір тіл.

**МОРФЕМА** *морфема* [анг. morpheme, нем. Formans, Formativ < гр. morphe — «форма»]. Сөздің бөлшектеуге келмейтін мәнді бөлімдері. Түбір сөздер, жалғау жұрнақ. Индоевропа тілдерінде: тематикалық морфема (morphemes tematiques), суффиксалды морфема (morphemes suffixant) т. б. бар. Қазіргі кездегі тіл білімінде морфема құрамына сөз тудырушы элементтер де, түбір де жатады; мыс.: орыс тіліндегі *физический*, ағылшын тіліндегі *unfriendly* деген екі сөзде үш морфемді құрам бар.

**МОРФОЛОГИЧЕСКАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ЯЗЫКОВ** *тілдердің морфологиялық таптастырылуы*. Тілдерді морфологиялық формаларына яки сөз тұлғала-

рының жасалуына қарай таптастыру; бұл классификация бойынша тілдер: аморфты немесе түбір тұлғалы, агглютинативті немесе жалғамалы, флективті немесе қопармалы, полисинтетикалы немесе көп құрамды, аналитикалы немесе талдамалы болып бөлінеді.

**МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ** *морфологиялық талдау*. Сөзді түбір және түрлі қосымшаларға қарай талдау.

**МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ ПРИНЦИП ПРАВОПИСАНИЯ** *емленің морфологиялық принципі*. Сөздің негізін, түбірін сақтап, туыс жүйе бойынша жазу; мыс.: *шегара деп айтып, шекара деп жазу. Ботагөз деп айтып, Ботакөз деп жазу.*

**МОРФОЛОГИЯ** *морфология* [анг. morphology, нем. Formenlehre, фр. morphologie, итал. morfologia < гр. morphē — «форма» + logos — «ұғым, ілім»]. Грамматиканың сөз тұлғасын, сөздердің өзгеруін зерттейтін бөлімі. Морфологияны: флективті, агглютинативті морфология деп бөледі. Флективті морфология бойынша, морфемдар тіркесу шегінде белгілі дәрежеде өзгеріс болады; мыс.: *орыс тілінде рука — руке*. Агглютинативті морфология бойынша, олардың тіркес шегінде қопарулы өзгеріс болмай, жалғау жалғанады; мыс.: *түркі тілдерінде жолдас — жолдастар, уртақ — уртақтар*.

**МОРФОНОЛОГИЯ** *морфонология*. Морфология мен фонетиканың байланысының қағидалары.

**МОСКОВСКАЯ ШКОЛА** (в языкознании) *Москва школасы* (тіл біліміндегі). ХІХ ғ. аяғында Ф. Ф. Фортунатов басқарған школа. Бұл тілдің қоғамдық сипатын, оның халықпен, халық тарихымен байланысын, тілдің қоғам құрамында өзгертінін младограмматиктерге қарағанда терең түсінді. Фортунатов тіл мен ойдың байланысы, сөздің құрылысы туралы, синтаксистік теориялар туралы ірі еңбектер берген. Фортунатов құрған бұл школаға көптеген ірі орыс ғалымдары енді. Олар: А. А. Шахматов, Г. К. Ульянов, В. Н. Щепкин, М. М. Покровский, А. И. Томсон, Д. Н. Ушаков,

Е. Ф. Будде, М. Н. Петерсон т. б. Москва школасы кезінде шет елге де әйгілі болған еді.

**МУЖСКО́Й РО́Д** қ. род.

**МУЗЫКАЛЬНОЕ УДАРЕ́НИЕ** *үнді екпін* [анг. pith, нем. musikalischer, Akzent, фр. accent musical]. Дауыс ырғағы, дауыс тонына байланысты сөз екпіні.

**МУТА́ЦИЯ** *мутаця* [анг. mutation, нем. Mutativ, фр. mutatif, лат. mutatio — «өзгеріс», «ауысу»]. Жай өзгеруге қарағанда кенет, күрт өзгерген дыбыстық өзгерістермен байланысты айтылатын атау. Мәселен, француз тілінде *tu treuves* деген сөз *tu trouves* күйіне түсіп өзгерген. Луи Ельмслев бұл терминді «бірінші дәрежелі дериват пен сол дәрежедегі класс арасындағы болатын функция» деп қолданды.

**МЯГКИЕ ГЛАСНЫЕ** *жіңішке дауыстылар* [фр. Voyelles molles]. Тілдің таңдайдың алғы шеніне қарай жуықтауынан пайда болатын дауыстылар; мыс.: *e*, (*э*), *i* (*и*), *ө* (*ү*) *y*. Орыс тіліндегі жіңішке дауыстыларға, шартты түрде, мынандай дауыстыларды жатқызады; мыс.: *и*, *е*, *е*, *я*, *ю*.

**МЯГКИЕ СОГЛАСНЫЕ** *жіңішке дауыссыздар* [анг. lax, smoth consonant, нем. Weicher Konsonant, фр. Consonne molle]. Тіл мусқылының босаңдауына байланысты шығатын дауыссыздар.

**МЯГКИЙ ЗНАК** *жіңішкелік белгі*. Айтуда дыбыстарды жіңішке естірту үшін қойылатын графикалық таңба (ь).

**МЯГКОЕ НЕ́БО** *жұмсақ таңдай*. Үстіңгі тістің ішкі жағының жоғары тұсындағы дыбыстау мүшесі. Мұны таңдай шымылдығы деп те (небная занавеска) атайды.

**МЯГКОЕ СКЛОНЕ́НИЕ** *жіңішке септеу*; мыс.: орыс тілінде сын есімнің кей түрлері жіңішке септеледі.

## Н

**НАДГОРТА́ННАЯ АРТИКУЛЯ́ЦИЯ** *көмей артикуляциясы*. Көмей дыбыстарын айтуда дауыс шымыл-

дығының өте жуық тұрып, діріл болмай, фонациялық ауаның сүзіліп шығуындағы құбылыс.

**НАДГОРТАННЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *көмей дауыссыздары*. Солтүстік Кавказ бен дағыстан тілдеріне және шығыс армян говорларына тән көмейден шығатын шұғыл дауыссыздар мен аффрикаттар.

Қазақ тілінде көмейден шығатын дыбыс жалғыз «*h*». Қазақ тілінің мектеп грамматикаларында мұны ұяң дыбыстар тобына жатқызса, фонологтардың байқауы бойынша «*h*» қатаң дыбыс ретінде танылып жүр.

**НАДПИСИ ЕНИСЕЙСКИЕ** *енисей жазбасы*. Енисей өзені бойынан табылған VI—VIII ғасырлардағы түркі халықтарының жазбалары.

**НАДПИСИ ОРХОНСКИЕ** қ. орхоно-енисейские надписи.

**НАДПИСИ УЙГУРСКИЕ** *ұйғыр жазбасы*. X—XI ғасырдағы ұйғырлардың жазбасы.

**НАДСТАВКИ** қ. протезы.

**НАДСТАВНАЯ ТРУБА** қ. резонатор.

**НАЗАЛИЗАЦИЯ** *назализация* [анг. nasalization, нем. Nasalierung, фр. nasalisation < лат. nasalis — «мұрындық»]. Дыбыстардың мұрын дыбыстарына айналуы.

**НАЗАЛИЗАЦИЯ ЗВУКОВ** *дыбыстардың назализациясы*. Дыбыстардың мұрыннан шығарылуы; мыс.: француз тілінде *мон* (менікі), *Топ* (сенікі), *сон* (оныкі) сөздеріндегі «*о*» мұрыннан шыққан дауысты боп есептеледі. Қазақ, татар тілдерінде «*ң*» дыбысының алдынан келген дауыстылар мұрыннан шыққан боп есептеледі; мыс.: *соң*, *тоңды*, *кең*, *суң*, *тұңды*.

**НАЗАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** к. носовые согласные.

**НАЗЫВНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *атаулы сөйлем*. Заттың жай-күйін, не болып жатқанын білдірмейтін, жеке сөзді не сөз тіркесін интонациямен айту арқылы жасалатын сөйлем.

**НАКЛОНЕНИЕ рай** [анг. mood, mode, нем. Modus, Diathese < лат. Modus — modo]. Етістіктен болған қимылдың әйтеуір бір уақытта болғанын, немесе белгілі бір шартты мезгілде болғанын, кейде бұйыра, қалау мағынасында айтылғанын көрсететін етістіктің ерекше бір түрі. Қазақ тілінде етістіктің бес түрлі райы бар: бұйрық рай, ашық рай, шартты рай, тұйық рай, қалау рай.

**НАРЕЧИЕ наречие.** Жергілікті тіл ерекшелігі.

**НАРЕЧИЕ үстеу** [анг. adverb, нем. Adverbium, фр. adverbe < лат. adverbium]. Мағына жағынан қимылдың алуан түрлі күй-жайын білдіріп, сөйлемде, негізінен, пысықтауыш қызметін атқаратын, морфологиялық жағынан өзгермейтін сөз табы. Үстеулер мағыналық ерекшелігіне қарай сегіз топқа бөлінеді: Мезгіл үстеуі (*бүгін, былтыр, ертең, кешкі, әлі, жаңа, қазір, бүрсігүні, жаздыгүні, жаздай*); мекен үстеулері (*ілгері, жоғары, төмен, артта, әлде қайда*); мөлшер үстеулері (*осынша, сонша, мұншалық, анағұрлым*); қимыл-сын үстеулері (*осылай, осылайша, сөйтіп, жатпай-тұрмай*); күшейту (я ұлғайту) үстеулері (*тіпті, өте, тым, нағыз*); мақсат үстеулері (*әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана*); себеп-салдар үстеуі (*жоққа, бекерге, амалсыздан*); топтау (я бөлу) үстеулері (*ондап, бір-бірлеп, көп-көптеп, топ-тобымен*).

**НАРЕЧИЯ ВРЕМЕНИ мезгіл үстеу.** Іс-қимылдың қозғалыстың мезгілін білдіріп, қашан? деген сұрауға жауап береді.

**НАРЕЧИЯ КАЧЕСТВЕННЫЕ сан мөлшер үстеуі.** Түрлі қатынасты жалпылап, я мөлшерлеп қанша? қаншалық? деген сұрауларға жауап береді.

**НАРЕЧИЕ МЕСТА мекен үстеуі.** Қимылдың орнын, бағытын білдіріп, қайда? қалай қарай? қайдан? деген сұрауларға жауап беретін үстеу.

**НАРЕЧИЕ ОБРАЗА ДЕЙСТВИЯ қимыл-сын үстеуі.** Қимылдың сапасын, тәсілін, бейнесін білдіріп қалай? қайтіп? қалайша? кімше? деген сұрауларға жауап беретін үстеу.

**НАРЕЧИЕ ПРИЧИНЫ** *себеп-салдар үстеуі*. Қимыл, істің қайтіп, қалай? істелгендігін білдіріп, қалай, қалайша, қайтіп? деген сұрауларға жауап беретін үстеу.

**НАРЕЧИЕ ПРОИЗВОДНЫЕ** *туынды үстеу*. Қосымшалар арқылы басқа сөз таптарынан жасалатын үстеу.

**НАРЕЧИЯ СЛОЖНЫЕ** *күрделі (туынды) үстеулер*. Екі сөзден бірігіп, я қосарланып жасалушы бірнеше сөзден тіркесіп, тұрақтанған үстеулер.

**НАРЕЧИЕ СРАВНИТЕЛЬНОЕ** *күшейту (я ұлғайту) үстеулер*. Заттың сынын немесе түрлі мөлшерді, көлемді аса күшейтіп, ұлғайтып көрсетіп, қалай? қандай? деген сұраққа жауап беретін үстеу.

**НАРЕЧИЕ ЦЕЛИ** *мақсат үстеуі*. Қимыл- әрекеттің мақсатын білдіретін үстеу.

**НАРИЦАТЕЛЬНОЕ ИМЯ** [фр. nom commun, англ. common noun, нем. Gattungsname]. Бір тектес заттың ұғымдарын білдіретін атау; мыс.: *тау, өзен, ағаш, көл, қала, жұлдыз, адам, қалам* т. б.

**НАРОДНАЯ ЭТИМОЛОГИЯ** *халықтық этимология*. Сауаты аз кісілердің өзге тілдегі сөз мағынасын өз тіліндегі сөздің ауанына қарай икемдеп сөйлеу дағдысы; мыс.: қазақ тілінде кейде «*шкаф*», «*автомобиль*», «*школ*» орнына «*ішкеп*», «*атамабел*», «*үшкөл*»; орыс тілінде «*поликлиника*» орнына «*полуклиника*», «*микроскоп*» орнына «*мелкоскоп*» деп айтады.

**НАРОДНЫЙ ЯЗЫК, ПРОСТОРЕЧИЕ** [англ. vulgar, нем. Vulgar]. *Халық тілі*. Дәстүрлі әдеби тілден бөлек күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым сөздер. Латын әдеби тілі кезінде француз тілі әдеби тіл болып қалыптасқанға дейін халық тілі аталып келген. Советтік тіл білімінде халық тілі деп халық боп, кейіннен ұлт болып қалыптасқан кездегі тілді айтады. Сондықтан қазіргі кездегі тілдің де, жергілікті диалектілердің де барлық формасы халықтық болып саналады.

**НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ** *осы шақ* [англ. Present, нем. Präsens, фр. présent]. Іс-әрекеттің, қимыл-процестің осы уақытта, белгілі мерзімде болып жатқандығын



көрсететін етістіктің түрі. Қазақ тілінде осы шақ негізгі етістікке көмекші етістіктердің (*отыр, тұр, жатыр, жүр*) тіркесуі арқылы жасалады. Тілімізде осы шақ екі түрлі: ауыспалы осы шақ, нақтылы осы шақ. Индоевропа тілдерінде осы шақтың жасалу жолдары ерекше. Орыс тіліндегі осы шақ — етістіктің аяқталмаған түрі арқылы жасалады. Осы шақта тұрғанда етістіктің үш жағының, жекеше, көпше тұлғасы да өзгеше болады. Осы шақтың жақтық формалары жақтық жалғаулары арқылы білінеді. Ағылшын тілінде осы шақ: Present indefinite tense (настоящее неопределенное время), Present Continouns (настоящее длительного вида) боп бөлінсе, француз тілінде: Present-passe (настоящий прошедший), present-impartin (настоящий перфект).

**НАСТОЯЩЕЕ ПЕРЕХОДНОЕ** *ауыспалы осы шақ.* Етістіктің үнемсіз көсемше түріне жіктік жалғаулардың жалғануы арқылы жасалып, істің, құбылыстың бір мезгілде болатынын, не келешекте болатындығын көрсететін осы шақтың түрі; мыс.: *мен айта-мын, мен ойнай-мын, сен көре-сің* т. б.

**НАУЧНАЯ ГРАММАТИКА** қ. грамматика научная.

**НАУЧНАЯ ТРАНСКРИПЦИЯ** ғылыми транскрипция. қ. транскрипция.

**НАУЧНЫЙ ЯЗЫК** ғылыми тіл [анг. language learned, нем. Sprache gelehrt, фр. langue savante]. Халықтық тілден өзіндік айырмашылығы да, ерекшелігі де бар, ғылыми принципке, стильге негізделген әдеби тілдің түрі.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЯЗЫК** ұлт тілі. Халықтың ұлт болып дамыған кезінде, сол халық тілінің негізінде қалыптасып жасалған белгілі бір ұлттың тілі. Белгілі бір халықтың әдеби тілі болып саналатын — мемлекет тілі.

**НАЧЕРТАТЕЛЬНОЕ ПИСЬМО** *сызба жазу.* Графикаға негізделген жазу.

**НЁБНАЯ ГАРМОНИЯ** *таңдай гармониясы.* Дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қарай болатын езу үн-

дестігі. Жіңішке дауыстыларды (езулілерді) айтқанда тіл таңдайға жуықтайды, яғни тіл мен таңдай арасындағы саңлау тараяды; жуан дауыстыларды (езулілерді) айтқанда, керісінше, тіл таңдайдан оқшауланып, тіл мен таңдай арасындағы саңлау кеңейеді.

**НЁБНАЯ ЗАНАВЁСКА** *таңдай шымылдығы* [анг. Velum, Soft palate, нем. Gaumensegel, фр. Voile du palais]. Ауаны ауыз қуысынан я мұрын қуысынан шығарып тұратын, дыбыс жасауға қатысы бар кішкене тіл мен жұмсақ таңдай.

**НЁБНО-ЗУБНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *таңдай-тіс дауыссыздары*. қ. дорсальные согласные.

**НЁБНЫЕ** (или **палатальные**) **ЗВУКИ** *таңдай дыбыстары* [анг. Palatal, front vowel, нем. Palatal, фр. Palatale < лат. Palatalis — «таңдай»]. Тілдің қатты таңдайға тиюі арқылы жасалатын дыбыстар.

**НЁБО** *таңдай* [анг. Palate, нем. Gaumen, фр. palais < лат. palatum — «таңдай»]. Дыбыс жасауға қатысы бар мүшенің бірі, ауыз қуысының жоғарғы жағы. Дыбыстардың жасау орнына қарай бұл мүше: артқы таңдай, орта таңдай, алғы таңдай болып үшке бөлінеді.

**НЕДАВНО-ПРОШЕДШЕЕ ВРЕМЯ** *жедел өткен шақ*. Етістікке және етістің бастапқы қалпына — *ды/ді, ты/ті* жұрнағын жалғау арқылы іс-қимылдың, құбылыстың тез, жылдам болғандығын көрсететін өткен шақтың түрі.

**НЕИЗМЕНЯЕМАЯ ЧАСТЬ СЛОВА** *сөздің өзгермейтін бөлімі*. Ешбір морфемаға бөлуге болмайтын, флективтік өзгеріске ұшырамайтын сөздер.

**НЕЙТРАЛЬНЫЕ ГЛАСНЫЕ** *бейтарап дауыссыздар* [анг. neutral, нем. unbestimmt, фр. neutre]. Фонетикада **нейтральный** (бейтарап) деп дыбысталуы нашар дауысты дыбыстарды айтады. Индоевропа тілдері жағдайында бейтарап дыбыстар деп орта қатардағы редукцияланған дауыстыларды айтады. Орыс тіліндегі бейтарап дауыстылар (нейтральные гласные) (э) екпін түскен буынның алдынан да, артынан да ес-

тіледі; мыс.: *самовар (сәмләвр), водовоз (вэдлвбс), паводок (пáвэдэк).*

**НЕЛАБИАЛИЗОВАННЫЕ ГЛАСНЫЕ** *езу дауыстылары.* Айтқанда еріннің сүйірленбей, керісінше тартылуы, кері жиырылуы арқылы дыбысталатын дауыстылар; мыс.: *а, е(э), ы(и), і, (и).*

**НЕЛИЧНЫЕ (ИНФИНИТИВНЫЕ) ФОРМЫ ГЛАГОЛА** *етістіктің тұйық рай формасы* [фр. *Verbum infinitum*]. Жақтық, септік, есімше категорияға ие емес етістік түрі.

**НЕОГРАФИЗМ** *неографизм* [анг. *neographism*, нем. *Neographismus* < гр. *neos* — «жаңа»; *graphiein* — «жазу»]. Неологизм үлгісімен жасалған, орфографиялық жаңалықтар туралы айтылатын атау.

**НЕОЛОГИЗМ** *неологизм* [анг. *neologism*; нем. *Neologismus*, фр. *néologisme* < гр. *neos* — «жаңа», *logos* — «сөз»]. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, сауда мен транспорттың, техника мен ғылымның үздіксіз өсуі негізінде шыққан жаңа сөздер мен сөйлемшелер.

**НЕОПРЕДЕЛЕННАЯ ФОРМА ГЛАГОЛА** *етістіктің тұйық рай формасы.* қ. инфинитив.

**НЕОПРЕДЕЛЕННОЕ МЕСТОИМЕНИЕ** *белгісіздік есімдігі* [анг. *indefinite pronouns*, нем. *indefinitpronomen*]. Негізінде *бір, әр, әлде* деген үш сөз ұйтқы болып жасалып, болжал, дұдамалдықты білдіретін есімдік. (*Біреу, кейбіреу, қайсыбір, әрбір, әркім, әрне, әрқайсы, әлденеше* т. б.).

**НЕОПРЕДЕЛЕННОЕ НАКЛОНЕНИЕ** *тұйық рай.* қ. инфинитив.

**НЕОПРЕДЕЛЕННЫЙ АРТИКЛЬ** *белгісіздік артикль* [анг. *indefinite article*, нем. *Unbestimmter Artikel*, фр. *article indefini*]. Француз, ағылшын, неміс тілдеріндегі артикльдің бір түрі; мыс.: ағылшын тілінде *а, an (ə), (əп)*, неміс тілінде *ein* және *eine*, француз тілінде *un, du* т. б.

**НЕОФИЛОЛОГИЯ** *неофилология.* Жаңа филология.

**НЕПАЛАТАЛЬНЫЕ ГЛАСНЫЕ** жуан дауыстылар; а, о, ұ (у), и.

**НЕПЕРЕХОДНЫЙ** (интранзитивный) **ГЛАГОЛ** салт *etiistik* [анг. intransitive, нем. intransitiv, фр. intransitif < лат. in-transitivus]. Тура толықтауышқа мағынасы сабақталмай, істің өзін білдіретін етістіктің түрі. Орыс тілінде салт, сабақты болуы — *ся* формасының болуына да, болмауына да байланысты; мыс.: *купать, купаться*. Сондай-ақ *сказать* және *говорить* деген сөздер жанама, тура толықтауыш пен сабақталып та келе береді.

**НЕПОЛНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** толымсыз сөйлем. Мүшелерінің біреуі немесе бірнешеуі айтылмайтын олқы сөйлем.

**НЕПОЛНОЗНАЧНОЕ СЛОВО** олқы мәнді сөз. Толық мәнді сөздерге қатыстығын білдіретін көмекші сөздер.

**НЕПРАВИЛЬНЫЕ ГЛАГОЛЫ** кеміс етістіктер; мыс.: орыс тілінде *искать* — *ищу*, *полоскать* — *полю*.

**НЕПРИКРЫТЫЙ СЛОГ** ашық буын. Бір дауыстының өзінен болған, немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буын; мыс.: *а-тар, ә-лек; ба-ла, көл-ге* т. б.

**НЕПРОДУКТИВНЫЕ АФФИКСЫ** өнімсіз аффикстер. Сөз өзгертуге және сөз жасауға қабілеті аз қосымшалар.

**НЕПРОИЗВОДНАЯ ФОРМА** түбір тұлға. Қосымшасыз тұрып, толық мағынаға ие болатын дербес сөздер; мыс.: *бас, қол, ол, ал* т. б.

**НЕПРОИЗВОДНОЕ СЛОВО** қ. непроизводная форма.

**НЕПРОИЗВОДНЫЙ ГЛАГОЛ** түбір етістік. Қосымшасыз тұрып, іс-әрекет, қимылды білдіретін дара етістік; мыс.: *ал, бер, кел, айт*.

**НЕРАСПРОСТРАНЁННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жа-лаң сөйлем.* Тұрлаулы мүшелерден ғана тұратын сөйлем.

**НЕСЛОГОВОЙ ЗВУК** *буын жасамайтын дыбыс* [анг. Consonant, unsyllabis, нем. Mitlaut, фр. Consonante]. Дауысты және сонант төңерегіне топталушы буындар элементі. Француз тілінде дауыссыз «f» мен сонант «и» және «r»; сонант «i» дыбысына қарағанда, буын құрай алмайтын боп есептеледі.

**НЕСОВЕРШЁННЫЙ (ИМПЕРФЕКТИВНЫЙ) ВИД** *аяқталмаған түр* [анг. imperfect, нем. imperfektive Aktionsart, фр. aspect imperfectif]. Индоевропа тілдеріне тән етістік түрі. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, етістіктің вид (түр) категориясы туралы талас пікірлер бар.

**НЕУДАРНЫЙ СЛÓГ** *екпінсіз буын.* Екпін түспейтін буын.

**НЕУТВЕРДИТЕЛЬНОЕ БУДУЩЕЕ ВРЕМЯ** *болжалды келер шақ.* Келешекте болатын іске шек, мөлшер қойылмай, болжалдап айтылатынын білдіретін келер шақтың түрі; мыс.: *көгермін, барармын, айтармын* т. б.

**НИСХОДЯЩЕЕ УДАРЕНИЕ** *бәсең екпін.* Кейбір тілдерде сөздің басқы буыны күшті айтылып, соңғы буынының бәсең айтылуы.

**НИСХОДЯЩИЙ ДИФТОНГ** *тұйық дифтонг* [анг. diphthong falling, нем. Diphthong fallend, фр. diphtongue décroissant]. Екі дыбыстан құралған дифтонгiнiң алғашқысының буын жасап, кейiнгiсiнiң буын жасай алмауы.

**НОМИНАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ** *номинативтi функция.* Сөздің атаулы қасиетi. Жалқы есiмдер өздiгiнен тұрып, номинативтiк қызмет атқара алады. Ал жалпы есiмдер бұл қасиетке ие емес.

**НОМИНАТИВНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *номинативтi (атаулы) сөйлем.* қ. назывное предложение.

**НОМИНАЦИЯ** *номинация* [лат. nominatio]. *Есiм, атау.*

**НОРМАТИВНАЯ ГРАММАТИКА** *нормативті грамматика*. Белгілі бір тілдің морфологиялық, синтаксистік нормаларын белгілейтін грамматика.

**НОСОВАЯ ПОЛОСТЬ** *мұрын қуысы*. Дыбыс жасауға қатысты мүшенің бірі. Мұрын қуысы арқылы кейбір үнді дауыссыздар (*м, н, ң*) жасалады.

**НОСОВОЙ ЗВУК** *мұрын жолды дыбыстар* [анг. Nasal, нем. Nasenlaut, Nasal]. Ауыз жолды дыбыстардай емес, мұрыннан шығатын үнді дыбыстар: *м, н, ң*.

**НОСОВЫЕ ГЛАСНЫЕ** *мұрын жолды дауыстылар*. қ. гласные назализованные.

## О

**ОБЕРТОН** *обертон* [анг. harmonic sound, overtone, нем. mitklingender ton, фр. harmonique]. Негізгі дауысқа ерекше отенок беретін үстеме, қосымша дауыс (дыбыс). Бұны *парциальные тоны* деп те атайды.

**ОБИХОДНАЯ РЕЧЬ** *күнделікті (әдетті) сөз*. Күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылатын сөздер.

**ОБЛАСТНАЯ РЕЧЬ** *облыстық сөз*. Әр облысқа тән тілдегі жергілікті ерекшелік.

**ОБОВЩАЮЩИЕ СЛОВА** *жалпылауыш сөздер*. Сөйлемнің бірыңғай мүшесі ретінде бірде баяндауышқа қатысты болып, бірде бастауышқа қатысты болып келетін сөздер.

**ОБОЗНАЧЕНИЕ БУКВЕННОЕ** *әріптік белгі*. Әріппен белгілеу, таңбалау.

**ОБОРОТ (РЕЧИ) РЕЧЕНИЕ** *сөз орамы* [анг. locution, formula, нем. Ausdruck, Redensart, фр. locution]. Лексикалық тұтас ұғым жасайтын бірнеше сөздер тобы. Сөз орамы есімшелі орам, көсемшелі орам т. б. болып келеді.

**ОБОСОБЛЕНИЕ** *оңашалану*. Сөйлемнің оңашаланған мүшелері.

**ОБОСӨБЛЕННЫЕ СЛОВА** *оңашаланған сөздер.* Сөйлем құрамындағы қыстырма, қаратпа, одағай сөздер.

**ОБРАЗНАЯ РЕЧЬ** *бейнелі сөз.* Мәнерлі, бейнелі сөздер тіркестері. Кейде *образное выражение* (бейнелі сөйлемше деп) те аталады.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРЕФФИКСЫ** *сөз жасаушы префикстер.* Түбір сөздің алдында келіп, сөз жасайтын префикстер; мыс.: орыс тілінде *при-ход, у-ход, о-хота.*

**ОБРАЗОПОДРАЖАТЕЛЬНЫЕ СЛОВА** *бейнелеуіш сөздер.* Табиғатта, жаратылыста кездесетін құбылыстардың елесін я бейнесін білдіретін сөздер; мыс.: *қарға қарқ етті, ірімшік аузынан салп етті* (Абай).

**ОБРАЩАТЕЛЬНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *қаратпа сөйлем.* Белгілі бір істің не бір нәрсенің жайын баяндау я біреудің назарын аудару мақсатымен айтылатын сөйлем.

**ОБРАЩЕНИЕ** *қаратпа сөз.* Сөйлемдегі ойдың, ұсыныстың біреуге арналғанын білдіретін сөз.

**ОБСТОЯТЕЛЬНАЯ ФОРМА** *пысықтауыш форма.* Белгілі бір сөз таптарынан болып, іс-әрекеттің мезгіл-мекенін, амал-мақсатын білдіретін синтаксистік мүшелердің бір түрі.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО** *пысықтауыш* [анг. 'adverb, нем. Umstandsbestimmung, die adverbiale, фр. Complément]. Іс-әрекеттің мезгіл, мекенін, амалын білдіретін синтаксистік мүше. Қазақ тіліндегі *пысықтауыш* мүше бес топқа бөлінеді. *Мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, қимыл-сын пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш.*

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВЕННОЕ ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *пысықтауыш бағыныңқы сөйлем.* Сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің басыңқыда айтылған бір істің амалын, себебін, мезгілін, мақсатын білдіріп тұратын сөйлем.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО ВРЕМЕНИ** *мезгіл пысықтауыш.* Баяндауыш қызметіндегі етістіктің шақтық мағынасын дәлелдеп, болған мезгілін көрсететін, пысықтауыш мүшенің бір түрі.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО МЕСТА** *мекен пысықтауыш.* Қимылдың, іс-әрекеттің орнын, бағдарын білдіретін пысықтауыш мүшенің бір түрі.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО ОБРАЗА ДЕЙСТВИЯ** *қимылсын пысықтауыш.* Іс-әрекеттің қалай, қайтп болғандығын білдіретін пысықтауыштың бір түрі.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО ПРИЧИНЫ** *себеп пысықтауыш.* Баяндауыш қызметіндегі етістіктің себебін білдіретін пысықтауыштың бір түрі.

**ОБСТОЯТЕЛЬСТВО ЦЕЛИ** *мақсат пысықтауыш.* Іс-әрекеттің не үшін, қандай мақсат үшін істелгендігін білдіретін пысықтауыштың бір түрі.

**ОБЩАЯ ЛЕКСИКА** *жалпы лексика.* Сөйлеу тілде де, жазба тілде де қолданылатын жалпы халықтық сөздер.

**ОБЩЕЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ** *жалпы тіл білімі.* Тілдердің қалай пайда болып, қалай дамығанын, оның құрылысын, ғылымда алатын орнын жалпы түрде үйрететін ғылым.

**ОБЩЕНАРОДНЫЙ ЯЗЫК** *жалпы халықтық тіл.* Барлық халыққа бірдей, ортақ тіл.

**ОБЩИЙ ЯЗЫК** *жалпы тіл* [анг. Common language, нем. Gemeinsprache, фр. langue commune]. Жалпы халыққа, көпке тән тіл; мыс.: біздің дәуірімізден бұрын IV—III ғасырдағы грек қойнә тілі.

**ОБЩНОСТЬ ЯЗЫКА** *тіл тұтастығы.* Тілдің бірлігі, бүтіндігі.

**ОБЪЕКТ, ДОПОЛНЕНИЕ** [анг. Object, нем. Objekt, фр. Objet]. қ. дополнение.

**ОБЪЕКТ (ДОПОЛНЕНИЕ) КОСВЕННЫЙ** *жанама толықтауыш.* Заттың қимылын, процесін білдіріп, етістіктерге жанама түрде ауысып толықтайтын синтаксистік мүше.



**ОБЪЕКТ (ДОПОЛНЕНИЕ) ПРЯМОЙ тура толықтауыш, қ.** прямое дополнение.

**ОБЪЕКТИВНЫЙ ПАДЕЖ объективтік септік, қ.** родительный падеж.

**ОГУБЛЕННЫЙ ЗВУК қ.** лабиализованные гласные.

**ОГУБЛЕНИЕ еріндеу** [анг. Rounding, нем. Rundung, фр. arrondissement]. Еріннің дөңгеленіп я сүйірлене құбылуы арқылы айтылатын дыбыстардың қасиеті, мұны көбіне, лабиализация (labialisation) деп атайды: мыс.: қазақ тілінде о, ө, ұ, ү.

**ОДИНАРНЫЕ СОГЛАСНЫЕ дара дауыссыздар.** Өзіне ұқсас пары жоқ дыбыстар; мыс.: р, һ, ф, т. б.

**ОДНОЗНАЧАЩИЕ СЛОВА қ.** однозначные слова.

**ОДНОЗНАЧНОСТЬ бір мағыналық.** «Әрбір грамматикалық функция бір таңбамен біліну керек, әрбір таңба — бір ғана функцияны білдіру керек» дегенге сай логикалық принцип. Бұл принцип ешбір тілде күні бүгінде қолданылмайды.

**ОДНОЗНАЧНЫЕ СЛОВА бір мағыналы сөздер.** Көп мағынасы жоқ, дара мағынаға ие сөздер.

**ОДНОРОДНОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ бірыңғай анықтауыш.** Анықтауыштың сөйлем ішінде біреуден артық болып келуіне қарай, кейде үйірлі анықтауыш деп те атайды.

**ОДНОРОДНОЕ СКАЗУЕМОЕ бірыңғай баяндауыш.** Сөйлем ішінде қатарласа келген баяндауыштардың өз ара тектестігі.

**ОДНОРОДНЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ сөйлемнің бірыңғай мүшелері.** Бір сөйлем құрамында тұрлаулы я тұрлаусыз мүшенің біреуінің, кейде бірнешеуінің тізбектеліп қатар келуі.

**ОДНОСЛОЖНЫЙ, МОНОСИЛЛАВИЧЕСКИЙ бір буынды** [анг. Monosyllable, нем. einsilbig, гр. monosyllabe]. Бір буыннан тұратын сөз.

**ОДНОФОКУСНЫЕ СОГЛАСНЫЕ бір фокусты дауыссыздар;** мыс.: «с» дыбысы. қ. двухфокусные согласные.

**ОДУШЕВЛЁННЫЙ ПРЕДМЕТ** *жанды зат.* Жанды затқа қатысты ұғымдарды көрсететін грамматикалық категория.

**ОЗВОНЧЕНИЕ** *ұяңдану* [анг. Significance, нем. Bedeutung, фр. Signification]. Бұл, көбіне, мағына сөзінің синонимі ретінде қолданылатын сөз.

**ОЙРОТСКИЙ ЯЗЫК** *ойрот тілі.* Дәрбет, торғауыт, баит тәрізді уақ говорларға бөлінген ойроттардың тілі. Ойрот тілі монғол тілінен кейбір грамматикалық, лексикалық, фонетикалық ерекшеліктер арқылы көбіне өзгешелеу келеді. Ойрот жазуы ескі монғол алфавитінің негізінде 1646 ж. жасалған. Ойроттар Монғол халық республикасында, Синьцзян провинциясында тұрады. Тарихшы И. Бичуриннің айтуы бойынша, ойротты қалмақ деп те атаған көрінеді. Қазіргі алтай тілі 1947 жылға дейін бір кезде үстемдік еткен монғолдың ойрот руының есімімен аталып келген. 1947 жылдан бастап «ойрот» орнына «алтайлар» деп аталып келеді.

**ОКАНИЕ** *оканье.* Орыс тілінде екпін түспейтін буындағы «о» дыбысын «а» түрінде айтпай «о» қалпында айтушылық.

**ОКОНЧАНИЕ** *жалғау* [анг. termination, ending; нем. Endung, flexionsendung, фр. desinence]. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, сөз тудырып, сөз өзгертіп (түрлендіріп) тұратын қосымша.

**ОКОНЧАНИЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНОГО** *сын есім жалғауы.* Сын есімдерді бір-бірінен санына, сапасына байланысты ажырату үшін жалғанатын шырай жұрнақтары. Орыс тілінде сын есім родқа жіктеліп, бөлінеді; мыс.: *хороший — хорошая, старый — старая.*

**ОКРАСКА СТИЛИСТИЧЕСКАЯ** *стильдік рең.* Стильдің көркемдік сапасы.

**ОКРАСКА ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ** *эмоциональдық өң.* Сөздің, сөйлемнің бейнелі, мәнерлі сапасы.

**ОМЕГА** *omega* [гр. omega — «үлкен, ұзақ»]. Грек алфавитіндегі соңғы әріптің аты.

**ОМИКРОН** *омикрон.* Сөздің қысқа, өте ықшам айтылуы.

**ОМОГРАФ** *омограф* [анг. homograph, нем. Homogramm, фр. homogramme < гр. Romos — «бірдей» + grapho — «жазам»]. Бір түрлі жазылып, әр түрлі оқылып, түсінілетін я айтылатын сөздер; мыс.: орыс тілінде *мат*: 1) шахмат термині (парсының *mat* + «өлді» деген сөзі); 2) циновка (ағылшынның *mat* сөзі) т. б.

**ОМОНИМ** *омоним* [анг. homonym, нем. Homonym, фр. homonyme, итал. omonimo, гр. homos — «біркелкі» + onyma, onoma — «есім»]. Тұлғасы жағынан ұқсас, мағынасы басқа сөздер; мыс.: орыс тілінде «*лук*» (қару), «*лук*» (пияз); қазақ тілінде *ер* (батыр кісі), *ер* (атқа салатын ер) т. б.

**ОМОНИМИКА** *омонимика* 1. Лексиканың омонимдерді зерттейтін бөлімі; 2. Белгілі бір тілдегі омонимдердің жиынтығы.

**ОМОНИМИЯ** қ. омонимика.

**ОМОФОН** *омофон* [анг. homophone, нем. Homophon, фр. Homophone, гр. phone]. Айтылуы бірдей, жазылуы мен мағыналары басқа сөздер мен сөз тіркестері; мыс.: орыс тілінде *лук*, *луг*, *паз/пасс*, қазақ тілінде *ауру* — *ауыру*; *құрт* — *құрыт* т. б.

**ОНОМАСТИКА** *ономастика* [анг. onomastics, name — study; нем. Onomastik, Namenkunde; фр. onomastique, < гр. onomastikos — «есім»]. Жалқы есім, кісі аттары мен әке аты, фамилиялар, ру, тайпа, халық, ұлт аттары, қайуан аттары, географиялық атаулар туралы ғылым, оны зерттейтін тіл білімінің саласы.

**ОНОМАТОЛОГИЯ** *ономатология* [анг. Onomatologia]. Жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы: 1) жалпы есім, зат есім, сын есім, есімшелердің басқа сөз таптарынан айырмасын; 2) кісі есімдерін ру, тайпа, халық, жер аттарын зерттейді.

**ОНОМАТОПОЭТИЧЕСКАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ЯЗЫКА** *тілдің шығуы жайындағы еліктеуіш теория*. Тілдің я сөздің шығуы жөніндегі теріс теория. Бұл теорияны жақтаушы лингвистер тілдегі сөздердің негізі *қу-қу*, *жж*, *мяу-мяу* тәрізді еліктеуіш сөздер деп

алжасады. Марксизм классиктері тілдің тегі дыбыстық тіл деген теорияны қуаттайды. Бұл жөнінде К. Маркс, Ф. Энгельс тамаша дәлелдер айтқан.

**ОНОМАТОПОЭТИЧЕСКИЕ СЛОВА** *ономатопозитивтік сөздер*. қ. звукоподражательные слова.

**ОНОМАТОПЕЯ** *ономатопея* [гр. *onomatopoiia* — «есім, ат»]. Дыбысқа еліктеу арқылы сөз тудыру. қ. звукоподражание.

**ОНТОГЕНЕЗ** *онтогенез*. Жеке индивидтің дамуы (мәселен, бала тілінің онтогенезі, бала тілінің шығуы).

**ОПИСАТЕЛЬНАЯ ГРАММАТИКА** *сипаттама грамматика*. қ. дескриптивная грамматика.

**ОПИСАТЕЛЬНАЯ (ДЕСКРИПТИВНАЯ, СИНХРОНИЧЕСКАЯ) ФОНЕТИКА** *сипаттама фонетика*. Бір тілдің бір қалыптағы, белгілі дәуірдегі фонемалар тіркесін я фонемалардың классификациясын анықтаумен шұғылданатын фонетика саласы.

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ** *анықтауыш*. Сөйлем ішіндегі сөздерді анықтап, сипаттап, қандай? қалай? деген сұрауларға жауап беріп тұратын синтаксистік тұрлаусыз мүше. Анықтауыш қ и ы с у с ы з (определение несогласованное) және қ и ы с у л ы а н ы қ т а у ы ш (определение согласование) болып бөлінеді.

**ОПРЕДЕЛЁННЫЙ АРТИКЛЬ** *белгілілік артикль* [анг. The definite Article, фр. Article défini]. Ағылшын, француз, неміс тілдеріндегі артикльдің (шылау сөз) бір түрі; мыс.: ағылшын тілінде *The*, неміс тілінде *der, die, das*; фр. *le, la, les*.

**ОПРЕДЕЛИТЕЛЬНОЕ ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *анықтауыш бағыныңқылы сөйлем*. Басыңқы сөйлемдердегі бірнеше мүшелерді анықтап, қандай? қалай? деген сұраққа жауап беретін сөздер тобы.

**ОПРЕДЕЛЯЕМОЕ** *анықталғыш*. Анықтауыш мүшенің алдындағы анықталып тұратын сөздер.

**ОПРОЩЕНИЕ** *опрощение*. Екі сөзден бірігіп, бір сөз болып, тұтас бір мағына берудегі морфологиялық процесс; мыс.: *тасбақа* — «тас» + *бақа*.

**ОПТАТИВ** *optativ* [анг. optativ, нем. optativ, фр. optatif < лат. optativus — «қалау»]. Етістіктің қалау рай формасы.

**ОРГАНЫ ДЫХАНИЯ** *тыныс мүшелері*. Дыбыс жасауға қатысты өкпе, қолқа, кеңірдек тәрізді мүшелер.

**ОРГАНЫ ЗВУКА** *дыбыстау мүшелері*. Дыбыс жасауға қатысты мүшелер; тіл, тіс, ерін, дауыс шымылдығы т. б.

**ОРГАНЫ РЕЧИ** *сөйлеу мүшелері*. Тілдегі сөйлеу дыбыстарын жасауға қатысы бар актив және пассив мүшелер.

**ОРИЕНТАЛИСТ** *ориенталист* [лат. orientalis — «шығыстық»]. Күн шығыс халықтарының тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым.

**ОРИЕНТАЛИСТИКА** *ориенталистика*. Күн шығыс халықтарының тілі мен әдебиетін, мәдениетін тексеретін ғылым.

**ОРТОФОНИЯ** *ортофония*. Сөздерді дұрыс айтушылық.

**ОРУДИЙНЫЙ ПАДЕЖ** *көмектес септік*. қ. предложный падеж.

**ОРФОГРАФИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** *орфографиялық сөздік*. Тілдегі жазылуы қиын сөздердің тізімі.

**ОРФОГРАФИЯ** *орфография* [анг. Orthography, нем. orthographie, фр. orthographe < гр. orthos — «тура, дұрыс» + grapho — «жазам»]. Тілдегі әріптердің дұрыс қолдануының және сөздердің дұрыс жазылу ережесінің жүйесі. Орфография негізі фонетикалық я морфологиялық принципке сүйенуге тиіс. Қазіргі қазақ тілінің орфографиясы морфологиялық принципке сүйенген.

**ОРФОЭПИЧЕСКИЕ НОРМЫ** *орфоэпиялық нормалар*. Сөзді әдеби тілдің заңына сай дұрыс айта білу қағидалары.

**ОРФОФОНИЯ** *орфофония* [анг. orthophony, нем. orthophonie, фр. orthophonie]. Орынды, дұрыс деп танылған айтылу нормасы.

**ОРФОЭПИЯ** *орфоэпия*. Лингвистиканың сөзді әдеби тілдің заңына сай дұрыс үлгілі айта білу қағидаларын тексеретін бөлімі.

**ОРХОНО-ЕНИСЕЙСКИЕ НАДПИСИ** *орхон-енисей жазбалары*. Сибирь, Жетісу, Монғолия жерлерінде тасқа ойып жазылған түркі халықтарының V—VIII ғасырлардағы жазбалары. Сибирь зерттеушілері алғаш рет XVIII ғасырда Енисей өзенінің бойынан тапқан жазу — Енисей жазбасы. XIX ғасырда орыс жазушысы әрі саяхатшысы Н. М. Ядринцев Монғолиядан табылған жазуды талдап қараған. Ол жазулардың шрифті: қытай иероглифімен және ол кезде белгісіз «орхон» руникалық шрифтімен жазылған. Бұл жазуларды алғаш рет 1898 оқыған датчан оқымыстысы В. Томсон мен орыс академигі В. В. Радлов еді. Жазу Орхон өзенінің бойынан табылғандықтан «*Орхон жазуы*» аталған. Бұл көне түркі жазбалары шығыс түркі қағанатына және Енисейдегі қырғызға шығыстан жеткен V ғасырға тән ең көне Орхон-Енисей жазбасы Жетісудан табылған. Енисейден табылған V—VII ғасырларға тән жазбалар Жетісу жазбаларына жақын әрі ұқсас.

**ОСВБЕННЫЕ СЛОВА** *игерілген сөздер*. Шет тілден ауысып, фонетика, грамматика жағынан әбден орныққан сөздер.

**ОСЕТИНСКИЙ ЯЗЫК** *осетин тілі*. Индоевропа семьялы тілдердің индоиран тармағының шығыс тәбіна жататын осетин халқының тілі.

**ОСНОВА** *негіз* [анг. Stem, нем. Stamm, фр. thème < гр. thema]. Өз алдына лексикалық мағына бере алатын, сөздің өзгермей тұратын бөлшегі. Кейде түбір сөзді сөздің негізі, я негіз деп те атаймыз. Орыс тіліндегі негіз түбір күйде де, қосымшалар арқылы да болады; мыс.: *дом-а, дом-у* деген сөздердегі негіз «дом», «а», «у» жалғаулары «дом» сөзінде жалғанғанмен ол сөздің лексикалық мағынасын өзгертпейді, тек сөйлем ішінде ол сөздің басқа сөздермен байланысын көрсетеді. Негіз орыс тілінде дара түбірден я сөз тудырушы бірнеше жұрнақтар жалғанған сөздерден де бола береді.

**ОСНОВА ЯЗЫҚА** *тілдің негізі*. Тілдің грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры тілдің негізі болып табылады.

**ОСНОВНОЙ ГЛАГОЛ** *негізгі етістік*. Өз алдына тұрып лексикалық мағынаға ие болып, іс-қимылды білдіретін етістік.

**ОСНОВНОЙ СЛОВАРНЫЙ ФОНД** *негізгі сөздік қор*. Ұзақ ғасырлар бойы өмір сүретін және тілде жаңа сөздер жасауға негіз болатын сөздік құрамның ең басты негізгі түрі.

**ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫҚА** *тіл ерекшелігі*. Белгілі бір облысқа я аудан көлеміне тән жергілікті тіл ерекшеліктері. қ. *говор*.

**ОТВЛЕЧЁННОЕ ИМЯ** қ. *Абстрактные имена*.

**ОТГЛАГОЛЬНОЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** *етістіктен жасалған сын есім*; мыс.: *қорқақ, білгіш, күлгіш, жатық, жетік, сынық, тұнық, майысқақ, тоңғақ, бүріскек; ашуланшақ, ұшқыр, өткір* т. б.

**ОТГЛАГОЛЬНОЕ ИМЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНОЕ** *етістіктен жасалған зат есім* [анг. Verbal Noun]. мыс.: *тыным, білім, өнер, қашау, жазу, оқу; жалғау, тарту, қонақ, жатақ, шалғы, күрек, тарақ* т. б.

**ОТЖИВШИЕ СЛОВА** *көнерген сөздер*. қ. *Архаизм*.

**ОТКРЫТЫЕ (ШИРОКИЕ) ГЛАСНЫЕ** *ашық дауыстылар*. Ауыздың мейлінше мол ашылуына байланысты шығатын фонема; мыс.: қазақ тілінде «а», «ә».

**ОТКРЫТЫЙ СЛОГ** *ашық буын* [анг. Open Syllabl, нем. offene Silbe, фр. Syllate ouverte]. Дауыссыздан басталып дауысты дыбысқа бітетін буын: *қа-ла, сары, тере-зе* т. б.

**ОТНОСИТЕЛЬНЫЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫЕ** *қатыстық сын*. Қосымшалар жалғану арқылы басқа сөз таптарынан жасалатын сын есім; мыс.: *балалы, кішкентай, инедей, бойшаң, малды* т. б.

**ОТРИЦАТЕЛЬНАЯ ФОРМА ГЛАГОЛА** *Етістіктің болымсыз түрі*. Іс-әрекеттің, процестің тез арада бол-

мағандығын болымсыздық (*ма, ме, па, пе, ба, бе*) жұрнақтары арқылы білдіретін сөздер; мыс.: *бармады, сөйлемеді, айтпады* т. б.

**ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ МЕСТОИМЕНИЯ** *болымсыздық есімдіктері* [анг. negative pronouns; нем. indefinite pronomen, фр. indefini pronom]. «Еш» деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалатын есімдік түрі; олар: *ешкім, ешбір, ештеме, ешқашан, ешқайсы* т. б.

**ОТСТУП, РЕКУРСИЯ** *шегініс* [анг. finalglide, нем. Ausgang, détente]. Сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатыспаудағы соңғы фазасы яғни кері қайту процесі.

**ОТЫМЕННОЕ ГЛАГОЛЫ** *есімнен жасалған етістік*; мыс.: *таста, баста, жырла, сөйле, ойла, аяқта* т. б. Орыс тілінде *надомник, домушник* — *от дом, учительствовать — от учитель.*

**ОЧЕВИДНОЕ ПРОШЕДШЕЕ ВРЕМЯ** *жедел өткен шақ*. Етістіктің бастапқы қалпына (түбір етістікке) *ды/ді, ты/ті* жұрнақтарын жалғау арқылы жасалатын, етістіктің өткен шақ түрі.

## II

**ПАДЕЖ** *септік* [анг. case, нем. Kasus, Fall, фр. Cas, лат. Casus, гр. ptosis]. Флективті және агглютинативті тілдерде есімдердің грамматикалық категорияларын көрсететін термин, септелуші сөздің өзгеру формасы. Осыған сәйкес тіл-тілде: *прямой падеж* (тура септік), *косвенный падеж* (жанама септік) болып бөліну бар. Ұрман-герман тобына жататын тілдерде; грамматикалық септік (*cas grammaticaux; grammatischer Kasus; casi grammaticale*), функциональды септік (*Cas fonctionnels, Konkreter Kasus, Casi funcionale*), синкретикалық септік (*Cas Syncretique, Weiter Casus*) деген септіктер болса, фин-угор (угро-фин) тілдерінің грамматикасында: *аблатив* яки *аллатив, транспозитив, инструктив* деген септіктер бар. Орыс тіліндегі септіктер алтау болса, қазақ тілінде жетеу.



**ПАДЕЖНЫЕ ОКОНЧАНИЯ** *септік жалғаулары* [анг. Casending, Kasusendung]. Септелген сөздерге жалғанып, род, көпше, жекеше тұлғаларды көрсетуші қосымша. Қазақ тілінде, сондай-ақ, басқа тілдерде де септік жалғаулары атау септіктегі сөзден басқа сөздерге жалғанады.

**ПАДЕНИЕ ЗВУКА** *дыбыстың түсіп қалуы*. қ. *синкопа*.

**ПАЗВУК** қ. глаиды.

**ПАЗИГРАФИЯ** *пазиграфия* [гр. pas — «барлық» + grapho — «жазам». Барлық халыққа ортақ, түсінікті жазу белгілері; мыс.: ноталық жазу, араб, рим цифрлары.

**ПАЛАТАЛИЗАЦИЯ** *палатализация* [анг. Palatalization, нем. Palatalisierung, фр. Palatalisation < лат. Palatum — «таңдай»]. Тіл ортасының таңдайға тиюі арқылы дауыссыз дыбыстардың жіңішкеруі; мыс.: орыс тілінде *нь, дь, къ* т. б.

**ПАЛАТАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *жіңішке дауыссыздар*. қ. *переднеязычные согласные*.

**ПАЛАТАЛЬНАЯ АТТРАКЦИЯ** *езу үндестігі*. Бірінші буындағы езу дауыстысының ауанына қарай кейінгі буында да езу дауыстыларының келуі.

**ПАЛАТАЛЬНОСТЬ** *палатальдық*. Сөз дыбыстарының жіңішкелігі мен ұяңдығы.

**ПАЛАТАЛЬНЫЕ ЗВУКИ** *палатальды дыбыстар*. Тіл ортасының қатты таңдайға тиюі арқылы жасалатын ұяң (жіңішке) дыбыстар.

**ПАЛАТО-АЛЬВЕОЛЯРНЫЙ** *таңдай альвеолярлық* [анг. palatoalveolar, нем. Palatoalveolar, фр. palatoalvéolaire]. Тіл ұшының күрек тістің іш жағындағы дөңеске тиюі арқылы жасалатын спирант дауыссыздар; мыс.: француз тілінде *j* және *ch*.

**ПАЛЕОАЗИАТСКИЕ ЯЗЫКИ** *палеоазиат тілдері*. Оншама туыстық жақындығы жоқ Қиыр Шығыстағы тілдердің (чукот, коряк, камчадал -дік және одул, кет тілдері) шартты атауы.

**ПАЛЕОГРА́ФИЯ** *палеография* [гр. *palaios* — «ескі» + *grapho* — «жазу»]. Ертедегі қолжазбалардың және әріптердің жазылу тәсілін, жазу материалын тексеретін көмекші тарихи ілім.

**ПАРАДИ́ГМА** *парадигма* [анг. *paradigm*, нем. *Paradigma*, фр. *paradigme* < гр. *paradeigma* — «мысал, үлгі»]. Белгілі бір тілдегі сөздердің сөз өзгерту, түрлендіру формасының жиынтығы, грамматикалық септік пен жіктелудің кестесі.

**ПАРАТА́КСИС** *паратаксис* [анг. *Paratax*, нем. *Parataxe*, фр. *parataxe* < гр. *parataxis* — «қатарлас келу»]. Сөйлем мүшелерінің салаласа байланысуы, құрмалас сөйлемнің түрі.

**ПАРАФРА́ЗА** *парафраза* [гр. *paraphrasis* — «сипаттама сөйлем»]. Өзге бір тексті, біреудің ойын өз сөзімен айтып беру.

**ПА́РНЫЕ ГЛАГО́ЛЫ** *қосарланған етістік*. Етістіктің қосарлана қос қабат айтылатын түрі; мыс.: *өлдіжыты, жылап-сықтап, жамап-жасқап, өліп-талып* т. б.

**ПА́РНЫЕ СЛОВА́** *қос сөздер*. Тілдегі сөзден сөз тудырудағы грамматикалық тәсілге сай қосарланып жасалған сөздер. Қазақ тіліндегі қос сөздер мағыналық ерекшеліктеріне қарай 6 топқа бөлінеді. Олар: мән-дес қос сөздер (*ел-жұрт, ыдыс-аяқ*), қайшы-мән-дес қос сөздер (*әрлі-берлі, оңды-солды, күні-түні*), қайталама қос сөздер (*қора-қора, тең-тең, сай-сай*), қосымшалы қайталама қос сөздер (*қолма-қол, бетпе-бет*), үстеме бұ-ынды қос сөздер (*қып-қызыл, күп-күрең, сап-сары*), еліктеуіш қос сөздер (*ат-мат, түйе-мүйе, жалт-жұлт*).

**ПА́РНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *жұптанған дауыссыздар*. Артикуляция жағынан бір-біріне ұқсас қосарланған дауыссыз дыбыстар: *б — п, к — г, қ — ғ* т. б.

**ПА́РНЫЕ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫЕ** *қосарланған зат есім*. Жұптанып келіп тиянақты ұғымды білдіретін жалпы есімдер; мыс.: *бала-шаға, ата-ана, туған-туысқан, ағайын-туған, жекжат-жұрағат* т. б.

**ПАРОНИМ** *пароним* [анг. paronym, нем. paronym, гр. para — «ұқсас, жақын» + onoma — «есім»]. Дыбысталу жағынан ұқсас, бірақ мағынасы бөлек, бірінің орнына бірі жаңылыс қолданыла беретін сөздер. Паронимдердің омонимнен (омофон, омографтардан) өз ара айырмасы болады. Пароним сөздердің айтылуы да, жазылуы да (*продукты — продукция, производительный — производственный*) әр түрлі болып келсе, омофондардың жазылуы бөлек болғанмен, айтылуы бірдей болады (*везти-вести, гриб-грипп*). Омографтардың жазылуы бірдей болғанмен айтылуы түрліше болады (*вести-везти, кружки-крушки*). Қазақ тіліндегі паронимге: *ақсақ-асқақ, жиылыс-жиналыс, ауру-ауыру* тәрізді сөздерді жатқызуға болатын сияқты. Кейбір ғалымдар паронимия «халықтық этимологияның» бір түрі деп қарайды. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздердің қосымшасы мен дыбыстарын өзгертіп қалыптасуы дәлел болатын тәрізді; мыс.: *бөкебай* сөзі орысша «*пуховой*» дегеннен, «*сөлкебай*» сөзі орысша «*целковый*» дегеннен өзгеріліп алынған.

**ПАРОНОМАЗИЯ** *парономазия* [анг. paronomasia, нем. Paronomasie < гр. para — «ұқсас, жақын» + onoma — «атаймын»]. Қатар келген сөздердің мағынасы жағынан алшақтық болғанмен, естілуінде үйлестік барын көрсететін стилистикалық фигура; орыс тілінде *муж по дрова, а жена со двора*; қазақ тілінде *бір асқанға, бір тосқан*.

**ПАТРОНИМИЯ** *патронимия* [анг. Patronimic, нем. Patronymikon, фр. Patronyme (< гр. pater (patros) — «әке» + onoma — «ат»)]. Ұрпақтарға әкесінің ата-бабасы, арғы тегін қуалай қойылған есім. Патронимнің орыс тіліндегі бір тармағы отчество — әке аты (*Иван Ильич*) болса, араб тілінде *ибн* сөзі арқылы (*Али ибн Фадлан*) беріледі.

**ПАССИВНЫЕ ОРГАНЫ** *пассив мүшелер*. Дыбыс жасауда көмекші қызмет атқаратын өкпе, тіс тәрізді мүшелер.

**ПАССИВНЫЕ СУФФИКСЫ** *пассив жұрнақтар*. Қазіргі тілімізде сөз жасауға қатысы жоқ жұрнақтар.

**ПАУЗА** *үзіліс* [анг. pause, нем. Pause, pausa; фр. pause < гр. pausis — «үзіліс»]. Түрлі жағдайда сөзді айтудағы дауыс үзілісі.

**ПЕРВИЧНЫЕ ЗВУКИ** *алғашқы дыбыстар*. Белгілі бір тілдің көне дәуірінен бері қарай сақталып келген дыбыстар.

**ПЕРЕВОДНЫЕ СЛОВАРИ** қ. *двуязычный словарь*.

**ПЕРЕДНЕНЕВНЫЕ ЗВУКИ** *таңдай алды дыбыстар*. Бұл дыбыстарды айтқанда тіл қатты таңдайға жақындайды, сол себепті оны таңдай алды дыбыс деп атайды; мыс.: *н, т, д, т. б.*

**ПЕРЕДНЕЯЗЫЧНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *тіл алды дауыссыздары*. Тіл ұшының үстіңгі тіске тіреліп, ауа екпінінің шұғыл шығуынан пайда болатын дыбыстар; мыс.: *д, т, л, н т. б.*

**ПЕРЕМЕЩЕНИЕ** *орын ауыстыру* [анг. Permutation, нем. permutation, фр. permutation]. Бұл метатеза терминінің синонимі ретінде қолданылады.

**ПЕРЕНОСНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА** *сөздің ауыспалы мағынасы*. Заттық мағынадан туатын қосымша, үстеме мағына. Ауыспалы мағына сөздің негізгі, тура мағынасының негізінде өрбіп, содан шығып отырады; мыс.: *құрыштай мықты* — «*күшті*» мағынасында, *таудың басы өзеннің басы т. б.* «*бас*» сөзінің ауыспалы мағынасы. «*Біреуге тіл тигізу, өткір тілмен шенеу* — «*шағу*» мағынасындағы ауыспалы сөз. Ауыспалы мағына арқылы сөздік құрамды толықтыру — барлық тілдерге тән ортақ құбылыс. Тіл білімінде бұл терминді *м е т а ф о р а* деп те атайды. Метафоризация тілді ерекше байытып, оны икемді де орамды дәрежеге жеткізеді.

**ПЕРЕСТАНОВКА ЗВУКОВ** *дыбыстардың орын ауыстыруы*. қ. метатеза.

**ПЕРЕСТАНОВКА СЛОВ В ПРЕДЛОЖЕНИИ** *сөйлемдегі сөздердің орын ауыстыруы*. қ. инверсия.

**ПЕРЕХОДНЫЙ ГЛАГОЛ** *сабақты етістік*. қ. глагол переходный.

**ПЕРИССОЛОГИЯ** *периссология* [анг. redundancy, нем. Perissologie, фр. périsologie]. Ой-пікірді я ұғымды анық етіп айтудағы басы артық сөз, лексикалық артықтық.

**ПЕРИФРАЗА** *перифраза* [анг. periphrasis, нем. periphrase, фр. périphrase < гр. peri — «түспалда» + phrasis — «сөйлеймін»]. Белгілі бір сөйлемдегі ойды басқа сөзбен білдіру; мыс.: «біздің үйді көріп кетіңіз» деп айту орнына «біздің лашығымызды көріп кетіңіз» делінеді, көбіне, бұл п а р а ф р а з а дегеннің мағынасына жуық.

**ПЕРФЕКТ** *перфект* [анг. perfect, нем. Perfektum, фр. parfait < лат. perfectus — «өткен, болған»]. Индоевропа тілдерінің көбінде бар өткен шақтың бір түрі. Перфект іс-әрекет, құбылыстың өткен мезгілде болғанын, бірақ оның нәтижесінің әлі аяқталмағанын, қазірде барын көрсетеді; мыс.: неміс тілінде *ich habe geschrieben*, лат. *scripsi* — «я написал».

**ПЕРЦЕВТИВНАЯ ФУНКЦИЯ** *перцевтивтік функция*. Тілдің дыбыстық немесе графикалық белгілерінің сезім арқылы қабылдау қызметі.

**ПИКТОГРАММА** *пиктограмма* [анг. pictogram, нем. Piktogramm, фр. pictogramme, < лат. pictus — «бояқпен жазылған» + гр. gramma — «жазу»]. Ликтография жазуымен жазылған сурет жазу.

**ПИКТОГРАФИЯ** *пиктография*. Затты, іс-әрекетті я пікірді шартты таңбалар арқылы білдіруге бейімделген ертедегі сурет жазу. Пиктографиялық жазу (пиктографическое письмо) сөзді білдірмейді, тек ойды бейнелеу түрде суреттейді; мыс.: Солтүстік Америка индейцтерінде моржадан түтін шығып тұрса — бейбітшілік, тыныштықты; қосылып тұрған екі жүрек — махаббатты, сүйіспеншілікті білдіретін болған. Ал мексикан жазуындағы сұйықтық белгісі — көк бояқпен көрсетілсе, суды, ал қызыл түр — қанды білдірген. Пиктографиялық жазу, көбіне, аңшылық кәсіпті де суреттеген. Бұл жазудың көбірек тараған жері: Солтүстік Америка тайпаларында, СССР-дың Солтүстік Шығысында (Коряк, Юкагир т. б.) Африкада т. б.

**ПИСЬМЕННЫЙ ЯЗЫК** *жазу тілі*. Әдеби тілдің орфография, графикаға сай көркем әдебиетте, ғылыми әде-

биет пен газет-журналдарда, сондай-ақ іс қағаздары мен ресми қаулы қарарда қолданылатын баспа түріндегі көрінісі.

**ПИСЬМО жазу** [анг. script, writing, нем. Schrift, фр. écriture]. Адамның ой-пікірі мен сөзін қашыққа я ұзақ замандарға жеткізетін материалдық сызба таңбалар. Заманалар бойына туып, дамыған тіл-тілде түрлі жазулар үлгісі болған. **Пиктографиялық жазу** — суретке негізделген. **Идеографиялық жазу** — тұтас сөзді я ұғымды идеограмма арқылы білдірген. **Фонетикалық немесе дыбыстық жазу** — бұл жазудың таңбасы сөздерді, жеке дыбыстарды я фонемаларды білдірген. **Фонетикалық жазу** деп транскрипция жүйесін де атайды.

**ПЛЕМЕННЫЕ ЯЗЫКИ тайпа тілдері.** Рулық тілдерден соңғы қалыптасқан тіл немесе диалект.

**ПЛЕОНАЗМ плеоназм** [анг. Pleonasm, нем. Pleonasmus, Abundanz, фр. Pleonasmе < гр. pleonasmos — «артықтық»]. Адам ойын анық, айқын беруде кездесетін артық сөз. Плеоназмнің бірнеше түрі бар (перифраза, периссология, диттология).

**ПОВОЧНОЕ ЗНАЧЕНИЕ үстеме мағына.** Сөздің немесе сөз тіркесінің негізгі мағынасынан бөлек қосымша мағына.

**ПОВУДИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛОГ қ.** каузатив и возвратный залог.

**ПОВЕЛИТЕЛЬНОЕ НАКЛОНЕНИЕ бұйрық рай** [анг. The imperativ mood, нем. Imperativ]. қ. императив.

**ПОВЕСТВОВАТЕЛЬНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ хабарлы сөйлем** [анг. clause of statement, нем. Aussagesatz, фр. Proposition énonciative]. Бұйрық, леп, сұрау мағынасында айтылмай, бір нәрсенің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылатын сөйлем.

**ПОВТОРЫ СЛОВ сөз қайталақтауы.** Сөйлемдегі сөз мағынасын күшейту немесе стилистикалық мән беру үшін қолданылатын тәсіл. Индоевропа тілдерінде оны **редупликация** деп те атайды. Бұл латынның *reduplicatio* — «еселеу» деген сөзі.

**ПОГЛОЩЕНИЕ** *сіңісу* [анг. absorption, нем. Absorption, < лат. absorptio — «сіңісу», «түсіп қалу»]. Сөз арасында қатар келген екі дауыстының бірінің түсіп қалуы я жоқ боп сіңісіп кетуі.

**ПОГЛОЩЕНИЕ СЛОГА** *буынның түсіп қалуы*. Ұқсас буын қатар келгенде бірінің түсіп қалу заңдылығы; мыс.: *минералалогия* деудің орнына *минералогия* делінеді. қ. гаплогия.

**ПОВОРОК** *мәтел*. Өте тұжырымды, образды өткір сөз. Мәтел-мақалға қарағанда жинақы, қысқа болып келеді де, негізгі ой толық аяқталмай отырады. Мәтел сөйлеу тілде де, әдеби тілде де кеңінен қолданылады да, айтайын деген ойды нақты, тұжырымды, мәнді етіп мәнер береді. Мыс.: *ауырдың астымен, жеңілдің үстімен*. Ұзын арқан, кең тұсау.

**ПОДГОВОР** *говор тарауы*. Говорларды жер ерекшеліктеріне қарай топқа бөлгендегі соның бір тарауы.

**ПОДЛЕЖАЩЕЕ** *бастауыш* [анг. Subject, нем. Subjekt, Satzgegenstand, фр. Subjet]. Баяндауышпен тікелей байланысып кім? не? деген сұрауға жауап беруші сөйлемнің басты мүшесінің бірі. Бастауыш болатын сөз табының негізгілері зат есім, жіктеу, сілтеу есімдіктері, сан есім, заттанған сын есім, заттанған есімше т. б.

**ПОДНАРЕЧИЕ** *наречие тармақтары*. Диалектіні өз ара жікке бөлгендегі соның бөлімі.

**ПОДРАЖАТЕЛЬНЫЕ СЛОВА** *еліктеуіш сөздер*. Табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер; мыс.: *қарқ етті, тартарс, сарт-сарт, тырс-тырс* т. б.

**ПОДЧИНЕНИЕ** *бағыну* [анг. Subordination, нем. Unterordnung, фр. Subordination]. Сөздердің я сөйлемдердің басыңқы мүшеге логикалық әрі грамматикалық бағыныштылығы. қ. гипотаксис.

Орыс тілінің грамматикалық терминологиясында **подчинение** термині тек сөйлемді байланыстырушы ретінде емес, жай сөйлем мүшелерінің қатысы ретінде де қолданылады.

**ПОДЧИНЁННОЕ ПРЕДЛОЖЁНИЕ** *бағыныңқы сөйлем*. Салалас құрмаластағы жай сөйлемдердің тиянақсыз бөлімі.

**ПОДЧИНИТЕЛЬНЫЕ СОЮЗЫ** *сабақтастырушы жалғаулықтар*. Бір сөзді екінші сөзбен жалғастырып, байланыстырушы, анықтап тұрушы жалғаулық.

**ПОЗИТИВ** *позитив* [лат. Positivus — «жағымды»]. Сын есімнің жай шырайы.

**ПОЛИГЛОТ** *полиглот* [гр. Polyglottes — «көп тілдік», < glotta — «тіл»]. Көп тілді білетін адам.

**ПОЛИМОРФИЯ** *полиморфия* [гр. Polymorphos — «көп түрлі, көп формалы»]. Көп формалық.

**ПОЛИСЕМИЯ** *полисемия* (көп мағына) [анг. Polysemy, нем. Polysemie, фр. Polysemie]. Сөздердің сөйлем контекстінде я болмаса жеке тұрғанда бірнеше мағынаға ие болуы, көп мағыналық. Полисемия мен омоним өз ара ұқсас. Алайда полисемиялық байланыстағы сөздердің мағынасы өрбіп, түрленіп тұрады. Бұл құбылыс омонимде жоқ.

**ПОЛИСИНДЕТОН** *полисиндетон* [анг. Polysyndeton, нем. Polysyndese, polysyndeton, фр. polysyndéte]. Сөйлем ішіндегі бірнеше жалғаулық, көп жалғаулықтылық.

**ПОЛИСИНТЕТИЧЕСКИЕ ЯЗЫКИ** *полисинтетикалық* (көп құрамды) *тілдер* [анг. Polysynthetic languages, нем. polysynthetische Sprachen, фр. langues polysynthétiques < гр. poly — «көп» + Synthetikos — «қосылуға бейім»]. Сөйлемдегі мүшелер күрделене келіп, бір тұтас болып, сөз бен сөйлемнің жігі тығыз байланысты болатын тілдер. Полисинтетикалы тілдерге Америкадағы индейцтер тілі мен палеоазиат тілдерінің көбі (чукот, коряк, ительмен, юкагир, нивх) жатады; мыс.: ацтех яғни наватль тілінде «ни» (мен), «накатл» (ет), «ква» (жеу) сөздерінен «никакаква» деген сөз, сөйлем туады. Чукот тіліндегі «ты -ата -каа -нмы-ркын» — мен семіз бұғыны өлтірем дегені. Осындағы: ты — бірінші жақтық аффикс, -ата — «семіз», -каа — «бұғы», -нмы — «өлтіріп», -ркын — осы шақтық аффикс.



**ПОЛИТОНИЧНОСТЬ** *политондық екпін*. Белгілі бір буынның ішінде әр қилы өзгерілген тон негізіндегі екпін.

**ПОЛИФТОНГ** *полифтонг*. Кейбір тілдерде қатар келіп, бір буын құрайтын бірнеше дауысты дыбыстар, монографтонгке қарама-қарсы құбылыс.

**ПОЛНОГЛАСИЕ** *толық дауысты*. Көне славян тіліндегі «ра», «ре», «ле» дыбыс тіркестерінің алдынан орыс, белорус, украин тілдерінде «о», «е» толық дауыстылары келеді: славянша *вран*, орысша *ворон*, славянша *брег*, орысша *берег* т. б.

**ПОЛНОЗНАЧНЫЕ СЛОВА** *толық мәнді сөз*. Түрлі заттың атын, сапасын, қимыл-күйін білдіретін мағыналы сөздер. Толық мәнді сөздер — көмекші мағынаға ие болатын шылау сөздер тәрізділерге қарсы айтылатын атау.

**ПОЛНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *толымды сөйлем*. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер тұтас қамтылатын сөйлем.

**ПОЛНОЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** *толымды сын есім*. Сын есімнің қысқармаған толық түрі; мыс.: *орыс тілінде хорошая, хороший*, қысқарған түрі *хорош*.

**ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ СТЕПЕНЬ** *жай шырай*. Заттың сын сапасының артық я кемдігін білдіріп, өте, аса, тіпті, орасан сияқты үстеу сөздердің үстелуімен жасалушы шырай; мыс.: Ағы ақ, қызылы қызыл боп, жұтынып, жайнап отырған *аса сұлу*, биязы баласы Әбішті Абай өзіне қарай құшақтай тартты (Әуезов).

**ПОЛУГЛАСНЫЙ (ЗВУК)** *жарты дауысты* (дыбыс) [анг. Semi-vowel, нем. Semivokalis, Halbvokal, фр. semivoyelle, лат. Semivocalis]. Толық дауыстылар қатарына жатпайтын дыбыс; сонор дыбыстарды көп мамандар жарты дауыстылар деп атайды.

**ПОНУДИТЕЛЬНЫЙ ЗАЛОГ** *өзгелік етіс*. Істің жеке субъект тарапынан істелмей, екінші бір субъект тарапынан істелетінін я істелгендігін білдіретін етіс түрі.

**ПОРЯДКОВОЕ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** *реттік сан есім* [анг. Ordinal number, нем. Ordinalzahl, фр. Ordinal]. Заттың қатарын, ретін білдіретін сан есімнің түрі.

**ПОРЯДОК СЛОВ** *сөз тәртібі* [анг. Word-order, нем. Wortstellung, Wortfolge]. Сөйлем контекстінде сөздердің орын тәртібі.

**ПОСЛЕЛОГ** *демеу* [анг. Postposition, нем. Postposition, фр. Postposition]. Өз алдына мағынасы жоқ, басқа сөздің қатарында тұрып синтаксистік қызмет атқарушы шылау сөздердің бір түрі. Демеу түркі тілдеріне, тибет-бирман және фин-угор тілдеріне, дағыстандағы көптеген тілдерге тән. Бұл тілдерде предлог болмайды. Қазақ тіліндегі демеу, демеуліктер шылау сөздердің бір түрі болып саналады. Тіліміздегі демеулер: *соң, таман, үшін, арқылы, туралы, шақты, сайын, жуық, тыс, бөтен* т. б.

**ПОСЛОВИЦА** *мақал*. Образды, ұйқасты келген, өте тұжырымды нақыл сөздердің тізбегі. Мақал өмір шындығын әрі дәл, әрі көркем, тиянақты түрде бейнелейді, тілге ерекше көрік, мәнер беріп, логикалық байланысты күшейтеді, айтайын деген ойды, ішкі сезімді дәл, тап басады. Жазушылар мақалды кеңінен пайдаланып, көркем сөздің зердесі ретінде жұмсайды. Мақал халықтың ой-арманын, дүние танудағы көзқарасын қиялын қамтиды; мыс.: *еңбек түбі — мереке, көптің түбі — береке. Ақыл — тозбас тон, білім — таусылмас кен, Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер. Ердің екі сөйлегені — өлгені, еменнің иілгені — сынғаны.*

**ПОСТДЕНТАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *тіс арты дауыссыздары* [лат. Post — «артқы» + dentis — «тіс»]. қ. зазубный звук.

**ПОЭТИЧЕСКАЯ РЕЧЬ** *поэтикалық тіл*. Поэзияға тән көркем әдеби тіл.

**ПОСТФИКС** *постфикс* [лат. Post — «соң, арт» + fixus — «қосылған», «жалғанған»]. Түбір соңынан жалғанатын қосымша.

**ПРАВИЛА ОРФОГРАФИИ** *орфография* (емле) *ережелері*. Сөзді, әріпті дұрыс жазу қағидалары.

**ПРАВИЛА ПУНКТУАЦИИ** *пунктуация ережелері.*  
Тыныс белгілерін дұрыс қою ережелері.

**ПРАВОПИСАНИЕ** *емле. қ. орфография.*

**ПРАКРИТ** *пракрит* [фр. Prakrit, ит. Pracrito]. Санскрит әдеби тіліне қарама-қарсы орта ғасырлардағы Солтүстік индияның халық тілі.

**ПРАКТИЧЕСКАЯ ТРАНСКРИПЦИЯ** *практикалық транскрипция.* Жалпы халыққа бірдей дағдылы жазу.

**ПРАЯЗЫК** *ата тіл* [анг. Parent language, нем. Ursprache, Grundsprache, фр. language — mère]. Тілдерді семьяға бөліп классификациялауда белгілі бір тілдің қай тілден шыққандығын, қай тілге жақын, туыс екендігін, сол тілдің таптастырып отырған тілге туыс тіл екендігін білдіретін тіл. Латын тілі француз тілінің ата тілі болып саналады. Көне ағылшын тілін қазіргі ағылшын тілінің ата тілі деп есептеуге болады. Ата тіл болу үшін екі, я одан да көп ұрпақ тілдердің болуы шарт. Латын тілінің ата тіл саналуының себебі халықтық латыннан итальян, испан және басқа да роман тілдері бөлініп шығып дамыды. Ал көне ағылшын тілі яки койнэ ата тіл емес, қазіргі тілдердің ерте кездегі тарихи этаптары ғана.

**ПРЕВОСХОДНАЯ СТЕПЕНЬ** *таңдаулы шырай* [анг. Superlative, нем. Superlativ, фр. Superlatif]. Заттың сындық қасиеттерін тым асыра, асқақтата көрсететін, не асыра төмендететін шырай; мыс.: бұл *тым* қиын да, абройлы да іс. *Өте* күшті кісі.

**ПРЕДИКАТ** *предикат* [анг. predicate, нем. Prädikat, фр. prédicat]. қ. сказуемое.

**ПРЕДИКАТИВНЫЕ ИМЕНА** *предикатив есімдер.* Баяндауыш қызметіндегі есім сөздер.

**ПРЕДИКАТИВНЫЕ ОКОНЧАНИЯ** *предикатив жалғаулары;* мыс.: студент-*ніз*, инженер-*міз*.

**ПРЕДЛОГ** *предлог* [анг. Preposition, нем. Präposition, Vorwort, фр. préposition, гр. prothetikos]. *Сөз алдынан қойылатын көмекші сөздер.* Бұлар басқа сөзбен қатыстықты білдіріп, сөйлемді байланыстырып тұрғанмен сөйлем мүшесі бола алмайды.

**ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *сөйлем* [анг. Clause, sentence, нем. Satz, фр. Proposition]. Аяқталған ойды білдіріп, белгілі бір тілдің заңына сай грамматикалық байланыста тұратын сөздер тобы. Ол тілдің грамматикалық құрылысына жатып, тілдің синтаксистік құрылымын анықтайды. Сөйлемнің сөзден айырмасы ұғымда емес, аяқталған ой-пікірді білдіретінінде. Тіл-тілде сөйлемнің бірнеше түрі болады. Қазақ тіліндегі сөйлемдердің түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, болымды, болымсыз сөйлемдер, жалаң және жайылма сөйлемдер, жақты, жақсыз сөйлемдер, толымды және толымсыз сөйлемдер, құрмалас сөйлем т. б.

**ПРЕДЛОЖНОЕ УПРАВЛЕНИЕ** *предлог түріндегі меңгеру*. Сөз бен сөзді байланыстыру үшін қызмет ететін атау септіктен басқа септіктегі сөз.

**ПРЕДЛОЖНЫЙ ПАДЕЖ** қ. местный падеж.

**ПРЕТЕРИТ** *претерит* [лат. praeteritus — «өткен»]. Кейбір тілдердегі өткен шақтың түрі; мыс.: неміс тілінде *ich kam* — я пришел.

**ПРЕФИКС** *префикс* [анг. Prefix, нем. Präfix, фр. Préfixe < алт. Praefixus — «алдыға жалғанған», praе — «алға», fixus — «жалғанған»]. Түбір алдынан жалғанып, түбір сөздің мағынасын өзгертетін қосымша; мыс.: «*в-ход*», «*при-ход*», «*у-ход*», «*на-писать*», «*по-красить*».

**ПРЕФИКСАЦИЯ** *префиксация*. Түбір алдынан қосымшалардың келу тәртібі.

**ПРИБЛИЗИТЕЛЬНОЕ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** *болжалды сан есім*. Заттың санын шамалап, болжап көрсететін сан есімнің түрі; мыс.: *он-он бес*, *мың-мыңдап*, *жүз-жүздеп*, *он шақты*, *жүз шамалы* т. б.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *бағыныңқы сөйлем* [анг. Subordinate, нем. Untergeordnet, abhänung, фр. Subordonne]. Басыңқы сөйлемге грамматикалық тұрғыда бағынып тұратын, сабақтас құрмаласқа енген жай сөйлемнің тиянақсыз бөлегі. Бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы тұтас ойды анықтап, толықтап я

пысықтап тұрады. Осыған сәйкес бағыныңқы сөйлемдердің қызметіне қарай сабақтас құрмаластар мынандай түрлерге жіктеледі: мезгіл — пысықтауыш бағыныңқы (придаточное предложение образа действия), мақсат бағыныңқы сөйлем (придаточное предложение цели), ереуіл бағыныңқы сөйлем (придаточное предложение следствия) т. б.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ВРЕМЕНИ** *мезгіл бағыныңқы сөйлем.* Баяндауыш қызметіндегі етістіктің шақтық мағынасын дәлдеп, оның қашан, қай мезгілде болатынын я болғанын білдіретін сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ** *толықтауыш бағыныңқы сөйлем.* Синтаксистік сөйлем құрамында істің я әрекеттің мағынасын толықтап тұратын сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ МЕСТА** *мекен бағыныңқы сөйлем.* Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бет алысының қайдан екенін білдіретін сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ОБРАЗА ДЕЙСТВИЯ** *сын-қимыл бағыныңқы сөйлем.* Қимылдың қалай атқарылуын білдіретін сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ОПРЕДЕЛИТЕЛЬНОЕ** *анықтауыш бағыныңқы сөйлем.* Синтаксистік сөйлемдегі іс-әрекеттің қандай екендігін анықтайтын сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ПРИЧИНЫ** *себеп бағыныңқы сөйлем.* Баяндауыш арқылы айтылған қимыл-процестің себебін білдіретін сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ СЛЕДСТВИЯ** *ереуіл бағыныңқы сөйлем.* Қимылдың қандай етістіктермен атқарылуын білдіретін сөйлем.

**ПРИДАТОЧНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ ЦЕЛИ** *мақсат бағыныңқылы сөйлем.* Іс-әрекеттің не үшін, қандай мақсатқа лайық істелетінін білдіретін сөйлем.

**ПРИДУВНЫЕ ЗВУКИ** қ. фрикативные согласные.

**ПРИДУВНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *ызың дауыссыздар.* Екі мүшенің бір-біріне жұғысып қана тұрып, ауаның сүзіліп (ызыңдап) шығуы арқылы жасалатын дауыссыздар; *в, ф, ж, з, с, ғ, х, һ, ш, щ.*

**ПРИДЫХАТЕЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *көмей дауыссыздары.* қ. аспирата.

**ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ** *практикалық тіл білімі.* Алфавит, орфография, мектеп грамматикасы тәрізді мәселелерді сөз ететін тіл білімінің саласы.

**ПРИКРЫТЫЙ СЛОГ** *жабық буын.* Бітеу буын мен түйық буын.

**ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** *сын есім* [анг. adjective, нем. Adjektiv, фр. adjectif < лат. adiectivum]. Заттың қасиетін, сапасын я түсін білдіретін морфологиялық, синтаксистік жағынан ерекше сипаттағы, сондай-ақ, сөз жасау жағынан ерекше тәсілге ие сөз табы.

Сын есімнің морфологиялық, синтаксистік және сөз жасау қасиеттері тіл-тілде әр түрлі. Орыс тіліндегі сын есім екі топқа бөлінеді. Славян, балтық, кейбір герман тілдерінде сын есімнің жалғауы болады. Семит, иран және түркі тілдерінің біразында сын есім изафеттік құрылыста келеді. Түркі тілдерінде сын есім субстантивтенбесе септелмейді, тәуелдік жалғауын қабылдамайды. Қазақ тіліндегі сын есім екі топқа бөлінеді: қ а т ы с т ы қ, с а п а л ы қ с ы н. Төрт шырай бар: к ү ш е й т п е л і, а с ы р м а л ы, с а л ы с т ы р м а л ы.

**ПРИЛОЖЕНИЕ, АППОЗИЦИЯ** *айқындауыш* [анг. apposition, нем. Apposition, фр. apposition < лат. appositio — «айқындауыш»]. Синтаксистік сөйлемде анықтауыш сияқты анықтайтын сөзден кейін тұрып, сөздердің сипатын, ерекше қасиеттерін білдіретін сөйлем мүшесі; мыс.: *Алпамыс батыр, Әсет әнші, телефон-автомат, инженер-технолог* т. б. Қазақ тіліндегі айқындауыштарды құрылысына қарай үш топқа бөледі: Қ о с а л қ ы а й қ ы н д а у ы ш (*Жарас қарт, Қамар сұлу, Оспан мұғалім*), қ о с а р л ы а й қ ы н д а у ы ш (*телефон-автомат, инженер-механик*), о ң а ш а л а н ғ а н а й қ ы н д а у ы ш (*олар, Чапаевшылар, Чапа-*

*евпен істес болғандығы үшін өздерін бақытты деп санады (Фурманов).*

**ПРИМЫКАНИЕ** *қабысу*. Синтаксистік байланыс формасының бір түрі. Қабыса байланысқан сөз тіркестері ешқандай жалғаусыз я шылаусыз қатар тұру арқылы қабысады; мыс.: *Оспан — бригадир; түн қараңғы, қой семіз* т. б. Қазақ тілінде қабысудың екі түрі бар: *Ж а п с а р л а с қ а б ы с у (жақсы ат, оң көз, тез сөйледі, шорт кесілді), алшақ қабысу (қамысты жер, ойлы адам, қасқырша ұлыды, бүгін қарындасым келді).*

**ПРИНЦИП ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЙ** қ. процесс дифференциации.

**ПРИНЦИП МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ** қ. морфологический принцип правописании.

**ПРИСТАВКА** қ. префикс.

**ПРИСТУП** *приступ* [анг. tension, нем. Spannung, фр. tension]. Сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатысуындағы бірінші фаза. Бұны *э к с к у р с и я* деп те атайды.

**ПРИТЯЖАТЕЛЬНАЯ КАТЕГОРИЯ** *тәуелдеу категориясы*. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне тәндігін, меншікті екендігін білдіретін грамматикалық категорияның бірі.

**ПРИТЯЖАТЕЛЬНЫЕ АФФИКСЫ** *тәуелдік жалғаулар*. Заттың біреуге тәндігін, меншікті екендігін білдіретін жалғаулар: *ым, ың, ім, ің, ы, і*. Қазақ тіліндегі тәуелдеу жалғаулары *ортақ, оңаша* болып екіге бөлінеді; мыс.: *менің әке-м, қалам-ым, біздің үйіміз, сіздердің кітаптарыңыз, олардың кітаптары*.

**ПРИЧАСТИЕ** *есімше* [анг. Participle, нем. Partizium, фр. Participe]. Шақтық, тұрпат (вид) және етіс формасы бар етістік — есім тұлғалы сөздер. Есімшеде етістік белгілерімен қатар сын есімдік қасиеттер де кездеседі. Есімше шақты және етістік тұрпатын көрсеткенмен *рай мен жақтық* формасы жоқ. Қазіргі Индоевропа семьялы тілдерінің көбінде есімше анықтауыш мүше ретінде қызмет атқарады. Түркі тілдерін-

де есімшелі орам бағыныңқы сөйлем ролінде жұмсалады. Қазақ тілінде есімшенің шақ түрлері: өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше.

**ПРИЧАСТИЕ БУДУЩЕГО ВРЕМЕНИ** *келер шақ есімше*. Көсемшенің *а, е, и* жұрнақтарынан соң *тын (тін)* жұрнағы жалғану арқылы жасалатын есімшенің шақ түрі.

**ПРИЧАСТИЕ НАСТОЯЩЕГО ВРЕМЕНИ** *осы шақ есімше*. Етістіктің тұйық рай түріне *-шы/-ші* жұрнақтарын жалғау арқылы жасалатын есімшенің шақ түрі.

**ПРИЧАСТИЕ ПЕРЕХОДНО-БУДУЩЕГО ВРЕМЕНИ** *ауыспалы келер шақ есімше*. *Ар-ер-р* жұрнақтары арқылы жасалатын есімшенің шақ түрі.

**ПРИЧАСТИЕ ПРОШЕДШЕГО ВРЕМЕНИ** *өткен шақ есімше* [анг. Past Participle]. Етістікке *ған, ген, қан, кен* жұрнақтары жалғану арқылы жасалатын есімшенің шақ түрі.

**ПРИЧАСТНЫЙ ОБОРОТ** *есімшелі орам*. Есімше арқылы жасалған, құрамында есімше формасы бар конструкция. Түркі тілдеріндегі есімшелі конструкциялар бағыныңқы сөйлем ролін атқарып, предикативтік мағынада қолданылады.

**ПРОГРЕССИВНАЯ АССИМИЛЯЦИЯ** *ілгерілі ықпал* [анг. progressive assimilation, нем. progressive Assimilation, фр. progressive assimilation]. Сөз ішінде алғашқы дыбыстың өзінен кейінгі дыбысты артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуі.

**ПРОДУКТИВНЫЕ АФФИКСЫ** *өнімді аффикстер*. Сөзден сөз тудырушы құнарлы қосымшалар.

**ПРОИЗВОДНАЯ ФОРМА** *туынды тұлға*. Түбір сөзге қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатын жаңа сөз; мыс.: орыс тілінде *ход, приход, заход*, қазақ тілінде *темір — темірші, орақ — орақшы, бас — бастық — басшы*.

**ПРОИЗВОДНЫЕ ОСНОВЫ** *туынды негіз*. Қосымшалар жалғану арқылы жаңа мағына мен тұлғаға ие болушы негіз.



**ПРОИЗВОДНЫЙ ГЛАГОЛ** *туынды етістік*. Мағынасы күрделеніп, қосымшалы тұлғада жұмсалатын етістік.

**ПРОИЗВОДНЫЙ КОРЕНЬ** *туынды түбір*. қ. производные основы.

**ПРОКЛИЗА** *проклиза* [анг. proclisis, нем. Proklise, фр. proclise]. Өзінен соңғы сөздермен қабысып, жана-сып фонетикалық тұтастықта тұратын екпінсіз сөз. Орыс тіліндегі проклитикаға екпін түспейтін болса, *но, я* жалғаулықтары (предлогтар) жатады м: *под, нами, но, я* т. б.

**ПРОКЛИТИКА** *проклитика* [анг. proclitic, нем. Proklitisch, фр. proclitique, гр. proklino — «ілгері», «алға келу»]. Проклизада келетін сөздер туралы айта-тын термин. Екпін түсетін сөздің алдында *я* артында келіп, екпінсіз айтылатын сөздер; мыс.: орыс тілінде *под кроватью, из дома*, қазақ тілінде *тәп-тәуір* дегендегі проклитикалық элементтер *под. из, тәуір*.

**ПРОНОМИНАЦИЯ** *прономинация* [лат. pronominatio]. Метонимияның бір түрі. Жалпы есім орнына жалқы есім, жалқы есім орнына жалпы есімнің қолданылуы; мыс.: *плюшкин* деген сөз орыс тілінде сараңдықты білдірсе, «*Қыз Жібек пен Төлегендей*» деген сөздер қазақ тілінде өзіл ретінде, екі ғашықты білдіреді.

**ПРОПИСНАЯ БУКВА** *бас әріп*. Ережеге сай. жазылуы әдеттегі әріптерден өзгеше әріптер.

**ПРОСТАЯ ГЛАГОЛЬНАЯ ФОРМА** *етістіктің дара түрі*. Басқа сөздерден оңаша тұрып, іс-қимылды білдіретін етістіктің негізгі түрі.

**ПРОСТОЕ НЕРАСПРОСТРАНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жалаң жай сөйлем*. Тұрлаулы мүшеден ғана құрылатын сөйлем.

**ПРОСТОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жай сөйлем*. Бастауыш *я* баяндауышқа талданбай, тұтас сөйлем болып құрылатын сөз тіркесі. **Жай сөйлем**: **жақты, жақсыз, толымды, толымсыз және атау сөйлем** болып бөлінеді.

**ПРОСТОЕ РАСПРОСТРАНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жайылма жай сөйлем.* Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден құралған сөйлем.

**ПРОСТОЕ СКАЗУЕМОЕ** *дара баяндауыш.* Сөйлем ішінде бір ғана сөзден болған баяндауыш.

**ПРОСТОРЕЧИЕ** *қарапайым сөз.* Әдеби тілде сирек кездесетін, ауызша тілде көп қолданылатын дәрекі сөздер; мыс.: *сұңғыла, атау-керең, су мұрын* т. б.

**ПРОСТРАНСТВЕННЫЙ ПАДЕЖ** *мекендік септік.* Барыс, жатыс, шығыс септіктері.

**ПРОТЕЗА** *протеза.* Сөздің басынан не аяғынан қосылған дәнекер дыбыс. Славян тілдеріндегі протезалық дыбыс «в», *вып», выдра* сөздеріне қосылған.

**ПРОТИВИТЕЛЬНЫЕ СОЮЗЫ** *қарсылықты жалғаулықтар.* Бір сөздің яки сөйлемнің бірі-біріне қарсы мәнін көрсететін (бірақ, бірақ та, алайда, сонда да, дегенмен, үйтсе де) жалғаулықтар.

**ПРОТОЧНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *ызың дауыссыздар.* қ. щелевые согласные.

**ПРОФЕССИОНАЛИЗМ** *профессионализм.* Белгілі бір профессия мамандықтары бар адамдарға тән сөздер мен сөз тіркестері.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ЛЕКСИКА** *профессиональдық лексика.* Белгілі бір мамандық, кәсіп көлемінде қолданылатын сөздер. Профессиональдық лексиканың терминдерден де, говордан да айырмасы бар. Әдеби тілдің дамуына игі әсер етеді.

**ПРОЦЕСС ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ** *дифференциация процесі.* Төркіндес тілдер арасындағы айырмашылықтың үдеуін көрсететін процесс, *интеграция* терминіне қарама-қарсы ұғым.

**ПРОЦЕСС ИНТЕГРАЦИИ** *интеграция процесі.* Тілдердің жақындасуын, оларға тән ортақ қасиеттердің көбеюін көрсететін процесс, *дифференциация* дегенге қарама-қарсы айтылады.

**ПРОЦЕСС УПОДОБЛЕНИЯ** қ. ассимиляция.

**ПРОШЕДШЕЕ ВРЕМЯ** *өткен шақ* [анг. Past indefinite tense, нем. Vergangenheit, фр. passé]. Етістіктен болған іс-әрекет, қимылдың өткен кезде, сөйлеп тұрған мерзімнен бұрын біткендігін көрсететін етістік шақтарының бірі. Шақтың жалпы сипатына байланысты тіл-тілдегі өткен шақтың түрлері әр қалай болады. Етістік түрлері (видтері) болмайтын қазіргі батыс еуропа тілдерінде өткен шақ бірнеше топқа бөлінеді; мыс.: француз тілінде *passé indéfini* — (прошедшее неопределенное), *passé défini*, *passé simple* (прошедшее простое или определенное); *imparfait* (имперфект) *Plus-que-parfait* (плюсквамперфект) т. б. Бұндай жіктеу ағылшын, неміс тілдерінде, тіпті классикалық грек, латын тілдерінде, ежелгі славян мен ескі орыс тілдерінде де болған (аорист, перфект, имперфект, плюсквамперфект). Қазақ тіліндегі етістіктің өткен шақ түрлері: ежелгі өткен шақ (*барып-пын, алып-сың, жазыпты, көріпті*), жедел өткен шақ (*Есет барды, ол алды, қар жауды*), бұрынғы өткен шақ (*барғанмын, барғансың, барған*).

**ПРЯМАЯ РЕЧЬ** *төл сөз* [анг. direct speech, нем. Direkte Rede, фр. Discours direct]. Біреудің айтқан сөзін яғни бөгде сөзді өзгертпестен барлық ерекшеліктерін сақтап, өз мағынасында айтылатын сөз.

**ПРЯМОЕ ДОПОЛНЕНИЕ** *тура толықтауыш* [анг. direct object, näheres Objekt, Complément direct]. Заттың қимыл процесін білдіріп, табыс септікте жұмсала-тын тұрлаусыз мүше.

**ПРЯМОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА** сөздің тура мағынасы.

**ПРЯМОЙ ПАДЕЖ** *атау септік* [фр. Cas direct, лат. Casus rectus]. Грамматикадағы атау (именительной) септік, кейбір тілдердегі звательный падеж. Бұл атау септік басқа сөздерге тәуелді емес, жалғау жалғанбайды, сондықтан тура (прямой) септік аталады.

**ПУНКТУАЦИЯ** *пунктуация* [анг. Punctuation, нем. interpunktion, фр. ponctuation]. Сөйлемнің бөлініп айтылуын, сөздердің бөлшектенуін, олардың қарым-қатысын белгілейтін тыныс белгісі, графикалық белгілер. Тыныс белгілеріне абзацтардың жазылуы, нүктеден

соң бас әріптің жазылуы, үтірдің қойылуы, сол тәрізді шрифтік белгілерді көрсету амалы (курсив, қара шрифт т. б.) жатады.

**ПУРИЗМ** *пуризм* [фр. purisme, лат. purus — «таза»]. Басқа тілден еруге тиісті сөздерді қабылдаудан бас тартып, реті келмесе де өз сөзімен айтушылық. Пуризм, көбіне, ұлтшылдықпен ұласып жатады. Пуризмнің негізгі мақсаты тілді неологизмнен, бұрмалаушылықтан тазарту.

## Р

**РАЗГОВОРНЫЙ ЯЗЫК** *сөйлеу тіл* [анг. Colloquial Speech, vernacular language; нем. Umgangssprache, Verkehrssprache; фр. langue d'usage, parler d'usage]. Күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылатын тіл. Сөйлеу тілі әдеби тілдің ерекше түрі болып саналады.

**РАЗДВОЕНИЕ СОГЛАСНЫХ** қ. аффрикат.

**РАЗДЕЛИТЕЛЬНОЕ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** *бөлшекті сан*. Бүтін санның бөлшегі, жартысы ретінде қолданылатын сөздер; мыс.: *жарым, жарты, ширек, үштен бір, бір жарым* т. б.

**РАЗМѦХ КОЛЕБАНИЙ** қ. амплитуда колебаний.

**РАЗЪЯСНИТЕЛЬНЫЙ СОЮЗ** *талғаулықты жалғаулық*. Бірыңғай мүшелердің, салаластағы жай сөйлем мүшелерінің жарыса, алмаса, не жалғаса айтылу қатынасын білдіретін салаластырушы жалғаулықтың бір түрі; мыс.: *я, не, немесе, әлде, не болмаса* т. б.

**РАСПОДОБЛЕНИЕ** қ. диссимилиация.

**РАСПРОСТРАНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *жайылма сөйлем*. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері тегіс бар сөйлемдер.

**РАЦИОНАЛЬНАЯ ГРАММАТИКА** *рационалдық грамматика*. Поррояль атты француз монастырында XVII ғ. жазылып, жарыққа шыққан, рационализм философиясының негізінде тілді ойлауға, грамматиканы логикаға түгел бағындырмақшы болған тіл зерттеудегі реакциялық ағым.

**РЕГРЕССИВНАЯ АССИМИЛЯЦИЯ** кейінді ықпал [анг. Regressive assimilation, нем. regressive vorgreifende Assimilation, фр. régressive assimilation]. Кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуі.

**РЕГРЕССИЯ** *регрессия*. Сөздерді қарама-қарсы қолданатын стилистикалық тәсіл; мыс.: «*надо есть, чтобы жить, а не жить, чтобы есть*».

**РЕДУКЦИЯ** *редукция* [анг. reduction, нем. Reduktion, фр. réduction < лат. reducere — «қайыру», «кері қайтару»]. Екпінсіз дауыстылардың айқын естілмей, көмескі естілуі. Редукцияда сандық және сапалық өзгерістер болады. Редукция дауысты дыбыста да, дауыссызда да болады.

**РЕДУПЛИКАЦИЯ** *редупликация* [< лат. reduplicatio — «еселену», «қайталану»]. Түбір сөзді қайталау арқылы жаңа сөз жасаудың түрі; мыс.: *өркеш-өркеш таулар; үйдей-үйдей тастар, ауық-ауық келу, еміс-еміс естілді*; орыс тілінде *эле-эле, чуть-чуть, едва-едва* т. б.

**РЕДУЦИРОВАННЫЕ ЗВУКИ** *редуцияланған дыбыстар*. Айтылуда редукцияланған, көмескіленген дыбыстар; мыс.: орыс тіліндегі екпінсіз дауыстылар: *голова́, гло́вы*.

**РЕЗОНАТОР** *резонатор* [анг. resonator, нем. Resonator, фр. résonateur < лат. resonare — «дыбыс беру»]. Ауыз қуысы мен мұрын қуысы. Ауыз қуысының ұлғайып, кішіреюіне байланысты дауыстылар мен дауыссыздар тембрі жасалады. Мұрын қуысындағы резонанс дыбысқа үн, мәнер береді. Резонаторлық тон (резонаторные тоны) резонатор мүшенің өздігінен шығатын үні.

**РЕЕСТР** *реестр*. Алфавит тәртібімен тізіліп жазылған сөз.

**РЕКУРСИЯ ЗВУКА** *дыбыс рекурсиясы*. Сөйлеу мүшелерінің дыбыс шығаруға қатыспау мерзімі.

**РЕЛЯТИВНАЯ СИНТАГМА** *релятивті синтагма*. Анықтаушы мүше анықталушы предикаттың белгісін білдіретіндігі; мыс.: *быстро бежит, красиво пел*.

**РЕЛЯЦИОННОЕ ЗНАЧЕНИЕ** *реляциялық мағына.* Белгілі бір сөйлемдегі немесе сөз тіркестеріндегі сөздердің өз ара қарым-қатынасынан туатын мағына; кейбір лингвистикалық еңбектерде бұнымен қатар кейбір жұрнақтар арқылы пайда болған үстеме ұғымды деривациялық мағына деп түсінеді.

**РЕЧЕВОЙ АППАРАТ, ОРГАНЫ АРТИКУЛЯЦИИ** *сөйлеу аппараты* [анг. Vocal apparatus, нем. Sprechapparat, Sprechwerkzeuge, фр. appareil vocal]. Түрлі типтегі дыбыстарды жасауға қатысатын мүшелер: *ерін, тіс, тіл, көмей, ауыз және мұрын қуыстары* т. б.

**РЕЧЬ** *сөз, тіл* [анг. Speech, discourse, нем. Rede, фр. discours]. Орыс тіліндегі бұл терминнің беретін мағынасы кең, сөз және тіл мағыналарында жұмсала берді. Басқа сөздермен тіркес келіп те, атау сөз ретінде де айтылады; мыс.: *устная речь* (сөйлеу тілі), *письменная речь* (жазу я жазба тіл), *родная речь* (ана тіл), *русская речь* (орыс тілі), *ораторская речь* (шешен тілі я сөзі), *косвенная речь* (бөгде сөз), *прямая речь* (төл сөз), *части речи* (сөз таптары) т. т.

**РИТМИЧЕСКОЕ** (или **МЕТРИЧЕСКОЕ**) **УДАРЕНИЕ** *ритмикалық екпін.* Метрикалық я ритмикалық топтағы сөздердің белгілі буынына түсетін екпін.

**РИТОРИКА** *риторика* [гр. rhetorike]. 1. Шешен сөйлеудің теориясы; 2. Мағынасы аз, нәрлі сөз. Сөздің сырт формасының әдемілігі.

**РИТОРИЧЕСКИЙ ВОПРОС** *риторикалық сұрау.* Сөйлеген сөзді әсірелеуге сұрау түрінде, жалпыға қайрыла сөйлеуді білдіретін сұрау арнаудың бір түрі, стилистикалық тәсіл; мыс.: *балалық өлді білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Кәрілікке көндің бе?* (Абай).

**РИФМА** *рифма* [анг. rhyme, нем. Rein, фр. Rime < гр. rhytmos — «өлшемділік», «үйлесімділік»]. Өлең сөздердің соңғы буындарындағы дыбыстардың үйлесімі, ұқсастығы.

**РОД** *род* [анг. gender, нем. Genus; фр. genre]. Бір сөзді екінші сөзден ажырататын сөздердің грамматикалық тобы, грамматикалық категориясы. Орыс тілінде үш түрлі род бар: *мужской, женский*,

средний род. Қазақ тілінде род категориясы жоқ. Орыс тілінің ықпалымен *Айтмұхаметова*, *Бекмұхаметов* тәрізді фамилияларда, «комсомолец», «комсомолка» тәрізді кейбір сөздерде ғана род байқалады.

**РОДИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *ілік септік* [анг. Genitive, нем. Genetiv, фр. génitif]. Меншікті және қатынасты білдіріп, әрқашан өзінен соңғы тәуелді сөзбен жалғаулы, жалғаусыз түрде байланысып, кімнің? ненің? деген сұрақтарға жауап беретін септік.

**РОДНОЙ ЯЗЫК** *ана тілі* [анг. mother — tongue, нем. Mutter, Sprache, фр. langue maternelle]. Адамның бала кезінен туған-туысынан үйреніп сөйлеген, халқының, отанының тілі.

**РОДОВОЙ ЯЗЫК** *ру тілі* [анг. generic language, нем. generisch Sprache, фр. générique langage]. Көне дәуірдегі, халық болып қалыптаспай тұрған кездегі ру тілі.

**РДОВЫЕ ОКОНЧАНИЯ** *род жалғаулары*. Біз сөзді екінші сөзден ажырататын орыс тіліндегі род категориясына тән жалғаулар.

**РОДСТВЕННЫЕ ДИАЛЕКТЫ** *туыстас диалекттер*. Белгілі бір халық тілдерінің жер жағдайы мен ру бірлігіне байланысты ұқсас диалектілер.

**РОДСТВЕННЫЕ ЯЗЫКИ** *туыстас тілдер*. Шығуы мен тегі жағынан бір-біріне ұқсас, түбірлес тілдер; мыс.: *түркі тілдері, славян тілдері, роман тілдері*.

**РОДСТВО ЯЗЫКОВ** *тілдердің туыстығы*. Бір тілден тарап, дамыған екі тіл арасындағы жақындық, бірлестік; мыс.: *Италия, француз тілдері, ағылшын, неміс тілдері*. Ағылшын тілі о баста неміс тілінің бір диалектісі болған.

**РОМАНИЗМ** *романизм*. Роман тілінің үлгісімен құрылған сөз тіркесі.

**РОМАНИСТ** *романист*. Роман филологиясының маманы.

**РОМАНСКИЕ ЯЗЫКИ** *роман тілдері*. Тектестігі мен ұқсастығына қарай индоевропа семьялы тілдерге жататын тілдер тобы. Олар: *италия, испан, португа-*

лия, француз, провансал, каталан, реторман, сардин, румын, молдаван және классикалық әрі халықтық латын тілдері.

**РОМАНСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ** *роман филологиясы.* Роман тілдері мен мәдениетін зерттейтін ғылым саласы.

**РОТАЦИЗМ** *ротацизм* 1. «Р» дыбысының айтылуда мүкіс естілуі; 2. Басқа дыбыс орнына «р» дыбысын айтушылық.

**РУНИЧЕСКОЕ ПИСЬМО** *руникалық жазу.* Тасқа және басқа заттарға жазылып сақталған ертедегі «жұмбақ» жазулар; бұл жазулардың тобына: Орхон, Енисей, Талас өзендері жағаларынан табылған көне түркі жазбалары да жатады.

**РУСИЗМ** *русизм.* Орыс тілінен енген, сол тілдің үлгісімен қалыптасқан сөздер мен сөйлемшелер.

**РУСИСТ** *русист.* Орыс филологиясының маманы, ғалым.

**РУССКИЙ ЯЗЫК** *орыс тілі.* Индоевропа тілдерінің шығыс славян тобына жататын ұлы орыс халқының тілі. Бұл тілде 100 миллионнан астам адам сөйлейді. Орыс тілі Совет Одағындағы халықтардың екінші ана тілі, дүние жүзі халықтарына ортақ халықаралық тіл. Грамматикалық құрылысы жағынан флективті-синтетикалық тілдерге жататын, Европа мен Азия елдеріне кеңінен тараған тіл. Орыс тілі халықтық демократия елдерінің мектептері мен жоғары оқу орындарында оқытылады. Орыс тілі дүние жүзіндегі ең бай, ең көп тараған тілдің бірі.

## С

**САМОСТОЯТЕЛЬНЫЕ СЛОВА** *дербес сөздер.* Заттық ұғымды білдіретін мағыналы сөздер.

**САНСКРИТ** *санскрит.* Ертедегі және орта ғасырдағы индияның діни, философиялық, ғылыми және көркем әдебиетінің тілі.

**САНСКРИТОЛОГ** *санскритолог.* Санскрит тілі мен әдебиетінің білгір маманы.



**СВИСТЯЩИЕ СОГЛАСНЫЕ ызың** (сүзілмелі) *дауыссыздар* [анг. Sibilant]. қ. сиблянтные звуки.

**СВОБОДНОЕ УДАРЕНИЕ тұрақсыз екпін.** Кей тілдерде екпіннің сөздердің бас буынына да, орта, соңғы буындарына да түсіп, арнаулы буынмен байланысуы шарт болмайтын, белгілі буынға түспейтін екпін; мыс.: орыс тілінде *ручка, пшеница, река*.

**СВЯЗАННОЕ (ФИКСИРОВАННОЕ) УДАРЕНИЕ тұрақты екпін.** Кей тілдерде екпін сөздердің, көбіне, арнаулы буындарына түседі, қазақ тілінде екпін, көбіне, соңғы буынға түседі; мыс.: *бала, кереге, балалар, балаларға*.

**СВЯЗКА байлам** [анг. Copula, нем. Kopula, фр. Copule]. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы шылау, жалғаулық; мыс.: орыс тілінде — *есть* — это *есть* наш дом.

**СЕГМЕНТЫ сегменттер** [Segments, Afsint]. Белгілі бір сөздердің, текстің бір-біріне байланысты жағына қарай бөлуді білдіретін объект.

**СЕМАНТИКА семантика.** Сөз мағынасы туралы ғылым. Бұл семасиология деп те аталады.

**СЕМАНТИЧЕСКАЯ СИСТЕМА семантика жүйесі.** Сөздің түрлі мағыналық заңдары.

**СЕМАНТИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ семантикалық сөздік.** Сөз мағынасын қамтитын сөздік.

**СЕМАСИОЛОГ семасиолог.** Семасиология маманы.

**СЕМАСИОЛОГИЯ семасиология** [ $\langle$ гр. *semasio* — «белгі», «мағына» + *logos* — «ілім»]. Тіл білімінің сөз мағыналарын, олардың түрлерін, өзгеруін зерттейтін саласы. Қазіргі кезде ол семантика деген терминнен гөрі көбірек қолданылып жүр.

**СЕМИОТИКА семиотика** [анг. Semiotic  $\langle$  гр. *semiotike*  $\langle$  *semeion* — «белгі»]. Әрбір кластың сегментке бөлінуін және солардың өз ара қатысы арқылы ол кластардың дериватқа бөлінуін көрсететін иерархия. Бұл Л. Ельмслев қолданған термин.

**СЕМИОЛОГИЯ** *семиология* [анг. Semeiology, нем. Semiologie, фр. Semiologie < гр. semeion — «белгі, таңба»]. Ф. де Соссюр ұсынған таңба, белгі туралы ғылым. Бұл терминді семасиология яки семантика деген терминдермен ешбір шатастыруға болмайды.

**СЕМИТИЗМ** *семитизм*. Семит тілдерінен енген сөздер мен сөз тіркестері.

**СЕМИТОЛОГ** *семитолог*. Семит тілдерінің маманы.

**СЕМИТОЛОГИЯ** *семитология*. Семит тілі мен әдебиеті, мәдениетін зерттеуге арналған қоғамдық ғылым.

**СЕМИТО-ХАМИТСКИЕ ЯЗЫКИ** *семито-хамит тілдері*. Бұл топқа семиттік (араб, көне еврей, финикий, ассировавилон, эфиопия тілдері), хамиттік (гуаректер тілі мен солтүстік Африка халықтарының тілдері) ескі египет және Азия мен Африканың біраз халықтарының тілдері жатады.

**СЕМИТСКИЕ ЯЗЫКИ** *семит тілдері*. Аравия, таяу Азия және Африканың бірсыпыра жеріне тараған тілдер. Семит тілдері екі топқа бөлінеді: солтүстік (аккад, арамей т. б. тілдері) және оңтүстік топ (араб және абиссин тілдері). Семит тілдеріне жақын, тектес тілдер: ескі еврей, араб тілі, ассирий, амхар тілі мен тигринья тілі.

**СЕМЬЯ ЯЗЫКОВ** *тілдер семьясы*. Тегі бір тілдерден тараған тілдердің жиынтығы, солардың жақындығы; мыс.: латын тілінен тарап, дамыған — *француз, итальян, испан тілдері*.

**СИБЛЯНТНЫЕ ЗВУКИ** *сиблянт дыбыстар* [анг. Sibilant, нем. Pfeifend, Zischlaut, фр. Sifflante, < лат. Sibilans (sibilantil) — «ызың»]. Айтуда дыбыстау мүшелерінің жуысуынан, фонациялық ауаның сүзіліп, ызыңдап шығуынан пайда болатын фрикатив деп аталатын дыбыстар: *ф, в, с, з* т. б.

**СИГМАТИЗМ** *сигматизм* [анг. Sigmatism, нем. Sigmatism, фр. sigmatisme, ит. Sigmatismo]. Грек алфавитіндегі (қазіргі «с» әрпін білдіретін) таңба. Ызың «с»

қарқынымен байланысты болатын артикуляциялық өзгеріс.

**СИГНИФИКАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ** *сигнифика- тивтік функция*. Тілдің дыбыстық немесе графикалық белгілерінің тілдік элементтер, морфемалар, сөз, сөй- лемдер түрінде аңғарылу қызметі.

**СИЛА ЗВУКА** *дыбыс күші*. Дыбыс күші дірілдің қарқынымен байланысты болады. Дыбыс күшінің ұл- ғаюы я күшейе түсуі діріл қарқынына байланысты.

**СИЛЛАБЕМА** *силлабема*. Дыбыс негізінде емес, буын негізінде құрылған белгілі бір графикалық таңба.

**СИЛЛАБИЧЕСКОЕ ПИСЬМО** *силлабикалық жазу*. Буынға негізделген, буын түріндегі жазу.

**СИЛОВОЕ УДАРЕНИЕ** *лепті екпін*. қ. динамическое ударение.

**СИЛЬНАЯ ПОЗИЦИЯ** *күшті позиция*. Фонеманың айқын аңғарылуына қажет позиция.

**СИЛЬНЫЕ ЗВУКИ** *қарқынды дыбыстар*. Кей ды- быстарды, әсіресе қатандарды айтқанда ұяңға қара- ғанда ауа лебі күшті, қарқынды шығады.

**СИМВОЛИЧЕСКАЯ СИГНАЛИЗАЦИЯ** *символдық сигнал*. Ертеде жазу болмай тұрғанда өз пікірін бейне- мен білдіру тәсілі.

**СИМВОЛИЧЕСКИЙ ПРИНЦИП** *символикалық принцип*. Идеологияның пайда болуымен байланысты кісі аттарындағы бас әріптердің жазылуының прин- ципі.

**СИММЕТРИЧЕСКОЕ СООТВЕТСТВИЕ, РЕСПОН- ЗИЯ** *симметриялық (өлшемдік) сәйкестік*. Симметрия- лы түрде тұрған элементтер арасындағы, мәселен, өлең арасындағы, кейде сөз немесе белгілі бір өлшем- дегі буын арасындағы ұқсастық. Бұл жөнінде стро- фа және антистрофа деген терминдерді қа- раңыз.

**СИНГАРМОНИЗМ** *сингармонизм* [ $\langle$ гр. *Syn* — «бір-

ге» + harmonia — «байланыс», «үйлесім», «үндесу»]. Дауысты дыбыстардың үндестігі. Сингармонизм заңы бойынша, түбір сөздің вокализмі қосымшадағы вокализмді билеп тұрады да, көршілес буындардың алдыңғысы өзінен кейінгі буындарды ілестіріп тұрады. Түбірдегі дауысты жуан болса, оған орай қосымшадағы дауысты да жуан болады. Сатылы қосымшадағы дауыстыға негізгі арқау түбірдегі вокализм болады. Сингармонизм заңы түркі тілдері мен монғол және угрофин, тунгус, манчжур палеоазиат тілдерінде көбірек кездеседі. Дауыстылар үндестігі индоевропа тілдерінде регрессивті түрде кездеседі. Қазақ тіліндегі сингармонизм — езу, ерін үндестігі яғни лингвалдық сингармонизм, лабиальдық сингармонизм болып жіктеледі.

**СИНГАРМОНІЯ** *сингармония*. Дыбыс үндесуі.

**СИНЕКДОХА** *синекдоха*. Тілде бөлшектік мағынаны білдіретін сөздердің бүтін орнына және олардың керісінше қолданылуы; мыс.: *үлкен кісі* деудің орнына «*ақсақал*», «*үй*» деудің орнына «*түтін*», *төрт түлік малдың, кей түрін* — «*мүйізді*», «*аша*» *тұяқты*» дейді.

**СИНКОПА** *синкопа*. Сөз ішіндегі бір, не бірнеше дыбыстың түсіп қалуы; мыс.: *халық* — *халқымыз, ауыл* — *аулымыз*.

**СИНКРЕТИЗМ** *синкретизм* [анг. Syncretism, нем. Synkretismus, фр. syncretisme, ит. Sincretismo < гр. synkretismos — «қосу, біріктіру»]. Батыс Европа тіл білімінде кеңінен қолданылып жүрген термин. Негізінде бірнеше функцияның қандай дәрежеде, нендей формада қолдану құбылысын көрсететін гректің Synkretismos сөзінен сөзбе-сөз аударылған атау. Луи Ельмслев мұны ұқсастықтықты дәлелдейтін категория мағынасында қолданылған.

**СИНОЛОГИЯ** *синология*. Қытай халқының әдебиеті мен тілін, оның тарихын зерттейтін ғылым.

**СИНОНИМИКА** *синонимика*. 1. Лексикологияның синонимдерді зерттейтін саласы; 2. Белгілі бір тілдегі синонимдер жиынтығы.

**СИНОНИМИЧЕСКИЙ РЯД** синонимдік қатар. Синоним сөздердің әрбір топтары; мыс.: *мықты, берік; күшті, қуатты; әлеуметті, қарулы.*

**СИНОНИМИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** синонимдік сөздік. Белгілі бір тілдегі синоним сөздерді қамтитын, олардың мағынасын түсіндіретін сөздік; мыс.: қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі, авторы Әсет Болғанбаев, 1962.

**СИНОНИМЫ** синонимдер [гр. Synonymia — «мәндес, мағыналас»]. Тұлғасы басқа, мағынасы ұқсас, мәндес сөздер; мыс.: *қысқа — келте, шолақ; әдемі, көркем, сұлу.* Синонимдер, әдетте стилистикалық вариантта қолданылады. Синонимдік қатарға мағыналас сөздер жатады. Олар өз ара ерекшеленеді. Лексикалық синонимнен басқа грамматикалық синоним және сөз жасаушы синонимдер (аффикстер синонимі) болады. Грамматикалық синонимдер сөздердің дублет формасы болып саналады. Тілде қатарынан қолданылатын қосымшалар — аффикстік синонимдер болады; мыс.: *көк-теу, көк-шіл, аз-ыр-ақ, аз-дау* т. б.

**СИНОНИМЫ ГЛАГОЛОВ** етістік синонимдері; мыс.: *ашулану — долдану; аудару — төңкеру; айту — сөйлеу.*

**СИНОНИМЫ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ** сын есім синонимдері; мыс.: *ақылды — есті, дұрыс — тәуір, ойлы — пікірлі* т. б.

**СИНОНИМЫ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ** зат есім синонимдері; мыс.: *тоғай — орман; шөп — пішен; кесе — шыны.*

**СИНОНИМИЯ** синонимия. Түрліше айтылатын сөздердің тең мағыналығы; синонимика терминінің мағынасын білдіретін атау.

**СИНТАГМА** синтагма [гр. Syntagma — «бір тұтас құралған»]. Қазіргі тіл білімінде бұл термин екі түрлі мағынада қолданылады. Совет тілшісі Л. В. Щербаның ілімі бойынша, синтагма екпіннің, интонацияның тәсілімен жасалған сөзде болатын мәндік (синтаксистік), сондай-ақ, фонетикалық тұтастық. Ол бір немесе бірнеше сөзден құралып контексте тұрғанда дара я

күрделі мағынаны білдіреді. Синтагма сөйлемнің бір бөлімі боп саналады. Синтагмаға бөліну омонимді сөйлемдерді өз ара ажыратуға әсерін тигізеді; мыс.: орыс тілінде «*писать* («*долго умел*» және «*писать долго*») *не умел*». Француз лингвисті Фердинанд Де Соссюрдің ілімі бойынша, синтагма сөйлемде, сөйлем мүшесінде, конструкцияда бір комплекс жасайтын екі я бірнеше элементтердің (белгілердің) қосындысы.

**СИНТАКСИС** *синтаксис* [анг. Syntax, нем. Syntax, Satzlehre, фр. Syntaxe, итал. Sintassi < гр. Syntaxis — «құрастыру, құрау»]. Грамматиканың сөйлем ішіндегі сөздердің тіркесу тәсілдерін, сөйлем құрылысы мен оның түрлерін тексеретін ғылым. Синтаксис морфологиямен тікелей байланысты. Синтаксис сөйлем және сөз тіркесін тексереді.

**СИНТАКСИЧЕСКАЯ КОНСТРУКЦИЯ** *синтаксистік конструкция*. Сөйлемдегі сөздердің қатары, тізбегі.

**СИНТАКСИЧЕСКАЯ (фразовая) ФОНЕТИКА** (фразалық) *синтаксистік фонетика* [анг. Sentence phonetics, нем. Satzphonetik, фр. phonétique Syntactique]. Сөйлемдегі сөздердің фонетикалық өзгерістерін, дыбыстардың сөз аяғында, ортасында өзгеруін зерттейді.

**СИНТЕЗ** *синтез* [Syntese < гр. synthesis — «қосу», «тіркеу», «құрау»]. Бұл термин химия, философия ғылымдарында да қолданылады. Затты тұтас, оның бөлшектерімен өз ара бірлікте байланыста зерттеу әдісі. Луи Ельмслев синтез терминіне — «объектіні сегментпен класс ретінде зерттеу» деген анықтама береді де, класс пен сегмент деген терминдердің ұғымы мен мағынасы бір деп түсінеді.

**СИНТЕТИЧЕСКИЕ ЯЗЫКИ** *синтетикалық тілдер* [анг. Synthetic languages, нем. Synthetische Sprachen, фр. langues Synthétiques]. Аналитикалық тілдерге қарама-қарсы, грамматикалық мағыналары ішкі, сыртқы флексия, аффиксация, екпін тәсілдері арқылы берілетін сөйлемдегі жеке сөздердің формаларына негізделген тілдер. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, бұған қопармалы (флективизм), жалғамалы (агглютинативные) тілдер жатады.

**СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОБОРОТЫ** *синтаксистік орамдар*. қ. Синтаксическая конструкция.

**СИНТАКСИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ** *синтаксистік талдау*. Мысалы, сөйлемдегі сөз тіркестерін, сөйлем мүшелерін талдау.

**СИНТЕТИЧЕСКИЙ СПОСОБ** *синтетикалық тәсіл*. Аффикация, ішкі, сыртқы флексия, екпін арқылы сөздердің грамматикалық мағыналарын білдіретін тәсіл.

**СИНТЕТИЧЕСКИЙ СТРОЙ ЯЗЫКА** *тілдің синтетикалық құрылысы*. қ. синтетические языки.

**СИНХРОНИЧЕСКАЯ ГРАММАТИКА** қ. дескриптивная грамматика.

**СИНХРОНИЯ** *синхрония* [анг. Synchrony, нем. Synchronie, фр. Synchronie < гр. Syn — «бірге» + chronos — «уақыт, мерзім»]. Диахронияға қарама-қарсы, тіл құбылыстарының бір дәуірде өмір сүру фактісінің сипаты.

**СКАЗУЕМОЕ баяндауыш** [анг. predicate, нем. Prädikat, фр. prédicat, лат. praedicatum]. Сөйлемнің тұрлаулы мүшесінің бірі. Ол бастауыштың қимылын, ісін т. б. сындық, заттық сапасын білдіріп, сөйлемдегі ойды аяқтап, тиянақты етіп тұрады. Баяндауыштар түбір сөзден, етістік сөзден дара, күрделі түрде жасалады.

**СКАЗУЕМОЕ ПРОСТОЕ дара баяндауыш**; мыс.: *Айттым, болды. Кестім. Үзілді!*

**СКАЗУЕМОЕ ИМЕННОЕ есімнен болған баяндауыш**. Есім сөздерден болған баяндауыш (зат есім, сын есім, сан есім).

**СКАЗУЕМОЕ СЛОЖНОЕ күрделі баяндауыш**. Көмекші я негізгі етістіктердің топ болып тіркесіп бір іс, әрекетті білдіруі; мыс.: *Оқып кетіп бара жатыр едім; ол зымырап келеді* т. б.

**СКАЗУЕМОСТЬ баяндауыштық**. Сөздің сөйлем ішінде баяндауыш болып келу жолы.

**СКЛОНЕНИЕ** *септеу* [анг. declension, нем. Deklination, фр. déclinaison, лат. declinatio]. Есімдер мен есімдіктің сөз өзгерту жүйесі. Септелуде сөздер септік жалғауының қосымшалары арқылы өзгеріп, түрленіп отырады. Кейде негіздегі дыбыстардың өзгеруі арқылы, яғни ішкі флексия арқылы түрленеді; мыс.: ескі ирландия тілінде *fer* «*муж*», *fir* «*мужа*» кей жағдайда (көбіне есімдікте) септелуде түбір сөздің өзі өзгеріп, қопарылып кетеді; мыс.: орыс тіліндегі «*я*» родит. падежде «*меня*», қазақ тілінде «*мен*», «*менің*», барыс «*маған*», «*сенің*», «*саған*» т. б. Септеу жержүзі тілдерінің көбінде бар. Ол сөз бен сөз тіркесі септік жалғаулары емес, предлогтар арқылы көрсетілетін тілдерде жоқ; мыс.: француз, италия, ағылшын тілі.

**СКОВАННОЕ СОЧЕТАНИЕ** *түйдекті тіркес*. Лексика-семантикалық топ болып, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын сөз тіркесі. Түйдекті тіркес күйінде айтылатын сөздердің негізгі түрлері: күрделі етістіктер тобы, есім мен көмекші етістіктер тобы, қосарлы, күрделі есімдер тобы, тұрақты тіркестер тобы.

**СКРЕЩИВАНИЕ ЯЗЫКОВ** *тілдердің тоғысуы* [анг. hybridization, нем. Hybridisation, фр. hybridation < гр. *hybris* (*hybridos*) — «аралас, тоғысу»]. Бір территорияда екі тілдің өмір сүруі нәтижесінде, ұзақ жылдардың тарихи процестерінде жеңілген тілдің сөздік қоры ғана өзгеріп қоймай, оның құрылысының да өзгеруі.

**СЛАБАЯ ПОЗИЦИЯ** *осал позиция*. Фонеманың айқын аңғарылмайтын позициясы.

**СЛАБЫЕ ЗВУКИ** *қарқынсыз дыбыстар*. Дыбыстарды, әдетте, ұяңдарды айтқанда қатаңға қарағанда ауа лебі солғын, қарқынсыз шығуынан пайда болатын дыбыстар.

**СЛАВИСТ** *славист*. Славян тілдері мен әдебиетінің маманы.

**СЛАВИСТИКА** *славистика*. Славян халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы туралы ғылымдар жиынтығы.



**СЛАВЯНИЗМ** *славянизм*. 1. Белгілі бір тілге славян тілінен енген сөздер мен сөз тіркестері; 2. Шеркеу тілінен орыс тіліне енген сөздер.

**СЛАВЯНСКИЕ ЯЗЫКИ** *славян тілдері*. Индоевропа семьялы тілдерге жататын, славян халықтарының тілдері. Ол үш топқа бөлінеді: шығыс топ (орыс, украин және белорус тілдері), оңтүстік топ (болгар, македон, серб-хорват және славян тілдері), батыс топ (поляк, чех, славяк тілдері). Славян тілі қазіргі кезде Европаның Шығысында, Балқан жарты аралында, Сибирьде, Орта Азия мен Қиыр Шығыста кеңінен тарап отыр.

**СЛИТНОЕ СЛОВО** *кіріккен сөздер*. Екі сөзден бірігіп барып, дыбыстардың өзгеруі, я түсуі арқылы бастапқы тұлғасынан айрылып, жымдасып кеткен сөздер; мыс.: *қарлығаш* — қара ала құш деген сөзден, *білезік* — білек жүзік деген сөзден өзгеріп кіріккен.

**СЛИТНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *біріккен дауыссыздар*. қ. аффрикаты.

**СЛОВАРНЫЙ СОСТАВ ЯЗЫКА** *тілдің сөздік құрамы*. Байырғы сөзді де, шеттен кірген сөздерді де қамтитын — тілдегі сөздердің жиынтығы. Сөздік құрам қоғамның, ғылым мен мәдениеттің дамып, өсуіне байланысты байып отырады. Сөздік құрамның толуы шет тілден енген сөздер, сөз жасау, аффиксация есебінен болады; мыс.: қазақ тілінде, *жетіжылдық, баспасөз, үгітші, оқулық, телевизор, спутник, ракета, экскаватор* т. б. Тілдің сөздік құрамының мөлшері мен сапасы сол тілді иемденуші халықтың мәдениетінің даму дәрежесіне байланысты. Жалпы халықтық тілдің сөздік құрамы профессионал сөздерді (кәсіби), қарапайым, жаргон, диалектілерді де тұтас қамтиды.

**СЛОВАРНЫЙ ФОНД ЯЗЫКА** *тілдің сөздік қоры*. Сөздік құрамның ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүрген, жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын сөздер.

**СЛОВАРЬ** *сөздік* [анг. Vocabulary, нем. Wortschatz, фр. Vocabulaire]. Бір тілдегі барлық сөздердің алфа-

вигтік тәртіпке түсірілген жинағы. Бұны тіл білімінде лексика деп те атайды. Сөздіктің түрлері: екі тілді сөздік, түсіндірме сөздік, шет тілдер сөздігі т. б.

**СЛОВАРЬ ИНОСТРАННЫХ СЛОВ** *шет тілдер сөздігі*. Шет тілдерден енген сөздерді тізіммен беріп, оның төркінін, мағынасын ашып көрсететін сөздік.

**СЛОВНИК** *сөздікше*. Алфавит тәртібі бойынша сөздікке енгізілетін сөздер тізімі.

**СЛОВО** сөз [анг. Word, нем. Wort, фр. mot]. Сөз — дыбыстық таңба мен мағынаның құранды бірлігі, тілдің негізгі единицасы. Өмірдегі алуан түрлі заттардың, әр қилы құбылыстардың бәрі де сөздермен аталады. Тілдердің бірінде сөздердің белгілі дәрежеде фонетикалық белгілері мен шектері болса (мәселен, орыс тілінде, ондай белгілер сөз екпіні және сөз соңында ұяң дауыссыздардың естілмеуі), кейбір тілде мұндай қасиеттер жоқ (мәселен, француз тілінде екпін болмайды). Тілдегі сөздердің бәрі мағынасы мен қызметіне, түріне қарай былайша жіктеледі: түбір сөз, шылау сөз, кірме сөз, күрделі сөз, қос сөз, біріккен сөз т. б.

**СЛОВОИЗМЕНЕНИЕ** *сөз түрлендіру*. қ. флексия.

**СЛОВОИЗМЕНИТЕЛЬНЫЙ АФФИКС** *сөз түрлендіруші қосымшалар*. Белгілі бір сөзге жалғанып, оған грамматикалық мағына беретін және олардың басқа сөздерге әр алуан қатынасын білдіретін қосымшалар; мыс.: *ай-ай-ға, ай-ын-да, ай-мен* т. б.

**СЛОВООБРАЗОВАНИЕ** *сөз жасау*. Екі сөзді біріктіру я аффикация жолымен жаңа сөз жасау тәсілі.

**СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ АФФИКСЫ** *сөз тудырушы қосымшалар*. Түбір сөзге жалғанып, грамматикалық мағынамен қатар лексикалық мағына тудыратын қосымшалар; мыс.: *бас — бас-шы, бас-тық, бас-тық-тар* т. б.

**СЛОВООБРАЗУЮЩИЕ ФОРМЫ** *сөз тудырушы формалар*. Сөзден жаңа сөздер жасайтын формалар.

**СЛОВСОЧЕТАНИЕ** *сөз тіркесі*. Сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланыстағы тобы. Қазақ тіліндегі сөз тіркестері есімді, етістікті болып бөлінеді.

**СЛОГ** *буын* [анг. Syllable, нем. Silbe, фр. Syllabe]. Өкпеден сыртқа шыққан ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір я бірнеше дыбыстар тобынан құралған сөз бөлшегі. Қазақ тіліндегі буын жасайтын дауысты фонема болып есептеледі. Буын тілімізде үш түрлі: ашық буын, тұйық буын, бітеу буын.

**СЛОГОВОЕ ПИСЬМО** *буындық жазу*. қ. силлабическое письмо.

**СЛГОВЫЕ** (или **СЛГООБРАЗУЮЩИЕ**) **ЗВУКИ** *буын жасаушы дыбыстар*. Буынның ортасында я басында келетін дыбыстар. Көптеген тілдерде буын жасаушы дыбыстар дауыстылар, тіпті дауыссыздар, көбіне, сонанттар да болып келеді.

**СЛГООБРАЗУЮЩИЙ СОГЛАСНЫЙ** *буын жасаушы дауыссыз*. қ. слоговые звуки.

**СЛОГОРАЗДЕЛ** *буын жігі*. Аралас екі буынның ара жігі.

**СЛОГОФОНЕМА** *буын жүйелі фонема*; мыс.: қытай тілінде.

**СЛОЖНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *құрмалас сөйлем*. Грамматикалық тәсілдер арқылы байланысып, күрделі ойды білдіретін, бірнеше жай сөйлемдерден құрала-тын, мағыналық, структуралылық және интонациялық ерекшелігі бар сөйлем. Тіл-тілде құрмалас сөйлемдер: салалас құрмалас (сложно сочиненное) және сабақтас құрмалас (сложноподчиненное) болып екі түрге бөлінеді.

**СЛОЖНОПОДЧИНЕННОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ** *сабақтас құрмалас сөйлем*. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің біріне-бірі бағынып, өз ара сабақтаса байланысқан түрі; мыс.: *Иек қағып еліріп, жүрсе әсем* (Абай). *Қарға адым жер мұң болар деп, кім ойлаған ол кезде* (Мүсірепов).

**СЛОЖНОСОКРАЩЕННЫЕ СЛОВА** қысқарған күрделі сөздер. қ. Аббревиатура.

**СЛОЖНОСОЧИНЁННОЕ ПРЕДЛОЖЁНИЕ** салалас құрмалас сөйлем. Тең дәрежелі екі сөйлемнің бір-біріне бағынбай, салаласып құрмаласқан жай сөйлемдерінің өз ара тең, мағына жағынан тиянақты түрі. Салаластар екіге бөлінеді: іргелес салалас, жалғаулықты салалас.

**СЛОЖНЫЙ ГЛАГОЛ** күрделі етістік. Бірнеше етістіктердің белгілі бір ұғымды білдіретін тұрақты тіркесі; мыс.: *барып кел; мәз бол; жүріп қайт* т. б.

**СЛУЖЕБНЫЕ ИМЕНА** көмекші есімдер. Әуел кездегі негізгі мағынасы өзгеріп, тек көмекшілік қызмет атқаратын сөздер; мыс.: *алд(ы), арт(ы), аст(ы), үст(і), арқа, жан, ара* т. б.

**СЛУЖЕБНОЕ СЛОВО** шылау сөздер [анг. *Subsidiary*, нем. *Nebenwort*, фр. *mot accessure*]. Дербес лексикалық мағыналары жоқ, есім сөздердің мағыналарын толықтыру әрі сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалатын сөздер. Қазақ тіліндегі шылау сөздер үшке бөлінеді: демеулер (послелогі), демеуліктер (частицы), жалғаулықтар (союзы). Орыс тіліндегі шылау сөздер: предлог, союз, частицалар және вспомогательные глаголы (көмекші етістіктер).

**СМЕШАННЫЕ ЯЗЫКИ** аралас тілдер. Бірнеше тілдің араласу нәтижесінде болған тіл. Мәселен, мәдениеті төмен елдердің мәдениеті жоғары халық тілдерінен сөздер қабылдауы.

**СМЫЧКА, ЗАТВОР** жабысыңқы [анг. *retention*, *Stop*, нем. *Verschluss*, фр. *occlusion*]. Жабысыңқы дыбыстарды айтудағы екінші фаза. Орыс тіл біліміндегі бұл смычка я затвор терминін экскурсия яки приступ деп атау бұрыннан бар.

**СМЫЧКА, ЗАТВОР** жабысыңқы [анг. *retention*, *дауыссыздар* [анг. *Occustive*, *Stop*, нем. *Verschlusslaut*, фр. *occlusive*]. қ. эксплозивные, щелевые, дрожащие и затворные согласные.

**СОБИРАТЕЛЬНОЕ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** *жинақтау сан есім* [фр. Numéral collectif]. Түбір тұлғалы сын есімге *-ау, -еу* жұрнағы жалғанып, санның жинақтық есебін білдіретін сын есім түрі; мыс.: *алтау, жетеу, бесеу*.

**СОБСТВЕННО-НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ** *нақ осы шақ*. Үнемді көсемше тұлғаға *отыр, жүр, тұр, жатыр* көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалатын осы шақтың бір түрі.

**СОБСТВЕННОЕ ИМЯ** *жалқы есім* [анг. Proper name, нем. Eigen name, фр. nom propre < гр. ονομα Kyriou, лат. Nomen proprium]. Жеке я дара заттың деректі атауы, соған берілген есім; мыс.: *кісі аты, жер-су атаулары* т. б.

**СОВЕРШЕННЫЙ (ПЕРФЕКТНЫЙ) ВИД** *аяқталған түр (вид)* [анг. Perfective aspect, нем. Perfektive Aktionsart, фр. aspect perfectif]. Істің толық біткендігін білдіретін етістік түрі.

**СОВЕТСКО-ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЕ СЛОВА** *совет-интернациональдық сөздер*. Совет дәуірінде көптеген халықтарға түсінікті болып кеткен атау сөздер; мыс.: *коммунист, комсомол, трактор, комбайн* т. б.

**СОГЛАСНЫЙ ЗВУК** *дауыссыз дыбыс* [анг. Consonant, нем. Konsonant, фр. Consonne, < лат. Consonans — «дауыссыз дыбыс»]. Фонациялық ауаның кедергісіз қарқынды шығып, дыбыстау мүшелерінің ерекше дара қимылынан пайда болатын, тек салдырдан тұратын дыбыстар. Дауыссыздар жасалуына я дауыстың қатысу, қатыспауына қарай: қатаң және ұяң болып бөлінеді. Айтылу жолына қарай: шұғыл, ызың дауыссыздар болып бөлінеді. Айтылу орнына қарай 8 топқа бөлінеді: Ерін фонемалары (*б, п, м, у*), Тіс пен ерін фонемалары (*ф, в*), тіс (денталь) фонемалары (*т, с, з, д, ц*), тіл ұшы фонемалары (*н, л, ч*), тіл алды (*р, ш, ж, и*), тіл ортасы (препалатив) (*қ, ғ*); тіл арты фонемалары (*қ, ғ, ң, х*); көмей фонемасы (фарингаль).

**СОГЛАСОВАНИЕ қиысу** [анг. Concord, agreement, нем. Kongruenz, Übereinstimmung, фр. accord]. Синтаксистік мүшелер арасында жиі ұшырайтын байланыстың бір түрі. Қиысу тіл-тілде өзгеше. Индоевропа тілдерінің көбінде бастауыш пен баяндауыш род, сан, жақ жағынан, сын есім, зат есіммен шақ жағынан қиысады. Ал латын, грек тілдерінде анықтауыштар әрқашан анықтайтын сөзбен грамматикалық формада (род, септік жалғаулары арқылы) қиысады да, бастауыш пен баяндауыш сан жағынан ғана қиысады. Қазақ тіліндегі қиысу, көбіне, бастауыш пен баяндауыш араларында болады. Осымен қатар тіліміздегі қиысуды — жақтық қиысу және көптік қиысу деп жіктейміз. Мұның өзі (жақтық қиысу) бастауыш пен баяндауыш арасындағы жаққа байланысты қиысу. Көптік қиысудың негізгі көрсеткіші — жіктік жалғаулар.

**СОЕДИНИТЕЛЬНЫЙ ГЛАСНЫЙ дәнекерлі дауысты** [анг. Connecting Vowel, нем. Bindevokal, фр. Voyelle de liaison]. Сөз бен сөзді біріктіруге дәнекерлік қызмет атқарушы дыбыстар. Бұндай дыбыстар орыс, француз, латын т. б. тілдерде бар; мыс.: орыс тілінде *пар-о-ход*, *верт-о-лет* деген сөздердегі *о* — *е* дыбыстары, француз тілінде *рас-і*, *фісус* сөзіндегі «*і*» дыбысы.

**СОНАНТ сонант** [анг. Phon, Sonant, нем. Sonant, Hauptlaut, лат. Sonare — «үйлесу», «үндесу»]. Дара түрде немесе басқа дыбыстармен қатар тұрып буын жасайтын сөз дыбысы, үнді дыбыс.

**СОНОРНЫЕ ЗВУКИ сонор дыбыстар.** Айтылуда дауыстың басым, салдырдың кем болуы нәтижесінде жасалатын үнді дыбыстар: *м, н, ң, р, л, (у) й*.

**СООТВЕТСТВИЕ ЗВУКОВОЕ дыбыс сәйкестігі.** Грамматикалық құрылысы бөлек тілдердегі я бір тіл ішіндегі дыбыстардың үйлесімі, құрылысы жағынан бір-біріне формальды ұқсастығы.

**СОПОДЧИНЕНИЕ матасу.** Қиысу, меңгеру тәрізді синтаксистік байланыс формаларының бір түрі. Тіл білімінде мұны *изафет* немесе *изафеттік құрылыс* (изафетное сочетание) деп те атайды.

**СОСЛАГАТЕЛЬНОЕ** (или **УСЛОВНОЕ**) **НАКЛОНЕНИЕ** *шартты рай* [анг. Subjunctive mood, нем. Konjunktiv, Kōditionalis, Subjenktiv Modus]. қ. условное наклонение.

**СОСТАВНОЕ ИМЯ ПРИЛАГАТЕЛЬНОЕ** *құрамды сын есім*. Сын есім мен басқа сөздердің, я сын есім мен сын есімнің тіркесуі, құралуы арқылы жасалатын күрделі сын есімдер тобы; мысалы; қазақ тілінде: *қара ала ат, бота тірсекті, көк ала, сары ала, қызыл күрең* т. б.

**СОСТАВНОЕ ИМЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНОЕ** *құрамды зат есім*. Бірнеше сөзден құралып, бір нәрсенің атын білдіретін күрделі зат есімдер; мысалы, қазақ тілінде: *Советтік социалистік Республикалар одағы, КПСС Орталық Комитеті, Аудандық партия комитеті, Ауыл совет* т. б.

**СОСТАВНОЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ** *құрамды бастауыш*. Көп сөзден құралған күрделі бастауыш; мыс.: *Ораз екеуміз қалаға бардық; Аудандық оқу бөлімі мұғалімдер конференциясын ашты* т. б.

**СОСТАВНОЕ СКАЗУЕМОЕ** *құрамды баяндауыш*. Көп сөзден құралған күрделі баяндауыш; мыс.: *Ол жүгіріп ала жөнелді, Әсем жұмысқа араласты да кетті* т. б.

**СОЦИАЛЬНОСТЬ ЯЗЫКА** *тілдің әлеуметтігі*. Тіл айрықша қоғамдық құбылыс. Ол адам қоғамымен бірге туып, бірге өседі. Демек, тіл тарихи яғни әлеуметтік, қоғамдық категория. Марксизм: тіл қатынас құралы болумен қатар, қоғам күресі мен дамуының да құралы болып саналады деп үйретеді.

**СОЦИАЛЬНЫЕ ДИАЛЕКТЫ** *әлеуметтік диалектілер*. Қоғамның белгілі бір тобына ғана қызмет ететін, өздігінен дербес тіл бола алмайтын арнаулы сөздер.

**СОЧИНИТЕЛЬНЫЕ СОЮЗЫ** *сабақтастырушы жалғаулықтар* [анг. Coordinating conjunction, нем. beordnende Konjunktion, фр. Conjonction de coordination]. Сөйлем мүшелерін өз ара байланыстырушы жалғаулықтар. Орыс тілінде *и, да* жалғаулықтары *с о ч и н и т е л ь н ы е с о ю з ы* деп аталады. Қазақ тіліндегі

ыңғайластық жалғаулықтар деген термин оның баламасы болуы ықтимал.

**СОЮЗ РАЗДЕЛИТЕЛЬНЫЙ** *талғаулы жалғаулық* [анг. Disjunctive Conjunction, фр. disjonctif Conjonction]. Орыс тіліндегі *или, ни*, қазақ тіліндегі *я, не, немесе, әлде* тәрізді жалғаулықтар.

**СПИРАНТ** *спирант* [анг. Spirant, нем. Spirans, фр. Spirante, < лат. Spirans — «сүзілмелі»]. Бұл термин **фрикатив** деп те аталады, қ. фрикативные согласные.

**СПОНТАННЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЗВУКОВ** *дыбыстардың игерусіз өзгеруі*. Бір дыбыстың екінші дыбысқа тәуелді болмай өзгеруі; мыс.: бірде *шелек*, бірде *челек* болып, *ш* орнына *ч* келіп тұруы. *Ғали* — *Қали*; *Айша* — *Ғайша* тәрізді есімдердегі басқы дыбыстардың өзгеріп кетуі.

**СПОСОБЫ АРТИКУЛЯЦИИ** *артикуляция жолы*. Дыбыстардың жасалу, айтылу жолы.

**СПРЯГАТЕЛЬНЫЕ АФФИКСЫ** *жіктік жалғаулары*. Жіктеу есімдігінен болған бастауышы бар, сөйлемдерде баяндауыш қызметін атқаратын сөздерге жалғанатын, бастауышпен жақтасып, қиысып тұратын қосымшалар: *мын, мін, сың, сің, сіз*, көпше түрде: *быз, біз*.

**СПРЯЖЕНИЕ** *жіктеу* [анг. Conjugation, нем. Konjugation, Abwandlung, фр. Conjugaison < лат. Conjugatio]. Грамматикалық бастауыш пен грамматикалық баяндауыштың байланысын көрсететін, яғни етістіктің жақтық, шақтық категориясын көрсететін грамматикалық категория. Етістіктің жіктеу категориясы баяндауыштың категориясымен (аффикс сказуемости) тікелей байланысты.

**СРАВНИТЕЛЬНАЯ ГРАММАТИКА** *салыстырмалы грамматика* [анг. Comparative philology, нем. Vergleichende Grammatic, фр. grammaire Comparee]. Екі немесе бірнеше тілдерді салыстыра зерттейтін грамматика.



**СРАВНИТЕЛЬНАЯ ФОНЕТИКА** салыстырмалы фонетика. Туысқан тілдердегі фонетикалық өзгерістерді салыстыра тексеретін фонетика бөлімі.

**СРАВНИТЕЛЬНАЯ СТЕПЕНЬ** салыстырмалы шырай. Салыстырылып отырған заттың түстерінің я белгілерінің екінші бір заттың түсінен артық екенін білдіретін: *рақ-рек, ырақ-ірек* қосымшалары арқылы жасалатын шырай.

**СРАВНИТЕЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ МЕТОД В ЯЗЫКОЗНАНИИ** тіл біліміндегі салыстырмалы тарихи метод. Тілдердің туыстық дәрежесін анықтау мақсатында қолданылатын және тегі, туысы бір тілдердің дамуын зерттейтін, генезисін анықтайтын тәсілдердің жиынтығы.

**СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ** қ. сравнительная грамматика.

**СРАВНИТЕЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ** салыстырмалы тарихи тіл білімі. Туыстас тілдердің семья мен топқа бөлінуін зерттеуді мақсат еткен, XIX ғасырдың басында пайда болған лингвистикалық бағыт. Салыстырмалы тіл білімі XIX ғасырдың 20—30-жылдарында бір топ ғалымдардың ұйымдастыруымен пайда болған. Неміс ғалымдары Ф. Бопп, Я. Гримм, В. Гумбольдт, А. Ф. Потт; орыс ғалымы А. Х. Востоков. Бұлар өздерінен бұрынғы ғалымдардың, атап айтқанда, испан ғалымы Л. Эрвастың, венгер ғалымы Ш. Дьярматтың, неміс ғалымдары — ағайынды Фр. және А. В. Шлегелдердің, ағылшын ғалымы У. Джонсон, дат ғалымы Р. К. Расктардың еңбектеріне сүйенген еді.

**СРЕДНЕНЕВНЫЕ ЗВУКИ** таңдай дыбыстары. Таңдай шымылдығына жуық шектес айтылатын дыбыстар: мыс.: *к, қ*.

**СРЕДНЕЯЗЫЧНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** тіл ортасы дауыссыздары: *к, г*.

**СРЕДНИЙ РОД** [анг. neuter, нем. Neutrum, фр. neutre]. Ешқандай жыныстық категорияны білдірмейтін Европа тілдеріне тән грамматикалық категория.

**СТАДИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ЯЗЫКА** *тілдің сатылап дамуы*. Тіл қопарылып өзгереді дегенді дәріптеуші антимарксистік теория.

**СТЕПЕНЬ СРАВНЕНИЯ** *шырайлар* [анг. odegree of comparison, нем. Komparationgrad; фр. degré de comparaison]. Сапалық сын есімдерге тән, заттардың сындарын салыстырып, шендестіріп, күшейтіп көрсететін грамматикалық категория. Қазақ тілінде сын есімнің шырайлары төрт түрлі: жай шырай салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай.

**СТИЛИСТИКА** *стилистика* [анг. Stylistics; нем. stilistik, фр. Stilistique]. 1. Стиль туралы ілім; 2. Әдебиет теориясының поэтикалық тілдің ерекшелігін зерттейтін бөлімі.

**СТИЛЬ** *стиль* [анг. Style, diction, нем. Stil; Style, итал. Stile < гр. Stylos — «таяқша»]. Ертеде, орта ғасырда жазу үшін қолданылған аспап. Ежелгі гректер мен римдіктер стильмен ағашқа жазатын болған. Ол замандағы стиль (аспап) сүйек металдан жасалатын да, үшкір келетін. Замандар өткен сайын ол аспаптың аты өзгеріп «стиль» деген сөз бірнеше мағынаға ие болып кеткен. Стиль көркемөнер саласында, әдебиетте де бар. Жазушының, композитордың, суретшінің т. б. өзіне тән стилі болады.

**СТРАДАТЕЛЬНЫЙ ЗАЛОГ** *ырықсыз етіс* [анг. Passive, нем. Passiv, фр. Passif < лат. passivus — «ырықсыз»]. Істі кімнің істегендігі көрсетілмей, не, қандай нәрсе істелгендігін көрсетіп тұратын етістік формасы. Ырықсыз етістің жұрнақтары *-л (-ыл, -іл), -н (-ын, -ін)*. Орыс және басқа славян тілдерінде ырықсыз етіс сабақты етістіктен екі түрлі жол арқылы жасалады; жіктелудің жай формаларында етістіктің өздік формасын көрсететін «ся» демеулік арқылы («*проверяют*» «*проверяются*»), жіктелудің күрделі формаларында ырықсыз есімше мен байламның (связка) тіркес келуі арқылы (*был уважаем*), (*буду приглашена*) жасалады.

**СТРОФА** *строфа* (шумақ). [анг. Strophe, нем. Stanze, Stanza, фр. Strophe, ит. Strofa, strope < гр. Strophe

— «айналыс», «бұрылыс», «қайту»]. Біркелкі буын ұйқасына немесе ырғақ, рифма құрылысына қарай топтастырылған өлең тармағы. Строфа (шумақ) құрылысына қарай екі, үш немесе төрт бунақты да болады. Оның кеңірек дамыған түрі әсіресе төрт бунақты тармақ, шумақтың көптеген түрлері болады. Мәселен, *сапфо шумағы, терцет* т. б.

**СТРУКТУРАЛИЗМ (В ЯЗЫКОЗНАНИИ)** *структурализм* (тіл біліміндегі). Структуралық лингвистиканың негізін салған Фердинад-де Соссюр. Тілдің құрылысы мен системасын негізгі, басты нәрсе деп қарап, младограмматиктердің «атомизміне» қарама-қарсы бағытталған, тіл туралы ғылымның ішкі логикалық даму процесін зерттейтін бағыт. Бұрын тіл білімінде, негізінен, салыстырмалы-тарихи әдісті қолданып келсе, структуралық лингвистика барлық тілге, яки бір топ тілге ортақ нәрсе табуға тырысатын тілдің абстракт теориясы боп саналады.

**СУБСТАНТИВА́ЦИЯ** *субстантивация*. Басқа сөз таптарының зат есімге айналуы.

**СУБСТИТУ́ЦИЯ ЗВУКОВ** *дыбыс субституциясы* [анг. Substitution, нем. Substitution, Stellvertretung, Ersatz; фр. Substitution < лат. Substitutio — «өзгеріс», «алмасу»]. Шет тілден ауысқан сөздердегі артикуляциясы бөлек кей дыбыстардың екінші бір дыбыстарға айналуы; мыс.: *Theodor* дегеннің орыс тілінде «федор» болуы, «*пуховый*» деген сөздің қазақ тілінде «*бөкебай*» болуы, «*польский самовар*» сөзінің қазақ тілінде «*болскей самаурын*» болуы.

**СУБСТРА́Т** *субстрат* [анг. Substratum, нем. Substrat, Substratum; фр. Substrat < лат. Substratum — «негіз», «астар»]. Тоғысудағы жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементі. Тоғысқан тілдердің суперстрат, адстрат түрлері де болады. Бірақ олардың ұғымы да, мағынасы да өзгеше.

**СУППЛЕТИВНЫЕ ФОРМЫ** *супплетив формалар* [анг. Suppletive, нем. Suppletiv, фр. Suppletif — «қосымша»]. Белгілі бір сөздің әр түрлі түбірден жасалған тұлғалары. Супплетивизм грамматикадағы негізгі құбылыс. Ол әсіресе түбірі бір туыстас индоевро-

па тілдерінде маңызды роль атқарады; мыс.: *я — мена, человек — люди* т. б.

**СУППОЗИЦИЯ** *суппозиция*. Бір мағынаның орнына екінші мағынаның қолданылуы; мыс.: сан есімнің заттық мағынада айтылуы.

**СУФФИКС** *жұрнақ* [анг. Suffix, нем. Suffix, Ехponent, фр. Suffixe < лат. Suffixus — «жабысқан», «жалғасқан», sub — «соң» + fixus — «жалғанған»]. Түбір сөзден соң жалғанатын қосымша. Жұрнақ түбір мен жалғаудың ортасында келеді. Олардың бірі жаңа сөз жасауға қолданылса, бірі сөзді өзгертіп түрлендіреді. Жұрнақтар әр түрлі (өлі, тірі жұрнақтар). Қазіргі өнімді, өнімсіз жұрнақтар саналып жүргендердің әуел баста мағыналы сөз болғаны да мәлім.

**СУФФИКСАЦИЯ** *суффиксация*. Сөзге жұрнақ қосылуы.

**СУЩЕСТВИТЕЛЬНОЕ** *зат есім* [анг. Substantive, нем. Substantiv, фр. Substantif < лат. Substantivum]. Есім категориясына жататын сөз табы. Зат есім сөз тудыру, сөз жасау тәсілі жағынан ерекше орын алады. Сонымен бірге сөйлемнің барлық синтаксистік мүшесі қызметін атқарады. Орыс тілінде есімнің род категориясы бар. Фин-угор, түркі-монғол тілдерінде род категориясы жоқ.

## Т

**ТАБЛИЦА СОГЛАСНЫХ ЗВУКОВ** *дауыссыз дыбыстар кестесі*. Дауыссыз фонемаларды жасалу орнына, жасалу жолына, дауыс қатысына қарай бөліп көрсеткен кесте.

**ТАБУ** *табу* [анг. taboo, нем. Tabu, фр. tabou, ит. tabiu]. Бұл термин полинезия тілінде «қасиетті, тыйым салынған» деген мағынаны білдіреді. Табу адамдардың сана-сезімі мен әдет-ғұрпы жағынан төмен сатыда тұрған кездегі затқа, әрекетке, сөзге салынған тыйым. Табу табиғаттан тыс күшке сенуден, одан үрейленіп қорқудан барып шыққан. Тілдегі табудың пайда болуының, дамуының аясы әлде қайда кең. Сөз-

ге тыйым салу сенім, нанымнан басқа да себептерге байланысты болған. Табу дін біткеннің бәрінде де бар. Мәселен, ислам, иудаизм діндерінде кеңінен қолданылған. Табу қазіргі тілімізде ескінің қалдығы ретінде архаизмге айналуда.

**ТАВТОЛОГИЯ** *қайталау* [анг. tautology, нем. Tautologie, фр. tautologie, гр. tauto + logos — «сөз»]. Айтылған пікірді я сөзді сөзбе сөз немесе соған жуық етіп қайталау; мыс.: *Расында және шындығында, орысша, целиком и полностью; өзді өзімен сөйлесті; орысша, само-собой разумеется.*

**ТАДЖИКСКИЙ ЯЗЫК** *тәжік тілі.* Иран тілдерінің оңтүстік батыс тобына жататын парсы тілімен төркіндес Тәжік ССР-ның мемлекеттік тілі. Бұл Тәжік ССР, Өзбек ССР, Қазақ ССР мен Қырғыз ССР-ның біраз аудандарында солтүстік Ауғанстанда кеңінен тараған тіл. Хорасанда (Иран), оңтүстік Ауғанстанда және Синьцзянның Ұйғыр автономиялық ауданында тұратын тәжіктер де бұл тілде сөйлейді. Тәжік тілінің говоры: солтүстік және оңтүстік топқа бөлінеді. Тәжік тілінің лексикасында парфян, соғди тілдерінен енген сөздер де бар. Жаңа тәжік тіліндегі әдеби ескерткіштер ІХ—Х ғасырға тән. Тәжік әдеби тілінің Октябрь революциясынан соң байып дамуына ат салғандар Садриддин Айни бастаған көрнекті жазушылар болды.

**ТАТАРСКИЙ ЯЗЫК** *татар тілі.* Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, башқұрт тілімен бірге қыпшақ-булгар тобын құратын Татар Автономиялы Советтік Социалистік республикасының тілі. Татар тілін басқа түркі тілдерінен ерекше көрсететін белгінің бірі — татар тіліне тән вокализм және (татар тіліндегі *и, у, ү* дыбыстарының басқа түркі тілдердегі *е, о, ө*-ге сәйкестігі) кейбір фонетикалық, лексикалық грамматикалық ерекшеліктер. Татар халық тілі негізгі үш диалектіге бөлінеді: 1) Орталық немесе орта диалект, яки поволжия татарларының диалекті, бұл тілде Қазан татарлары сөйлейді; 2) Батыс немесе мишар диалектісі (бұған Тамбов, Воронеж, Рязан, Пензе, Саратов, Чкалов облысындағы татарлар тілі жатады); 3) Шығыс диалекті яғни Сибирь диалектісі (Барабин,

Омск, Тюменск, Ишимск). Бұл диалектілерден басқа ұсақ говорларға да бөлінеді.

**ТВОРИТЕЛЬНЫЙ (ИНСТРУМЕНТАЛЬНЫЙ) ПАДЕЖ** көмектес септік [анг. instrumental, нем. instrumentalis, фр. instrumental < лат. instrumentum — «құрал»]. Қазақ тіліндегі жеті септіктің соңғысы. Бұл септіктегі сөз бірлестік, ортақтастық, құралдық, көлемдік, мезгілдік мағыналарды білдіреді. Бұл септіктегі сөз сөйлемнің пысықтауыш, толықтауыш мүшелері бола алады. Орыс тілінде орудийный падеж деп те аталады (*Рисую карандашом, трогать рукой*). Индоевропа тілдерінде бұл септікті ішінара творительный совместный яки совместно-орудийный (*он продвинулся со своей армией*) және творительный обстоятельный (*увеличиваться быстрым темпом*) деп саралау бар.

**ТЕКСТ** *текст*. 1. Автордың қағаз бетінде түскен жазба сөзі; 2. Жазылған яки басылған мақала; 3. Мұзыкалық шығармаларға жазылған сөздер.

**ТЕКСТОЛОГ** *текстолог*. Текстология маманы.

**ТЕКСТОЛОГИЯ** *текстология*. Жазба ескерткіштердің тарихын және жазу тәсілдерін зерттейтін филология бөлімі.

**ТЕМБР ЗВУКА** *дыбыс тембрі*. Дыбыстың әуені. Тілдегі сөз дыбыстарының көмекші тонға байланысты өзіндік қасиеті.

**ТЕМП РЕЧИ** *сөз қарқыны* [анг. Speed of utterance, нем. Sprechtempo]. Сөйлеудегі тездік (қызып сөйлеу, жай басалқы сөйлеу).

**ТЕОРИИ ИНДИВИДУАЛИСТИЧЕСКИЕ** *индивидуалистік теориялар*. Тілдің шығуын дыбысқа еліктеумен, одағай сөздермен т. б. байланыстырмақшы болған идеалистік теориялар.

**ТЕОРИЯ МЕЖДОМЕТИЯ** *одағай теориясы*. Тіл одағай сөздердің негізінде пайда болған деген жалған теория.

**ТЕРМИН** *термин* [классик. Латын тілінде *terminus* — «шек», «шекара»]. Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тиянақты тұжырымды ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз. Термин мен сөздің өз ара айырмашылығы бар. Сөз көп мағыналы болса, термин, көбіне, дара мағынаға ие келеді. Тілдегі көп мағыналы сөздер терминдік қасиетке ие болғанда ғана дара мағыналы болады. Терминнің ғылыми мәні зор. Терминдер тілдің грамматикалық заңына сай жасалады. Термин жасаудың бір тәсілі — тілдегі байырғы сөздерге терминдік мән, мағына беріп қолдану. Екі сөзді біріктіру арқылы термин жасау өнімді тәсіл (*көркемөнер, бесжылдық, онжылдық*), аффиксация арқылы жасау (*пулеметші, футболшы, коллективтендіру* т. б.), сөз тіркесі арқылы (*темір жол, үш бұрыш, өндіргіш күштер*).

**ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** *терминология сөздігі*. Белгілі бір ғылым саласындағы терминдерді қамтып жазылатын сөздік. Бұл сөздіктің сипаты мен құрылысы әр түрлі болады. Екі тілді сөздік іспеттес (орысша-қазақша) жасалу жолдары да бар.

**ТЕРМИНОЛОГИЯ** *терминология* [термин + *logos* — «ұғым, ілім»]. Ғылым мен техниканың, грамматика мен философияның, саясат пен көркемөнердің салаларындағы терминдердің жиынтығы.

**ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЙ ДИАЛЕКТ** *территориялық диалект*. Халыққа қызмет ететін, грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры бар, дербес ұлттық тіл болып өрістей алатын диалектілер.

**ТИПОЛОГИЧЕСКАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ЯЗЫКОВ** *тілдердің типологиялық таптастырылуы*. Тілдерді тектестігіне яки туыстығына қарап бөлмей, олардың сырт ұқсастығы мен грамматикалық құрылысының бөлектігін еске алып таптастыру.

**ТИПЫ УДАРЕНИЯ** *екпін типтері*. Тіл-тілдегі екпін, негізінде, екі түрлі: 1) Лебізді (динамикалық) екпін; 2) Үнді (музыкалық) екпін. Тілде кей кезде квантитатив (мөлшер) екпін, тіркес (фразалық, ритмикалық)

екпін де болуы мүмкін. Индоевропа тілдерінде: главное, побочное или второстепенное ударение, качественное или тембровое ударение деп жіктеу кездеседі.

**ТИРЁ** *tire* [фр. *tiret, tirer* — «созу»]. Сөйлемді екі синтаксистік топқа бөлетін, сөйлем ішіндегі сөздерді тасымалдауға қолданылатын, диалог сөздердің алдынан қойылатын тыныс белгісі.

**ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ** *түсіндірме сөздік*. Белгілі бір халықтың әдеби тіліндегі сөздердің алфавиттік тәртіппен тізіліп, мағыналарының жан-жақты талданып, ғылыми дәрежеде түсіндіріліп, цитаталармен дәлелденіп көрсетілуін қамтитын сөздік; мыс.: *орыс тілінің түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*.

**ТОН** *тон* [< гр. *tonos* — «дауыстың жоғарылауы», «үдеуі», «көтерілу», «екпін»]. Бұл сөз, әдетте, сөйлеу кезіндегі дауыстың ырғағына я көтеріңкілігіне байланысты айтылады. Фонетистер оны тоникалық екпінді ажырату үшін қолданады. Дауыстылар дыбыс тонымен байланысты шықса, дыбыстың әуені деп аталады. Тілдердің ерекшелігіне қарай тон түрлері де әр түрлі болады. Ағылшын, неміс, француз тілдерінде *акутовый тон* яки *начально вершинное ударение* т. б.

**ТОНИЧЕСКОЕ УДАРЕНИЕ** қ. музыкальное ударение.

**ТОПОНИМИКА** *топонимика* [анг. *Place-name study*, нем. *Toponomastik, Ortsnamenkunde*, фр. *toponymie, toponomastique* < гр. *topos* — «жер» + *onoma* — «атау», «есім»]. Географиялық жер атаулары және оларды зерттейтін лингвистиканың саласы. Бұл топонимия, топономастика деген синоним атаулар ретінде де қолданыла береді. Топонимика тілдің сөздік құрамына жатады, сондықтан да лингвистикалық зерттеудің объектісі, лингвистикалық ғылым болып саналады. Топонимиканың негізгі қасиеті оның тұрақтылығы, көне ескерткіш боп саналатындығы. Топонимикалық атаулар тарих, этнография, археология, ботаника тәрізді ғылымдармен де тығыз байланысып, оларға өте құнды материал береді. Топоними-



калық атаулар арқылы қазіргі тілімізде жоқ көне сөздердің элементін, фонетикалық ерекшеліктерді байқауға болады.

**ТОЧКА нукте.** Жай және құрмалас сөйлемдердің толық аяқталғанын білдіретін, содан кейін қойылатын тыныс белгісі.

**ТОЧКА С ЗАПЯТОЙ нуктели үтір.** Мағына жағынан бір-біріне байланысты жай және құрмалас сөйлем мен бірыңғай бағыныңқылардың арасына қойылатын тыныс белгісі.

**ТРАДИЦИОННЫЕ ЧЕРЕДОВАНИЯ дәстүрлі алмасу.** Дыбыс алмасуының бір түрі.

**ТРАНЗИТИВНЫЙ ГЛАГОЛ сабақты етістік.** қ. переходный глагол.

**ТРАНСКРИПЦИЯ транскрипция** [анг. transcription, нем. Transkription, фр. transcription < лат. transcriptio — «қайта жазу», «дәл жазу»]. Белгілі бір тілдегі дыбыстарды, яки жазуды ғылыми-зерттеу мақсатымен тәптіштеп дәл көрсетуге арналған жазу. Транскрипцияның түрлері: транскрипция, фонетикалық және фонологиялық транскрипция делінеді.

**ТРАНСКРИПЦИЯ ФОНЕТИЧЕСКАЯ фонетикалық транскрипция.** Тілдегі сөздердің айтылудағы дыбыс-талуын, оның ерекшелігін дәлме-дәл көрсететін жазу.

**ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ транслитерация** [анг. transliteration, нем. Transliteration, фр. translitération < лат. trans — «арқылы» + littera — «әріп»]. Белгілі бір халықтың жазуындағы әріптерді екінші бір жазудағы ұқсас әріппен таңбалап беру.

**ТРЕТЬЕ СКЛОНЕНИЕ септеудің үшінші түрі.** Септеудің кейбір тілдерде кездесетін түрі; мыс.: *орыс тілінде.*

**ТРИФТОНГИ трифтонг** [анг. triphthong, нем. Triphthong, фр. triphthongue < гр. tri — «үш» + phthongos — «дыбыс»]. Бір буында қатар келген үш дауысты дыбыстың тіркесі.

**ТЕОРИЯ ТРУДОВЫХ ВЫКРИКОВ** *еңбектегі айғай теориясы*. Бұл ХІХ ғасырда жалған материалистердің пікірінше, сөз еңбекпен байланысты айғайдан пайда болды деген жалған теория.

**ТУВИНСКИЙ ЯЗЫК** *тува тілі*. Түркі тілдерінің шығыс тобына жататын ұйғыр, якут, қарағас, көне оғуз тілдерімен туыстас — РСФСР-дағы Тува автономиялы облысы тұрғындарының тілі. Тува тілінде 70 мыңға жуық адам сөйлейді. Ескі атаулары: Сойоттар, сойандар, урянхайцтар. Бұл тілдің басқа түркі тілдерінен ұқсас та, өзіндік ерекшелік те жағы бар. Атап айтқанда, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер байқалады.

**ТУНГУСО-МАНЬЧЖУРСКИЕ ЯЗЫКИ** *тунгус маньчжур тілдері*. Эвенки, нанайлықтар және Сибирь мен Қиыр Шығыс халықтарының біразы сөйлейтін тілдер тобы.

**ТУРКМЕНСКИЙ ЯЗЫК** *түркмен тілі*. Түркі тілдерінің оғуз тобына жататын, Түркмен ССР тұрғындарының тілі. Түркмен тілінің өзіне тән ерекшеліктері лексикалық, фонетикалық және грамматикалық заңдарында толық байқалады. Түркмен тілінің диалектісі екі топқа бөлінеді. Бірінші топ: иомуд, текин, гоклен, салор, сары, эрсары диалекті. Екінші топ: иран мен өзбекстан шекараларындағы хохур, анау, хасар, нерезим диалектісі.

**ТЮРКОЛОГ** *тюрколог*. Түркі тілі, әдебиеті, тарихын зерттейтін маман ғалым.

**ТЮРКСКИЕ ЯЗЫКИ** *түркі тілдері*. СССР-дағы азербайжан, түркмен, өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт, қарақалпақ, чуваш, якут, құмық, хакас, шор т. б., шетелдерде түрік, ұйғыр тілдерінің тобы.

## У

**УВУЛЯРНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *увуляр дауыссыздар*. [ $\llcorner$  лат. uvula — «кішкене таңдайдағы тілше»]. Кішкене тілдің көмегімен айтылатын көмей дауыссыздары.

Бұны веляр дыбыс немесе г л у б о к о з а д н е я з ы ч н ы е деп те атайды.

**УГРО-ФИНСКИЕ ЯЗЫКИ** *угро-фин тілдері*. Орталық және шығыс Европаға, солтүстік батыс Азияға кеңінен тараған тілдер семьясы. Бұл тілдің құрамына 15 тіл жатады. Оның негізгілері: фин, эстон, мордва, марий, удмурд, венгер т. б. Кейде фин-угор тілі деген терминмен де аталады.

**УДАРЕНИЕ** *екпін* [анг. accent, Strees; нем. Akzent, Betonung; фр. accent < лат. accentus]. Сөз ішіндегі бір буынның я сөз элементінің ерекше көтеріңкі немесе күшті айтылуы. Барлық тілде екпін екі түрлі болады. Бірінші лебізді екпін (мұны динамическое, силовое, тоническое ударение деп те атайды), екінші — үнді екпін (мұны музыкальное ударение деп те атайды), үнді (музыкалы) екпін ежелгі грек, индия тілдерінде болған. Қазіргі тілдерден музыкалы екпінге иелер: серб, литвия, скандинавия тілдері. Азияда қытай, япон, вьетнам, бирман, орталық және оңтүстік Африка тілдері. Динамикалық екпін тіл-тілде әр түрлі болады; мыс.: орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі динамикалық екпін француз тіліндегі екпіннен күштірек. Кейбір тілдерде екпін сөздің бас буындарына түссе (венгер, чех тілдерінде), кей тілдерде екпін сөздің соңғы буындарына түседі (түркі, француз тілдерінде). Динамикалық және музыкалық екпіннен басқа тілімізде кейде к в а н т и т а т и в (мөлшер) екпін, ф р а з а л ы қ екпін де бар.

**УДАРНЫЙ СЛОГ** *екпінді буын* [анг. intense Syllable, нем. Starktonig Silbe, фр. intense Syllabe]. Күшті екпін түсетін буын яки сөз элементі.

**УДВОЕНИЕ КОРНЯ** *түбірдің қайталануы*. Қайталама қос сөздердегі сөздердің екі рет айтылуы; мыс.: *сөйлей-сөйлей, айта-айта, келе-келе, бара-бара* т. б.

**УДМУРТСКИЙ ЯЗЫК** *удмурт тілі*. Угро-фин (фин-угор) семьялы тілдердің перм тобына жататын, удмурт АССР-дағы удмурттардың тілі. Бұл тілдің көбірек тараған жерлері: Башқұрт, татар, мари АССР-лары мен Горький, Киров, Свердлов облыстары, Коми, коми-пермяк тілдерімен туыстас тіл.

**УЗБЕКСКИЙ ЯЗЫК** *өзбек тілі*. Түркі тілдерінің қарлұқ тобына жататын ұйғыр тіліне жақын өзбек халқының тілі. Бұл тілде сөйлейтіндер: өзбек халқы, Өзбекстанда тұратын қазақтар және Орта Азия халықтарынан келген тұрғындар. Өзбек тілі Ауғанстанның Солтүстік аймағына, шығыс Түркстанға кеңінен тараған. Грамматикалық құрылысы жағынан жалғамалы (агглютинативті). Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер диалектизмнен байқалады. Өзбек тілі XIV—XVI ғасырларда қалыптасқан, көне дәуірлерге тән жазба ескерткіштері мол тіл.

**УЙГУРСКИЙ ЯЗЫК** *ұйғыр тілі*. Түркі тілдерінің қарлұқ тобына жататын өзбек тілімен туыстас тіл. Қазіргі ұйғыр тілі — Орта Азия мен Қазақстанда (Алматы облысы) Синьцзян ұйғыр автономиялы облысында тұратын ұйғырлардың мемлекеттік тілі.

**УЗКИЕ ГЛАСНЫЕ** *қысаң дауыстылар*. Жақтың сәл ашылып, тіл мүскілінің жиырылуы арқылы жалалатын дауыстылар.

**УКАЗАТЕЛЬНОЕ МЕСТОИМЕНИЕ** *сілтеу есімдіктері* [анг. demonstrative pronoun, нем. Demonstrativpronomen, фр. Pronom démonstratif]. Нұсқау, сілтеу, көрсету мағынасында қолданылып, көбіне, сөйлемнің анықтаушы мүшесі ретінде жұмсалатын есімдік түрі.

**УМЛАУТ** *умлаут*. Түбірдегі дауыстылардың жіңішке айтылуы; мыс.: неміс тілінде *Hand* — қол; *Hände* — қолдар.

**УНИФИКАЦИЯ АЛФАВИТОВ** *алфавиттерді унификациялау*. Әр түрлі алфавиттердегі әріптерді бірібіріне ұқсата біркелкі ізге түсіру.

**УПОДОБЛЕНИЕ ЗВУКОВ** қ. Ассимиляция.

**УПРАВЛЕНИЕ** *меңгерілу* [анг. government, rection, Rektion, фр. rection]. Тіркес сөздер арасындағы синтаксистік байланыс формасының түрі. Бағыныңқы сөз бен басыңқы сөз септік жалғаулары арқылы байланысып, тіркесетін болса — меңгерілу делінеді; мыс.: *ол мені көрді, ол маған көрінді*. Сөз тіркестері

өз ара септік жалғаулары арқылы байланысса — меңгеру делінеді. Тілімізде меңгеру екі түрлі: дара меңгеру, ортақ меңгеру.

**УСЕЧЕННАЯ ФОРМА** қысқарған тұлға. қ. Аббревиатура.

**УСИЛИТЕЛЬНАЯ СТЕПЕНЬ** күшейтпелі шырай. Заттың сындық қасиеттерін тым жоғары, артық не тым төмен көрсететін шырай; мыс.: *өте қызыл, аса жақсы, өте жаман, ең қадірлі.*

**УСЛОВНОЕ НАКЛОНЕНИЕ** шартты рай. Істейін деп отырған істің болар-болмасын екі талай етіп, шарт қойыла айтылатын етістік түрі; мыс.: *Егер Әсен ауылға бармаса, біз не істейміз.*

**УСЛОВНЫЙ СОЮЗ** шартты жалғаулық. Сабақтас-тағы жай сөйлемдерді өз ара шарттық қатынаста байланыстыратын жалғаулықтар: *-егер, егерде;* орыс тілінде «*если*».

**УСТАРЕВШИЕ СЛОВА** көнерген сөздер. қ. Архаизм.

**УСТОЙЧИВЫЕ СЛОВСОЧЕТАНИЯ** тұрақты сөз тіркестері. қ. Фразеологические сочетания.

## Ф

**ФАКТИВ, СТАНОВИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *фактив* [анг. Faktivus, фр. Factif]. Угро-фин (фин-угор) тіліндегі септіктің бірі, бір нәрседе, бірдеменің ішінде болу дегенді білдіреді.

**ФАРИНГАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *көмей дауыссыздары* [анг. pharyngeal, нем. pharyngeal faucal, гр. pharyge — «көмей»]. Тіл артының таңдайға тие тартылуы арқылы жасалатын дауыссыздар; мыс.: семит тілдеріне тән деп аталатын фарингальды ызың дыбыс.

**ФАУКАЛЬНЫЕ СОГЛАСНЫЕ ЗВУКИ** *фаукаль дауыссыз дыбыстар* [лат. fauces — «таңдай»]. Мұрын жолды үнділердің алдынан келген үнсіз дыбыстар.

**ФИЗИОЛОГИЧЕСКАЯ ФОНЕТИКА** *физиологиялық фонетика*. Тілдегі дыбыстардың анатомиялық,

физиологиялық жақтарын, яғни артикуляциялық қасиеттерін тексеретін фонетика. Мұны антропофоника деп те атайды. қ. антропофоника.

**ФИЛОЛОГ** *филолог* [гр. Philologos]. Тіл мен әдебиет ғылымының маманы.

**ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ ГРАММАТИКА** *филологиялық грамматика*. Салыстырмалы тарихи тіл білімі жасалмастан бұрын жалаң сөз тұлғалары мен емле ережелерін ғана тізбектеп жазған көне жазба тілдердің формальдық грамматикасы.

**ФИЛОЛОГИЯ** *филология* [анг. Philology, нем. Philologie, фр. Philologie < гр. Phileo — «сүйем», «ұнатам» + logos — «сөз»]. Жазба ескерткіштің тілін, стилін, тарихи және этнографиялық тұрғыдан зерттейтін тәсілдердің жиынтығы. Филология ХІХ ғасырдың басына дейін тарих, тіл білімі, этнография, археология, әдебиет зерттеу білімдері деген ұғымды қамтып келген еді. Қазіргі кезде филология тіл мен әдебиетті зерттейтін ғылым деген ұғымды білдіреді.

**ФЛЁКСИЯ** *флексия* [анг. flexion, inflexion; нем. Flexion, фр. flexion < лат. flexio]. Септеу, жіктеу кезінде сөзге қосымшалар жалғану арқылы немесе сөз ішіндегі дыбыстарды өзгерту арқылы жаңа сөз жасау тәсілі. Бұл тәсіл флективті, қопармалы тілдерге тән келеді де, белгілі бір грамматикалық категорияны көрсетеді. Индоевропа тілдерінде: түбір флексия (корневая флексия), етістікті флексия (глагольная флексия), есімді флекция (именная флексия), есімдікті флексия (местоименная флексия) деп ажырату бар.

**ФЛЁКСИЯ ОСНОВЫ** *негіз флексиясы*. Түбір сөздердегі дыбыстарды өзгерту жолымен грамматикалық формалар жасаудың тәсілі; мыс.: орыс тілінде *ходить* — *хоживать*, *называть* — *назвать*; неміс тілінде *Mutter* — «ана», *Mütter* — «аналар». Мұны кейде *внутренняя флексия* деп те атайды. Бұл тәсіл — түркі және фин-угор тілдеріне жат, индоевропа тілдеріне, оның ішінде, семит тілдеріне тән.

**ФЛЁКСИЯ ВНЕШНЯЯ** *сыртқы флексия*. Түбір сөздерге қосымшалардың жалғануы арқылы түрлі грамматикалық мағынаға ие болып түрленуі.

**ФЛЕКСИЯ СЛОВА** *сөз флексиясы*. Септелу, жіктелу тәрізді грамматикалық өзгерістерде кездесетін жалғаулар.

**ФЛЕКТИВНЫЕ ЯЗЫКИ** *флектив тілдер*. Морфологиялық таптастыру бойынша, жер жүзі тілдерінің негізгі бір түрі. Флективті тіл агглютинативті тілден өзгеше. Флективті тілге төн ерекшеліктер: ішкі флексияның болуы, түбірге жалғанған жалғау арқылы бірнеше грамматикалық мағынаны көрсету; мыс.: орыс тілінде *дорог-у* («у» жалғауы әрі атау, табыс септікті, әрі жекеше тұлғаны көрсетеді т. б.). Флексия көмегімен өзгеруші мұндай қопармалы тілдерге: индоевропа, семит т. б. тілдер жатады.

**ФОНАЦИЯ** *фонация* [анг. Phonnation, нем. Stimmbildung, lautbildung; фр. phonation < гр. phone — «дыбыс», «дауыс»]. Сөйлеу мүшелерінің нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы я жасалу процесі.

**ФОНЕМА** *фонема* [анг. Sound, phonem; нем. laut, Sprech laut; фр. phoneme < гр. phonema — «дыбыс», «әріп»]. Тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік единица. Фонема жөнінде Л. В. Щерба былай дейді: «Сөз бен оның формаларын дифференциялайтын, яғни адамның қатынас жасау мақсатына қызмет ететін дыбыстар типі». Фонемалар дауыстың қатысына қарай; дауысты, дауыссыз, сонант, жарты дауысты; ауыз, мұрын жолы қызметіне қарай: ауыз және мұрын жолды; айтылу жолына қарай: шұғыл, ызың; ауыздың ашылу кезіндегі ауаның санына қарай: аспираттар; артикуляциясына қарай: ерін, тіс, таңдай дыбыстары болып бөлінеді.

**ФОНЕМАЛОГИЯ** *фонемалогия*. қ. фонология.

**ФОНЕТИКА** *фонетика*. Лингвистиканың тіл дыбыстарының құрылысын тексеретін бөлімі. Фонетика грамматика құрамына енеді. Фонетика тарихи (диахроника) фонетика, сипаттама (описательная), салыстырмалы-тарихи фонетика деген салаларға бөлінеді.

**ФОНЕТИКА ФИЗИОЛОГИЧЕСКАЯ** *физиологиялық фонетика*. Тілдегі дыбыстарды артикуляциялық, акустикалық жағынан тексеретін фонетика.

**ФОНЕТИСТ** *фонетист*. Фонетика маманы.

**ФОНЕТИЧЕСКАЯ ТРАНСКРИПЦИЯ** *фонетикалық транскрипция*. Тіл дыбыстарын ғылыми-зерттеу мақсатымен таңбалап, дәл көрсетуге арналған жазу белгісі.

**ФОНЕТИЧЕСКИЕ (ЗВУКОВЫЕ) ЗАКОНЫ** *фонетикалық (дыбыстық) заңдар* [анг. phonetic law, нем. Lautgesetz, фр. loi phonétique]. Тілдегі сөз дыбыстарының тілдің белгілі бір тарихи даму кезеңінде өзгеріп отыру құбылысы. Тілдегі дыбыстардың өзгеруінің заңы әр түрлі болып келеді. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың өзгеруі — бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке, қатар дауыссыздардың бірыңғай ұяң, я бірыңғай қатаң болуына да байланысты. Сондай-ақ конвергенция, дивергенция құбылыстары да болып отырады. Сайып келгенде, фонетикалық заң деген ұғымның қамтитындары: туыстас тілдер арасындағы дыбыс сәйкестігі; дыбыстардың үндесу, үндеспеу заңдылығы; дыбыстардың алмасу заңдылығы. Тілдің даму тарихын терең зерттеп жете білуде дыбыстар сәйкестігінің де ролі зор.

**ФОНЕТИЧЕСКИЙ АЛФАВИТ** қ. фонетическая транскрипция.

**ФОНЕТИЧЕСКИЙ ПРИНЦИП ПРАВОПИСАНИЯ** *сөзді естілуінше дыбыстық жүйе негізінде жазу принципі*.

**ФОНЕТИЧЕСКОЕ ИЗМЕНЕНИЕ** *фонетикалық өзгеріс*. қ. звуковое изменение.

**ФОНЕТИЧЕСКОЕ УДАРЕНИЕ** *фонетикалық екпін*. Буынмен байланысты екпін.

**ФОНОГРАММА** *фонограмма* [анг. Phonogramm, нем. Phonogramm, фр. phonogramme < гр. phone — «дауыс», «дыбыс», «сөз» + grapho — «жазу»]. Экспериментальдық фонетикада қолданылатын белгілі бір дыбыс немесе үн жазылған валик, пластинка яки пленка.

**ФОНОГРАФ** *фонограф* [гр. фоно + гр. grapho — «жазам»]. Дыбыстарды жазуға арналған ескі аспап,



осы күні оның орнына анағұрлым қолайлы электро-акустикалық құралдар қолданылады.

**ФОНОЛОГИЯ** *фонология* [анг. Phonology, phonemics; нем. Phonologie, фоно + logos — «ұғым», «ілім»]. Фонетиканың тіл дыбыстарын, оның құрылыстарын фонетикалық тұрғыдан тексеретін саласы. Бұл термин фонетиканың синонимі ретінде де қолданылады. Кейбір лингвистер (Ф. Де Соссюр, М. Граммон) фонология терминін мүлдем басқа мағынада, сөз дыбыстарының физиологиясына қолданады.

**ФОНОМЕТР** *фонометр* [фоно + гр. metreo — «өлшем»]. Зерттеп отырған дыбыстың я салдырдың күшін өлшейтін аспап. Фонометрдің негізгі бөлшектері дыбыстық генератор, телефон және потенциометр.

**ФОНОСКОП** *фоноскоп* [фоно + skopeo — «қараймын», «бақылаймын»]. Дыбыстардың өзгеруін және дыбыстарды айтудағы бет құбылысы мен ерін қозғалысын бақылайтын аспап.

**ФОРМА ГЛАГОЛА ПОНУДИТЕЛЬНАЯ** қ. понудительный залог.

**ФОРМА СЛОВА** *сөз тұлғасы*. Тілдегі сөздердің грамматикалық түрлері. Тіл-тілдегі сөздердің құрамы да, тұлғасы да әр тектес болып келеді. Қазақ тіліндегі сөздер морфологиялық құрамы жағынан бір келкі емес, әр түрлі. Олар тұлғасы жағынан жалаң түбір, туынды түбір ретінде кездесіп отырады. Қазақ тіліндегі сөздер тұлғасына қарай 5 түрлі: түбір сөз, туынды сөз, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз.

**ФОРМАЛЬНАЯ ГРАММАТИКА** *формальды грамматика*. Тілдің грамматикалық тұлғаларынан басқа ерекшеліктер мүлдем ескерілмей жазылған грамматика.

**ФОРМАНТ** *формант* [анг. formant, нем. Formans, фр. formans < лат. formans]. Сөз тудырушы, сөз өзгертуші қосымша.

**ФОРМАТИВ, ФОРМООБРАЗУЮЩИЙ ЭЛЕМЕНТ** *форматив* [анг. Formative, non radical; нем. formativ, фр. formatif]. қ. морфема.

**ФОРМЫ СЛОВОИЗМЕНЕНИЯ** *сөз өзгерту тұлғалары*. Бөлек сөздердің тұлғасын өзгертетін қосымшалар форма өзгерткіш деп аталады; мыс.: орыс тілінде *красив-ее, красив-ей-ши*.

**ФРАЗА** *фраза*. Сөйлем, сөз тізбегі; бұл термин көбіне тиянақты сөз тіркестерімен байланысты қолданылады.

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** *фразаологиялық сөздік*. Тұрақты сөз тіркестерінің сөздігі. Тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 1—2 томдарында түсінігімен берілген.

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ** *фразаологиялық единицалар*. Тиянақты мағынаға ие сөз тіркестері. Фразаологиялық единицалардың семантикалық құрылысы әр алуан болады. Олар астарлы, образды, бейнелі мағынада қолданылады да, экспрессивті күшке ерекше ие келеді. Фразаологиялық единицалар тіл біткеннің бәрінде де бар құбылыс; мыс.: орыс тіліндегі *рука об руку*, қазақ тіліндегі *қолма-қол* дегендер өз ара мәндес фразаологиялық единицалар. Бұлардың құрылысы әр түрлі болғанмен мағынасы бір. Фразаологиялық единицалардағы сөздердің орын тәртібі берік келеді де, өзгеріске ұшырамайды.

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ ЕДИНСТВА** *фразаологиялық тізбектер*. Тұтас тізбек (бірліктер) күйінде бүтін бір мағынаны білдіретін, бірлік жігі ажырамайтын, компоненттері басқа сөзбен алмаспай тұратын тұрақты сөз тіркестерінің бір түрі; мыс.: *қой аузынан шөп алмас; тайға таңба басқандай; түйе үстінен сирақ ұйтіп; жерден жеті қоян тапқандай* т. б.

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ СОЧЕТАНИЯ** *фразаологиялық тіркестер*.

**ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ СРАЩЕНИЯ** *фразаологиялық түйдектер* (тұтастықтар). Түйдекті тіркес ішіндегі сөздердің бір-бірімен лексикалық, грамматикалық берік байланыста болып, бөлініп-жарылмайтын, фразалық мағынаның ол сөздердің лексикалық мағыналарымен ешбір жуыспайтын томаға тұйық тіркестер; мыс.: *Аузы-мұрны қисаймай* (ұялмай), *аузын буған*

*өгіздей* (момын, жуас), *үрiп ауызға салғандай* (әдемі, сүйкімді). Фразеологиялық түйдектер — тілдер семьясының бәрінде де бар құбылыс. Бұл тәрізді фразеологиялық түйдектерді идиома деп те атайды.

**ФРАЗЕОЛОГИЯ** *фразеология* [ $\langle$  гр. Phrasis — «сөйлемше» + logos — «ұғым»]. Белгілі бір тілге тән әр алуан тұрақты сөз тіркестерінің жиынтығы; 2. Тіл ғылымының тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін саласы.

**ФРАЗОВОЕ УДАРЕНИЕ** *фразалық* (немесе тіркес) *екпін*. Екі немесе бірнеше сөздің бір-ақ екпінге бағынып, біркелкі акцентуациялық комплекс жасауы.

**ФРИКАТИВНЫЙ ЗВУК** *ызың* (сүзілмелі) *дыбыстар* [анг. fricative, нем. Frikative, Reibelaut; фр. fricative  $\langle$  лат. fricare — «ысқылау»]. Бұны щелевые, спиранты, проточные деп те атайды.

**ФУЗИЯ** *фузия* [анг. fusion, нем. Verschmelzung, фр. fusion  $\langle$  лат. fusio — «қозғалу»]. Түбірдегі дыбыстардың қопарыла өзгеріп, бастапқы тұлғасынан айрылып, жаңа мағынаға ие болуы; мыс.: орыс тіліндегі «кузница» сөзіндегі *ку* түбірі бастапқы мағынасынан (*ку-ю*) айрылып қалған.

**ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ СЕМАНТИКА** *функциональдық семантика*. Белгілі бір сөздің атқаратын функциясына, қызметіне қарай сөз мағынасының өзгеруінің бір түрі; мыс.: ертеден жазу құралы ретінде қолданылып келген «*гусиное перо*» орнына *болат қалам* деген жаңа мағыналы сөз қолданылды да, ескі мағынасын ығыстырды.

## Х

**ХАКАССКИЙ ЯЗЫК** *хакас тілі*. Хакас автономиялы облысында тұратын хакастардың тілі. Шығу тарихына қарағанда хакас тілі ескі қырғыз, ескі ұйғыр тілдерімен тығыз байланысты. Хакас тілінде 57 мың адам сөйлейді. Негізгі екі диалектіден тұрады.

**ХАМИТИЧЕСКИЕ ЯЗЫКИ** *хамит тілдері*. Бұл топтағы тілдерге көне мысыр, беребер тілдері т. б. жатады.

**ХАРАКЕТЫ** *харакет*. Семит тілдерінде дауысты дыбыстарды таңбалау үшін қойылатын диакритикалық белгілер. Араб тіліндегі харакеттер консонанттық таңбаларға жатпайды, әріптердің асты, үстінен қойылады.

**ХИАЗМ** *хиазм* [анг. Chiasmus, нем. chiasmus, фр. chiasme < гр. chiasmos — «бір нәрсені орналастыру»]. Сөйлемнің басты мүшелерінің орнын ауыстырып қою, орын алмасуы.

**ХИАТУС** *хиатус*. Дауысты дыбыстардың жақсы естілмеуі.

## Ц

**ЦЕРЕБРАЛЬНЫЙ ЗВУК** [анг. cerebral, нем. Zerebral, фр. cérebral < лат. cerebrum]. Тіл ұшының қатты таңдайдың жоғарғы жағына орала тиюінен жасалатын дауыссыз дыбыс. Мұны лингвистикада ретрофлекссті дыбыс деп те атайды.

**ЦОКАНЬЕ** *цоканье*. Кейбір тілдегі «ч» дыбысының орнына «ц» дыбысының қолданылуы.

## Ч

**ЧАСТИ РЕЧИ** *сөз таптары* [анг. parts of Speech, нем. Redeteile, фр. Partics du discours]. Қандай да болмасын белгілі бір тілдегі сөздердің лексика-грамматикалық топтарға бөлінуін көрсететін грамматикалық категория. Әрбір сөз табы өзіне тән лексика-грамматикалық мағынаға, морфологиялық белгілерге, синтаксистік қызметке ие болады. Сөз таптарын ажыратудағы негізгі критериялар бір тілде морфологиялық белгі болса, екінші бір тілде синтаксистік белгі негізгі меже ретінде алынады.

**ЧАСТИЦА** *демеулік* [анг. particle, нем. Partikel, фр. Particule, итал. particella]. Сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалатын шылау сөздің бір түрі. Қазақ тіліндегі демеулер: *ғой, ғана, ақ, мыс, ма* т. б. Орыс тілінде шылау сөздерді (служебные слова) *частица* деп те атайды. Олар орыс тілінде де я модалдық мағынаны (сұрау, күдік, т. б.) я сөйлем мүшелерінің мағынасына қосымша оттенок (мән) беру үшін жұмсалады.

**ЧЕРЕДОВАНИЕ ГЛАСНЫХ** *дауыстылардың алмасуы* [анг. Vowel gradation, нем. Vokalablaut, фр. alternance Vocalique].

**ЧЕРЕДОВАНИЕ ЗВУКОВ** *дыбыстардың алмасуы*. Мұны лингвистикада фонетическое чередование немесе альтернативия деп те атайды. Морфема ішіндегі дыбыстардың заңды алмасуы. Алмасу тарихи және дәстүрлі болып жіктеледі. Бұлармен қатар, комбинаторлық, позициялық алмасу (өзгеру) деп аталу бар. Бұған ассимиляцияның барлық түрі тән. Дәстүрлі алмасу фонемалардың бәріне тән құбылыс. Олар сөз жасау, сөз өзгерту тәсілдерінде кеңінен қолданылады.

**ЧЕРТОЧКА** *сызықша*. Бастауыштан кейін, жалпылауыш сөздің алдынан т. б. сөз арасына қойылатын тыныс белгісі.

**ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ** *сан есім* [анг. Numeral, нем. Zahlwort, фр. numeral]. Сөз табының бірі. Сан есім есептік ұғымды (*бір, екі, үш, төрт, сегіз, он* т. б.) реттік санды (*бірінші, екінші, оныншы* т. б.) *жинақтау, топтау* мағыналы санды *екеу, төртеу, алтау* т. б.) білдіреді. Басқа сөз таптары тәрізді сөйлемнің синтаксистік мүшесі қызметін атқарады.

**ЧЛЕН** қ. артикль.

**ЧЛЕН ПРЕДЛОЖЕНИЯ** *сөйлем мүшелері* [анг. term, нем. Ausdruck, фр. terme]. Сөздің тұлғалары мен сөз тіркесі формаларының негізінде туатын және сөйлем құрылысы элементтерінің арасындағы қатынастарды көрсететін синтаксистік категория. Сөйлем мүшелері тұрлаулы және тұрлаусыз болып екі топқа бөлінеді.

**ЧУЖАЯ РЕЧЬ** қ. косвенная речь.

### Ш

**ШИПЯЩИЙ ЗВУК** *ызың* (сүзілмелі) *дыбыстар* [анг. Palatal fricative, нем. Z-laut, фр. Chuintante]. Екі фокусты тіл алды ызың дыбыстар: «ш», «ж» аффрикат «ч», «дж». Екі фокусты деп айтылу себебі — алғы

таңдайға тілдің бір жері емес, екі жері бірдей жуықтайды.

**ШИРО́КИЕ ГЛАСНЫЕ** қ. гласные широкие.

**ШИФР** *шифр*. Құпиялық жазуды жазудағы шартты таңбалар.

**ШУ́МНЫЙ ЗВУ́К** қатаң дыбыстар [анг. Noise, breath, нем. Geräuschlaut, фр. bruit]. қ. шумные согласные.

**ШУМНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** қатаң дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда дауыстың қатысы, дауыс шымылдығының вибрациясы болмайды.

## Щ

**ЩЕЛЕВЫ́Е ЗВУ́КИ** ызың (сүзілмелі) дыбыстар [анг. Fricative, нем. Konstriktiv, Engelauf; фр. Constrictive]. Бұны спирантты, фрикативные, проточные және шипящие согласные деп те атайды.

## Э

**ЭВФОНИ́Я** *эвфония* [анг. euphony, нем. Euphonie, euphonie, фр. euphonie < гр. euphonia, eu — «жақсы» + phone — «дыбыс»]. Көркем әдебиеттің әсіресе өлең сөздің дыбыс үйлесімін, оның сапасын зерттейтін поэтика бөлімі. Эвфония құбылысына тән нәрселер: өлеңнің мәнерлік тәсілі рифма, ассонанс, консонанс, анафора, эпифора́ аллитерация т. б. дыбыстық қайталаулардың түрлері.

**ЭВФЕМИ́ЗМ** *эвфемизм* [гр. euphemismos < eu — «жақсы» + phemi — «айтамын»]. Дәрекі, сөкет айтылатын сөздерді сыпайы түрде айту; мыс.: *жүкті* немесе *екі қабат деудің* орнына *«аяғы ауыр»* деу.

**ЭКВАТИ́В, СРАВНИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ** *экватив*. Угро-фин (фин-угор) тіліндегі басқа нәрсемен салыстыру мағынасын білдіретін септіктің бір түрі.

**ЭКСКУ́РСИЯ ЗВУ́КА** дыбыс *эскурсиясы*. Дыбыс жасауда артикуляциялық бейімделу, ыңғайласу.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ФОНЕТИКА** *экспериментальдық фонетика*. Тілдегі сөз дыбыстарын лаборатория жолымен түрлі аппараттар арқылы тексеретін фонетика.

**ЭКСПИРАТОРНОЕ УДАРЕНИЕ** *экспираторлық екпін*. Мұны лебизді немесе динамикалық екпін деп те атайды.

**ЭКСПИРАЦИЯ** *экспирация*. Сөйлеу процесінде сыртқа шығатын ауа.

**ЭКСПЛОЗИВНЫЕ СОГЛАСНЫЕ** *шұғыл* (үзілмелі) *дауыссыздар*. Айтылуда фонациялық ауаның лық етіп шұғыл үзіліп шығуы арқылы жасалатын дауыссыздар: *п, б, т, к, г, д* т. б.

**ЭКСПРЕССИВНЫЕ СЛОВА** *экспрессивтік сөздер*. Ерекше стилистикалық мәні бар, бейнелі, мәнерлі сөз.

**ЭКСПРЕССИЯ** *экспрессия*. Мәнермен бейнелеп айту.

**ЭЛИЗИЯ** *элизия*. Кейбір тілдерде сөз аяғындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы.

**ЭЛЛИПСИС** *эллипсис* [анг. ellipse, нем. Ellipse, фр. ellipse < гр. ellipsis — «қалдыру», «кемістік»]. Сөйлегенде не жазғанда түсінуге нұқсан келтірмейтін сөздерді тастап кету; мыс.: *менің кітабым* деудің орнына *кітабым* деп айту.

**ЭЛЛИПТИЧЕСКАЯ РЕЧЬ** *эллиптистік сөз орамы*. Пікірді айтуда сөздер түгел айтылмай, кейбіреуінің түсіп қалуы.

**ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВ** *сөздің эмоциялық мәні*. Сөздердің дара мағынасына қоса адамның көңіл күйін, ой-пікірін білдіретін сөз мәні.

**ЭМФАЗА** *эмфаза* [< гр. emphasis — «мәнерлілік»]. Поэтикада сөздің эмоциялық мәнерінің артуы. Эмфатикалық сипат сөзге түрліше мәнер береді; мыс.: сөздерді анафоралық қайталау, риторикалық сұраулар т. б.

**ЭМФАТИЧЕСКАЯ РЕЧЬ** *эмфатикалық сөз*. Дауыс көтеріле мәнерлі түрде айтылатын сөз.

**ЭНКЛИЗА** *энклиза* [анг. enclisis, нем. Enklise, фр. enclise]. Екпіннен айрылып, екпін түсетін буынға жанасатын, онымен тұтасып бір акцентуациялық единица жасайтын буын қасиеті.

**ЭНКЛИТИКА** *энклитика* [анг. enclitic, нем. enklitisches Wort, фр. enclitique, гр. enklitike < enklino — «бейімдес»]. Энклизаға ұшыраушы сөз. Өз екпінін жоғалтып, екпін түсетін сөзге жапсарлас айтылатын сөз; мыс.: *тәп-тәуір*; орыс тілінде *мой-то, тот-то*.

**ЭПЕНТЕЗА** *эпентеза* [анг. epenthesis, нем. Epenthese, фр. épenthèse < гр. ep-en-thesis]. Түбір не туынды сөздің аралығына қосымшадан тыс дыбыстың қосылуы; *Польский* деген сөздегі жіңішке «л» мен «с» дыбыстарының аралығына қазақтың ауызша тілінде «ы» қыстырылады, сөйтіп, «*болыскей*» болып айтылады. Сол сияқты тың дыбыс сөздің басынан не аяғынан да жалғаса алады; мыс.: «*орыс халқы*» дегенде «о» дыбысы сөз басына жалғанып тұр да, «*самаурын*» дегенде «ын» дыбыстары сөз аяғына жалғанып тұр. Дыбыстың сөз басы мен аяғына қосылуын протеза деп те атайды.

**ЭСПЕРАНТО** *эсперанто*. 1887 жылы Варшавада тұрушы дәрігер Заменгоф деген кісінің шығарған жасанды халықаралық тілі. Мұның графикасы латынша, орфографиясы фонетикалық негізге сүйенген еді. Сөздік құрамы Европа тілдерінің көбіне ортақ сөздерден құралған. Сөз тудырмайтын жұрнақтары мен сөз өзгерту тәсілдері болған; мыс.: *Sana — здоровый, Sane-so — здоровье, malsana — большой* т. б. Бұл тілдің заңында етістіктер жақтық, сандық түрде өзгермейтін. Олар жіктеу есімдігі арқылы беріліп отырған. Негізінде, көптеген жерлерге тараған ол тілде 50 тілде сөздіктер мен оқулықтар шыққан. Эсперанто тілінде 100-ге жуық журнал, оның ішінде көркем суретті «Польша», «Современная болгария» журналдары шығып тұрады. Эсперанто тілінде көптеген саяси-көркем әдебиеттер аудармасы жарыққа шыққан. Бұл тілдің негізгі мақсаты Индоевропа, роман тілдерін үйреніп білуді жеңілдетеді.



**ЭСТОНСКИЙ ЯЗЫК** *эстон тілі*. Классификация бойынша фин-угор тілдеріне жататын эстон халқының тілі. Негізінде үш наречиеге бөлінеді. Олар: Солтүстік-Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік. Оның ішінде Оңтүстік эстон наречіесі басқаларынан өзгеше келеді. Эстондардың ұлттық әдебиет тілінің негізіне солтүстік наречияның орта диалекті алынған. Эстон тіліндегі алғашқы жазбалар XIII ғасырға тән.

**ЭТИМОЛОГИЯ** *этимология*. 1. Салыстырмалы тарихи метод негізінде сөздің шығу төркінін, оның бастапқы ақиқат мағынасын тексеретін саласы; 2. Сөздердің төркіні. Тіл білімінде этимологияның *народная этимология*, *яки ложная этимология* деп аталатын түрі бар, оны роман тілдерінде *паронимическая аттракция* деп атайды.

**ЭТИМОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** *этимологиялық сөздік*. Бұл сөздік белгілі бір тілдің көптеген сөздерінің о бастағы мағынасын, өзге тілдермен байланысты төркінін тексереді; мыс.: қазақ тіліндегі «*жамап-жасқап*» деген сөздің «*жасқап*» сыңары қалмақ тілінің «*жамау*» мағынасындағы *ясх* сөзінен өзгертіліп алынған, *кежегесі кейін тартып* дегендегі «*кежеге*» кейбір түркі тілдерінде «*желке*» деген мағынаны білдіреді. Осы тәрізді едәуір сөздерді белгілі бір жүйемен салыстырма-тарихи әдіспен зерттеу — этимологиялық сөздіктің міндеті.

## Я

**ЯЗЫК тіл**. Адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын, пікір алысып өз ара түсінетін құралы. Тілді, көбіне, сөйлеу тілі мағынасында түсінеміз. Жер жүзіндегі халықтар тілдерін топқа, семьяға қарап бөлу, таптастыру бар. Жер жүзіндегі тілдерді морфологиялық классификация бойынша *түбір*, *агглютинативті*, *флективті* тілдер деп жіктейді. Тіл дегеннің мағынасы өте кең. Қолдану роліне, кеңірек тарауына қарай: *общие языки* (жалпы тіл), *официальные языки*, *смешанные языки* деп жіктеледі. Өзінің құрылысы мен табиғаты жағынан тілдер: жалпы тілдер, арнай тілдер, аралас

тілдер, мәдени тіл, халық тілі, ғылыми тіл, әдеби тіл болып айтылады.

**ЯЗЫҚ ЗВУКОВОЙ дыбыстық тіл.** қ. звуковой язык.

**ЯЗЫҚОВЕД** *тіл маманы.* қ. лингвист.

**ЯЗЫҚОВЕДЕНИЕ** *тіл ғылымы.* Тілдің тарихи дамуы, жалпы заңы туралы, тіл білімі туралы ғылым. Бұны языкознание, лингвистика деп те айта береді. Тіл білімінің алуан түрлі саласы бар. Салыстырмалы түрде зерттелсе, сравнительное языковедение, яки сравнительная грамматика деп айтылады. Ал статистикалық я синхроникалық тіл білімі тілдің тұрған күйін зерттейді. Эволюциялық я диахроникалық тіл білімі — тілдің белгілі бір дәуірде өзгеруін тексереді. Тарихи тіл білім яки историческая грамматика — тілдің даму күйін тексереді.

**ЯЗЫКОЗНАНИЕ** қ. лингвистика, языковедение.

**ЯЗЫҚ — ОСНОВА** *негіз тіл.* Бұны лингвистикада праязык, язык предок деп атайды. Тілдерді семьясына қарай таптастыруда белгілі бір тілден тараған тілдің негізі, ата тілі. Латын тілі француз тілінің ата тілі, негізі болып есептеледі. Өйткені латын халқынан итальян, испан тағы басқа роман тілдері шығып, дамыған. Ал ескі ағылшын тілі мен койнэ ата тіл емес, қазіргі тілдердің даумының бастапқы этаптары ғана. Өзінен тарап дамыған екі я үш тіл болса, сонда ғана ол тілдің негізін ата тіл деп айтуға болады.

---

## ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗАҚША-ОРЫСША КӨРСЕТКІШІ

- Аббревиатура — аббревиату́ра  
 Абзац — абза́ц  
 Аблатив — аблатив  
 Аблаут — аблаут  
 Абревиация — абревиа́ция  
 Абсолюттік конструкция — абсолютная конструкция  
 Абстрактты лексика — абстрактная лексика  
 Абстракт есімдер — абстрактные имена́  
 Абхаз тілі — абхазский язык  
 Авар тілі — аварский язык  
 Агглютинация — агглютина́ция  
 Ағылшын тілі — английский язык  
 Адвербиалдану — адвербиализация  
 Адвербиальды — адвербиальный  
 Аджуванто — аджуванто  
 Адстрат — адстрат  
 Адъективтену — адъективация  
 Адъективті тіркес — адъективное сочетание  
 Адыгей тілі — адыгейский язык  
 Азербайжан тілі — азербайджанский язык  
 Айқындауыш — приложение, аппозиция  
 Академиялық сөздік — академический словарь  
 Аканье — аканье.  
 Аккомодация — аккомодация  
 Акрофония — акрофония  
 Актив мүшелер — активные органы  
 Актив сөздік — активный словарь  
 Акустика — акустика  
 Акцент — акцент  
 Акцентология — акцентология  
 Акцентуация — акцентуация  
 Алғашқы дыбыстар — первичные звуки  
 Аллатив — аллатив  
 Аллитерация — аллитерация  
 Алтай тілі — алтайский язык  
 Алфавит — алфавит  
 Алфавиттік жүйе — алфавитная система  
 Алфавит реті — алфавитный порядок  
 Алфавитті графикалық унификациялау — графическая унификация алфавита  
 Алфавиттерді унификациялау — унификация алфавитов  
 Альвеола — альвеолы  
 Альтернация — альтернация  
 Альтернацияланушы — альтернирующий  
 Альфа — альфа  
 Амбушюр — амбушюр  
 Аморфизм — аморфизм

- Аморфтық — аморфность  
Аморфты тілдер — аморфные языки  
Амплификация — алплификация  
Амредита — амредита  
Анаколуф — анаколуф  
Аналитикалық типті етістіктер — глаголы аналитического типа  
Аналитикалық тілдер — аналитические языки.  
Аналитикалық тәсіл — аналитический способ  
Анаподотон — анаподотон  
Анастрофа — анастрофа  
Ана тілі — родной язык  
Анафора — анафора  
Англицизм — англицизм  
Антитеза — антитеза  
Антоним — антоним  
Антономасия — антономасия  
Антропофоника — антропофоника  
Антропонимика — антропонимика  
Анықтауыш — определение, атрибут  
Анықтауыш бағыныңқылы сөйлем — определительное придаточное предложение  
Анықталғыш — определяемое  
Аорист — аорист  
Апикальды дауыссыздар — апикальные согласные  
Апокопа — апокопа  
Апостроф — апостроф  
Апофтегма — апофтегма, афоризм  
Арабизм — арабизм  
Арабист — арабист  
Аралас тілдер — смешанные языки  
Арго — арго  
Арготизм — арготизм  
Арготикалық — арготический  
Артикль — артикль  
Артикуляция жолы — способы артикуляции  
Артикуляциялық база — артикуляционная база  
Артикуляция — артикуляция
- Архаизм — архаизм  
Археография — археография  
Архифонема — архифонема  
Асиндетон — асиндетон  
Аспират — аспирата  
Ассибиляция — ассибиляция  
Ассимиляция — ассимиляция  
Ассонанс — ассонанс  
Астеизм — астеизм  
Ата тіл — праязык  
Атау септік — именительный падеж, звательный падеж  
Атаулы сөйлем — назывное предложение  
Ауыспалы осы шақ — настоящее переходное  
Афазия — афазия  
Афоризм — афоризм  
Аффективті сөйлемше — выражение аффективные  
Аффикс — аффикс  
Аффикстегі дауыстылар — гласные аффиксальные  
Аффриката — аффриката  
Ашық буын — открытый слог, неприкрытый слог  
Ашық дауыстылар — открытые гласные  
Ашық дифтонг — восходящий дифтонг.  
Ашық рай — изъявительное наклонение  
Аяқталған түр — совершенный (перфектный) вид  
Аяқталмаған түр — несовершенный вид
- Әдеби тіл — литературный язык  
Әлеуметтік диалектілер — социальные диалекты  
Әліппе — азбука  
Әріп — буква  
Әріптік белгі — обозначение буквенное  
Әріптік жазу — буквенное письмо  
Әсірелеу — гипербола
- Бағыныңқы — зависимый  
Бағыну — подчинение  
Бағыныңқы сөйлем — придаточное предложение, подчиненное предложение

Байлам — связка  
Байхуа — байхуа  
Балканизм — балканизм  
Балтық тілдері — балтийские языки  
Барыс септік — дательный падеж  
Бас әріп — заглавная буква, прописная буква  
Басқы сөздер — реестровые слова  
Бастауыш — подлежащее  
Басыңқы сөйлем — главное предложение  
Батыс Европа тілдері — западноевропейские языки  
Батыс фин тілдері — западно-финские языки  
Башқұрт тілі — башкирский язык  
Баяндауыш — сказуемое  
Баяндауыштық — сказуемость  
Баяндауыштық аффикс — аффикс сказуемости  
Бәсең екпін — нисходящее ударение  
Бейнелеуіш сөздер — образо-подражательные слова  
Бейнелі сөз — образная речь  
Бейтарап дауыссыздар — нейтральные гласные  
Бейтарап сөздер — внесение  
Белгі — знак  
Белгілілік артикль — определенный артикль  
Белгісіздік артикль — неопределенный артикль  
Белгісіздік есімдігі — неопределенное местоимение  
Белорус тілі — белорусский язык  
Билингвизм — билингвизм  
Билингвистикалық — билингвистический  
Бинарлық — бинарный  
Бирема — бирема  
Бирма тілі — бирманский язык  
Болгар тілі — болгарский язык  
Болжалды келер шақ — неутвердительное будущее время  
Болжалды сан есім — приблизительное числительное

Болымсыздық есімдігі — отрицательные местоимения  
Бурят тілі — бурятский язык  
Бустрафедон — бустрафедон  
Буын — слог  
Буын акценті — акцент слоговой  
Буындық жазу — слоговое письмо  
Буын жасамайтын дыбыс — неслоговой звук  
Буын жасаушы дауыссыз — слогообразующий согласный  
Буын жасаушы дыбыстар — слоговые (или слогообразующие) звуки  
Буын жүйелі фонема — сло-гофонема  
Буын жігі — слогораздел  
Буынның түсіп қалуы — поглощение слога  
Бұйрық рай — повелительное наклонение, императив  
Бұрынғы өткен шақ — давно-прошедшее время  
Бүйір латерал (дыбыс) — боковой латеральный  
Бөгде сөз — косвенная речь  
Бөлшекті сан — разделительное числительное  
Брахилогия — брахилогия  
Бір буынды — односложный, моносиллабический  
Бір буынды тілдер — моносиллабические языки  
Бір мағыналық — однозначность  
Бір мағыналы сөздер — однозначные слова  
Бір тұтас тіл — единый язык  
Бір фокусты дауыссыздар — однофокусные согласные  
Бірыңғай анықтауыш — однородное определение  
Бірыңғай баяндауыш — однородное сказуемое  
Біріккен дауыссыздар — слитные согласные  
Бітеу дауысты — замкнутый гласный

Варваризм — варваризм  
Вариация — вариация

- Веляр дауыссыз дыбыс — велярный согласный звук  
 Веляр дыбысы — велярный звук  
 Веляризация — веляризация  
 Веляр фонемалар — велярные фонемы  
 Вибрант — вибрант  
 Вибрациялы (діріл) фонема — вибрационная фонема  
 Вокабула — вокабула  
 Вокабуларий — вокабуларий  
 Вокализм — вокализм  
 Вокализация — вокализация  
 Волопоук — волопоук  
 Вульгаризм — вульгаризм  
 Вэньянь — вэньянь
- Галицизм — галицизм  
 Гамма — гамма  
 Гаплоглогия — гаплоглогия  
 Гебраизм — гебраизм  
 Гебраистика — гебраистика  
 Генезис — генезис  
 Генетикалық теория — генетическая теория  
 Германизм — германизм  
 Германист — германист  
 Герменевтика — герменевтика  
 Герменевтикалық филология — герменевтическая филология  
 Герундий — герундий  
 Гингвал дауыссыздар — гингвальные согласные  
 Гипердиалектизм — гипердиалектизм  
 Гипертеза — гипертеза  
 Гиперурбанизм — гиперурбанизм  
 Гипостазис — гипостазис  
 Гипотаксис — гипотаксис  
 Глаголица — глаголица  
 Глайд — глайд  
 Глосса — глосса  
 Глоссарий — глоссарий  
 Глоссема — глоссема  
 Глоссематика — глоссематика  
 Глоттогония — глоттогония  
 Говор — говор  
 Говор тарауы — подговор  
 Грамматика — грамматика  
 Грамматикалық аналогия — грамматическая аналогия
- Грамматикалық бастауыш — грамматическое подлежащее  
 Грамматикалық ереже — грамматическое правило  
 Грамматикалық заңдар — грамматические законы  
 Грамматикалық категориялар — грамматические категории  
 Грамматикалық қате — грамматическая ошибка  
 Грамматикалық мағына — грамматическое значение  
 Грамматикалық род — грамматический род  
 Грамматикалық талдау — грамматический анализ  
 Грамматикалық форма — грамматическая форма  
 Графема — графема  
 Графика — графика  
 Графикалық жазу — графическое письмо  
 Грецизм — грецизм  
 Грузин тілі — грузинский язык  
 Гуттурализация — гуттурализация  
 Ғылми грамматика — грамматика научная  
 Ғылми транскрипция — научная транскрипция  
 Ғылми тіл — научный язык
- Дағдылы контекст — бытовой контекст  
 Дағыстан тілдері — дагестанские языки  
 Дара баяндауыш — простое сказуемое  
 Дара дауыссыздар — одинарные согласные  
 Дара етістік — глагол простой  
 Дауыссыз дыбыс — гласный звук  
 Дауыссыз дыбыстар кестесі — таблица согласных звуков  
 Дауыссыздар үндестігі — гармония согласных  
 Дауыссыздардың түсіп қалуы — выделение согласных

Дауыстылар үндестігі — гармония гласных  
Дауыс түтігі — голосовая щель  
Дауыстылардың алмасуы — чередование гласных  
Дауыстылардың ерін үндестігі — губная гармония гласных  
Дауыстылардың үндестік заңы — закон гармонии гласных  
Дауыс шымылдығы — голосовые связки  
Дауыс шымылдығының дірілі — вибрация голосовых связок  
Дәнекерлі дауысты — соединительный гласный  
Дәстүрлі алмасу — традиционные чередования  
Девербальды — девербальный  
Деванагари — деванагари  
Дезассимиляция — дезассимиляция  
Делабиализация — делабиализация  
Дем алу аппараты — аппарат дыхательный  
Демеулер — послелоги  
Демеуліктер — частицы  
Демотикалық жазу — демотическое письмо  
Дербес сөздер — самостоятельные слова  
Дерексіздік — абстрактный  
Дериват — дериват  
Дериватты мағына — деривативное значение  
Деривация — деривация  
Дескриптивтік (немесе синхрондық) грамматика — дескриптивная (или синхронная) грамматика  
Детерминатив — детерминативы  
Дефис — дефис  
Деформация — деформация  
Дешифровка — дешифровка  
Дешифровка жасау — дешифровать  
Дзеканье — дзеканье  
Диаграф — диаграф

Диакритикалық таңба — диакритический знак  
Диалект — диалект  
Диалектизм — диалектизм  
Диалектография — диалектография  
Диалектолог — диалектолог  
Диалектология — диалектология  
Диалектологиялық атлас — диалектологический атлас  
Диалектологиялық карта — диалектологическая карта  
Диалектілік лексика — диалектная лексика  
Диалог — диалог  
Диатеза — диатеза  
Диакхрония — диахрония  
Дивергент — дивергент  
Дивергенция — дивергенция  
Дизъюнкция — дизъюнкция  
Диктант — диктант  
Диктофон — диктофон  
Дикция — дикция  
Дилогия — дилогия  
Динамикалық (лепті) өкпін — динамическое ударение  
Дисартрия — дисартрия  
Дисгармония — дисгармония  
Диссиляб — диссиляб  
Диссимильация — диссимильация  
Дитто — дитто  
Дифтонг — дифтонг  
Дифтонгизация — дифтонгизация  
Дифтонгоидтер — дифтонгоиды  
Дифференциация процесі — процесс дифференциации  
Диффуз дыбыстар — диффузные звуки  
Диэреза — диэреза  
Дорсаль дауыссыз дыбыстар — дорсальные согласные  
Дөрекі тіл — вульгарный язык  
Дублет — дублет  
Дұбара тілдер — гибридные языки  
Дүние жүзінің лингвистикалық картасы — лингвистическая карта мира

- Дүркінді тұрпат (түр) — многократный вид
- Дыбыс — звук
- Дыбыс алмасуы — адаптация звуков, чередование звуков, звуковые переходы
- Дыбыс амплитудасы — амплитуда звуков
- Дыбыс артикуляциясы — артикуляция звука
- Дыбыс жасау бейімділігі — выдержка звука
- Дыбыс жүйесі — звуковая система
- Дыбыс заңдары — законы звуков, звуковые законы
- Дыбыс өзгерістері — звуковые изменения
- Дыбыс күші — сила звука
- Дыбыс ритмі — ритм звука
- Дыбыс сәйкестігі — соответствие звуковое
- Дыбыс субституциясы — субституция звуков
- Дыбыстар дифференциясы — дифференция звуков
- Дыбыстардың алмасуы — чередование звуков
- Дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсері — взаимное влияние звуков
- Дыбыстардың заңды алмасуы — закономерное чередование звуков
- Дыбыстардың игерусіз өзгеруі — спонтанные изменения звуков
- Дыбыстардың назализациясы — назализация звуков
- Дыбыстардың орын ауыстыруы — перестановка звуков; метатеза
- Дыбыстардың түсіп қалуы — выпадение звуков
- Дыбыстардың қисындасуы — комбинация звуков
- Дыбыстардың үндестігі — гармония звуков
- Дыбыстардың лабиальдануы — лабиализация звуков
- Дыбыстау аппараты — голо-совой аппарат
- Дыбыстау мүшелері — органы звука
- Дыбыс тембрі — тембр звука
- Дыбыстық еліктеуіш сөздер — звукоподражательные слова
